Несмотря на постепенное внедрение современных форм коммерческой деятельности, значительная часть торговых фирм Северо-Восточного Казахстана продолжала функционировать с использованием традиционных методов ведения хозяйства, что нередко приводило к нарушениям установленных норм. В ходе проверок торговых заведений в 1912 г. контрольными органами были зафиксированы многочисленные недостатки: совместное хранение шерсти и хлопчатобумажных тканей, отсутствие оборудованных стеллажей и перегородок, смешанное хранение обувных изделий с другими товарами, наличие устаревших образцов и бракованной продукции, неучтённые складские запасы, отсутствие раздельного учёта по товарным группам, а также хранение товаров, переданных для демобилизованных войск после Русско-японской войны. В отдельных случаях выявлялась принадлежность комиссионных товаров лицам, страдавшим заразными заболеваниями, что создавало дополнительные санитарные риски [27]. Подобные факты свидетельствуют о неравномерности процессов модернизации торгового сектора и сохранявшемся разрыве между нормативными требованиями и реальной практикой.

Одновременно с этим архивные материалы фиксируют распространение элементов современной коммерческой культуры. Крупные торговые фирмы направляли своих агентов в столичные города для составления товарных каталогов, установления прямых связей с фабриками-изготовителями и заключения контрактов, минуя посредников и монополистов. Особый интерес для предпринимателей представляли фабрики Гюбнера и Коншина [28]: в делопроизводственных документах сохранились договоры с местными оптовыми фирмами, переписка с детальным описанием ассортимента и качества продукции, а также предупреждения о недопустимости реализации подделок по заниженным ценам. В инструкциях для торговых домов рекомендовалось осуществлять торговлю преимущественно за наличный расчёт, избегать работы с систематическими должниками, активно стимулировать сбыт и отказываться от наложенного платежа, что указывает на формирование более рациональных моделей управления торговыми операциями.

Существенным институциональным новшеством начала XX в. стало создание товарных бирж, обусловленное необходимостью упорядочивания растущей оптовой торговли сельскохозяйственной продукцией. В 1908 г. был утверждён устав Петропавловской биржи, а в 1910 г. - уставы Сибирского общества пароходства, промышленности и торговли и Семипалатинской биржи. Инициатива создания биржи в Семипалатинске возникла в феврале 1910 г. после запроса канцелярии Степного генерал-губернаторства в городскую думу о торгово-промышленном состоянии города. По итогам обследования было установлено, что Семипалатинск являлся крупным торгово-промышленным центром южной части Томской губернии и Семиречья [29].

Данные за 1909 г. подтверждают высокий уровень деловой активности города: товарооборот составил 26 710 180 рублей, годовой оборот пяти городских банков - 598 тыс. рублей, грузооборот достиг 8 972 949 пудов. В городе функционировало 1 227 торгово-промышленных заведений, из которых 700 относились к торговым, действовали две нотариальные конторы, где за год было заключено 11 749 сделок на сумму 3 097 919 рублей, а также шесть транспортных контор [30]. Развитие торговли стимулировалось судоходством

по Иртышу и строительством железной дороги, усиливавшими транспортную связанность региона.

Важным направлением предпринимательской деятельности стала торговля сельскохозяйственными машинами и орудиями труда, находившаяся под контролем как иностранных фирм, так и государственных структур. В 1909 г. в Омске действовало около 20 иностранных компаний, специализировавшихся на продаже сельскохозяйственной техники [31]. Наряду с ними активную роль играли местные предприниматели. Так, в 1903 г. Г. Х. Рандруп, ранее заработавший капитал на торговле маслом и сельскохозяйственными орудиями, основал крупное предприятие по производству сельскохозяйственных машин.

Владельцы складов сельскохозяйственной техники активно применяли рекламные инструменты, рассылали каталоги с описанием машин, условиями кредитования, ценами и специальными предложениями для переселенцев. В Акмолинске [32] функционировали отделения транспортных контор по перевозке купеческих грузов, включая акционерное общество «Герард и Гей», товарищества «Братья Каменские Ф. и Г.» и «Российское транспортное и страховое общество», что обеспечивало логистическую поддержку торговли.

Третьим значимым направлением являлась торговля сельскохозяйственной продукцией. Крупные торговые компании, такие как предприятие Эмиля Гольма, специализировались на продаже муки, сноповязалок и иной техники [33]. Особенно интенсивно развивалась торговля маслом, находившаяся под контролем преимущественно иностранных фирм - датских, английских и немецких. Среди ведущих экспортёров выделялась «Сибирская компания», конкурировавшая с «Союзом Сибирских маслодельческих артелей». Эти структуры имели разветвлённую сеть агентств, складов и отделений на территории края.

Крупными акционерными предприятиями хлеботорговли являлись, в частности, семипалатинское общество «Семён Плещеев сын и К°» и торговый дом «Адриана Кубрина и семейства» в Акмолинске. Руководство акционерным обществом мукомольных предприятий осуществляли представители местной экономической элиты - городской голова Семипалатинска П. Плещеев, владельцы мукомольных заводов и крупные купцы, всего 27 человек [34]. Современники отмечали тенденции к монополизации рынка: согласно докладной записке одного из чиновников, члены общества, не имея серьёзных конкурентов, самостоятельно устанавливали цены на зерно и муку и реализовывали продукцию по завышенным ценам в Омске, Петропавловске, Тюмени и других городах, что обеспечивало им значительные прибыли [35].

Четвёртым направлением развития торгового предпринимательства стало создание кооперативных организаций. В 1910–1912 гг. начали активно открываться отделения кредитных товариществ и сельскохозяйственные склады временного и постоянного типа, обеспечивавшие полный цикл услуг — от поставки и установки оборудования до предоставления гарантий и организации электрического освещения [36].

С развитием кредитных товариществ возрастала роль комиссионеров, выполнявших заказы крестьян, а кооперативы постепенно вытесняли традиционных посредников. Они контролировали продажу иностранной сельскохозяйственной техники в кредит под векселя. Так, компания «Зингер» распространяла швейные машины преимущественно через агентскую сеть, а датская фирма «Сибирская» реализовывала сепараторы компаний «Лаваль» и «Парфакт». Всего в регионе функционировало свыше 100 торговых кооперативов в форме артельных лавок и потребительских обществ.

В 1911 г. в регионе состоялась первая Западно-Сибирская сельскохозяйственная, лесная и торгово-промышленная выставка [37], в рамках которой торгово-промышленный сектор стал площадкой для обмена опытом и демонстрации передовых технологий.

К этому времени в Акмолинской области действовало 24 кредитных и ссудосберегательных товарищества, из которых 23 располагались в Омском уезде; в Семипалатинской области - 12 аналогичных учреждений. Кредитные структуры

принадлежали как частным лицам, так и акционерным компаниям, включая «Сильвергельм и Ульгрен», «Теодор Лунд и Петерсен» и торговый дом «Победа». В Павлодаре контроль над кредитными товариществами осуществляли Д. Гирбасов, А. Попов и Н. Сорокин [38].

Пятым направлением предпринимательской активности стало создание собственных транспортных предприятий, среди которых выделялись Западно-Сибирское пароходное торговое товарищество, торгово-промышленное товарищество «Гутермахер Н. А. и К°», Русско-китайское акционерное общество пароходства и торговли, а также акционерное общество «Любимов И. и К°» [39]. Эти структуры обеспечивали интеграцию торговли региона в систему межрегиональных и внешнеэкономических связей. Роль купечества в развитии транспортной инфраструктуры, включая водные торговые пути и железнодорожное строительство, получила самостоятельное освещение в исследованиях [12. - 736], [13. - 837].

Проведённый количественно-качественный анализ показывает, что торговое предпринимательство Северо-Восточного Казахстана на рубеже XIX–XX вв. являлось не только элементом экономической инфраструктуры, но и важным фактором социальной и хозяйственной модернизации региона. Его развитие носило неоднородный характер, сочетая традиционные формы торговли с новыми институтами капиталистического рынка.

Торговые заведения концентрировались прежде всего в крупных городских центрах — Петропавловске и Семипалатинске, выполнявших функции узлов региональной и межрегиональной торговли. Предприятия высших разрядов преобладали в городах, тогда как в уездах сохранялось доминирование мелкой и мелочно-розничной торговли. Это свидетельствует о выраженной территориальной дифференциации и неравномерности экономической модернизации.

Предпринимательская среда отличалась социальной и этнической неоднородностью. Торговая деятельность не ограничивалась купечеством: в неё были вовлечены представители различных сословных и этнических групп. Показательным примером служит институт торговых депутатов, формировавшийся без жёстких сословных и конфессиональных ограничений и обеспечивавший взаимодействие предпринимателей с административными органами.

Государственное регулирование торговли имело двойственный характер. Система промысловых разрядов, лицензирования, бухгалтерской отчётности и фискального контроля ограничивала свободу коммерческой деятельности, особенно для мелких предпринимателей, но одновременно способствовала её институционализации, развитию учётных практик и правовому оформлению хозяйственных операций. Вместе с тем результаты проверок торговых заведений свидетельствуют о разрыве между нормативными требованиями и реальной практикой: нарушения санитарных, складских и учётных правил оставались распространёнными.

Расширение торговли сельскохозяйственными машинами, сырьём, зерном, маслом и мануфактурными товарами стимулировало развитие транспортной, складской, банковской и кредитной инфраструктуры. Появление товарных бирж, кооперативов и кредитных товариществ отражало переход к более сложным формам организации бизнеса. Кооперативные структуры расширяли доступ населения к товарам, технике и кредитам и частично снижали зависимость от посредников, хотя одновременно сохранялась концентрация капитала в крупных торговых и акционерных предприятиях.

Динамика показателей за 1912–1915 и 1918 гг. показывает чувствительность торгового сектора к военным и политическим потрясениям. Сокращение числа предприятий и оборотов сопровождалось нарушением торговых связей и ухудшением условий ведения бизнеса. При этом крупнейшие городские центры сохраняли своё значение в региональной хозяйственной системе.

Заключение

Исследование показало, что торговое предпринимательство Северо-Восточного Казахстана на рубеже XIX–XX вв. представляло собой социально и этнически неоднородный сектор региональной экономики, развивавшийся в условиях выраженной территориальной и имущественной дифференциации. Анализ материалов переписи 1897 г., промысловой статистики и архивных источников выявил значительную вовлечённость населения в торговую деятельность: более 39 тыс. человек были связаны с торговлей, при этом около трети составляли самостоятельные предприниматели.

Основу торговой сети составляли мелкие и средние предприятия, тогда как крупный капитал концентрировался преимущественно в городах и в предприятиях высших разрядов. В Акмолинской области количество торговых заведений было больше, тогда как в Семипалатинской области более заметную роль играли предприятия высших разрядов, в которых концентрировался крупный капитал.

Развитие торговых домов, банковских операций, кооперативов, кредитных товариществ и транспортной инфраструктуры свидетельствует о постепенном усложнении хозяйственной системы региона. В целом торговое предпринимательство выступало одним из механизмов интеграции Северо-Восточного Казахстана в общероссийское экономическое пространство и отражало противоречивый характер модернизации, сочетавшей рост новых рыночных институтов с сохранением традиционных форм хозяйственной деятельности.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1 Касымбаев Ж. Казахстан-Китай: караванная торговля в XIX– начале XX вв. –Алматы: Өлке. –1996. - 206 с.

2 Галиев В. Казахстан в системе российско-китайских торгово-экономических отношений в Синьцзяне: (конец XIX - нач. XX в.). - Алматы: Ин-т истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова. –2003. – 189 с.

3 Жакупбекова Д. Торгово-промышленное предпринимательство в Казахстане во второй половине XIX - начале XX веков (На материалах Уральской и Тургайской областей): дис. … канд. истор. наук. – Алматы: –1993. –160 с.

4 Тулеуова Б.Т. Адаптация казахского общества Центрального Казахстана к рыночным условиям во второй половине XIX - начале XX веков. - Караганда: Изд-во «Тенгри LtD». –2012. - 193 с.

5 Ахметова Г.М. История торговли в Казахстане в конце XIX- начале XX вв. - Сарабрюкен: LAP LAMBERT Academic Publishing. –2014. - 176 с.

6 Мамытова С.Н. История предпринимательства в Казахстане во второй половине 19-начале 20 веков.- Алматы: Эверо. –2014. - 324 с.

7 Альжанова Э.Е. Мелкотоварное производство в Южном Казахстане во второй половине XIX - начале XX в. (по материалам кустарно-ремесленного хозяйства Сыр-Дарьинской области): Дисс… канд. истор. наук. – Алматы: –2002. - 141 с.

8 Джаниева Р.М. Социально-экономическое и культурное развитие уездных городов Степного края в конце XIX - начале XX вв. Дисс…канд.истор.наук. – Омск: –2007. – 153 с.

9 Alpyspaeva G.A., Sayahimova S.N. (2018) The Role of the Merchant Class in the Development of the Provincial City of Akmolinsk (the second half of the XIX – the beginning of the XXth centuries). Bylye Gody. Vol. 48. Is. 2. P. 688–698.

10 Kereibayeva A.S., Mamyrbekov A.M., Levchenko T.P., Ziyadin M. (2019) Fair Trade of the Merchantry of the Steppe Region of the second half of the 19th century and beginning of the 20th century. Bylye Gody.. Vol. 53. Is. 3. P. 1201–1210.

11 Gabdulina A.Zh., Dzhumagaliyeva K.V., Akhmetova R.D., Aubakirova H.A. (2020) The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire. Bylye Gody. Vol. 56. Is. 2. P. 674–686.

12 Gabdulina A.Zh., Aubakirova K.Sh., Akhmetova R.D., Abenova G.A. (2021) Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity. Bylye Gody. Vol. 16. No. 2. P. 738–749.

13 Gabdulina A.Zh., Turkhanova A.Zh., Kurmanbayeva L.T., Abisheva Z.R. (2022) The History of the Construction of Railways in Siberia and the Steppe (Kazakh) Region: the Contribution of the Merchants to the Development of the Railway Line in the late XIX – early XX centuries. Bylye Gody. Vol. 17. No. 2. P. 834–843.

14 Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Акмолинская область. - 1904. X. -

135 с. Первая Всеобщая перепись населения Российской империи 1897 г. Семипалатинская область. - 1905. XIV. - 148 с.

15 Алексенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (Численность, размещение, состав, 1870-1914 гг.). - Алма-Ата: Наука. –1981. –110 с.

16 Подсчитано по: ЦГА РК, ф. 15 оп.1, д. 1372. л. 36-37; ЦГА РК, ф.369, оп.1, д. 8. С. 24–25

17 Положение о государственном промысловом налоге, дополненное всеми указаниями и распоряжениями правительства и разъясненный решениями правительствующего Сената и циркулярами Министерства финансов: Сост. Н. Хлебников, И. Пекарский. – СПб.1902. - 855 с.

18 Обзор Семипалатинской области за 1912 год. – Семипалатинск:1912. – 41 с.

19 ЦГА РК, ф. 342, оп.1, д. 573, л.134-160.

20 ЦГА РК, ф. 342, оп.1, д. 573, л.98.

21 ЦГА РК, ф. 342, оп.1, д. 551, л.1,3.

22 ЦГА РК, ф. 342, оп.1, д. 551, л.11.

23 ИАОО, ф. 36, оп. 1, д. 3, л. 8, 15.

24 ЦГА РК, ф.342, оп.1, д. 91, л.34.

25 ИАОО, ф. 24, оп.1, д. 15, л. 22.

26 ЦГА РК, ф. 342, оп.1, д.793, л.68.

27 ИАОО, ф. 36, оп.1, д. 5, л. 36, 48.

28 ЦГА РК, ф. 530, оп.1, д.1, л. 6.

29 ЦГА РК, ф. 64, оп.1, д.3798, л. 5.

30 ИАОО, ф. 199, оп.1, д. 3, л. 28.

31 ИАОО, ф. 78, оп.1, д.183, л. 13.

32 ЦГА РК, ф. 15, оп.1, д. 1594, л. 57.

33 ЦГА РК, ф. 342, оп.1, д. 87, л. 12.

34 Касымбаев Ж.К. История города Семипалатинска (1718-1917 гг.). – Алматы: –1998. - 276 с.

35 Касымбаев Ж. Из истории развития городской промышленности Восточного Казахстана в начале 20 века (уровень развития, структура, влияние смежных районов) // Социально-эконом. и истор. предпосылки и прогрессивное значение присоединения Казахстана к России. – Алма-Ата: –1981. – 61 с.

36 ИАОО, ф.78, оп. 1, д. 18,л. 17-21.

37 ИАОО, ф.38, оп. 1, д. 1,л. 6,7.

38 ИАОО, ф.87, оп. 1, д. 1,л. 21.

39 ЦГА РК, ф. 342, оп.1, д. 793, л. 45.

СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ САУДА КӘСІПКЕРЛІГІ: САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Андатпа

Мақалада XIX-XX ғасырлар тоғысында Солтүстік-Шығыс Қазақстанның сауда кәсіпкерлігінің қалыптасу ерекшеліктері, құрылымы мен жұмыс істеуі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты - сауда кәсіпкерлерінің сандық және сапалық құрамын, олардың әлеуметтік, этникалық және мүліктік құрылымын кешенді сипаттау, сондай-ақ сауда бағыттары мен коммерциялық қызметті реттеудің институционалдық тетіктерін талдау. Зерттеудің міндеттері: өңірдегі сауда кәсіпорындарының саны мен разрядтық құрамын анықтау; сауда кәсіпкерлерінің этникалық, әлеуметтік және мүліктік бейінін талдау; коммерциялық қызметтің бағыттарын, сауданы ұйымдастыру нысандарын және кооперативтік, биржалық және кредиттік институттардың рөлін зерттеу. Материалдар мен әдістер. Зерттеу мұрағат көздерін, кәсіптік статистиканы, сауда куәліктерін, қазыналық палаталардың құжаттарын, сондай-ақ сауда инспекторларының есептерін жүйелі талдауға негізделген. Сауда кәсіпорындарының құрылымын бағалаудың сандық әдістері және кәсіпкерлердің әлеуметтік құрамы мен функционалдық мамандануын зерттеудің сапалы тәсілдері қолданылды. Нәтижелер. Шағын және орта сауда кәсіпорындарының (3-5 разрядтар) басым болуы, капиталының шоғырлануы айтарлықтай айналымды қамтамасыз еткен ірі сауда үйлері мен акционерлік қоғамдардың шектеулі саны анықталды. Кәсіпкерлердің әлеуметтік-этникалық құрамы әр түрлі болды: орыстар, қазақтар, татарлар, сарттар мен еврейлер, мүліктік жағдайы бойынша - саудагерлер, мещандар, шаруалар мен казактар. Сауданың негізгі бағыттары: ауылшаруашылық өнімдерін сату, ауылшаруашылық машиналарын бөлшек және көтерме сату, сондай-ақ кооперативтік және көлік ұйымдарының қызметі кірді. Реттеудің институционалдық тетіктеріне кәсіпшілік куәліктер жүйесі, сауда депутаттары және бухгалтерлік бақылау кірді. Қорытынды. Аймақтың сауда кәсіпкерлігі шектеулі сандық қамтумен жоғары әлеуметтік-этникалық дифференциациямен, мобильді шағын сауданың ірі кәсіпорындардағы капитал концентрациясымен үйлесуімен сипатталды, бұл аймақтың экономикалық модернизациясына және оны империялық сауда жүйесіне біріктіруге ықпал етті.

Негізгі сөздер: сауда кәсіпкерлігі, мұрағат көздері, Қазақстан, сауда-экономикалық даму, көпестер, XIX-XX ғасырлар

TRADE BUSINESS IN NORTH-EAST KAZAKHSTAN: QUANTITATIVE AND QUALITATIVE COMPOSITION

Abstract

This article examines the formation, structure, and functioning of commercial entrepreneurship in Northeastern Kazakhstan at the turn of the 19th–20th centuries. The study is motivated by the need to analyze regional economic modernization and the social transformation of the entrepreneurial class amid integration into the Russian Empire's economic space. The aim of the research is to provide a comprehensive characterization of the quantitative and qualitative composition of traders, their social, ethnic, and property structure, and to analyze trade directions and institutional mechanisms regulating commercial activity. The objectives include assessing the number and classification of trading enterprises, analyzing the social, ethnic, and property profiles of entrepreneurs, and investigating trade patterns, organizational forms, and the role of cooperative, exchange, and credit institutions.

The study is based on systematic analysis of archival records, commercial statistics, revision lists, trade certificates, and reports of commercial inspectors. Quantitative methods were applied to assess enterprise structure, while qualitative approaches examined social composition and functional specialization. Results reveal the predominance of small and medium enterprises, limited large trading houses and joint-stock companies, and a socially and ethnically diverse entrepreneurial layer. Trade focused on agricultural products, manufactured goods, machinery, and cooperative and transport activities.

In conclusion, regional commercial entrepreneurship was socially and ethnically heterogeneous, quantitatively limited, but functionally significant, combining mobile small-scale trade with concentrated capital in large enterprises, thus contributing to economic modernization and integration into the Russian trade system.

Key words: trade entrepreneurship, archival sources, Kazakhstan, trade and economic development, merchants, XIX-XX centuries

REFERENCES

1 Kasyimbaev J.K. Kazahstan-Kitay: karavannaya torgovlya v XIX- nachale XX vv. [*Kazakhstan - China: Caravan Trade in the XIX-Early XX Centuries*]. Almaty: Ölke. 1996.206 p. [in Russian]

2 Galiev V.V. Kazahstan v sisteme rossiysko-kitayskih torgovo-ekonomicheskih otnosheniy v Sintszyane: (konets XIX - nach. XX v.) [*Kazakhstan in the System of Russian-Chinese Trade and Economic Relations in Xinjiang (Late XIX – Early XX Century)*]. Almatyi: In-t istorii i etnologii im. Ch. Ch. Valihanova. 2003. 189 p. [in Russian]

3 Jakupbekova D. Torgovo-promyishlennoe predprinimatelstvo v Kazahstane vo vtoroy polovine XIX - nachale XX vekov (Na materialah Uralskoy i Turgayskoy oblastey) [*Commercial and Industrial Entrepreneurship in Kazakhstan in the Second Half of the XIX–Early XX Centuries (Based on Materials from the Uralsk and Turgay Regions)*]. Dis. … kand. istor. nauk. Almaty: 1993.160 p. [in Russian]

4 Tuleuova B.T. Adaptatsiya kazahskogo obschestva Tsentralnogo Kazahstana k ryinochnyim usloviyam vo vtoroy polovine XIX- nachale XX vekov [*Adaptation of Kazakh Society of Central Kazakhstan to Market Conditions in the Second Half of the XIX – Early XX Century*]. Karaganda: Izd-vo Tengri LTD. 2012. 193 p. [in Russian]

5 Ahmetova G.M. Istoriya torgovli v Kazahstane v kontse XIX- nachale XX vv. [*History of Trade in Kazakhstan at the End of the XIX - Early XX Centuries*] Sarabryuken: LAP LAMBERT Academic Publishing. 2014. 176 p. [in Russian]

6 Mamyitova S.N. Istoriya predprinimatelstva v Kazahstane vo vtoroy polovine XIX- nachale XX vekov [*History of Entrepreneurship in Kazakhstan in the Second Half of the XIX - Early XX Century*]. Almaty: Evero. 2014.324 p. [in Russian]

7 Aljanova E.E. Melkotovarnoe proizvodstvo v Yujnom Kazahstane vo vtoroy polovine XIX - nachale XX v. (po materialam kustarno-remeslennogo hozyaystva Syir-Darinskoy oblasti): [*Small-Scale Production in Southern Kazakhstan in the Second Half of the XIX - Early XX Century (Based on the Materials of Cottage and Handicraft Economy of the Syr-Darya Region*)] Diss… kand. istor. nauk. Almaty: 2002. 141 p. [in Russian]

8 Djanieva R.M. Sotsialno-ekonomicheskoe i kulturnoe razvitie uezdnyih gorodov Stepnogo kraya v kontse XIX - nachale XX vv. [*Socio-Economic and Cultural Development of the District Towns of the Steppe Region in the Late XIX – Early XX Centuries*] Diss…kand.istor.nauk. Omsk: 2007.153p. [in Russian]

9 Alpyspaeva G.A., Sayahimova S.N. (2018) The Role of the Merchant Class in the Development of the Provincial City of Akmolinsk (the second half of the XIX – the beginning of the XXth centuries). Bylye Gody.. Vol. 48. Is. 2. P. 688–698. [in English]

10 Kereibayeva A.S., Mamyrbekov A.M., Levchenko T.P., Ziyadin M. (2019) Fair Trade of the Merchantry of the Steppe Region of the second half of the 19th century and beginning of the 20th century. Bylye Gody. Vol. 53. Is. 3. P. 1201–1210. [in English]

11 Gabdulina A.Zh., Dzhumagaliyeva K.V., Akhmetova R.D., Aubakirova H.A. (2020) The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire. Bylye Gody.. Vol. 56. Is. 2. P. 674–686. DOI: 10.13187/bg.2020.2.674. [in English]

12 Gabdulina A.Zh., Aubakirova K.Sh., Akhmetova R.D., Abenova G.A. (2021) Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity. Bylye Gody. Vol. 16. No. 2. P. 738–749. DOI: 10.13187/bg.2021.2.738. [in English]

13 Gabdulina A.Zh., Turkhanova A.Zh., Kurmanbayeva L.T., Abisheva Z.R. (2022) The History of the Construction of Railways in Siberia and the Steppe (Kazakh) Region: the Contribution of the Merchants to the Development of the Railway Line in the late XIX – early XX centuries. Bylye Gody. Vol. 17. No. 2. P. 834–843. DOI: 10.13187/bg.2022.2.834. [in English]

14 Pervaia vseobshchaia perepis naseleniia Rossiiskoi imperii 1897 g. Akmolinskaia oblast' [*First General Population Census of the Russian Empire of 1897. Akmolinsk Region]. 1904. X, 135 pp. Pervaia vseobshchaia perepis naseleniia Rossiiskoi imperii 1897 g. Semipalatinskaia oblast' [First General Population Census of the Russian Empire of 1897. Semipalatinsk Region*]. 1905. XIV.148 p. [in Russian]

15 Aleksenko N.V. Naselenie dorevolyutsionnogo Kazahstana (Chislennost, razmeschenie, sostav, 1870-1914 gg.). [*Population of Pre-Revolutionary Kazakhstan (Size, Distribution, Composition, 1870-1914)*]. Alma-Ata: Nauka. 1981.110 p. [in Russian]

16 Podschitano po: CGA RK - Central'nyj gosudarstvennyj arkhiv Respubliki Kazahstana [*Central State Archives of the Republic of Kazakhstan*]. CGA RK. F.15. Inv.1. C.1372. P.36-37. F.369. Inv.1. 8 p. P.24-25. [in Russian]

17 Polozhenie o gosudarstvennom promyslovom naloge, dopolnennoe vsemi ukazaniiami i rasporyazheniiami pravitel'stva i raz"iasnennoe resheniiami pravitel'stvuiushchego Senata i tsirkuliarami Ministerstva finansov: Sost. N. Khlebnikov, I. Pekarskii. [*Regulations on the State Trade Tax, supplemented by all instructions and orders of the government and clarified by the decisions of the Governing Senate and circulars of the Ministry of Finance: Compiled by N. Khlebnikov, I. Pekarsky*]. SPb. 1902. 855 p. [in Russian]

18 Obzor Semipalatinskoi oblasti za 1912 god [*Review of the Semipalatinsk Region for 1912*]. Semipalatinsk, 1912. P. 41. [in Russian]

19 CGA RK. F.342. Inv.1. C.573. P.134-160. [in Russian]

20 CGA RK. F.342. Inv.1. C.573. 98 p. [in Russian]

21 CGA RK. F.342. Inv.1. C.551. P.1-3. [in Russian]

22 CGA RK. F.342. Inv.1. C.551. 11p. [in Russian]

23 IAOO - Istoricheskii arkhiv Omskoi oblasti [*Historical Archive of the Omsk Region*]. F. 36. Inv. 1. C. 3. P. 8-15. [in Russian]

24 CGA RK. F.342. Inv.1. C.91.34 p. [in Russian]

25 IAOO - Istoricheskiy arkhiv Omskoy oblasti. [*Historical Archive of the Omsk Region*] IAOO F.24. Inv.1. C.15. 22p. [in Russian]

26 CGA RK. F. 342. Inv. 1. C. 793. 68 p. [in Russian]

27 IAOO. F.36. Inv.1. C.5. Sh.36. 48p. [in Russian]

28 CGA RK. F. 530. Inv. 1. C. 1. 6 p. [in Russian]

29 CGA RK. F. 64. Inv. 1. C. 3798. 5p. [in Russian]

30 IAOO. F.199. Inv.1. C.3. 28 p. [in Russian]

31 IAOO. F.78. Inv.1. C.183. 13p[in Russian]

32 CGA RK. F. 15. Inv. 1. C. 1594. 57 p. [in Russian]

33 CGA RK. F. 342. Inv. 1. C. 87. 12 p. [in Russian]

34 Kasyimbaev J.K. Istoriya goroda Semipalatinska (1718-1917) [*History of the City of Semipalatinsk (1718–1917)*]. Almaty: BI. 1998. 276 p. [in Russian]

35 Kasyimbaev Zh. Iz istorii razvitiia gorodskoi promyshlennosti Vostochnogo Kazakhstana v nachale XX veka (uroven razvitiia, struktura, vliianie smezhnykh raionov) [*From the history of the development of urban industry in Eastern Kazakhstan at the beginning of the 20th century (level of development, structure, influence of adjacent regions)*] // Sotsialno-ekonomicheskie i istoricheskie predposylki i progressivnoe znachenie prisoedineniia Kazakhstana k Rossii. Alma-Ata: 1981.61 p. [in Russian]

36 IAOO. F.78. Inv.1. C.18. P. 17-21. [in Russian]

37 IAOO. F.38. Inv.1. C.1. P. 6-7. [in Russian]

38 IAOO. F.87. Inv.1. C.1. 21p. [in Russian]

39 CGA RK. F. 342. Inv. 1. C. 793. 45 p. [in Russian]

Information about authors:

Akhmetova Gulzhan – **corresponding author,** candidate of historical sciences, associate professor of the Department of "History of Kazakhstan", S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Republic of Kazakhstan

E-mail: gulzh.akhm@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0000-8652-331X

Сведения об авторах:

Ахметова Гульжан – **основной автор,** кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры истории Казахстана, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан

E-mail: gulzh.akhm@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0000-8652-331X

Авторлар туралы мәлімет:

Ахметова Гульжан – **негізгі автор,** тарих ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gulzh.akhm@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0000-8652-331X

ҒТАМР 03.41.91 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.03**
ӘОЖ 902/904:553.3(574)

Д.А. Байтілеу[1*], Ж.С. Қалиева[1]

[1] Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты
Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: baitileu@gmail.com

ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ САРЫАРҚАНЫҢ МЕТАЛЛУРГИЯСЫН ШИКІЗАТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ГЕОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Сарыарқадағы қола дәуірінің әртүрлі санаттағы көне өндірістік нысандары мен археологиялық ескерткіштерін зерттеу нәтижелері ұсынылған. Зерттеудің мақсаты: қола дәуіріндегі Сарыарқаның минералдық-шикізат базасы мен ежелгі тау-кен металлургиясы өндірісінің ерекшеліктерін кешенді зерттеу, мыс шикізаты мен қоспалаушы компоненттердің негізгі көздерін анықтау, сондай-ақ Орталық Қазақстандағы кен ресурстарын игеру және өндірістік орталықтардың қалыптасу заңдылықтарын айқындау. Қазақстанның тау-металлургиялық аймағы құрамындағы минералдық-шикізат кешендерінің таралу нұсқалары көрсетілген. Батыс және Орталық Сарыарқадағы қола дәуіріне жататын қоныстардан табылған кендер мен металлургиялық шлактарды зерттеу нәтижесінде негізгі мыс шикізаты ретінде Жезқазған кенді ауданындағы мыс құмтастарының екінші реттік сульфидті байыту белдеулерінің тотығу аймағынан алынған малахит-азуриттер мен бай сульфидті кендер пайдаланылғаны анықталды. Сонымен қатар, тотығу-сульфидті аралас концентраттар да қолданылған болуы мүмкін. Ежелгі заманда легирлеуші қоспалар ретінде мышьяк пен қалайы кеңінен қолданылған. Рудадан металл қорыту кезінде легирленген қола алынғаны анықталды, бұл шлактардағы металл түйіршіктерінен, сондай-ақ шлактың әйнек фракцияларындағы және минералдарындағы мышьяк пен қалайының құрамынан көрінеді. Мышьяк пен қалайы минералдары жергілікті шыққан емес екендігі дәлелденді, себебі олар Жезқазған мыс құмтастарына тән емес. Легирлеуші компоненттердің ықтимал көздері ретінде Ұлытау өңірінің кен орындары мен Солтүстік Сарыарқаның кейбір учаскелері қарастырылады. Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстанның кенді аймақтары да легирлеуші қоспалар көзі болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеулер Орталық Қазақстанда палеометалл дәуіріндегі тау-кен металлургиялық өндіріс үшін түрлі типтегі мыс кен орындарының таралу заңдылықтарын анықтау және мыс кен ресурстарын игеру мәселесін шешуге жақындатады.

Негізгі сөздер: Қазақстан, Сарыарқа, тау-кен ісі, металлургия, өндіріс, қола дәуірі, палеометалл.

Кіріспе

Тау-кен металлургиясы ежелгі дәуірде маңызды өндірістік үдеріс болған, ал оның деңгейі көне қоғамдағы өндіргіш күштердің дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылған. Қазақстандағы мыс металлургиясы Еуразия кеңістігіндегі барлық мәдениеттер аумағындағы техникалық прогрестің жоғары деңгейін айқын көрсетеді. Қазақстандық металлургтер жасаған негізгі бұйым түрлері Еуразиялық металлургиялық өңірдің дәстүрлі үлгілерін құрады.

Ежелгі адамның алғаш металмен ерте танысуына тотыққан кендердің, әсіресе табиғи таза мыстың жер бетіне жақын көптеп шығуы әсер етті. Қазақстан үшін экологиялық тұрғыдан маңызды фактор — бай мыс кен орындарының көп болуы еді, бұл жағдай көне металлургияның қарқынды дамуына негіз болды. Қола дәуіріндегі тайпалар үшін металлургия мал шаруашылығымен қатар, б.з.д. II мыңжылдықтың екінші жартысында жетекші салалардың бірі болды.

Тау-кен металлургиясы ежелгі дәуірдегі ең көп еңбек сіңіруді қажет ететін өндірістік үдерістердің бірі болды. Алайда жалпы тау-кен металлургиялық өндірісінде ең күрделі әрі жауапты буын — бұл мысты балқыту үдерісі еді. Ежелгі металлургияның дамуын айқындаған бұл өндіріс маңызды тау-кен металлургиялық аймақтарда шоғырланған болатын. Ежелгі металлургия тарихындағы ең елеулі оқиға — Еуразиялық металлургиялық провинцияның

қалыптасуы болып саналады. Бұл провинция өз заманында аумақтық тұрғыдан әлемдегі ең ірі жүйелердің бірі болған.

Еуразиялық металлургиялық провинцияның (ЕАМП) қалыптасуы біздің дәуірге дейінгі III–II мыңжылдықтардың тоғысында алып аумақты қамтып, металл өңдеу технологиясында, жасанды қорытпаларды (негізінен қалайы қола) қолдануда, «соқыр» ұңғымалы жұқақабырғалы құралдарды құюда түбегейлі өзгерістерге алып келді [1]. Қазақстан аумағы қола дәуірінің соңғы кезеңінде ЕАМП-ның шығыс аймағын қамтыды.

Еуразиялық металлургиялық провинцияның хронологиялық шеңбері мың жылдан астам уақытты қамтиды — біздің дәуірге дейінгі III–II мыңжылдықтар тоғысынан бастап б.з.д. IX/VIII ғасырларға дейін. ЕАМП тарихында бірнеше хронологиялық кезеңдер анықталады: ерте кезең (б.з.д. III–II мыңжылдықтар тоғысы — XVII ғасыр); срубно-андронов мәдениеттер блогының қалыптасуы (б.з.д. XVI–XV/XIV ғасырлар); срубно-андроновтық дүниенің дала тұрғындарының валикті керамика мәдениеттері қауымдастығына (ВКМҚ) бірігуі, металл өңдеудің негізгі ошақтарының орманды-дала және орманды аймақтарға орын ауыстыруы (б.з.д. XV/XIV–XII/XI ғасырлар); қола дәуірінің соңғы кезеңі (б.з.д. XII/XI–IX/VIII ғасырлар) — ЕАМП-ның ыдырау және күйреу үдерістерінің күшеюі [2], [3], [4].

Өзінің шарықтау кезеңінде Еуразиялық металлургиялық провинция (ЕАМП) батыстағы Днепр бойынан бастап, шығыстағы Енисейге дейінгі, оңтүстікте Кавказ алды далалары мен Орта Азия шөлдерінен бастап, солтүстікте Еуразия тайга аймағына дейінгі кең аумақты қамтыды. Бұл ауқымды провинцияның қалыптасуы ең алдымен көшпелі дала мал шаруашылығымен айналысқан тайпалардың мәдени-шаруашылық тұрғыдан бірігуімен байланысты болды. Бұл тайпалар біртұтас мәдени қауымдастыққа — андронов мәдениетіне — топтасты. Олардың шаруашылығы, мәдениеті, мүмкін этностық ерекшеліктері де белгілі бір дәрежеде өзара туыстас болды. Оларға мәдениеті мен шаруашылығы жағынан жақын болған тағы бір ірі мәдени-тарихи қауымдастық — сруб мәдениеті, ол Шығыс Еуропа кеңістігін Оңтүстік Оралдан Днепрге дейін қамтыды. Осындай алып аймақта материалдық мәдениет пен металлургиялық өндірістің интеграциясы жүзеге асқанымен, провинцияның әрбір орталығы өзіне тән ерекшеліктерін сақтап қалды. Еуразиялық провинция кеншілері барлық тау-кен металлургиялық аймақтардың бай кен қорларын пайдаланған: Орал маңындағы мыс құмтастары мен Уралдың негізгі кен орындары, сондай-ақ Қазақстанның көптеген кен орындары. Ерекше маңызға Рудный Алтайдағы касситерит (қалайы тас) кен орындары — Қалба және Нарым жоталары ие болған, сол жерлерден сол кезеңде аса құнды саналатын қалайының батысқа тасымалдануы мүмкін деген жорамал бар.

ЕАМП жүйесіне Қазақстанның тау-кен металлургиялық облысы [5],[6] кіреді, ол бүкіл Орталық Қазақстанды және Солтүстік Қазақстанның бір бөлігін қамтиды, яғни Қазақ ұсақ шоқылары немесе Сарыарқа шегінде орналасқан. Сарыарқа солтүстікте Батыс Сібір жазығының оңтүстік жиегі мен оңтүстікте Балқаш көлі, батыста Торғай ойысы және шығыста Алтай мен Тарбағатайдың сілемдері аралығында орналасқан [7].

Өз кезегінде, Сарыарқаның ежелгі металлургиясы мен тау-кен ісін зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Өйткені бұл өңір географиялық орналасуы жағынан бірнеше ірі тарихи-мәдени аймақтардың тоғысқан тұсында орналасқан: оңтүстікте — Оңтүстік Қазақстан және одан әрі Орта Азия; шығыста — Шығыс Қазақстан мен Алтай; солтүстікте — Сібір; батыста — Орал мен Шығыс Еуропа.

Қазақстанның тау-кен металлургиялық облысы (ҚТМО) – Еуразиядағы ежелгі тау-кен металлургиялық облыстар жүйесінің ішіндегі ірілерінің бірі, және оның тарихи тұрғыдан болғандығы қазіргі кезде археологиялық деректермен дәлелденген. Қазақстан археологиясы ежелгі өндіріс ошақтарынан — металлургтер қоныстары мен кеншілердің мыс кен орындарынан — алынған бірегей материалдарға ие.Басқа ұқсас құрылымдармен салыстырғанда, ҚТМО кейінірек қалыптасқан. Дегенмен, кейбір технологиялық элементтерді қабылдағанымен, ол өзіндік даму жолына ие болды, әсіресе қола дәуірінің соңғы кезеңінде,

бұл кезеңде облыстың минералдық-шикізаттық базасы іргелес аумақтарды шикізатпен және жартылай фабрикаттармен қамтамасыз етіп отырды.

Ежелгі металлургия өндірісіндегі технологиялық серпіліс — мыс өндіруде күкіртті кендерді балқыту тәсілінің ашылуы болды. Атасу және Жезқазған микромаудандары қоныстарының археологиялық материалдары Қазақстанның көне металлургтерінің кенді күрделі өңдеуге арналған шахталық үлгідегі пештерді ойлап тапқанын дәлелдейді. Бұл жаңалық көне металлургияны жаңа технологиялық деңгейге көтеріп, өндірістің дамуына қуатты серпін берді. Металлургия мен металл өңдеудің ең жоғары өркендеу кезеңі қола дәуірінің соңғы кезеңіне сәйкес келеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Сарыарқаның ежелгі тау-кен ісі мен металлургия ескерткіштерін зерттеудегі негізгі бастапқы ұстаным — автордың табиғи-ғылыми зерттеу әдістерін гуманитарлық білім саласына барынша толық әрі тиімді түрде енгізуге ұмтылысы. Зерттеу нәтижелері бірнеше концептуалды тәсілдердің үйлесімді тоғысуына негізделген, бұл тәсілдер оның методологиялық негізін құрайды. Біріншіден, негізгі парадигма ретінде тарихи-металлургиялық тәсіл қабылданған. Бұл тәсілге сәйкес, палеометалл дәуіріндегі мәдени дамудың шешуші факторы металл өндіру ісі болған. Екіншіден, этнологиядан алынған шаруашылық-мәдени типтер тұжырымдамасының археология саласына қолданылуы жөніндегі жаңа ғылыми ізденістер осы зерттеудің маңызды методологиялық тірегіне айналып отыр. Үшіншіден, геоархеологиялық өндірістік нысандар мен оларға қатысты археологиялық ескерткіштерді зерттеу барысында ескерткіштерді бүлдірмейтін заманауи әдістерді қолдану арқылы жаңа ғылыми тәсілді қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады.

Мыс пен полиметалл кен орындарының барлығы дерлік көне замандардан бері игеріліп келген. Бұған құлаған, шөгіп кеткен көне карьерлер, штольнялар мен шахталар түріндегі көптеген көне тау-кен жұмыстары дәлел бола алады. Мұндай көне немесе «чуд» өңдеулерінің сипаттамалары алғашқы саяхатшылары мен зерттеушілерінің — П. С. Паллас, И. П. Фальк, П. И. Рычков, И. П. Шангин және басқалардың еңбектерінде кездеседі. Кеңес дәуірінде бұл кен орындарын геологтар барлау мақсатында зерттеп, күн бетінде орналасқан кен көріністерінде көне тау-кен жұмыстарының іздері бар екенін растады.

Орталық Қазақстандағы қола дәуіріне тән тау-кен және металлургия ескерткіштеріне археологиялық зерттеулер XX ғасырдың алғашқы жартысынан бастап жүргізіліп келеді. Аймақтың негізгі ескерткіштері (Атасу, Мыржық, Ұлытау қоныстары, Үлкен Жезқазған кешені) туралы мәліметтер Қ. И. Сәтбаев, Ә. Х. Марғұлан, Н. В. Валукинский, М. Қ. Қадырбаев және басқа зерттеушілердің іргелі еңбектерінде жарық көрді [8], [9]. Аталған ғалымдардың еңбектерінде алғаш рет аймақтағы көне тау-кен жұмыстары мен мыс металлургиясына қатысты археологиялық ескерткіштер туралы деректер жүйелі түрде құжатталған.

Орталық Қазақстандағы көне тау-кен ісі мен металлургия ескерткіштерін зерттеуге арналған алғашқы кешенді археологиялық жұмыстар XX ғасырдың 50-жылдарының ортасында Ә. Х. Марғұланның жетекшілігімен басталды. 1955 жылы оның басшылығымен көне металлургтер қонысы — Атасу-I ескерткішінде алғашқы барлау жұмыстары жүргізілді [10], [11]. Ә. Х. Марғұланның маңызды ғылыми еңбектерінің бірі — Жезқазған кенті маңындағы Милықұдық қола дәуірі қонысына арналған мақала. Бұл зерттеулерге негіз болған дерек — Милықұдық қонысында қазба жұмыстарын жүргізген Н.В. Валукинскийдің күнделік жазбалары болды. Кейіннен Атасу мен Милықұдық қоныстарынан алынған кейбір материалдар Ә. Х. Марғұланның «Орталық Қазақстанның Беғазы-Дәндібай мәдениеті» атты іргелі еңбегіне енді [12]. Жалпы алғанда, Ә. Х. Марғұланның зерттеулері өңірдегі қола дәуірінің маңызды металлургиялық орталықтарын айқындауға мүмкіндік берді [13].

Ә. Х. Марғұлан жүргізген алғашқы қазбалардан кейін 20 жыл өткен соң, Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ) М. Қ. Қадырбаевтың жетекшілігімен көне

тау-кен ісі мен металлургияны зерттеу жұмыстарын қайта жандандырды. 1975–1983 жылдары ОҚАЭ қызметкерлері Босоғақ, Сарыбұлақ, Кеңқазған, Оғызтау, Алтынтөбе, Саяқ I–V, Молдыбай, Берқара, Жомбас, Тастау, Қоңырат, Соқырқой, Гүлшат, Бесшоқы, Алмалы I–II, Күзде-Адыр, Ақбуйрат, Жетімшоқы, Нельды (Үспен) және тағы басқа көптеген көне мыс кен орындарын зерттеді. М. Қ. Қадырбаевтың зерттеулері Атасу микроауданындағы негізгі ядроны үш қоныс — Атасу-I, Атасу-II (Ақ-Мұстафа), Мыржық, сондай-ақ бірқатар қорымдар (Саңғру I–III, Атасу I–III, Ақ-Мұстафа, Мыржық) мен көне тау-кен өңдеулері (Сарыбұлақ, Дарат, Босоғақ, Оғызтау, Кеңқазған) құрайтынын анықтауға мүмкіндік берді [14], [15], [16].

Жалпы алғанда, 1976–1983 жылдары Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының қызметкерлері Орталық Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде орналасқан қырықтан астам көне мыс кен орындарын зерттеді. Зерттеу нәтижесінде олардың басым көпшілігі қола дәуірінің металлургтер қоныстары – Атасу-I, Мыржық, Милықұдық, Алтынтөбе, Қарқаралы, Суук-Бұлақ, Бұғылы және басқалармен тығыз байланысты екені анықталды [17], [18], [19].

Нәтижелер және оларды талқылау

Көне тау-кен өңдеулері мен олармен байланысы бар әртүрлі санаттағы археологиялық нысандарды одан әрі зерттеу нәтижесінде аясында бірнеше жеке тау-кен металлургиялық орталықтар бөлініп көрсетілді. Оларға: Көкшетау, Баянауыл, Үспен-Қарқаралы, Солтүстік Бетпақдала, Балқаш және Жезқазған–Ұлытау металлургиялық орталықтары жатады [20], [21].

Геоархеология мен археометаллургияның қазіргі даму кезеңінде көне тау-кен ісі мен металл өңдеуге қатысты жаңа ескерткіштер туралы әртүрлі деңгейдегі ақпараттар келіп түсуде. Бұл деректер жаңа әдістемелік тәсілдер тұрғысынан зерделеуді қажет етеді. Археологтардың қолына, көбіне, объектінің орналасу орны мен ескерткіштердің қысқаша сипаттамасы түседі. Ал талдаудан өткен материалдар кәсіби археолог-ғалымдардан (мысалы, Ж. Құрманқұлов пен А. С. Ермолаеваның зерттеулері) сирек жағдайда ғана түсіп отырады [22]. Жыл сайын келіп түсіп жатқан археологиялық материалдардың зор әлеуетіне қарамастан, бүгінгі таңда Орталық Қазақстанда, әсіресе Жезқазған–Ұлытау өңірінде шикізатты игеру үдерістеріне байланысты көне жағдай туралы тек үзік-үзік мәліметтер ғана бар. Зерттеліп отырған аймақтың археологиялық материалы негізінен «үнсіз күйде» қалып отыр. Бұл жағдай өңірдегі көне тарихи-мәдени үдерістерді айқындайтын кешенді жұмыстарды жүргізудің өзектілігі мен қажеттілігін айқын көрсетеді. Мұндай зерттеулер, өз кезегінде, өңір тұрғындарының мәдениетін Еуразиядағы палеометалл дәуірінің археологиялық мәдениеттер жүйесіндегі орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Сарырақаның металлургиялық өндірістің шикізат базасы

Ежелгі металл өндірісіне арналған мыс кенді шикізат көздеріне назар аударатын болсақ, Орталық Қазақстанның мыс кенімен бай аймақ екенін атап өткен жөн [23]. Ең ірілері стратиформды мыс құмтасты кен орындары: Жезқазған, Сарыоба, Итауз, Қыпшақпай, Жаман-Айбат, Владимиров кен орны және басқалар. Сонымен қатар, өңірде мыс-порфир кен орындары да кеңінен таралған: Қоңырат, Бозшакөл, Самар және т.б. Қарағанды облысы мен Жезқазған–Ұлытау өңірінде кремнийлі-карбонатты формациялармен байланысты мыс кен орындары кездеседі: Үспен, Алтынтөбе. Скардтық кендермен байланысты мыс орындарына Саяқ кен алабы жатады. Ал колчедан типтес кен орындары Орталық Қазақстанда әлсіз дамыған.

Көпжылдық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, қола дәуіріндегі Жезқазған–Ұлытау микроауданы қоныстары үшін негізгі мыс кені көзі Жезқазған кен алабындағы мыс құмтастары болғанын айтуға болады. Бұл жерде әртүрлі көлемдегі көне тау-кен өңдеулері сипатталған: әдетте ұзындығы 10–30 м, сирек жағдайда 750 м-ге дейін, тереңдігі 6–8 м, кейде 12–15 м-ге дейін жеткен [24], [25]. Ең ірі және терең өңдеулер ерте темір дәуірі мен орта ғасырларда да игерілген болуы мүмкін [26]. Жезқазған–Ұлытау өңіріндегі Крестовоздвиженск, Милықұдық, Соркұдық, Айнақөл сынды қоныстарда металлургиялық пештер мен металл

өндіріспен байланысты әртүрлі артефактілер табылған. Бұл деректер өңірде қола дәуірінде мыс кені шикізатының белсенді игерілгенін айғақтайды.

Жезқазған кен тобы жезқазған жыныс қат-қабаттарының шөгінді кешеніне жатады. Қабатты пішіндегі кен денелері сұр түсті полимикт құмтастар мен конгломераттарда шоғырланған. Кеннің негізгі компоненті — мыс, маңызды мөлшерде сондай-ақ қорғасын мен мырыш бар, қоспалар құрамында — күміс пен рений кездеседі [27]. Басты рудалық минералдарға халькопирит, борнит, халькозин, галенит, сфалерит жатады, аз мөлшерде теннантит, арсенопирит, пирит анықталған. Мышьяктық минералдану елеулі деңгейде тек кен орнының терең көкжиектерінде байқалған [28]. Тотығу белдеуінің қуаты 8–12 м аралығында, мұндағы кен минералдары темір мен марганецтің гидрооксидтері, куприт, самородты мыс, азурит, малахит, брошантит және хризоколла түрінде берілген. Екінші ретті сульфидті байыту аймағында (10–70 м тереңдікке дейін) халькозин, ковеллин және борнит кең таралған [29], [30].

Қола дәуірінде пайдаланылған мыс кендерінің тағы бір көзі — мыс-порфир кен орындарының тотығу белдеулері болды. Ең ірілерінің бірі — Бозшакөл мыс-молибден кен орны. Кендену денелері генетикалық тұрғыда төменгі кембрий кезеңімен байланысты. Кен орны кварц диорит-порфирит, плагиогранит-порфирит және сиенит-порфир интрузияларымен парагенетикалық байланысты. Интрузивті кешен мен кен орнын қамтитын жыныстар — эффузивті (спилиттік) Бозшакөл свитасы. Мұнда ендік бойымен екі рудалық дене байқалады. Кеннің негізгі минералдары — халькопирит, пирит, молибденит, плагиогранит-порфир, магнитит. Руда құрамында мыс пен молибден бар, қосымша компоненттер ретінде алтын, күміс, рений, кобальт және мышьяк алуға болады. Бозшакөлдегі көне өндіріс орындары қазіргі Бозшакөл кентінен солтүстік-батысқа қарай 2 км жерде орналасқан және олар түрлі тарихи кезеңдерде адамдар жүргізген қызметтің іздерін сақтаған, оңтүстік беткейдегі қазба және үйінді алаңы түрінде көрініс табады. Қола дәуірінде Бозшакөл кен орнының тотығу белдеуі шағын қазбалар мен шурфтар арқылы игерілген. Ол дәуірде металл алуға малахит пен азурит секілді тотығу кендерін қолданған болуы әбден мүмкін. Металлургиялық шлак табылымдарына қарағанда, металл қоныстарда балқытылған — таза мыс та, қалайылы қола да өндірілген. Қола кесектері мен шлак ішіндегі жаңадан түзілген қалайы диоксиді кристалдарының негізінде, легирлеу шихта дайындау сатысында жүргені аңғарылады.

Легирлеуші қоспалар көздеріне баса назар аударсақ, қола дәуіріндегі Орталық Қазақстан қоныстарындағы металлургиялық шлактардың негізгі түрі — мыс балқытудан қалған шлактар екенін атап өту қажет. Мысалы, Жезқазған–Ұлытау өңіріндегі қоныстарда мыс шлактары жалпы үлгілердің шамамен 75%-ын құрайды. Бұл шлактарда қоспалар ретінде мырыш пен қорғасын кездеседі. Бұл элементтер Жезқазған кен алаңындағы рудаларда, әсіресе галенит пен сфалериттің кең таралуына байланысты, рудалардың айтарлықтай құрамдас бөліктері болып табылады. Бұл сондай-ақ шлактардағы мыс, мырыш және қорғасын арасындағы маңызды корреляция арқылы дәлелденеді. Сонымен қатар, қорғасын мен мырыш қола жасауға арналған легирлеуші компоненттер ретінде пайдаланылмаған болуы мүмкін. Бұл элементтер балқыту кезінде мыс рудаларымен бірге шихтаға түсіп, шлактың шыны фазасына өткен.

Орталық Қазақстан қоныстарындағы металлургиялық шлактар кешенінің жарқын ерекшелігі — рудалық шихта дайындау сатысында легирлеуші компоненттердің әдейі қосылуы. Жезқазған рудаларының қорғасын-мырышты геохимиялық мамандануы ескерілсе, мыс және мыс-қорғасын-мырыш шлактарын тек жергілікті кендермен байланыстыруға болады. Осы жергілікті компоненттермен қатар, Орталық Қазақстанның қола дәуіріндегі шлактарында мышьяк пен қалайы да кездеседі. Бұл элементтер жергілікті рудаларға тән емес болғандықтан, олардың кездесуі жергілікті емес рудалардың балқытылуын немесе мышьяк пен қалайы құрамды рудалардың әдейі шихтаға қосылуын көрсетуі мүмкін. Мұндай металлургиялық технологиялар қола дәуіріндегі Еуропа [30] және Орал–Қазақстан өңірлерінің қоныстарына тән [31]. Мышьякты қола кеңінен таралған аймақтардың бірі ретінде б.з.д. IV–III мыңжылдықтар тоғысында майкоп мәдениетінің металын зерттеу барысында Кавказда

анықталған [32], сондай-ақ б. з. д. III–II мыңжылдықтардың шекарасында Оңтүстік Оралдағы Синташта мәдениетінің металында да байқалған [33]. Устье I қонысынан табылған металлургиялық шлактар мен металл бұйымдарын талдау нәтижелері мышьякты қола дайындау технологиясының Петров мәдениетінде де сақталғанын көрсетті [34],[35]. Бұл таңғаларлық емес, себебі ультрабазиттермен байланысты жергілікті мыс кен көздері бар, ал бұл жыныстар үшін мышьякты минералдану тән.

Жезқазған кен орнында арсенопирит пен жылтыр рудалардың мөлшері аз болғандықтан, оларды балқыту шихтасына легирлеуші қоспа ретінде пайдалану екіталай. Жезқазған–Ұлытау ауданы мен Орталық Қазақстанның шектес аумақтарының геологиялық құрылымына ультрабазитті массивтер де кіреді. Олармен никель, кобальт және мыс кен орындары байланысты: бұл Талдысай, Шайтантас, Айыртау, Ешкіөлмес массивтері. Алайда осы массивтердегі геоархеологиялық зерттеу нәтижелері қазіргі таңда белгісіз күйінде қалып отыр. Қалайылы қола өндірісіне арналған шикізаттың ықтимал жергілікті көзі ретінде Соқтал гранит-гнейс массивіндегі касситерит көріністерін атауға болады [36], бірақ бұл көріністердің көне дәуірде игерілгені жөніндегі деректер қазіргі зерттеу кезеңінде анықталмаған. Сондықтан Орталық Қазақстанның көне қоныстарына қалайы құрамды шикізаттың, мысалы, Шығыс Қазақстан (Алтай) немесе Солтүстік Қазақстанның бай кен орындарынан жеткізілуі мүмкін деген болжам айтуға болады [37].

Қола дәуіріндегі легирлеуші шикізатпен қамтамасыз ету мәселесін және жалпы тау-кен ісі мен металлургияға қатысты проблемаларды зерттеу контекстінде, келешегі зор өңірлердің бірі ретінде Имантау таулары маңындағы ескерткіштерді атауға болады. Бұл аумақ Сырымбет кен алаңының шегінде, Володар руда ауданында, Көкшетау орталық массивінің солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан [38]. Әкімшілік жағынан бұл аудан негізінен Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданына, ішінара Ақмола облысының Зеренді және Сандықтау аудандарына жатады. Сырымбет кен орны әлемдегі ірі, әлі игерілмеген қалайы кен орындарының бірі болып табылады. Ол сирек металды-вольфрам-қалайылы геохимиялық формацияға, нақтырақ айтқанда, интрузиядан кейінгі грейзендік қалайы кендерінің геологиялық-өнеркәсіптік типіне жатады [39]. Имантау тауы маңындағы сирек металды кен орындары мен «чудь қазған шахталары» XIX ғасырда И. П. Шангин тарапынан зерттелген болатын [40],[41]. Осы сипаттағы геоархеологиялық ескерткіштер қатарына Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мүсірепов ауданы аумағында орналасқан Ефимовка шахтасын да жатқызуға болады. Бұл шахта 1952 жылы ҚазКСР Ғылым академиясының Геология институтының геобарлау жұмыстары барысында анықталған.

Алайда, Жезқазған-Ұлытау аймағындағы қоныстарда қалайы қосылған қоспалар үлесінің салыстырмалы түрде аз (шамамен 10 %) болуын ескере отырып, Ұлытау ауданындағы шағын кен орындарын пайдаланған деген болжам неғұрлым шындыққа жақын көрінеді. Сонымен қатар, бірқатар шлак үлгілерінде барлық қалайының касситерит пен шыны фазасында шоғырланып, металға өтпегені анықталғандықтан, рудалық шихта кезеңінде қоспалау бойынша сәтсіз технологиялық тәжірибелер орын алған болуы мүмкін.

Қорытынды

Орталық Қазақстандағы қола дәуіріне жататын қоныстардан табылған кендер мен металлургиялық шлактарды зерттеу негізінде келесі алдын ала қорытындылар жасауға болады: Жезқазған-Ұлытау аймағында негізгі мыс шикізаты ретінде Жезқазған кен алаңының екінші реттік сульфидті байыту аймағындағы тотыққан малахит-азурит кендері мен бай сульфидті кендер пайдаланылған. Сондай-ақ, тотыққан-сульфидті концентраттардың аралас түрлері де қолданылған болуы ықтимал. Қоспа ретінде мышьяк пен қалайы белсенді түрде пайдаланылған. Легирленген қола бұйымдар кеннен металл балқыту кезеңінде алынған, бұл туралы шлак құрамындағы қола тамшылары мен шлактағы шыны мен минералдарда кездесетін жоғары мышьяк пен қалайы мөлшері дәлел бола алады. Мышьяк және қалайы қосылыстарының минералды түрлері жергілікті кендерге тән емес болғандықтан, олар

сырттан әкелінген деп пайымдауға болады. Қоспа шикізаттың ең ықтимал көздері ретінде Ұлытау аймағына жақын орналасқан кен орындары қарастырылады.

Жалпылай алғанда, Орталық Қазақстандағы қола дәуіріне тән металлургиясы дамыған қоныстардан алынған бай археологиялық материалдарға қарамастан, зерттеушілер ежелгі металлургияның жалпы және айрықша белгілерін анықтауға мүмкіндік беретін аналитикалық әдістерге жеткілікті көңіл бөлмеген. Өкінішке қарай, археологиялық ескерткіштерден табылған мыс кендері мен металлургиялық шлактар коллекцияларын жүйелі түрде зерттеу әлі де үзік-үзік сипатта қалып отыр.

Археологиялық зерттеулер көбіне қоныстық және жерлеу ескерткіштеріне шоғырланса, ежелгі кен орындары сияқты аса маңызды геоархеологиялық нысандар назардан тыс қалып жатады. Осыған байланысты, ежелгі минералдық-шикізат кен орындарын кешенді геоархеологиялық зерттеулер аясында қарастыру — өзекті мәселе. Бұл зерттеулер Орталық Қазақстандағы ежелгі мыс кен орындарын сипаттап қана қоймай, кендердің геологиялық орналасу ерекшеліктерін анықтауға және қола дәуіріндегі тау-кен металлургиялық үдерістердің теориялық реконструкциясын жасауға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «BR24992916 - Абай облысын кешенді тарихи-археологиялық зерттеу» тақырыбындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Черных Е. Н. Металлургические провинции и периодизация эпохи раннего металла на территории СССР. РА. – № 4. – 1978. – С . 53–82.

2 Агапов С.А. Металл степной зоны Евразии в конце бронзового века: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. – М. – 1990. – 17 б.

3 Черных Е. Н., Авилова Л. И., Орловская Л. Б., Кузьминых С. В. Металлургия в циркумпонтийском ареале: От единства к распаду. РА. – № 1. – 2002. – С. 5–23.

4 Кузьминых С. В., Дегтярева А. Д. Поздний бронзовый век. Археология. – М.: МГУ. – 2006. – С. 219-270.

5 Черных Е. Н. Древнейшая металлургия Урала и Поволжья. МИА. – № 172. – 1970. – 180 с.

6 Черных Е. Н. Металлургические провинции и периодизация эпохи раннего металла на территории СССР. РА. – № 4. – 1978. – С. 53–82.

7 Берденов С.А. Казахстанская горно-металлургическая область. Вопросы археологии Казахстана: сб. памяти М. К. Кадырбаева. – № 2. – Алматы: Ғылым. – 1998. – С. 180-190.

8 Сатпаев К. И. Доисторические памятники в Джезказганском районе. Народное хозяйство Казахстана. - № 1. – 1941. – С. 69–70.

9 Сатпаев К. И. Основные специфические особенности геологии и металлогении Джезказган-Улытауского района (Беттері M-42-B и L-42-A). Материалы к металлогенической прогнозной карте Центрального Казахстана. - Алма-Ата: – 1956. – 272 с.

10 Маргулан А. Х. К изучению памятников района р. Сары-Су и Улутау. ҚазССР ҰА хабаршысы. - № 2 (35). – 1948. – С. 53-60.

11 Маргулан А. Х. Открытие новых памятников культуры эпохи бронзы Центрального Казахстана. XXV Международный конгресс востоковедов. Доклады делегаций СССР. – М. – 1960. – 12 с.

12 Маргулан А. Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана: монография. - Алма-Ата. - 1979. – 360 с.

13 Маргулан А. Х. Сочинения: В 14 т. Т. 2. Сарыарка. Горное дело и металлургия в эпоху бронзы. Джезказган – древний и средневековый металлургический центр (городище Милыкудук). - Алматы: Дайк-Пресс. – 2001. – 144 с.

14 Маргулан А. Х., Агеева Е. И. Археологические работы и находки на территории Казахской ССР. ҚазССР ҰА хабаршысы, археологиялық сериясы. – № 1. – 1948. – С. 129–135.

15 Маргулан А. Х. Акишев К. А., Кадырбаев М. К. Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана: монография. - Алма-Ата: «Ғалым». – 1966. – 455 б.

16 Валукинский Н. В. Поиски и разведки. ҚР ҒЖБМ Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология Институтының қоры. – 1949а. 143-іс. – 138 с.

17 Валукинский Н. В. Отчет о раскопках в урочище Милы-Кудук заводского двора. ҚР ҒЖБМ Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология Институтының қоры. – 1949б. 11-қ. 173-іс. – 18 б.

18 Валукинский Н. В. Раскопки в урочище Милекудук в Южной части рудника Джезказгана. ҚазССР ҰА хабаршысы, археологиялық сериясы. – 1949в. – С. 122-125.

19 Маргулан А. Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана: монография. - Алма-Ата. - 1979. – 360 с.

20 Кузнецова Э. Ф. Древняя металлургия и гончарство Центрального Казахстана: монография. - Алматы: Ғылым. – 1994. – 208 с.

21 Берденов С. А. Казахстанские месторождения меди и олова и их разработка в бронзовом веке. ҚР ҰҒА Хабаршысы. Әлеуметтік ғылым сериясы. – №1. – 2008. – С. 42-55.

22 Ермолаева А. С., Кузьминых С. В., Дубягина Е. В. Миграционное происхождение технологий металлопроизводства Казахстанской горно-металлургической области. Stratum plus. – № 2. – 2020. – С. 103-116.

23 Месторождения меди Казахстана. Справочник / ред. А. А. Абдулина, Х. А. Беспаева, С. Ж. Даукеева және т. б. – Алматы: – 1996. – 154 с.

24 Маргулан А. Х. Акишев К. А., Кадырбаев М. К. Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана: монография. - Алма-Ата: «Ғалым». – 1966. – 455 б.

25 Маргулан А. Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана: монография. – Алма-Ата. – 1979. – 360 б.

26 Жауымбаев С. У. Древняя металлургия и горное дело Центрального Казахстана (эпоха бронзы): Тарих ғылымдарының канд. ... дисс. - Қарағанды. – 1984. – 181 с.

27 Месторождения меди Казахстана. Справочник / ред. А. А. Абдулина, Х. А. Беспаева, С. Ж. Даукеева және т. б. – Алматы. – 1996. – 154 с.

28 Сатпаева М. К. Ртутно-мышьяково-серебряная минерализация на нижних горизонтах Жезказгана. ҚР ҰҒА хабаршысы. Геологиялық серия. – № 5. – 2007. – С. 17–36.

29 Месторождения меди Казахстана. Справочник / ред. А. А. Абдулина, Х. А. Беспаева, С. Ж. Даукеева және т. б. – Алматы: – 1996. – 154 с.

30 Rovira S., Montero-Ruiz I., Renzi M. (2009) Experimental Co-smelting to Copper-tin Alloys. T. L. Kienlin / B. W. Roberts (ed.), Metals and Societies. Studies in honour of Barbara S. Ottaway. Universitätsforschungen zur prähistorischen Archäologie. Bonn: Habelt. P.407-414.

31 Григорьев С. А. Металлургическое производство в Северной Евразии в эпоху бронзы: монография. - Челябинск: Цицеро. - 2013. - 660 с.

32 Рындина Н. В. Металл майкопской культуры Северного Кавказа в свете аналитических исследований: монография. – Москва: – 2019. – 236 с.

33 Дегтярева А. Д. История металлопроизводства Южного Зауралья в эпоху бронзы: монография. - Новосибирск: Наука. – 2010. – 162 б.

34 Древнее Устье: укрепленное поселение бронзового века в Южном Зауралье: коллективная монография. – Челябинск: АБРИС. – 2013. – 482 с.

35 Блинов И. А., Анкушев М. Н., Виноградов Н. Б., Юминов А. М., 2015. Геохимические особенности металлургических шлаков и руд поселения Устье (Южный Урал). Геоархеология и археологическая минералогия. – Т. 2. – 2015. – С. 128-136.

36 Сатпаев К. И. Основные специфические особенности геологии и металлогении Джезказган-Улытауского района (Беттері М-42-В и L-42-А). Материалы к металлогенической прогнозной карте Центрального Казахстана. – Алма-Ата: – 1956. – 272 б.

37 Черников С. С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. Материалы и археологические исследования в СССР. - № 88. – 1960. – 285 с.

38 Поцелуев А. А., Перегудов В. В., Бабкин Д. И., Ананьев Ю. С. Золото в рудах редкометалльного месторождения Сырымбет (Северный Казахстан). Известия Томского политехнического университета. – Т. 321. – № 1. – 2012. – С. 41–45.

39 Шумилов И. Х. Мелкий и тонкий касситерит коры выветривания (месторождение Сырымбет): автореферат дисс. ... кандидата геолого-минералогических наук: 04.00.20. – минералогия, кристаллография. - Сыктывкар. – 1995. – 16 б.

40 Маргулан А. Х. Акишев К. А., Кадырбаев М. К. Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана: монография. – Алма-Ата: «Ғалым». – 1966. – 455 с.

41 Маргулан А. Х. Сочинения: В 14 т. Т. 2. Сарыарка. Горное дело и металлургия в эпоху бронзы. Джезказган – древний и средневековый металлургический центр (городище Милыкудук). - Алматы: Дайк-Пресс. – 2001. – 144 с.

ГЕОАРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ СЫРЬЕВОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ МЕТАЛЛУРГИИ САРЫАРКИ В ЭПОХУ БРОНЗЫ

Аннотация

В статье представлены результаты исследования древних производственных объектов и археологических памятников различных категорий эпохи бронзы в Сарыарке. Цель исследования: комплексно изучить минерально-сырьевую базу и особенности древнего горно-металлургического производства в Сарыарке в эпоху бронзы, определить основные источники медного сырья и легирующих компонентов, а также выявить закономерности освоения рудных ресурсов и формирования производственных центров Центрального Казахстана. В статье предлагаются варианты распространения минерально-сырьевого комплексов в составе Казахстанской горнометаллургической области. На основе исследования руд и металлургических шлаков из поселений западной и центральной Сарыарки бронзового века было установлено, что основным медным сырьем являлись окисленные малахит-азуритовые и богатые сульфидные руды зоны вторичного сульфидного обогащения медистых песчаников Жезказганского рудного района, также могли применяться и смешанные окисленно-сульфидные концентраты. В древности активно использовались легирующие примеси мышьяка и олова. Установлено, что легированные бронзы получали на стадии выплавки металла из руд, о чем свидетельствуют их корольки в шлаках и содержание мышьяка и олова в стекле и минералах шлака. Было доказано, что мышьяковые и оловянные минеральные примеси были не местного происхождения, так как они не характерны для медистых песчаников Жезказганского региона. Можно предположить, что наиболее вероятными источниками легирующих примесей служили месторождения Улытауского региона, а также Северной Сарыарки. Кроме того, источниками легирования могли выступать рудные районы Северного Казахстана.

В целом, проводимые исследования позволяют приблизиться к решению проблемы установления закономерностей локализации медных месторождений различных типов и освоения меднорудных ресурсов для горно-металлургического производства в Центральном Казахстане в эпоху палеометалла.

Ключевые слова: Казахстан, Сарыарка, горное дело, металлургия, эпоха бронзы, палеометалл, сырье, легирование.

GEOARCHAEOLOGICAL ASPECTS OF RAW MATERIAL SUPPLY FOR METALLURGY IN SARYARKA DURING THE BRONZE AGE

Abstract

The article presents research results on ancient production sites and archaeological monuments of various categories from the Bronze Age in Saryarka. The aim of the study is to comprehensively examine the mineral resource base and the characteristics of ancient mining and metallurgical production in Saryarka during the Bronze Age, identify the primary sources of copper raw materials and alloying components, and determine the patterns of ore resource exploitation and the formation of metallurgical production centers in Central Kazakhstan. It proposes models for the distribution of mineral resource complexes within the Kazakh metallurgical province. Based on analyses of ores and metallurgical slags from Bronze Age settlements in western and central Saryarka, we established that the primary copper raw materials were malachite-azurite and rich sulfide ores from the oxidation zones of copper sandstones, formed within the secondary sulfide enrichment zones of the Zhezkazgan ore district. They may also have used mixed oxide-sulfide concentrates. In antiquity, people widely used arsenic and tin as alloying additives. Alloyed bronze was produced during the metal smelting stage, as evidenced by the presence of metal prills in the slag and the arsenic and tin content in the slag's glassy and mineral phases. Arsenic and tin mineral inclusions were not of local origin, as they are not typical of the copper sandstones of the Zhezkazgan region. The most probable sources of these alloying components were deposits in the Ulytau region and in northern Saryarka. Additionally, ore regions in northern Kazakhstan could also have served as sources of alloying additives.

Overall, this research brings us closer to identifying patterns in the localization of various types of copper deposits and the exploitation of copper ore resources for mining and metallurgical production in Central Kazakhstan during the Paleometallic era.

Keywords: Kazakhstan, Saryarka, mining, metallurgy, Bronze Age, paleometal, raw materials,

REFERENCES

1 Chernykh E.N. Metallurgicheskie provincii i periodizacija e'pokhi rannego metalla na territorii SSSR [*Metallurgical Provinces and the Periodization of the Early Metal Epoch on the Territory of the USSR*]. RA. 4. 1978. P. 53–82. [in Russian].

2 Agapov S.A. Metall stepnoj zony Evrazii v konce bronzovogo veka: Avtoref. dis....kand. ist. nauk [*Metal of the Steppe Zone of Eurasia in the Late Bronze Age: Abstract of Cand. Sci. (History) Thesis*]. Moscow: 1990. 17 p. [in Russian].

3 Chernykh E.N., Avilova L.I., Orlovskaja L.B., Kuz'minykh S.V. Metallurgija v cirkumpontijskom areale: Ot edinstva k raspadu [*Metallurgy in the Circumpontic Area: From Unity to Disintegration*]. RA. 2002. 1. P. 5–23. [in Russian].

4 Kuz'minykh S.V., Degtjareva A.D. Pozdnij bronzovyj vek [*The Late Bronze Age*]. In: Arkheologija [*Archaeology*]. Moscow: MGU. 2006. P. 219–270. [in Russian].

5 Chernykh E.N. Drevnejshaja metallurgija Urala i Povolzh'ja [*The Most Ancient Metallurgy of the Urals and the Volga Region*]. MIA. 172. 1970. 180 p. [in Russian].

6 Chernykh E.N. Metallurgicheskie provincii i periodizacija e'pokhi rannego metalla na territorii SSSR [*Metallurgical Provinces and the Periodization of the Early Metal Epoch on the Territory of the USSR*]. RA. 4. 1978.P. 53–82. [in Russian].

7 Berdenov S.A. Kazahstanskaja gorno-metallurgicheskaja oblast' [*Kazakhstan Mining and Metallurgical Region*]. In: Voprosy arkheologii Kazakhstana: sb. pamjati M. K. Kadyrbaeva [*Questions of Archaeology of Kazakhstan: Collected Papers in Memory of M. K. Kadyrbaev*]. 2. Almaty: Moscow: Gylym. 1998. P. 180–190. [in Russian].

8 Satpaev K.I. Doistoricheskie pamjatniki v Dzhezkazganskom rajone [*Prehistoric Monuments in the Dzhezkazgan Region*]. Narodnoe khozjajstvo Kazakhstana [*National Economy of Kazakhstan*]. 1. 1941. P. 69–70. [in Russian].

9 Satpaev K.I. Osnovnye specificheskie osobennosti geologii i metallogenii Dzhezkazgan-Ulytauskogo rajona (Bettery M-42-B i L-42-A) [*The Main Specific Features of the Geology and Metallogeny of the Dzhezkazgan-Ulytau Region (Sheets M-42-B and L-42-A)*]. In: Materialy k metallogenicheskoj prognoznoj karte Central'nogo Kazakhstana [*Materials for the Metallogenic Forecast Map of Central Kazakhstan*]. Alma-Ata: 1956. 272 p. [in Russian].

10 Margulan A.Kh. K izucheniju pamjatnikov rajona r. Sary-Su i Ulutau [*On the Study of Monuments of the Sary-Su River and Ulutau Region*]. Qazaq SSR UA khabarchy [*Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR*]. 2 (35). 1948. P. 53–60. [in Russian].

11 Margulan A.Kh. Otkrytie novykh pamjatnikov kul'tury e'pokhi bronzy Central'nogo Kazakhstana [*The Discovery of New Bronze Age Cultural Sites in Central Kazakhstan*]. XXV Mezhdunarodnyj kongress vostokovedov. Doklady delegacij SSSR [*25th International Congress of Orientalists. Reports of the USSR Delegation*]. Moscow: 1960. 12 p. [in Russian].

12 Margulan A.Kh. Begazy-dandybajskaja kul'tura Central'nogo Kazakhstana: monografija [*The Begazy-Dandybai Culture of Central Kazakhstan: Monograph*]. Alma-Ata: 1979. 360 p. [in Russian].

13 Margulan A.Kh. Sochinenija: V 14 t. T. 2. Saryarka. Gornoe delo i metallurgija v e'pokhu bronzy. Dzhezkazgan – drevnij i srednevekovyj metallurgicheskij centr (gorodishche Milykuduk) [*Collected Works: In 14 Vols. Vol. 2. Saryarka. Mining and Metallurgy in the Bronze Age. Dzhezkazgan – Ancient and Medieval Metallurgical Center (Milykuduk Settlement)*]. Almaty: Daik-Press. 2001. 144 p. [in Russian].

14 Margulan A.Kh., Ageeva E.I. Arkheologicheskie raboty i nakhodki na territorii Kazakhskoi SSR [*Archaeological Works and Finds on the Territory of the Kazakh SSR*]. QazSSR UA khabarchy, arkheologijalyk serijasy [Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Archaeological Series]. 1. 1948. P. 129–135. [in Russian].

15 Margulan A.Kh., Akishev K.A., Kadyrbaev M.K., Orazbaev A.M. Drevnjaja kul'tura Central'nogo Kazakhstana: monografija [*The Ancient Culture of Central Kazakhstan: Monograph*]. Alma-Ata: Gylym. 1966. 455 p. [in Russian].

16 Valukinskij N.V. Poiski i razvedki [*Prospecting and Exploration*]. QR GhZhBM Ä. Kh. Marghūlan atyndaghy Arkheologija Institutynyng qory [*Archives of the A. Kh. Margulan Institute of Archaeology, MES RK*]. a. File 143. 1949. 138 p. [in Russian].

17 Valukinskij N.V. Otchet o raskopkakh v urochishche Mily-Kuduk zavodskogo dvora [*Report on Excavations in the Mily-Kuduk Area of the Factory Yard]. QR GhZhBM Ä. Kh. Marghūlan atyndaghy Arkheologija Institutynyng qory [Archives of the A. Kh. Margulan Institute of Archaeology, MES RK*]. Inv. 11-q. File 173. 1949. 18 p. [in Russian].

18 Valukinskij N.V. Raskopki v urochishche Milekuduk v Juzhnoj chasti rudnika Dzhezkazgana [*Excavations in the Milekuduk Area in the Southern Part of the Dzhezkazgan Mine*]. QazSSR UA khabarchy, arkheologijalyk serijasy [*Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Archaeological Series*]. v. 1949. P. 122–125. [in Russian].

19 Margulan A.Kh. Begazy-dandybajskaja kul'tura Central'nogo Kazakhstana: monografija [*The Begazy-Dandybai Culture of Central Kazakhstan: Monograph*]. Alma-Ata: 1979. 360 p. [in Russian].

20 Kuznecova E.F. Drevnjaja metallurgija i goncharstvo Central'nogo Kazakhstana: monografija [*Ancient Metallurgy and Pottery of Central Kazakhstan: Monograph*]. Almaty: Gylym. 1994. 208 p. [in Russian].

21 Berdenov S.A. Kazakhstanskie mestorozhdenija medi i olova i ikh razrabotka v bronzovom veke [*Copper and Tin Deposits of Kazakhstan and Their Exploitation in the Bronze Age*]. Qazaqstan Respublikasy Ulttyq gylym akademijasynyn khabarchy. Aleumettik gylym serijasy [*Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social Sciences*]. 1. 2008. P. 42–55. [in Russian].

22 Ermolaeva A.S., Kuz'minykh S.V., Dubjagina E.V. Migracionnoe proiskhozhdenie tekhnologij metalloproizvodstva Kazakhstanskoj gorno-metallurgicheskoj oblasti [*The Migration Origin of Metallurgical Technologies in the Kazakhstan Mining and Metallurgical Region*]. Stratum plus. 2. 2020. P. 103–116. [in Russian].

23 Mestorozhdenija medi Kazakhstana. Spravochnik [*Copper Deposits of Kazakhstan. Reference Book*]. Eds.: Abdulina A. A., Bespaev Kh. A., Daukeev S. Zh., et al. Almaty: 1996. 154 p. [in Russian].

24 Margulan A.Kh., Akishev K.A., Kadyrbaev M.K., Orazbaev A.M. Drevnjaja kul'tura Central'nogo Kazakhstana: monografija [*The Ancient Culture of Central Kazakhstan: Monograph*]. Alma-Ata: Gylym. 1966. 455 p. [in Russian].

25 Margulan A.Kh. Begazy-dandybajskaja kul'tura Central'nogo Kazakhstana: monografija [*The Begazy-Dandybai Culture of Central Kazakhstan: Monograph*]. Alma-Ata: 1979. 360 p. [in Russian].

26 Zhauymbaev S.U. Drevnjaja metallurgija i gornoe delo Central'nogo Kazakhstana (e'pokha bronzy): kand. ist. nauk diss. [*Ancient Metallurgy and Mining of Central Kazakhstan (Bronze Age): Cand. Sci. (History) Thesis*]. Qaraghandy. 1984. 181 p. [in Russian and Kazakh].

27 Abdulina A. A., Bespaev Kh. A., Daukeev S. Zh. Mestorozhdenija medi Kazakhstana. Spravochnik [*Copper Deposits of Kazakhstan. Reference Book*]. Eds.: et al. Almaty: 1996. 154 p. [in Russian and Kazakh].

28 Satpaeva M.K. Rtutno-mysh'jakovo-serebrjanaja mineralizacija na nizhnikh gorizontakh Zhezkazgana [*Mercury-Arsenic-Silver Mineralization at the Lower Levels of Dzhezkazgan]. Qazaqstan Respublikasy Ulttyq gylym akademijasynyn khabarchy. Geologijalyk serijasy [Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Geological Series*]. 5. 2007. P. 17–36. [in Russian].

29 Abdulina A. A., Bespaev Kh. A., Daukeev S. Zh. Mestorozhdenija medi Kazakhstana. Spravochnik [*Copper Deposits of Kazakhstan. Reference Book*]. Eds.: et al. Almaty: 1996.154 p. [in Russian and Kazakh].

30 Rovira S., Montero-Ruiz I., Renzi M. Experimental Co-smelting to Copper-tin Alloys. In: Kienlin T. L., Roberts B. W. (eds.), Metals and Societies. Studies in Honour of Barbara S. Ottaway. Universitätsforschungen zur prähistorischen Archäologie. Bonn: Habelt. 2009. P.407-414 . [in English].

31 Grigor'ev S.A. Metallurgicheskoe proizvodstvo v Severnoj Evrazii v e'pokhu bronzy: monografija [*Metallurgical Production in Northern Eurasia in the Bronze Age: Monograph*]. Chelyabinsk: Cicero. 2013. 660 p. [in Russian].

32 Ryndina N.V. Metall Majkopskoj kul'tury Severnogo Kavkaza v svete analiticheskikh issledovanij: monografija [*The Metal of the Maykop Culture of the North Caucasus in the Light of Analytical Studies: Monograph*]. Moscow: 2019. 236 p. [in Russian].

33 Degtjareva A.D. Istorija metalloproizvodstva Juzhnogo Zaural'ja v e'pokhu bronzy: monografija [*The History of Metal Production in the Southern Trans-Urals in the Bronze Age: Monograph*]. Novosibirsk: Nauka. 2010. 162 p. [in Russian].

34 Drevnee Ust'e: ukreplennoe poselenie bronzovogo veka v Juzhnom Zaural'e: kollektivnaja monografija [*Ancient Ust'e: Fortified Bronze Age Settlement in the Southern Trans-Urals: Collective Monograph*]. Chelyabinsk: ABRIS. 2013. 482 p. [in Russian].

35 Blinov I.A., Ankushev M.N., Vinogradov N.B., Juminov A.M. Geokhimicheskie osobennosti metallurgicheskikh shlakov i rud poselenija Ust'e (Juzhnyj Ural) [*Geochemical Features of Metallurgical Slags and Ores from the Ust'e Settlement (Southern Urals)*]. Geoarkheologija i arkheologicheskaja mineralogija [*Geoarchaeology and Archaeological Mineralogy*]. 2. 2015. P. 128–136. [in Russian].

36 Satpaev K.I. Osnovnye specificheskie osobennosti geologii i metallogenii Dzhezkazgan-Ulytauskogo rajona (Bettery M-42-B i L-42-A) [*The Main Specific Features of the Geology and Metallogeny of the Dzhezkazgan-Ulytau Region (Sheets M-42-B and L-42-A)*]. In: Materialy k metallogenicheskoj prognoznoj karte Central'nogo Kazakhstana [*Materials for the Metallogenic Forecast Map of Central Kazakhstan*]. Alma-Ata: 1956. 272 p. [in Russian].

37 Chernikov S.S. Vostochnyj Kazakhstan v e'pokhu bronzy [*Eastern Kazakhstan in the Bronze Age*]. Materialy i arkheologicheskie issledovanija v SSSR [*Materials and Archaeological Research in the USSR*]. 88. 1960. 285 p. [in Russian].

38 Poceluev A.A., Peregudov V.V., Babkin D.I., Anan'ev Ju. S. Zoloto v rudakh redkometall'nogo mestorozhdenija Syrymbet (Severnyj Kazakhstan) [*Gold in Ores from the Rare-Metal Deposit of Syrymbet (Northern Kazakhstan)*]. Izvestija Tomskogo politekhnicheskogo universiteta [*Bulletin of Tomsk Polytechnic University*]. 321 (1). 2012.P. 41–45. [in Russian].

39 Shumilov I.Kh. Melkij i tonkij kassiterit kory vyvetrivanija (mestorozhdenie Syrymbet): avtoref. diss. ... kand. geol.-mineral. nauk: 04.00.20 mineralogija, kristallografija [*Fine and Small Cassiterite from the Weathering Crust (Syrymbet Deposit): Abstract of Cand. Sci. (Geology and Mineralogy) Thesis: 04.00.20 – Mineralogy, Crystallography*]. Syktyvkar: 1995.16 p. [in Russian].

40 Margulan A.Kh., Akishev K.A., Kadyrbaev M.K., Orazbaev A.M. Drevnjaja kul'tura Central'nogo Kazakhstana: monografija [*The Ancient Culture of Central Kazakhstan: Monograph*]. Alma-Ata: Gylym. 1966. 455 p. [in Russian].

41 Margulan A.Kh. Sochinenija: V 14 t. T. 2. Saryarka. Gornoe delo i metallurgija v e'pokhu bronzy. Dzhezkazgan – drevnij i srednevekovyj metallurgicheskij centr (gorodishche Milykuduk) [*Collected Works: In 14 Vols. Vol. 2. Saryarka. Mining and Metallurgy in the Bronze Age. Dzhezkazgan – Ancient and Medieval Metallurgical Center (Milykuduk Settlement)*]. Almaty: Daik-Press. 2001.144 p. [in Russian].

Information about authors:

Darkhan Baitileu – **corresponding author**, candidate of Historical Sciences, Leading Researcher of A.Kh. Margulan Archeology Institute, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: baitileu@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4083-5558

Zhanargul Kaliyeva - master of archaeology and ethnology, Research Fellow of A.Kh. Margulan Archeology Institute, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: zhkalieva@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4668-6058

Информация об авторах:

Дархан Байтлеу – **основной автор**, кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: baitileu@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4083-5558

Жанаргуль Калиева - магистр археологии и этнологии, старший научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: zhkalieva@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4668-6058

Авторлар туралы ақпарат:

Дархан Байтілеу – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының кандидаты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: baitileu@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4083-5558

Жанаргуль Калиева - археология және этнология магистрі, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының аға ғылыми қызметкері, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: zhkalieva@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4668-6058

ҒТАМР 03.20 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.04**
ӘОЖ 39(=512.122):929.5(581)

Л.Б. Бердіғожин[1], Д.Ұ.Хамидуллина[1], С.С. Моллақанағат*[1], А. Дәрібек[1]

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы
*e-mail: mollakanagats@gmail.com

АУҒАНСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЕЖІРЕЛІК ДӘСТҮРІ: МОЛЛАҚАНАҒАТ СӘРСЕНҒАЛИҰЛЫ МЕН ТАЗ РУЫ ӨКІЛІ НИЗАМЕДДИН ЕРКЕШҰЛЫНЫҢ ЖАЗБАЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Ауғанстан қазақтарының шежірелік дәстүрі тарихи-мәдени және деректанулық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – Моллақанағат Сәрсенғалиұлы мен Таз руының өкілі Низамеддин Еркешұлына қатысты шежірелік жазбалардың қалыптасу, сақталу, көшіру және толықтырылу ерекшеліктерін анықтау, олардың Ауғанстан қазақтарының тарихи жады, генеалогиялық құрылымы, туыстық байланыстары мен көші-қон тарихын зерттеудегі деректік мүмкіндіктерін айқындау. Зерттеу материалдарын 1930 жылы Абдурахим Нұғманұлы жазған «қара дәптер», Есентемір Моллақанағат Сәрсенғалиұлы көшірген «екінші қара дәптер» және Низамеддин Еркешұлының кейінгі кезеңде толықтырған «қоңыр дәптері» құрайды. Сонымен қатар зерттеуге Ауғанстан қазақтарының тарихына қатысты жарияланған жазба және ауызша-тарихи сипаттағы материалдар тартылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихилік, объективтілік және жүйелілік принциптері құрайды. Аталған принциптерді жүзеге асыру үшін салыстырмалы-тарихи, тарихи-хронологиялық, ретроспективалық, деректанулық-сын және мәтінтанулық әдістер кешенді түрде қолданылды. Сыртқы деректанулық сын барысында қолжазбалардың авторлығы, жасалу уақыты, орны, материалдық ерекшеліктері, көлемі және сақталу тарихы қарастырылды. Ішкі сын арқылы шежірелік мәліметтердің мазмұны, генеалогиялық тізбектердің құрылымы, авторлық толықтырулар, мәтіндік қайталанулар мен айырмашылықтар сараланды.

Зерттеу нәтижесінде үш дәптерді бір ғана шежіренің механикалық көшірмелері ретінде емес, тарихи ақпараттың әр кезеңде жазбаша түрде бекітілуін көрсететін өзара байланысты дерек қабаттары ретінде қарастыру қажеттігі анықталды. 1930 жылғы «қара дәптер» бастапқы жазба қабаттың сипатын танытса, Моллақанағат Сәрсенғалиұлының көшірмесі бұрынғы генеалогиялық ақпараттың сақталуы мен берілу тетігін көрсетеді. Низамеддин Еркешұлының «қоңыр дәптері» осы дәстүрдің кейінгі кезеңдегі жалғасын танытып, бұрынғы мәліметтермен қатар өз әулетіне, туыстық байланыстарға, жеке тұлғаларға, жер-су атауларына, діни-рухани мәтіндерге және Ауғанстандағы қазақтардың тарихи тәжірибесіне қатысты қосымша ақпараттарды қамтиды.

Негізгі сөздер: Ауғанстан қазақтары, шежіре, шежірелік дәстүр, тарихи дерек, деректану, деректанулық сын, тарихи жады.

Кіріспе

Қазақ халқының тарихи жадында шежіре дәстүрі маңызды орын алады. Шежіре дәстүрлі қоғамдағы ата-тек туралы мәліметтерді сақтаумен қатар, ру-тайпалық құрылымды, туыстық қатынастарды, тарихи оқиғалар туралы түсініктерді және белгілі бір қауымның өзіндік тарихи танымын жеткізудің бір формасы ретінде қалыптасты. Осы ерекшелігіне байланысты шежірелік мәтіндер генеалогиялық ақпаратпен ғана шектелмейтін, бірнеше тарихи-мәдени қабатты қамтитын деректер қатарына жатады.

Шежірені тарихи дерек ретінде пайдаланудың өзіндік ерекшелігі бар. Оның мазмұнында нақты тарихи мәліметтермен қатар ауызша тарихи жадта қалыптасқан түсініктер, генеалогиялық дәстүр, кейінгі толықтырулар және автордың жеке пайымдары қатар кездесуі мүмкін. Сондықтан шежірелік мәтіндегі мәліметтерді тікелей тарихи факт ретінде қабылдамай, оның пайда болу жағдайын, авторын, уақытын, мәтіндік нұсқаларын және ақпараттың берілу жолдарын деректанулық тұрғыдан анықтау қажет. Бұл мәселе Ауғанстан қазақтарының тарихын зерттеу үшін ерекше маңызды. Себебі Ауғанстандағы қазақ қауымының тарихи тағдыры көші-қон, әртүрлі әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу және

бірнеше мемлекет аумағында өмір сүру үдерістерімен тығыз байланысты. Мұндай жағдайда тарихи жадыны сақтайтын жазбаша деректердің ғылыми маңызы арта түседі.

Ауғанстан қазақтарының тарихына арналған зерттеулердің салыстырмалы түрде аз болуы бұл бағытта жаңа дерек көздерін ғылыми айналымға енгізудің қажеттілігін көрсетеді. Профессор Ислам Жеменей Иран қазақтарына арналған еңбегінде Ауғанстан қазақтарының тарихы, этнографиясы, тілі мен діні әлі де жүйелі зерттеуді қажет ететінін атап көрсетеді [1]. Р. Енсегенованың еңбегінде Ауғанстанға өткен қазақтар туралы тарихи жырлар беріліп, олардың Амудариядан өтіп, Ауғанстанға жеткені жөнінде мәліметтер кездеседі [2], [3].

Ауғанстан қазақтарының тарихи көші-қонына қатысты мәліметтер Х. Досмұхамедұлының еңбектерінде де ұшырасады. Ғалым 1869–1870 жылдардағы Орал және Торғай қазақтарының «Уақытша дала низамына» қарсылығы мен «Ауа» көші туралы мәлімет береді. Бұл мәліметтерді Ауғанстан қазақтарының шежірелік жазбаларындағы көші-қон туралы естеліктермен салыстыру олардың тарихи деректік мүмкіндіктерін анықтауға жол ашады.

Қазақтардың Ауғанстанға қоныс аудару тарихына қатысты Х. Алтайдың естеліктерінде және И. Жеменейдің зерттеу материалдарында Қанағат молданың әңгімесіне сүйенген деректер келтіріледі [4],[5]. Сонымен бірге Ө. Әлімгереевтің еңбегінде Шынияз Шанайұлының шығармаларынан сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси жағдайға қатысты мәліметтер берілген [6].

Аталған тарихи үдерістер аясында Ауғанстан қазақтарының арасында өмір сүрген Есентемір Моллақанағат Сәрсенғалиұлының шежірелік жазбалары мен Таз руының өкілі Низамеддин Еркешұлының қолжазбалары ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл материалдар бір жағынан генеалогиялық ақпаратты сақтаса, екінші жағынан сол ақпараттың жазбаша түрде қалай берілгенін, көшірілгенін және кейінгі кезеңде қалай толықтырылғанын көрсетуімен құнды.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – Моллақанағат Сәрсенғалиұлы мен Низамеддин Еркешұлының жазбаларын деректанулық тұрғыдан талдап, олардың қалыптасу және сақталу тарихын, мәтіндік сабақтастығын және Ауғанстан қазақтарының тарихи-мәдени тарихын зерттеудегі деректік мүмкіндіктерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

– негізгі қолжазбалардың қалыптасу және сақталу тарихын анықтау;

– қолжазбалардың авторлығы, уақыты, орны және мәтіндік нұсқаларын саралау;

– сыртқы және ішкі деректанулық сын жүргізу;

– шежірелік мәліметтердің генеалогиялық және тарихи ақпарат ретіндегі сипатын анықтау;

– үш қолжазбадағы ақпараттың сабақтастығы мен толықтырылу ерекшеліктерін салыстыру;

– шежірелердегі тарихи жады, туыстық байланыстар және көші-қон туралы мәліметтердің деректік мүмкіндіктерін бағалау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің негізгі дерек көздерін өзара сабақтас үш қолжазбалық материал құрайды.

Бірінші дерек – 1930 жылы Абдурахим Нұғманұлы жазған, дәстүрлі түрде «қара дәптер» деп аталатын шежірелік қолжазба. Қолжазба Низамеддин Еркешұлының қолында сақталған. Шығарманың ресми атауы көрсетілмеген. Қолжазба халық арасында «Таз руының шежіресі» деген шартты атаумен белгілі.

Қолжазбаның 1а бетінде оның авторы мен жазылған уақыты туралы мәлімет берілген: «Ұшбу китап яздум 1930-ыншы иылда, Иса алайхиссалам санада, 1349-ыншы иылда Мұхаммед Мұстафа саллаллаху алайхи уа саллам санасында, иесі Абдурахим Нұғман оғлы деп білесізлер. Иазылды иылқы иылы қойға қараған» (Сурет-2).

Бұл жазба қолжазбаның сыртқы деректанулық сипатын анықтауда маңызды. Мұнда автордың аты-жөні, жылдық даталау және дәстүрлі жыл санауға қатысты белгі сақталған. Қолжазба 54 кадрдан тұрады. Мұқабаны қоспағанда, 52 кадр мәтінге арналған; әр кадрда екі беттен орналасқан жағдайда жалпы көлемі шамамен 104 бет болады.




Сурет 1 – а) Таз руынан Низамеддин; б) Моллақанағат Сәрсенғалиұлы. Моллақанағатұлы Сайпулланың жеке архивінен.

Ескерту: Авторлармен жасақталған




Сурет 2 – а) ескі шежірелік қолжазба («қара дәптер») мұқабасы; б) «қара дәптердің» 1а беті. Моллақанағатұлы Сайпулланың жеке архивінен.

Ескерту: Авторлармен жасақталған

Екінші дерек – Моллақанағат Сәрсенғалиұлы көшірген, шартты түрде «екінші қара дәптер» деп аталып отырған қолжазба. Бұл нұсқа да Низамеддин Еркешұлының жеке архивінде сақталған. Қолжазба қазақ тілінде араб графикасымен жазылған.

Қолжазбаның атауы көрсетілмеген. Низамеддин Еркешұлының ауызша мәліметіне қарағанда, оны «Ахун-бабамыз» деп атаған Есентемір Моллақанағат Сәрсенғалиұлы көшіріп берген.

Көшірушінің тұлғасын анықтауда бірнеше ішкі және сыртқы белгі маңызды. Біріншіден, қолжазбадағы жазу мәнері мен каллиграфиялық ерекшеліктері Моллақанағат Сәрсенғалиұлына қатысты басқа жазба материалдармен салыстыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, бастапқы «қара дәптердің» ішінде Низамеддинге арналған Моллақанағаттың қолымен жазылған арнау өлеңі сақталған:

Баласы Рәш ағаның Низамеддин,
Білмеймін бұ шежірені неге жаздым!
Бар жері өшіп қалған шежіремнің,
Моллалар оқи алмай соған күйдім!

Бұл өлеңнің мәтіндік контексті қолжазбаның көшірілу тарихын түсіндіретін қосымша дерек қызметін атқарады.

«Екінші қара дәптер» 1a бетінен «Сүйірбас баласы...» деген сөздермен басталады. Сүйірбас Таз руының Жастабан аталығына қатысты тармақ ретінде беріледі. Низамеддин Еркешұлының мәліметіне сәйкес, қолжазба 1970 жылға дейін Ауғанстанның Абқол (Аққөл) елді мекенінде көшірілген.

Қолжазба 26 кадрдан тұрады. Мұқабаны есептемегенде, негізгі мәтін 24 кадрда орналасқан, жалпы көлемі шамамен 48 бет.



Сурет 3 – а) Моллақанағат Сәрсенғалиұлы көшірген мәтін («екінші қара дәптер»), мұқаба; б) қолжазбаның 1a беті. Моллақанағатұлы Сайпулланың жеке архивінен.

Ескерту: Авторлармен жасақталған



Сурет 4 – Моллақанағат Сәрсенғалиұлы жазған өлең, 12b бет. Моллақанағатұлы Сайпулланың жеке архивінен.

Ескерту: Авторлармен жасақталған

Үшінші дерек – Низамеддин Еркешұлының өз қолымен толықтырған «қоңыр дәптері». Низамеддин Еркешұлының қолында жоғарыда аталған екі «қара дәптерден» басқа да кейінгі жазбалар сақталған. Олардың ішінде «қоңыр дәптердің» деректік ерекшелігі айқын көрінеді.

Қолжазбаның негізгі бөлігін Низамеддиннің өз әулетінің генеалогиялық тізбегі құрайды. Мәтін «Низамеддин уалади Еркеш» деген тіркеспен басталады. Мұндағы «уалади» араб тіліндегі walad түбірінен тараған, «баласы», «ұрпағы» мағынасындағы сөз ретінде қолданылған.

Генеалогиялық тізбек төмендегідей беріледі:

Низамеддин – Еркеш – Қожанияз – Баймағамбет – Көбей – Ақтоғай – Құрбанбай – Базар – Елтүзер – Байсары – Жастабан – Абай – Таз.

Сонымен бірге дәптерде Низамеддин Еркешұлының өзінен тараған ұрпақтары туралы мәліметтер де берілген.

«Қоңыр дәптердің» мазмұны генеалогиялық тізбекпен ғана шектелмейді. Онда тойбастар жыры, Таз руынан шыққан белгілі тұлғалар туралы мәліметтер, қазақ шежіресінің бастауына қатысты түсініктер, діни мазмұндағы өлеңдер және Ауғанстанда жүрген кездегі ел сағынышын білдіретін шығармалар кездеседі.

Қолжазбада Ауғанстанда өмір сүріп, кейін Түркияға қоныс аударған Таз руының өкілі Абдусаттарға қатысты мәліметтер де бар. Бұл жазбалар көші-қон, туыстық байланыстар және жеке әулеттердің тарихи тағдыры туралы ақпарат береді.



Сурет 5 – а) «Қоңыр дәптердің» мұқабасы; б) «Қоңыр дәптердің» 2-беті. Моллақанағатұлы Сайпулланың жеке архивінен.

Ескерту: Авторлармен жасақталған

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихилік, объективтілік және жүйелілік принциптері құрайды. Бұл принциптер нақты зерттеу әдістерімен ұштасып, шежірелік қолжазбалардың деректік табиғатын кешенді түрде анықтауға мүмкіндік береді.

Тарихилік принципі шежірелік мәтінді оны жасаған және сақтаған тарихи ортасынан бөліп қарастырмауды талап етеді. Осы принцип негізінде 1930 жылғы «қара дәптер», кейінгі көшірме және Низамеддин Еркешұлының толықтырулары өздерінің пайда болған кезеңдерімен байланыстырыла талданды. Яғни бір мәтіндегі ақпараттың әртүрлі тарихи уақытқа жатуы ескерілді.

Объективтілік принципі дерек мазмұнын алдын ала қабылданған тұжырымға сәйкестендірмеуді, шежірелік ақпараттың субъективтік және дәстүрлі сипаттарын ескеруді көздейді. Осыған байланысты қолжазбалардағы генеалогиялық мәліметтер тікелей өзгермейтін тарихи ақиқат ретінде емес, нақты авторлар мен қауымның тарихи жадында сақталған ақпарат ретінде қарастырылды.

Жүйелілік принципі шежірені жеке есімдер мен ата-тек тізбегінің жиынтығы ретінде емес, өзара байланысқан тарихи-мәдени ақпарат жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан генеалогиялық мәліметтер туыстық қатынастармен, ру-тайпалық құрылыммен, көші-қон туралы ақпаратпен, діни-рухани мәтіндермен және тарихи жадымен байланыста талданды.

Зерттеуде бірнеше арнайы әдіс кешенді түрде қолданылды.

Салыстырмалы-тарихи әдіс үш қолжазбадағы ортақ және ерекшеленетін мәліметтерді анықтау үшін қолданылды. Бұл әдіс арқылы бастапқы «қара дәптердегі» ақпараттың кейінгі көшірмеде қалай берілгені және Низамеддиннің жазбаларында қандай жаңа мәліметтермен толықтырылғаны салыстырылды.

Тарихи-хронологиялық әдіс дерек қабаттарын уақыт ретімен орналастыруға мүмкіндік берді. Осы негізде 1930 жылғы Абдурахим Нұғманұлының жазбасы, одан кейінгі Моллақанағат көшірмесі және Низамеддиннің кейінгі толықтырулары жеке тарихи кезеңдер ретінде қарастырылды.

Ретроспективалық әдіс кейінгі жазбаларда сақталған мәліметтер арқылы бұрынғы генеалогиялық және тарихи ақпараттың берілу жолдарын зерделеу мақсатында пайдаланылды. Низамеддиннің өзінен бұрынғы ұрпақтарға қатысты мәліметтерді жазып қалдыруы тарихи жадтың кейінгі кезеңнен өткенге қарай бағытталған реконструкциялық сипатын көрсетуге мүмкіндік береді.

Деректанулық-сын әдісі деректердің сыртқы және ішкі сынын жүзеге асыру үшін қолданылды. Сыртқы сын барысында қолжазбалардың авторы, жазылған уақыты, орны, көлемі, графикасы, сақталу жағдайы және мәтіннің берілу тарихы қарастырылды. Ішкі сын барысында мәтіннің мазмұны, авторлық ұстаным, генеалогиялық тізбектер, тарихи-географиялық мәліметтер, қосымша жазбалар және мәтіннің ықтимал өзгерістері талданды.

Мәтінтанулық әдіс бастапқы қолжазба мен кейінгі көшірме арасындағы мәтіндік сабақтастықты анықтау үшін қолданылды. Бұл әдіс көшірме мәтіннің түпкі нұсқамен арақатынасын, қысқарту, толықтыру немесе қайта құру ықтималдығын ескеруге мүмкіндік береді.

Осы әдістердің кешенді қолданылуы Моллақанағат Сәрсенғалиұлы мен Низамеддин Еркешұлының жазбаларын тек шежірелік мәтін ретінде сипаттап қоймай, олардың тарихи дерек ретіндегі мүмкіндігі мен шектеулерін айқындауға мүмкіндік берді.

Дереккөздердің деректанулық талдауы

Сыртқы деректанулық сын

Сыртқы деректанулық сын барысында ең алдымен қолжазбалардың жасалу уақыты мен авторлығына назар аударылды.

1930 жылғы «қара дәптердің» 1а бетінде Абдурахим Нұғманұлының есімі мен жазылған жылы көрсетілуі қолжазбаның датасын анықтауға мүмкіндік береді. Хижра бойынша 1349 жылының қатар көрсетілуі мәтінді тарихи-хронологиялық тұрғыдан белгілеуге қосымша негіз береді. Ал «жылқы жылы, қойға қараған» деген тіркес дәстүрлі жыл санау элементінің мәтінде сақталғанын көрсетеді.

Алайда автор есімінің көрсетілуі қолжазбадағы барлық генеалогиялық мәліметті Абдурахим Нұғманұлының өзі қалыптастырды дегенді білдірмейді. Деректанулық тұрғыдан оны белгілі бір генеалогиялық және ауызша ақпаратты 1930 жылы жазбаша түрде бекіткен тұлға ретінде қарастырған жөн. Бұл айырмашылық шежіренің деректік табиғатын дұрыс бағалау үшін маңызды.

Моллақанағат Сәрсенғалиұлының қолжазбасында авторлықтан гөрі көшірушілік қызмет басым болуы ықтимал. Мұны қолжазбадағы мәтіндік сабақтастық, Низамеддиннің ауызша мәліметтері және «қара дәптердегі» Моллақанағаттың арнау өлеңі арқылы нақтылау мүмкіндігі бар. Дегенмен көшірушінің бастапқы мәтінге қаншалықты өзгеріс енгізгенін анықтау үшін екі мәтінді бетпе-бет салыстырмалы транскрипциялау қажет.

Низамеддин Еркешұлының «қоңыр дәптерінде» авторлық сипат анағұрлым айқын байқалады. Мұнда өзінің әулеті, ұрпақтары, замандастары және тарихи жадта сақталған мәліметтер арнайы тіркелген. Сондықтан бұл деректі жеке тұлғаның тарихи жадымен байланысты дербес жазба дерек ретінде қарастыруға болады.

Ішкі деректанулық сын

Ішкі сын барысында шежірелік мәтіндегі мәліметтердің сипаты мен өзара байланысы қарастырылды.

Низамеддиннің генеалогиялық тізбегі белгілі бір ру-аталық құрылымды көрсетеді. Алайда бұл тізбектегі әрбір есімнің тарихи тұлға ретінде өмір сүрген уақытын, туыстық байланысын және генеалогиялық орнын басқа деректермен салыстыру қажет.

Мысалы, «Низамеддин – Еркеш – Қожанияз – Баймағамбет – Көбей – Ақтоғай – Құрбанбай – Базар – Елтүзер – Байсары – Жастабан – Абай – Таз» тізбегі Низамеддиннің өз әулетін Таз руымен байланыстыратын генеалогиялық жадының жазбаша көрінісі болып табылады. Оның тарихи нақтылығын анықтау үшін Таз руына қатысты басқа шежірелік нұсқалармен және ауызша тарих материалдарымен салыстыру қажет. Бұл жерде шежірелік тізбекті тарихи реконструкцияның дайын нәтижесі емес, верификацияны қажет ететін деректік мәлімет ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан дұрыс. Сонымен бірге «қара дәптердегі» Моллақанағат Сәрсенғалиұлының өлеңі қолжазбаның пайда болу тарихына қатысты маңызды ішкі дерек болып табылады. Өлеңдегі «өшіп қалған шежіре» туралы мәлімет бұрынғы мәтіннің сақталу проблемасын аңғартады. «Моллалар оқи алмай» деген тіркес қолжазбаны оқу, түсіну және қайта жазу ісінде діни сауатты адамдардың рөлі болғанын болжауға мүмкіндік береді. Бұл тұжырымды басқа деректермен қосымша тексеру қажет.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеу нәтижесінде үш қолжазбаның деректік табиғаты мен өзара сабақтастығына қатысты бірнеше тұжырым жасалды. Біріншіден, шежірелік мәтіндердің трансмиссиялық сипаты анықталды. 1930 жылғы «қара дәптер» белгілі бір кезеңдегі генеалогиялық ақпараттың жазбаша бекітілуін көрсетсе, Моллақанағаттың көшірмесі осы ақпараттың кейінгі ұрпаққа берілу кезеңін танытады. Низамеддиннің «қоңыр дәптері» генеалогиялық білімнің кейінгі кезеңде жаңартылып отырғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан үш дәптерді бір мәтіннің жай ғана үш көшірмесі ретінде қарастыру жеткіліксіз. Олардың әрқайсысы ақпараттың тарихи қозғалысының белгілі бір кезеңін көрсетеді.

Екіншіден, шежірелік ақпараттың көпқабатты сипаты байқалады. Қолжазбаларда генеалогиялық тізбектермен бірге жеке тұлғалар, жер-су атаулары, көші-қон туралы мәліметтер, діни өлеңдер және ел сағынышын білдіретін шығармалар сақталған. Бұл шежіренің тек ата-тек жүйесін емес, белгілі бір қауымның тарихи тәжірибесін де тіркегенін көрсетеді.

Үшіншіден, тарихи жады мен генеалогиялық білімнің өзара байланысы байқалады. Низамеддиннің бұрынғы ұрпақтарға қатысты ақпаратты сақтап, кейін өз балалары мен туыстары туралы мәліметтерді қосуы тарихи жадының ұрпақаралық берілуін көрсетеді. Мұнда шежіре өткенді сақтау ғана емес, жаңа буынның мәліметін бұрынғы генеалогиялық жүйеге енгізу қызметін де атқарады.

Төртіншіден, көші-қон тарихын зерттеудегі деректік мүмкіндік байқалады. Қолжазбаларда Ауғанстан, Ақкөл және басқа да мекендерге қатысты мәліметтердің кездесуі жеке әулеттердің қозғалысын реконструкциялауға бастапқы материал бере алады. Алайда мұндай мәліметтер нақты көші-қон фактісін толық дәлелдеу үшін архивтік, картографиялық және басқа тарихи деректермен салыстырылуы тиіс.

Бесіншіден, рулық және туыстық құрылым туралы мәліметтер шежіренің маңызды деректік қабатын құрайды. Таз руы, Жастабан және оған қатысты тармақтардың берілуі қауымның ішкі генеалогиялық құрылымын зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар Қожа әулетіне қатысты мәліметтер кездессе, оларды Таз руының генеалогиялық құрылымымен араластырмай, жеке діни-әлеуметтік дерек қабаты ретінде қарастырған жөн.

Алтыншыдан, шежірелік мәтіннің субъективтік сипаты анық байқалады. Авторлар мен көшірушілер белгілі бір мәліметтерді таңдап сақтаған, кейбір тұлғаларға басымдық берген және өз дәуірінің ақпараттарын бұрынғы генеалогиялық жүйеге енгізген. Сондықтан

шежіренің субъективтілігі оның ғылыми құндылығын жоймайды; керісінше, ол қауымның өткенді қалай есте сақтағанын зерттеуге мүмкіндік береді.

Жетіншіден, шежірелік деректердің верификация мәселесі ерекше маңызға ие. Мақалада келтірілген генеалогиялық, топонимдік және өмірбаяндық мәліметтердің бір бөлігі ауызша тарихи жадқа негізделетіндіктен, оларды архивтік құжаттармен, басқа шежірелермен, эпиграфикалық деректермен, жеке архивтермен және ауызша тарих материалдарымен салыстыру қажет. Осы тұрғыдан шежіренің деректік маңызын оның барлық мәліметінің абсолютті дәлдігімен емес, тарихи ақпаратты сақтау, құрылымдау және кейінгі ұрпаққа жеткізу қабілетімен бағалау орынды.

Шежірелік дәстүрдің тарихи-мәдени қызметі

Зерттелген материалдар шежіренің бірнеше өзара байланысты қызмет атқарғанын көрсетеді.

Біріншісі – генеалогиялық қызмет. Шежіре адамның өз әулеті мен руының ішіндегі орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Екіншісі – тарихи жадыны сақтау қызметі. Бұрынғы ұрпақтар туралы мәліметтер кейінгі буынға жазбаша түрде жеткізіліп отырған.

Үшіншісі – әлеуметтік-коммуникациялық қызмет. Ру және туыстық байланыстар туралы ақпарат қауым ішіндегі әлеуметтік қатынастарды түсіндіруге мүмкіндік береді.

Төртіншісі – кеңістіктік-тарихи қызмет. Жер-су атаулары мен қоныс аудару туралы мәліметтер белгілі бір әулеттің тарихи кеңістігін реконструкциялауға мүмкіндік береді.

Бесіншісі – рухани-мәдени қызмет. Діни өлеңдер, діни тұлғалар және рухани мазмұндағы жазбалардың шежірелік дәптерлерде қатар сақталуы генеалогиялық білімнің діни-рухани дүниетаныммен байланысын көрсетеді.

Осы қызметтердің жиынтығы шежірені тарихи-мәдени дерек ретінде қарастырудың негізін қалыптастырады. Сонымен бірге «шежіре диаспораны ассимиляциядан қорғады» деген сияқты тікелей себеп-салдарлық тұжырым жасау үшін арнайы этнографиялық және әлеуметтік зерттеулер қажет. Қолдағы қолжазбалар, ең алдымен, тарихи жады мен генеалогиялық білімнің жазбаша түрде сақталғанын көрсететін дерек ретінде пайдаланылуы тиіс.

Қорытынды

Ауғанстан қазақтарының шежірелік дәстүрін Моллақанағат Сәрсенғалиұлы мен Низамеддин Еркешұлының жазбалары негізінде зерттеу шежіренің деректік табиғатының көпқырлы екенін көрсетті. Зерттеу барысында Абдурахим Нұғманұлының 1930 жылғы «қара дәптері», Моллақанағат Сәрсенғалиұлы көшірген «екінші қара дәптер» және Низамеддин Еркешұлының «қоңыр дәптері» бір-бірімен байланысты болғанымен, деректік қызметі жағынан ерекшеленетін үш жазба қабат ретінде қарастырылды.

1930 жылғы «қара дәптер» авторы мен жазылған уақыты көрсетілген тарихи жазба ретінде бастапқы дерек қабатын танытады. Моллақанағат Сәрсенғалиұлының нұсқасы бұрынғы шежірелік ақпараттың сақталуы мен берілу тетігін көрсететін көшіру нұсқасы ретінде бағаланады. Ал Низамеддин Еркешұлының «қоңыр дәптері» бұрынғы генеалогиялық ақпаратты өз заманындағы жаңа мәліметтермен толықтырған кейінгі авторлық жазба сипатында.

Деректанулық талдау шежірелік мәтіндегі мәліметтерді тарихи факт ретінде тікелей қабылдаудың әдіснамалық тұрғыдан жеткіліксіз екенін көрсетті. Шежірелік ақпаратты ғылыми айналымға енгізу барысында оның жасалу уақыты, авторы, ақпараттың берілу жолы, мәтіндік өзгерістері, субъективтік сипаты және басқа деректермен сәйкестігі ескерілуі қажет.

Салыстырмалы-тарихи, тарихи-хронологиялық және ретроспективалық әдістерді деректанулық және мәтінтанулық сынмен ұштастыру үш қолжазбадағы ақпараттың сақталу және жаңару үдерісін анықтауға мүмкіндік берді. Осы тұрғыдан шежірелік дәстүрді ауызша тарихи білімнің жазбаша түрде бекітілуі, көшірілуі, толықтырылуы және ұрпақаралық берілуі негізінде қалыптасатын динамикалық тарихи-мәдени құбылыс ретінде қарастыруға болады.

Зерттелген қолжазбалардың деректік әлеуеті генеалогиялық мәліметтермен ғана шектелмейді. Олар ру-тайпалық құрылым, туыстық байланыстар, тарихи жады, діни-рухани түсініктер және көші-қон тәжірибесіне қатысты қосымша ақпарат береді. Сондықтан бұл материалдар Ауғанстан қазақтарының тарихын зерттеуде деректік корпустың маңызды бөлігі бола алады. Сонымен бірге қолжазбалардағы мәліметтердің бір бөлігі ауызша тарихи жадқа сүйенетіндіктен, олардың барлығын дербес және жеткілікті тарихи дәлел ретінде қабылдауға болмайды. Алдағы зерттеулерде шежірелік мәліметтерді басқа шежірелермен, архивтік құжаттармен, эпиграфикалық материалдармен, ауызша тарих деректерімен және жеке архив құжаттарымен салыстырып тексеру қажет. Осы мақсатта аталған қолжазбаларды түпнұсқалық графикасын сақтай отырып жариялау, палеографиялық сипаттама жасау, толық ғылыми транскрипциясын әзірлеу, мәтіндік нұсқаларды өзара салыстыру және деректанулық түсініктеме беру – Ауғанстан қазақтарының тарихи-мәдени мұрасын зерттеудің келесі маңызды кезеңдері болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Жеменей И. Иран және иран қазақтары: Деректі зерттеу. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы: — 2012. — 264 б.

2 Енсегенова Р. Аталар қоныс тапқан жер: Тәжікстандағы қазақтардың тарихы. «КІТАП» ЖШС: — 2010. — 452 б.

3 Қари Қ. Алты табан Ауғанстан. Герат жолында жоғалғандар бар. [Электрондық ресурс] — URL: https://www.azattyq.org/a/rferl-kazakh-service-history-forty-third-episode-kazakhs-in-afghanistan/32784394.html (қаралу уақыты 02.10.2025).

4 Жеменей И. Ауғанстанға Қазақ көші. [Электрондық ресурс] — URL: https://turkiya.kz/p_655/ (қаралу уақыты 05.10.2025).

5 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. құраст. Ғ. Әнес. 2-басылым. «Өлке»: — 2003. — 240 б.

6 Әлімгереев Ө. Шекара асқан ағайын. ТОО «Абзал – ай»: — 2018. — 50 б.

7 Байұлы Таз, Низамеддин Еркешұлы: [Электрондық ресурс] — URL: https://tumalas.kz/mobi/#/. (қаралу уақыты 07.10.2025).

8 Уатқан Б. Ата жұртқа жеткен көш: Публицистика. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Атажұрт» баспа орталығы: 2013.208 б.

ГЕНЕАЛОГИЧЕСКАЯ ТРАДИЦИЯ КАЗАХОВ АФГАНИСТАНА: ЗАПИСИ МОЛЛАГАНАТА САРСЕНГАЛИУЛЫ И ПРЕДСТАВИТЕЛЯ РОДА ТАЗ НИЗАМЕДДИНА ЕРКЕШУЛЫ

Аннотация

В статье генеалогическая традиция казахов Афганистана рассматривается в историко-культурном и источниковедческом аспектах. Основная цель исследования заключается в выявлении особенностей формирования, сохранения, копирования и дополнения генеалогических записей, связанных с Моллаганатом Сарсенгалиулы и представителем рода Таз Низамеддином Еркешулы, а также в определении их источниковедческого потенциала для изучения исторической памяти, генеалогической структуры, родственных связей и истории миграции казахов Афганистана. Материал исследования составили «черная тетрадь», написанная Абдурахимом Нугманулы в 1930 году, «вторая черная тетрадь», переписанная Есентемиром Моллаганатом Сарсенгалиулы, и «коричневая тетрадь» Низамеддина Еркешулы, дополненная им на более позднем этапе. Кроме того, в исследование были включены опубликованные письменные и устно-исторические материалы, посвященные истории казахов Афганистана.

Методологическую основу исследования составляют принципы историзма, объективности и системности. Для реализации данных принципов комплексно применялись сравнительно-исторический, историко-хронологический, ретроспективный, источниковедческо-критический и текстологический методы. В рамках внешней источниковедческой критики рассматривались авторство рукописей, время и место их создания, материальные особенности, объем и история сохранения. Посредством внутренней критики анализировались содержание генеалогических сведений, структура генеалогических цепочек, авторские дополнения, текстовые повторы и различия.

В результате исследования установлено, что три тетради необходимо рассматривать не как механические копии одной родословной, а как взаимосвязанные пласты источников, отражающие письменную фиксацию

исторической информации на разных этапах. «Черная тетрадь» 1930 года характеризует первоначальный письменный пласт, тогда как копия Моллагаината Сарсенгалиулы отражает механизм сохранения и передачи ранее зафиксированной генеалогической информации. «Коричневая тетрадь» Низамеддина Еркешулы представляет последующее продолжение данной традиции и, наряду с ранее зафиксированными сведениями, содержит дополнительную информацию о его роде, родственных связях, отдельных лицах, топонимах, религиозно-духовных текстах и историческом опыте казахов Афганистана.

Ключевые слова: казахи Афганистана, шежире, генеалогическая традиция, исторический источник, источниковедение, источниковедческая критика, историческая память.

THE GENEALOGICAL TRADITION OF THE KAZAKHS OF AFGHANISTAN: THE RECORDS OF MOLLAQANAT SARSENGALIULY AND NIZAMEDDIN ERKESHULY, A REPRESENTATIVE OF THE TAZ CLAN

Abstract

This article examines the genealogical tradition of the Kazakhs of Afghanistan from historical-cultural and source studies perspectives. The main objective of the study is to identify the specific features of the formation, preservation, copying, and supplementation of genealogical records associated with Mollaqanat Sarsengaliuly and Nizameddin Erkeshuly, a representative of the Taz clan, and to determine their source potential for studying the historical memory, genealogical structure, kinship relations, and migration history of the Kazakhs of Afghanistan. The research materials include the “Black Notebook” written by Abdurahim Nugmanuly in 1930, the “Second Black Notebook” copied by Esentemir Mollaqanat Sarsengaliuly, and the “Brown Notebook” of Nizameddin Erkeshuly, which he supplemented later. In addition, the study incorporated published written and oral-historical materials related to the history of the Kazakhs of Afghanistan.

The study's methodological framework is based on the principles of historicism, objectivity, and systematicity. To apply these principles, the study employed a combination of comparative-historical, historical-chronological, retrospective, source-critical, and textual methods. External source criticism examined the manuscripts' authorship, date and place of production, material characteristics, volume, and history of preservation. Internal criticism analyzed the genealogical content, the structure of lineages, authorial additions, textual repetitions, and differences.

The study shows that the three notebooks should not be treated as mechanical copies of a single genealogy, but as interconnected layers of sources that reflect the recording of historical information at different stages. The 1930 “Black Notebook” represents the initial written layer, while the copy made by Mollaqanat Sarsengaliuly shows how earlier genealogical information was preserved and transmitted. The “Brown Notebook” of Nizameddin Erkeshuly represents a later continuation of this tradition and, alongside previously recorded information, contains additional data concerning his lineage, kinship relations, individual persons, place names, religious and spiritual texts, and the historical experiences of the Kazakhs in Afghanistan.

Keywords: Kazakhs of Afghanistan, shezhire, genealogical tradition, historical source, source studies, source criticism, historical memory.

REFERENCES

1 Jemenei İ. İran jäne iran qazaqtary: Derektı zertteu. Düniejüzı qazaqtarynyñ qauymdastyğy: [*Iran and Iranian Kazakhs: a documentary study. World Association of Kazakhs*:] 2012.264 p. [in Kazakh]

2 Ensegenova R. Atalar qonys tapqan jer: Täjıkstandağy qazaqtardyñ tarihy. [*The place where the grandfathers settled: a history of Kazakhs in Tajikistan*]. «KITAP» JŞS: 2010. 452 p. [in Kazakh]

3 Qari Q. Alty taban Auğanstan. Gerat jolynda joğalğandar bar. [*Six paws Afghanistan. There are those who are lost on the way to Herat*] Available at: — URL: https://www.azattyq. org/a/rferl-kazakh-service-history-forty-third-episode-kazakhs-in-afghanistan/32784394.html. [in Kazakh] (accessed: 02.10.2025).

4 Jemenei İ. Auğanstanğa Qazaq köşı. [*Kazakh migration to Afghanistan*]. Available at: — URL: https://turkiya.kz/p_655/ [in Kazakh]. (accessed: 05.10.2025).

5 Dosmūhamedūly H. Tañdamaly. qūrast.[*Custom. comp*] Ğ. Änes. 2-basylym. «Ölke»: 2003.240 p. [in Kazakh]

6 Älımgereev Ö. Şekara asqan ağaiyn. [*Borderline older brother*]. TOO «Abzal – ai»: 50 p. [in Kazakh]

7 Baiūly Taz, Nizameddin Erkeşūly: [*Bayuly Taz*] 2018.Available at: — URL: https://tumalas.kz/mobi/#/ . [in Kazakh]. (accessed: 07.10.2025).

8 Uatqan B. Ata jūrtqa jetken köş: Publisistika. Düniejüzı qazaqtary qauymdastyğynyñ «Atajūrt» baspa ortalyğy: [*The street where the grandfather reached the people: journalism. Publishing center "Atazhurt" of the World Association of Kazakhs:*] 2013. 208 p. [in Kazakh]

Information about authors:

Leskali Berdigozhin – Doctor of Historical Sciences, Associate Professor, Department of "History of Kazakhstan and World History," Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan.

E-mail: berdyguzhin@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5748-227X

Dinara Khamidullina – PhD, associate professor, Department of "Kazakhstan and world history", Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: d.khamidullina@asu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6180-5062

Sara Mollakanagat – **corresponding author,** 2nd-year Master's student, Department of "History of Kazakhstan and World History," Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan.

E-mail: mollakanagats@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0007-0236-4085

Aizhan Daribek – 1st-year Master's student, Department of "History of Kazakhstan and World History", Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan.

E-mail: a.daribek98@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0005-2591-5308

Информация об авторах:

Лескали Бердигожин – доктор исторических наук, ассоциированный профессор кафедры «История Казахстана и всемирная история», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: berdyguzhin@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5748-227X

Динара Хамидуллина – PhD, ассоциированный профессор, кафедра «Истории Казахстана и всемирной истории», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: d.khamidullina@asu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6180-5062

Сара Моллаканагат – **основной автор,** магистрант 2 курса кафедры «История Казахстана и всемирная история», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: mollakanagats@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0007-0236-4085

Айжан Дарибек – магистрант 1 курса кафедры «История Казахстана и всемирная история», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: a.daribek98@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0005-2591-5308

Авторлар туралы ақпарат:

Лесқали Бердіғожин – тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: berdyguzhin@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5748-227X

Динара Хамидуллина – PhD, қауымдастырылған профессор, «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: d.khamidullina@asu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6180-5062

Сара Моллақанағат – **негізгі автор,** «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының 2-курс магистранты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: mollakanagats@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0007-0236-4085

Айжан Дәрібек – «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының 1-курс магистранты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: a.daribek98@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0005-2591-5308

ҒТАМР 03.09.55 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.05**
ӘОЖ 94(574.3):323.2

Г.И. Кушенова[1*], Е.А. Абдраимов[1]

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ.,010000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: jamal-i@mail.ru

АХМЕТ ЗАКИ ВАЛИДИДІҢ МҰРАСЫ: МӘДЕНИ БІРЛІК ПЕН САЯСИ КҮРЕСТІҢ ҚИЫЛЫСЫ

Аңдатпа

Зерттеу жалпы XX ғасырдың басындағы түркі халықтарының саяси сана-сезімі мен ұлттық қозғалыстары, мәдени жаңғыру үдерістері контекстінде Ахмет-Заки Валидидің саяси ұстанымдары мен ұлтшылдық қызметін талдауға бағытталған. XX ғасырдың басында Ресей империясындағы автократиялық биліктің дағдарысы, әсіресе түркі мұсылман халқы қоныстанған аймақтарда, саяси белсенділіктің артуына және азаттық қозғалыстарының күшеюіне ықпал етті. Бұл процесс ұлттық сана мен саяси ой-өрістің қалыптасуы мен дамуына жаңа мүмкіндіктер ашты. Осы тарихи-идеологиялық контекстте Ахмет-Заки Валиди түркі халықтарының ұлттық тәуелсіздік идеяларын ілгерілетуге, мәдени жаңғыру үдерістерін ынталандыруға белсенді үлес қосты. Зерттеудің мақсаты - XX ғасырдың басындағы тарихи-идеологиялық үдерістер контекстінде Ахмет-Заки Валидидің саяси ұстанымдары мен ұлтшылдық қызметін жан-жақты талдау, оның ұлттық жаңғыру және түркі халықтарының мәдени бірлігі жөніндегі көзқарастарының ерекшеліктерін айқындау. Алынған нәтижелер Ахмет-Заки Валидидің тарихи бейнесін жан-жақты дереккөздер негізінде объективті зерттеу қажеттілігін айқындайды. Сонымен қатар, оның тұлғасына қатысты қарама-қайшы бағалаулардың саяси жағдайларға тәуелді интерпретациялардың нәтижесі екенін көрсетеді. Зерттеу барысында тарихи, контекстуалды, салыстырмалы және деректанулық әдістер кешені қолданылып, алынған қорытындылар мұрағаттық деректермен дәйектелді. Бұл Ахмет-Заки Валидидің ұлтшылдық көзқарастары мен ғылыми тұжырымдамаларының тарихи, саяси және мәдени контексттер аясында қалыптасқанын кешенді түрде айқындауға мүмкіндік берді.

Негізгі сөздер: Ахмет Заки Валиди Тоған, ұлттық сана, ұлттық қозғалыс, мәдени жаңғыру, мәдени бірлік.

Кіріспе

XX ғасырдың басында Ресей және Осман империяларының күйреуі, ұлтшылдық қозғалыстардың күшеюі және қоғамның жаңғыруы аясында этникалық бірегейлік, мәдени жады мен тарихи мұра мәселелері айрықша маңызға ие болды. Осы тарихи кезеңде саяси және ғылыми қызметті ұштастыра білген тұлғалардың бірі – Ахмет-Заки Валиди Тоған (әрі қарай - Ахмет-Заки Валиди) болатын.

Ахмет-Заки Валиди башқұрт ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің бірі, ғалым және кәсіби тарихшы ретінде белгілі. Ол 1890 жылы 10 желтоқсанда бұрынғы Уфа губерниясының Стерлитамак уезінде дүниеге келген. Алғашқы білімін әкесі Уәлид бай ашқан медреседе алып, ал кейіннен Утяковода, әрі қарай Қазан қаласындағы Қасымия медресесінде оқуын жалғастырды. Ахмет-Заки Валиди медреседегі оқу жылдарынан бастап түркі халықтарының тарихына, шығыс тілдері мен мәдениетіне ерекше қызығушылық танытқан болатын. Ал оқуын аяқтағаннан кейін, аталмыш «Қасымия» медресесіне мұғалім болып орналасып, түркі тарихы, араб және түрік әдебиеті пәндері бойынша дәріс берді.

Ахмет-Заки Валидидің 1912 жылы жарық көрген «Түрік-татар тарихы» атты алғашқы еңбегі жәдидтік оқу орындарында негізгі оқу құралы ретінде кеңінен қолданылды. Ол 1917 жылға дейін түрік-татар халықтарының тарихын зерттеу бағытында жүйелі ғылыми ізденістер жүргізіп, түрлі басылымдармен эғылыми ынтымақтастық орнатты.

Осы кезеңде Ахмет-Заки Валидидің Түркістанға жасаған сапарларының айрықша мәнге ие болғанын атап өту маңызды. 1913-1914 жылдары жүзеге асқан алғашқы ғылыми экспедициялары оның тарихшы ретінде қалыптасуына, ғылыми айналымға жаңа деректерді енгізуіне және шығыстану саласындағы беделінің артуына ықпал етті. Нәтижесінде, ол 1917

жылғы Қазан төңкерісіне дейін сол кезеңнің әйгілі шығыстанушылары – В. В. Бартольд, Ф. Н. Катанов, А. Н. Самойлович, И. Ю. Крачковский, А. Вамбери және М. Хартман тарапынан ғылыми деңгейде мойындалды [1]. Ғылым мен білім саласына сүбелі үлес қосқан ғалым өмір бойы 400-ге жуық ғылыми еңбек жазып, Стамбул, Бонн, Гёттинген және Колумбия университеттерінде дәріс оқып, Манчестер университетінің құрметті профессоры атанып, сондай-ақ Түркиядағы Ислам зерттеулері институтының директоры қызметін атқарды.

Сонымен қатар, бұл сапарлар Ахмет-Заки Валидидің саяси мансабына да тікелей әсер етті. Ол 1917 жылғы Қазан төңкерісі жылдарында аймақтағы саяси әрекеттерді басқарған Мұстафа Шоқай, Вадим Чайкин, Мунаввар Қары, Убайдулла Хожа сияқты көрнекті тұлғалармен танысқан болатын. Осылайша, Ахмет-Заки Валидидің саяси қызмет жолы 1915 жылы, 25 жасында, Уфа өкілі ретінде IV Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясында басталды [2]. Оның Петерборға жіберілуі, оған Ресей түріктерінің саяси өкілдігін мойындаған топтың жұмысын жақыннан бақылау мүмкіндігін берді. [1. – 127]

Осы тұрғыдан алғанда, Ахмет-Заки Валидидің саяси ұстанымын зерттеудің өзектілігі тек тарихи тұлғаның ғылыми мұрасын танып-білумен шектелмейді. Бұл зерттеу сол кездегі түркі халқының рухани дамуы мен идеялық эволюциясын, ұлттың өзіндік санасының қалыптасу үдерісін айқындай отырып, ғалымның саяси көзқарастарының эволюциясын терең пайымдауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңызын келесідей негіздеуге болады: біріншіден, Ахмет-Заки Валиди XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі саяси өзгерістердің тікелей куәгері болды. Сол себепті оның еңбектері ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен дамыту мәселелерінде тәжірибелік бағдар береді.

Екіншіден, Ахмет-Заки Валидидің түркі халықтарының бірлігі мен ұлттық ерекшелікті үйлестіру жөніндегі идеяларын қазіргі Қазақстан жағдайында қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Ғалымның көзқарастары ұлттық саясатты жетілдіру, тарихи сананы жаңғырту, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу және ұлттық-мәдени құндылықтарға құрмет сезімін арттыру ісінде әдістемелік және тәрбиелік құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Ахмет-Заки Валидидің ғылыми мұрасы жан-жақты зерделеніп, зерттеу нысанына айналуда. Мәселен, Н.М. Хисматуллина, Р.Н. Бикметова, А.М. Галеева, Ю.Р. Сайранов, З.Ю. Бурангулова және З.Г. Гатиятуллин, А.М. Юлдашбаев, М.М. Кульшарипов, Т. Байкара сияқты ғалымдар өз еңбектерінде оның саяси қызмет жолын ашып, түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеудегі орнын айқындауға айтарлықтай үлес қосты. Отандық ғалымдар да бірқатар зерттеулер жүргізіп, оның мұрасын ұлттық тарих пен мәдениет контексінде қарастыруда.

Қорытындылай айтқанда, Ахмет-Заки Валидидің қызметін зерттеу тек бір тарихи тұлғаның өмір жолын ашу емес, түркі халықтарының XX ғасыр басындағы рухани жаңғыруын, саяси күресін, ұлттық идеялардың қалыптасуын, сондай-ақ қазіргі кезеңге әсер етіп отырған тарихи үрдістерді жан-жақты түсіндіру үшін қажет.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ахмет-Заки Валидидің ұлтшылдық көзқарастарындағы концептуалдық мәселелерді айқындау үшін зерттеу әдістерінің кешені қолданылады. Бұл тәсілдер тарихи, әлеуметтік мәдени және идеологиялық контексттерді тереңірек түсінуге, сондай-ақ Ахмет-Заки Валидидің ұлтшылдық көзқарастарын жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында тарихи талдау әдісін қолдану арқылы Ахмет-Заки Валидидің тұлғасының қалыптасуына әсер еткен тарихи факторлар айқындалады. Яғни бұл әдіс XX ғасырдың басындағы геосаяси өзгерістер мен қоғамдық трансформациялардың Ахмет-Заки Валидидің дүниетанымы мен идеологиялық ұстанымдарына ықпалын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді. Өйткені, Ахмет-Заки Валидидің ұлтшылдық көзқарастары мен ғылыми тұжырымдамалары Ресей және Осман империяларының ыдырау кезеңімен, ұлт-

азаттық қозғалыстардың күшеюімен және түркі халықтарының саяси егемендік пен мәдени жаңғыру жолындағы ұмтылыстарымен тығыз байланыста қалыптасқан болатын.

Контекстуалды талдау әдісі Ахмет-Заки Валидидің идеяларын өз дәуірінің әлеуметтік, мәдени және саяси ахуалымен өзара байланыста түсіндіруге мүмкіндік береді. Яғни, оның ғылыми мұрасын түркі халықтарының ұлттық жаңғыру үдерістері аясында талдауға және ұлттық мемлекет құру жөніндегі көзқарастарын сол кезеңнің саяси ахуалымен байланысты қарастыруға негіз болады.

Салыстырмалы зерттеу әдісі Ахмет-Заки Валидидің көзқарастарын өз дәуіріндегі саяси және қоғамдық қайраткерлердің идеяларымен салыстыра талдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оның дүниетанымының ерекшеліктерін айқындап қана қоймай, идеялардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға негіз болады. Әдіс әсіресе Тоғанның түркі халықтарының бірлігі мен ұлттық сана қалыптастыру мәселелеріне қатысты көзқарастарын терең түсіндіруде тиімді қолданылады.

Деректанулық талдау әдісі Ахмет Заки Валидидің өмірі мен қызметіне қатысты архивтік материалдар – хаттар, мақалалар, жазбалар және басқа да дереккөздерді жүйелі түрде зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Бұл әдіс зерттеу барысында сенімді ақпараттарды ғылыми айналымға енгізуге, сондай-ақ зерттеудің әдіснамалық сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, Ахмет Заки Валидидің ұлтшылдық көзқарастарындағы тұжырымдамалық мәселелерді айқындау барысында негізгі дереккөздерді мұрағаттық құжаттар мен жарияланған мұрағаттық жинақтар, Ахмет-Заки Валидидің мемуары, ғылыми монографиялар, ғылыми мақалалар және басқа да зерттеу еңбектері құрайды. Бұл ғылыми материалдар зерттеудің әдіснамалық негізін нығайтып, Ахмет-Заки Валидидің ұлтшылдық көзқарастары мен ғылыми тұжырымдамаларын жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, Түркияның Мемлекеттік архивінің қорында сақталған тұтқындағы Ахмет Заки Тоғанның өтініші зерделенді [3]. Құжаттың құпиялылық режимі тек 2024 жылы алынып тасталғандықтан, ол ғылыми тұрғыдан маңызды және зерттеу үшін құнды негізгі дереккөз болып табылады. Сондай-ақ, аталмыш архив қорында сақталған «Rusya Matbuatı: İstanbul'daki Jön Türkler ile bağlantılı olarak Gaspıralı İsmail Bey'in riyaseti altında Kazan ve Orenburg'da zuhur Eden Genç Müslümanlar hareketi hakkındaki makalenin tercümesi ve rapor» атты француз тіліндегі деректі де ерекше атап өткен жөн [4]. Бұл құжат түрікшілдік көзқарасы тұрғысынан құнды материалдардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, Ахмет-Заки Валидидің жарық көрген естеліктері маңызды дереккөздердің қатарында саналады [5]

Ал Ахмет-Заки Валидидің еңбектерінің зерттелуі тұрғысынан башқұрт ғалымдары Н.М. Хисматуллина, Р.Н. Бикметова, А.М. Галеева, Ю.Р. Сайранов, З.Ю. Бурангулова және З.Г. Гатиятуллиннің құрастыруымен Ахмет-Заки Тоғанның көшбасшылық қызметін сипаттайтын «1917-1920 жылдардағы Башқұртстандағы ұлттық-азаттық қозғалыстар» атты мұрағаттық құжаттар мен материалдардың екі томдық жинағы жарық көрді [2.-392].

Ахмет-Заки Тоғанның өмірі мен қызметін зерделеген іргелі еңбектер қатарында А.М. Юлдашбаевтың «Заки Валиди Тоган: ученый, политик, личность» [6], М.М. Кульшариповтың «Башкирское национальное движение (1917–1921)» [7] Т. Байкараның «Заки Валиди Тоган [8] атты монографияларын ерекше атап өтуге болады. Бұдан бөлек, зерттеу барысында бірқатар зерттеушілердің ғылыми мақалалары пайдаланылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының түркі халықтары қоныстанған аймақтарында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы, баспа арқылы ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған әрекеттер, саяси ұйымдардың құрылуы, автономиялық идеялардың күшеюі, қалалық өмірдің кеңеюі, кәсіби қауымдастықтардың қалыптасуы сияқты тағы өзге үрдістердің маңызы күшейді. Бұл үдерістер ұлттық аймақтардың интеллектуалдық өміріне ерекше әсер етіп, түркі халықтары арасындағы жеке тұлғалардың, әсіресе зиялы қауым өкілдері мен қоғамдық көшбасшылардың рөлін айтарлықтай арттырған болатын. Мұндай

тұлғалар қатарында Исмаил Гаспринский, Алимардан-бек Топчибашев, Али бей Хусейнзаде, Ахмет-бек Ағаоглу, Юсуф Акчура, Ахмет-Заки Тоған, Алихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұстафа Шоқай және басқалары болды.

Бұл тұлғалар маңызды саяси және мәдени платформаларда өзара тығыз әрекет етті. Соның ішінде бүкілресейлік мұсылман съездері, ғылыми-ағартушылық конференциялар, аймақтық жиналыстар, сондай-ақ Мемлекеттік Думадағы қызметтері мен басқа да қоғамдық-саяси қарым-қатынастарды атап өтуге болады. Нәтижесінде түркі-мұсылман зиялы қауым өкілдерінің байланыстары трансрегионалдық сипатқа ие болды.

Аталмыш тұлғалардың қатарында Ахмет-Заки Валиди де ерекше орын алды. Оның қоғамдық қызметі мен шығармашылық жолы тек башқұрт халқымен шектелмей, Түркістандағы саяси ахуалмен тығыз байланыста өрбіді. Оның ғылыми және публицистикалық мұрасы осы тарихи-контекстуалды өзгерістер аясында түркі халықтарының ұлттық сана мен бірлігін нығайтуға бағытталған әрекеттермен тығыз байланысты дамыды. Мысалы, Түркістан мұсылмандарының съезін өткізуде Ахмет-Заки Валиди белсенді қызмет атқарды. Осында Түркістан мұсылмандарының Орталық шуро ұйымы құрылып, ұйымның төрағасы Мұстафа Шоқай, ал хатшысы ретінде Ахмет-Заки Валиди сайланды. Съезд жұмысы бір апта бойы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, түркістандықтардың саяси жетілгені мен ынтымағын көрсетеді. Бұл, әсіресе кадеттер үшін күтпеген жағдай болады. Олар түркістандықтар тарапынан көрсетілген саяси жауапкершілік пен ұйымдастырушылық қабілетіне таңданыс білдіреді [9].

Түркістан мұсылмандарының съезі Ахмет-Заки Валидидің саяси белсенділігі мен көшбасшылық рөлінің нығаюына ықпал етіп, оның саяси қызметінде Түркістанмен етене жақын байланыс орнатуына негіз болды. Ол өзі бұдан кейінгі қызмет жолында: «Башқұрт қозғалысын басқарып кету маған күтпеген жағдай болды. Мен алдын-ала бұл қозғалыстың жетекшісі боламын деп ойламадым. Егер Ташкент советтердің қолына өтпегенде, мен өз тағдырымды жалпы түркілік қозғалыспен байланыстырып, үнемі Орынбор мен Ташкент арасында қатынап жүретін болар едім» [9. – 95], - деп жазған болатын.

Дегенмен, ұлттық бірегейлікті нығайту шаралары саяси билік құрылымы тарапынан «империялық тұтастыққа» қауіп төндіруші элемент ретінде бағаланып, репрессивті шаралардың қолданылуына әкелді. Мысалы, 1911 жылы «Русское обозрение» газетінде «жас мұсылмандар қозғалысы» атты мақала жарық көреді. Автор Ресейдегі мұсылман жастар қозғалысының жылдам дамып, қоғам мен саясат үшін қауіп төндіретін сипатқа ие болғаны баяндайды. Сонымен қатар, қозғалыстың тек идеологиялық тұрғыдан ғана емес, жеке байланыстар арқылы да жастар арасында кеңінен таралғанын айтады. Автордың пікірінше, қозғалыстың дамуы, әсіресе Исмаил Гаспринскийдің қатысуымен Каирде құрылған жоғарғы діни оқу орнының ашылуымен байланысты болды. Ал «Жас мұсылмандар» партиясының мұсылман мектептерінде белсенді жұмыс жүргізуі жастар арасында прогрессивті көзқарас қалыптастырып, бірнеше оқу орындарын бақылауға алуына ықпал етті [4. – 1-2].

Осылайша, елдегі саяси ахуал ұлттық қозғалыс өкілдерінің өмірлік бағыт-бағдарына, олардың саяси және қоғамдық қызметінің сипатына, сондай-ақ ұлттық ұстанымдарының қалыптасу үдерісіне айтарлықтай ықпал етті. Бұл ықпал Ахмет-Заки Валидидің өмір жолында да айқын байқалып, оның тағдырында түбегейлі өзгерістерге алып келді. Осы ахуал оның естеліктерінде былай сипатталған: «1920 жылдың 9 маусымында мен тағы да қашуға мәжбүр болдым, бірақ бұл жолы Лениннен. Оған қарсы күрес туын қайта көтеріп, Түркістанның таулары мен шөлдеріне шегінуге тура келді. Егер бұл жолы да сәтсіздікке ұшырасақ, Еуропаға кетемін. Бәлкім, Мәскеуді енді ешқашан көрмейтін шығармын... Бүгін менің он төрт жолдасым Башқұртстаннан алдын-ала белгіленген пункттерге – Қазақстан мен Түркістанға аттанды. Қорғаушылар тобымен бірге біз қазақ қайраткері Ахмет Байтұрсынұлымен және кейбір басқа да башқұрт және қазақ зиялыларымен бірге Саратов қаласы арқылы жолға шықтық» [5. – 6].

Архивтік деректерге сүйенсек, Ахмет-Заки Валидидің саяси айыптауларға ұшырауы тек большевиктік билік кезеңімен шектелмей, эмиграция кезеңінде де жалғасқаны айқын көрінеді. Мысалы, 1944 жылдың мамыр айында Түркияның Стамбул және Анкара қалаларында коммунизмге қарсы студенттік демонстрациялар өтеді. Бұдан кейін, билік тарапынан пантүраншылдық қозғалысқа қарсы күдалау басталады. Бұқаралық ақпарат құралдарында «жасырын тұраншылдық ұйымның бар екені және олардың тұтқындалғаны» туралы хабарланады. Осы оқиға барысында Ахмет-Заки Валидиге «Түркия аумағында кеңестерге қарсы пантүрікшілдік әрекет жүргізді» деген айып тағылады. Нақтырақ айтқанда, 1944 жылғы 15 мамырда Ахмет-Заки Валидидің айтуынша, айып Түркияның көршілерімен қатынасына зиян келтіруге және бар жүйені әлсіретуге тырысқанына негізделген. Сөйтіп, төтенше жағдайлар бойынша бірінші сот оны «мемлекеттік төңкеріс жасауға әрекеттенгені» үшін 10 жылға соттайды [8. – 41].

Ахмет-Заки Валиди аталмыш оқиға туралы 1944 жылы 9 тамызда Республикалық Халық партиясының хатшылығына жазған өтінішінде ашық баяндайды. Ол: «үш айдан астам уақыт бойы мен тұтқындамын. Қызмет жоспарым бұзылды. Маған тапсырылған міндеттерім бойынша отбасым қиыншылыққа тап болды. Барлық қиындықтарымды мен Білім министрі мырзаға жазған ұзақ хатымда баяндадым. Сол хаттың бір нұсқасын сіздерге ұсыну арқылы оны мұқият оқып шығуыңызды сұраймын. Менің жақсы танысым, әрі партияның басшылығы ретінде Үлкен ұлттық жетекшінің және Бас уәкіл мырзаның алдында құқықтарым үшін араласуыңызды және мені осы қиыншылықтардан құтқарып, қызметіме қайта оралу мүмкіндігін қамтамасыз етуіңізді өтінемін» [3. – 3], - деп жазды.

Сөйтіп, 1944 жылғы «нәсілшілдік пен тұраншылдық» ісі ақталып шыққанына қарамастан, оның салдары кейінгі уақытта да сезіліп тұрды. Ахмет-Заки Валиди мен оның серіктестері үшін шынайы бостандық тек 1950 жылы биліктің өзгеруінен кейін келгені белгілі болды [8. – 42].

Осылайша, Ахмет-Заки Валидидің ұлттық мүдделерді қорғауға бағытталған саяси қызметі билік тарапынан репрессиялық шаралармен бетпе-бет келгені, сондай-ақ бұл жағдайдың кәсіби және жеке өміріне теріс әсер еткені құжаттарда айқын көрініс тапқан. Бұл мысал ұлттық қозғалыс өкілдеріне әртүрлі саяси контексттерде тұрақты қысым көрсетілгенін көрсетеді.

Осындай ауыр тарихи оқиғаларды бастан өткерген Ахмет-Заки Валидидің саяси ұстанымдарында уақыт өте келе белгілі бір өзгерістер байқалады. Бұл, бәлкім, саяси қуғын-сүргіннің тікелей әсерімен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, Мұстафа Шоқайдың 1932 жылы жарық көрген «Яш Түркістан» журналының №26 санында жарияланған «Бір ғылыми өтірікке қарсы (Қоқан автономиясына 14 жыл толуына орай)» атты мақаласында Ахмет Заки Тоғанның ұстанымдарына қатысты қатты сын пікірлер білдірілгенін көруге болады. Автор мақалада: «Заки бектің өтіріктерін әшкерелегенде мен тек автономия және автономия үкіметі хақындағы бұрмаланған шындықты қалпына келтірумен ғана шектелемін. Заки бек орыс коммунистік партиясының қатарына кіріп шыққаннан бері өтірік айтуды саяси пікір сайысының бір тәсілі етіп алғаны байқалады. Оқырмандар мұны ойдан шығарып отыр демесін. Мен пікірлерімді Заки бектің өз айтқандарымен дәлелдеуге тырысамын» [10], - деп жазады.

Осы эмиграциялық ортадағы сын-пікірлер Ахмет-Заки Валидидің тұлғасына қатысты бағалаулардың тарихи кезеңге қарай өзгеріп отырғанын айқын көрсетеді. Кейінгі зерттеушілер бұл жағдайды кеңірек тарихи контекстте былай түсіндіреді: «КСРО кезеңінде түрік халықтарының көрнекті өкілдерінің бірі, башқұрт Заки Валиди Тоғанның аты ұмытылып кеткен немесе халық мүддесіне «сатқындық жасаған» деп көрсетілген. Тек М.С. Горбачевтің жариялаған қайта құру кезеңінен кейін ғалымдар сталиндік кезеңде негізсіз репрессияға ұшыраған тұлғалардың өмірі мен қызметін тереңірек зерттеуге мүмкіндік алды» [11].

Бұл тұжырымдар кеңестік идеологиялық саясаттың Ахмет-Заки Валидидің тарихи бейнесін әдейі теріс көрсетуге бағытталғанын дәлелдейді. Мұндай саяси-идеологиялық қысым

оның мұрасын объективті зерттеуге ұзақ уақыт бойы мүмкіндік бермеді. Соның нақты көріністерінің бірі ретінде мына деректі келтіруге болады: «Кеңес дәуірінде оның шығыстану саласындағы еңбектері әлем ғалымдарына кеңінен белгілі болып, Ташкент қаласындағы бір көше оның атымен аталғанына қарамастан, туған жері Башқортостанда оның еңбектерін оқу да, есімін атау да қатаң тыйым салынды» [12]. Бұл деректер Ахмет-Заки Валидидің тұлғасы әртүрлі саяси ортада әрқалай бағаланғанын, ал оның шынайы ғылыми және саяси мұрасын түсіну үшін тарихи кезеңдердің ерекшеліктерін ескерудің шешуші маңызға ие екенін көрсетеді. Байқағанымыздай, бір жағынан, эмиграциялық басылымдарда оның саяси ұстанымдарына қатысты өткір сын-пікірлер айтылса, екінші жағынан, кейінгі зерттеулер кеңестік идеологиялық қысымның оның тарихи бейнесін мақсатты түрде бұрмалауға бағытталғанын айқындап отыр. Бұл жағдай қайраткердің қызметін бағалауда тарихи контекстердің шешуші рөл атқаратынын және оның мұрасын объективті зерделеу үшін көпқырлы дереккөздерге сүйенудің қажеттілігін айғақтайды.

Осы пікір алуандығы Ахмет-Заки Валидидің өз қолымен қалдырған құжаттық материалдарда да көрініс табады. Мәселен, оның Түркияда қамауда отырған кезде жазған өтінішінде: «мен ешқашан түркі әлемінің саяси бірлігі идеясын ұстанған емеспін және оның мүмкін еместігін "Бүгінгі Түркістан" кітабымда "Пантюркизм және пантуранизм" бөлімінде жазып, Англияның статистикасы мен Орта Азиядағы шекаралық мәселелерді қозғап айтып өткен болатынмын. Әрі мен түркі әлемінің бірлігі мәселесінде үнемі теріс көзқарас білдіріп, 1917 жылғы Мәскеудегі мұсылмандар съезінде Батыс және Шығыс түркілерінің бір мемлекетті құра алмайтындығын айтқанмын...» [3. – 3], - деп көрсетуі оның саяси ой-ұстанымдарының күрделілігін және әртүрлі жағдайларда өзгере отырып, уақытқа қарай қайта қаралып отырғанын дәлелдейді.

Бұл мәселеге қатысты зерттеуші М. Кульшарипов та Ахмет-Заки Валидидің түркі-мұсылман халықтары арасындағы «табиғи айырмашылықтарға» назар аударудың маңыздылығын атап өткенін және осы тұрғыдағы оның көзқарасы біртұтас түркі-мұсылман ұлты идеясымен үйлеспейтінін көрсеткенін жазған болатын [7. – 90].

Сонымен бірге, Ахмет-Заки Валиди өзінің шығармаларында жалпы түркі әлемінің рухани және мәдени бірлігін жоққа шығармайтынын атап өтеді. Ол: «түркі әдебиетінде мен әрқашан түркі халықтарының тілдік және мәдени бірлігін қолдап, осы мәселеге қатысты пікір білдіріп келдім» [3. – 3], - деп жазады. Бұл мәліметтер оның этносаяси құрылым жөніндегі көзқарастары мен түркі халықтарының ортақ мәдени-тілдік негізін жоғары бағалауы өзара қайшылық тудырмайтынын, керісінше, мәселенің түрлі деңгейлерін айқындауға бағытталғанын көрсетеді.

Осы тұрғыда Валидидің «Бүгінгі Түркістан» еңбегіндегі тұжырымдары да оның көзқарастарындағы жүйелілікті айқындайды. Автор түркі халықтарының ұлттық және мәдени мәселелерін ру-тайпалық жіктелімдер мен этнологиялық зерттеулер негізінде қарастырудың маңыздылығын атап өтеді. Ол қазіргі орта түріктер арасында қазақ, өзбек және татар сияқты түрлі әдеби дәстүрлер қалыптасқанымен, олардың болашақта ортақ «орта түрік» мәдени кеңістігі ретінде бірігу мүмкіндігін де жоққа шығармайды. Мұндай бірігу, оның пікірінше, ұлттық дәстүрлерді неғұрлым толық сақтаған қазақ, өзбек және ноғайлардың тілдік-мәдени мұраларының басымдығына сүйене отырып жүзеге асуы ықтимал еді. Сонымен қатар, ол орта түріктердің мәдени бірегейлігін сақтау жолында тарихи батырлар туралы дастандардың ерекше рөл атқаратынын атап көрсетіп, мәдени бірігудің саяси кедергілерден жоғары тұратын интеграциялық күш екенін негіздейді [13].

Алайда, XX ғасырдың басында мәдени бірегейліктің қалыптасуы тек ұлттық дәстүрлер мен тілдер негізінде ғана емес, сонымен қатар түрлі саяси ықпалдар мен идеялық ағымдардың әсерінен де жүзеге асуы мүмкін еді. Осы кезеңде түркі мұсылман халықтары арасында белсенді таралған қозғалыстардың қатарында исламшылдық пен түрікшілдік ерекше орын алды. Мысалы, зерттеушілер «түрікшілдік идеологиясын түркі халықтарының этникалық,

тілдік және мәдени бірлігін мойындауға негізделген идеялар жиынтығы ретінде қарастыруға болатынын атап өтеді. Бұл идеология олардың ынтымақтастығын, бірлігін, еркіндігі мен тәуелсіздігін қорғауды, сондай-ақ прогресс пен гүлденуге ұмтылуды насихаттайды [14]. Ал исламшылдық, өз кезегінде, мұсылман елдерінің саяси тәуелсіздігін қорғауды, исламдық құндылықтарды сақтауды мақсат етеді. Мұндағы маңызды жайт – «исламшылдық саяси дін ретінде тарихи контекстке байланысты әртүрлі түрлерге ие болуы» мүмкін [15].

Осы идеялық ағымдарға қатысты Ахмет-Заки Валидидің ұстанымы өзіндік ерекшелікке ие. Ол «саяси панисламшылдық» тұжырымдамасының негізінен Еуропа империалистерінің қиялдары мен күмәндарынан туындағанын атап өтеді. Оның пікірінше, бұл идеяның қалыптасуы еуропалық державалардың Шығысқа қатысты саяси амбицияларына негізделгенімен, Түркістанда кеңінен қолдау таппаған. Дегенмен, «пантұраншылдық» идеясын Еуропадағы пангерманшылдық пен панславяншылдық қозғалыстарының ықпалымен, әсіресе венгр ұлтшылдарының әсерімен қалыптасқанын атап өтеді. Сонымен қатар, Валиди пантүрікшілдік идеясының алғашқы ғылыми негіздемесін венгр ғалымы Вамберидің 1868-1874 жж. еңбектерімен байланыстырады. Бұл идеяны белгілі бір уақыт кезеңінде Ұлыбритания өзінің геосаяси мақсаттарына қолдағанын атап өтеді. Яғни, ол Осман империясын Ресейге қарсы Орта Азияда стратегиялық одақтас ретінде пайдалануды көздеген болатын» [13.–339]. Мұндай тұжырымдар оның идеологиялық ағымдарды тек тарихи-ғылыми тұрғыда бағалап, олардың түркі қоғамындағы шынайы рөлін саралауға ұмтылғанын айғақтайды.

Осыдан кейін Ахмет-Заки Валиди түркі қоғамының тарихи дамуын түсіндірудегі басты факторлардың бірі ретінде тіл мен мәдениеттің маңызын айқындайды. Ахмет-Заки Валидидің пайымдауынша, этномәдени құндылықтардың сақталуы халықтың саяси дербестігін қамтамасыз ететін негізгі алғышарттардың бірі болып табылады. Ол тарихи деректерге сүйене отырып, Қытайдағы Вэй әулеті кезеңінде түркі тайпалары мәжбүрлі ассимиляция нәтижесінде ана тілдік негізінен айырылғанымен, қолайлы жағдай туған сәтте ұлттық тілін де, дербестігін де қалпына келтіргенін көрсетеді. Ахмет-Заки Валиди бұл үдерісте буддизмнің ассимиляциялық ықпалын ерекше атап, оны халықты әлсіреткен фактор ретінде бағалайды. Оның пікірінше, түркі халықтарының мәдени және саяси тұтастығын сақтауда ислам діні біріктіруші және қорғаныш рөлін атқарады. Коммунизм уақыт өте келе дербес идеологиялық жүйе болу қабілетін жоғалтып, орыс империялық мүдделердің құралына айналады... Ахмет-Заки Валиди кеңестік ұлттық саясатты да сынға алады. Оның пайымдауынша, «Түркістан» ұғымының ресми қолданыстан алынып, оның орнына бірнеше жеке республиканың құрылуы кеңестік биліктің аймақтық тұтастықты әлсіретуге бағытталған стратегиясының бір бөлігі болды. Ол жасанды тілдік нормаларды қалыптастыру және жаңа әдеби тілдерді енгізу әрекеттері болашақта орыс тіліне толық көшуге негіз дайындау мақсатында жүргізілгенін атап өтеді [5.–278].

Сонымен қатар, Ахмет-Заки Валидидің пікірінше, большевиктік орталық биліктің арнайы шешімі негізінде Түркістан аймағына қатысты қолданылып келген «Түркістан» және «Түркрепублика» терминдерін ресми түрде саяси айналымнан алынып тасталып, олардың орнына «Орта Азия» атауы енгізілді. Бұл жаңа терминологиялық ұстаным әлемдік ғылыми әдебиетте әдетте Шығыс Түркістан, Моңғолия және Тибет өңірлерін қамтитын географиялық-мәдени кеңістікке қатысты қолданылатыны белгілі. Осылайша, кеңестік билік ұстанымы аймақтық атауды өзгерту арқылы өңірдің тарихи-өркениеттік тұтастығын әлсірету және оның дәстүрлі «Түркістан» ұғымымен байланысын қайта қарастыруды көздегенін көрсетеді [16]. Бұдан бөлек, «Орта Азия» атауы Сырдарияның төменгі ағысы, Арал теңізі маңы және Маңғышлақ өңірі сияқты кейбір аумақтарды қоспағанда, бұрынғы «Ресей Түркістаны» атауының орнына қолданылуға тиіс ұғым ретінде бекітілді. Мұндай терминологиялық өзгерістер кеңестік ұлттық-аймақтық межелеу саясатының құрамдас бөлігі ретінде аймақтың

тарихи атауын әкімшілік-идеологиялық мақсаттарға бейімдеу әрекеті ретінде бағалануы мүмкін.

Қорыта айтқанда, талдауға алынған материалдар түркі қоғамындағы саяси және идеологиялық ағымдардың, мәдени ерекшеліктердің және этносаяси өзгерістердің бір-бірімен тығыз байланыста екенін көрсетеді. Ахмет-Заки Валидидің қарастыруындағы мәселелер ұлттық сана қалыптасуына әсер еткен ішкі және сыртқы факторлардың құрылымын айқындайды. Оның тәжірибесі мен ғылыми ой-пікірлері аймақ тарихындағы маңызды құбылыстардың мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері түркі кеңістігіндегі ой-сана эволюциясының кездейсоқ емес екенін, оны геосаяси өзгерістер, отарлық саясат және рухани-мәдени процестердің өзара әрекеттесуі қалыптастырғанын көрсетеді. Сонымен қатар, Ахмет-Заки Валидидің көзқарастары сол дәуірдегі интеллектуалдық талқылаулардың деңгейін және аймақтық сәйкестіктің күрделі құрылымын айқындайды.

Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады: ұлттық идеялардың трансформациясы тарихи факторлардың жеке тұлғалардың өмірі мен ұстанымдарына ықпал етуімен тығыз байланысты дамыған. Сонымен қатар, түркі әлеміндегі мәдени-идеялық ізденістер көпқырлы әрі күрделі сипатқа ие болып, әртүрлі әлеуметтік, саяси және рухани процестердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасқанын байқауға болады.

Қорытынды

Зерттеу барысында талданған деректер Ахмет-Заки Валидидің саяси ұстанымдары мен ғылыми көзқарастары, ұлтшылдық бағытындағы қызметі бірнеше тарихи-идеологиялық контексттердің тоғысында қалыптасқанын көрсетеді.

Біріншіден, ол түркі халықтарының қоғамдық-саяси жаңғыру үдерістеріне тікелей араласқан тұлға ретінде аймақтық және империялық деңгейдегі өзгерістерге белсенді түрде ықпал еткен қайраткер болды.

Екіншіден, ұлттық қозғалыстардың қарқын алған кезеңде оның ұстанымдары заманауи саяси жағдайлар мен билік тарапынан көрсетілген қысымға байланысты үнемі қайта қаралып отырды, нәтижесінде оның көзқарастары кейбір өзгерістер байқалды.

Үшіншіден, Ахмет-Заки Валидидің еңбектері мен естеліктері XX ғасыр басындағы түркі әлеміндегі ұлттану, мәдени интеграция, аймақтық қайта құрылымдану секілді үдерістердің ішкі динамикасын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, оның идеялары мен іс-әрекеттеріне қатысты қарама-қайшы бағалаулардың болуы – саяси жағдайларға тәуелді интерпретациялардың нәтижесі екенін айғақтайды. Эмиграциялық ортадағы сындар мен кеңестік идеология ықпалының сондай бағалауларға әсер етуі Ахмет-Заки Валидидің тарихи бейнесін объективті зерттеу үшін кең ауқымды дереккөздерге сүйенудің қажеттілігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, оның тұлғасы түркі халықтарының саяси ойының қалыптасуы мен ұлттық сананың жаңғыру тарихындағы көпқырлы құбылыстарды түсіндіруге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми феномен болып табылады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының Ғылым және Жоғары білім министрлігіне қарасты Ғылым комитетінің қаржыландыруымен жүзеге асырылды (грант № ИРН AP23484987 «Исламшылдық, түрікшілдік және Алаш қозғалыстарының тарихы: дәстүрлер диалогы мен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың ерекшеліктері»).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Özsoy Emre. (2025) Zeki Velidi Togan'ın İl Gazetesinde Yayımlanan Yazıları (1913-1914). Bilig. № 114. P. 117-143.

2 А.А. Валидов - организатор автономии Башкортостана. У истоков федерализма в России (1917-1920). Документы и материалы. Ч.1 / Сост. Н. М. Хисматуллина, Р. Н. Бикметова, А. М. Галеева, Ю. Р. Сайранов. – Китап: – 2005. – 392 с.

3 Devlet Arşivleri Başkanlığı. 490-1-0-0/549-2195-2. Tutuklu bulunan Zeki Velidi Togan'ın dilekçesinin Genel Sekreterliğe sunulduğu. 31.01.1945. P.3-13.

4 Devlet Arşivleri Başkanlığı. HR.SYS. Rusya Matbuatı: İstanbul'daki Jön Türkler ile bağlantılı olarak Gaspıralı İsmail Bey'in riyaseti altında Kazan ve Orenburg'da zuhur Eden Genç Müslümanlar hareketi hakkındaki makalenin tercümesi ve raporu. (M-23-05-1911). P.1-2.

5 Заки Валиди Тоган. Вспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрков за национальное бытие и сохранение культуры / перевод с тур. А. Юлдашбаев. Ч.2. – Китап: – 1998. – 368 с.

6 Юлдашбаев А.М. Заки Валиди Тоган: ученый, политик, личность. – ИИЯЛ УНЦ РАН: –2015.– 100 с.

7 Кульшарипов М.М. Башкирское национальное движение (1917-1921 гг.). – Китап: – 2000. – 368 с. –

8 Байкара Т. Заки Валиди Тоган / Сост. и перевод на русс. Р. М. Булгакова, А. М. Юлдашбаева. – Китап: – 1998. – 328 с.

9 Национально-государственное устройство Башкортостана (1917-1925 гг.). Документы и материалы: В 4 т. / Авт.-сост. Б. Х. Юлдашбаев. Т. 1. – Китап: – 2002. – 608 с.

10 Шоқай М. Таңдамалы. Т.1. – Қайнар: – 1998. – 512 б.

11 Аяған Б.М. З-В. Тоғанның 1917-1930 жылдардағы қазақ автономистерімен саяси қарым-қатынасы (З-В. Тоғанның «естеліктер» екі томдығы негізінде). Отан тарихы.– № 27 (4). – 2024. – Б. 889-904.

12 Буканова Р.Г. Заки Валиди Тоган: прошлое и настоящее. Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. – Том 2 № 69. – 2021. – С. 148-156.

13 Вәлиди Әхмәтзәки. Бөгөнгө төркиле Төркөстан һәм якын тарихы. Көнбайыш һәи Төнъях Төркөстан. – Китап: – 2015. – 400 б.

14 Мухамметдинов Р.Ф. Зарождение и эволюция тюркизма (из истории политической мысли и идеологии тюркских народов: Османская и Российская империя, Турция, СССР, СНГ 70-е гг. XIX в. – 90-е гг. XXв.). – Заман: – 1996. – 272 с.

15 Семедов С.А. Исламизм и феномен политических религий. Россия реформирующаяся. - №11. – 2012. – С. 435-454.

16 Togan Z.V. (1960) Türk Türkistan. Toprak Yayınları: 40 p.

НАСЛЕДИЕ АХМЕТ-ЗАКИ ВАЛИДИ: ПЕРЕСЕЧЕНИЕ КУЛЬТУРНОГО ЕДИНСТВА И ПОЛИТИЧЕСКОЙ БОРЬБЫ

Аннотация

Исследование направлено на анализ политических позиций и националистической деятельности Ахмет-Заки Валиди в контексте политического сознания, национальных движений и процессов культурного возрождения тюркских народов в начале XX века. В начале XX века кризис автократической власти в Российской империи, особенно в регионах, населённых тюркско-мусульманскими народами, способствовал росту политической активности и усилению освободительных движений. Этот процесс открыл новые возможности для формирования и развития национального сознания и политической мысли. В данном историко-идеологическом контексте Ахмет-Заки Валиди активно способствовал продвижению идей национальной независимости тюркских народов и стимулированию процессов культурного возрождения. Цель исследования - проанализировать политические позиции и националистическую деятельность Ахмет-Заки Валиди в контексте историко-идеологических процессов начала XX века, выявить особенности его взглядов на национальное возрождение и культурное единство тюркских народов. Полученные результаты подчёркивают необходимость объективного изучения исторического образа Ахмет-Заки Валиди на основе разнообразных источников. Кроме того, они демонстрируют, что противоречивые оценки его личности являются результатом интерпретаций, зависящих от политической конъюнктуры. В исследовании применялся комплекс исторических, контекстуальных, сравнительных и источниковедческих методов, а полученные выводы были подтверждены архивными материалами. Это позволило всесторонне выявить формирование националистических взглядов и научных концепций Ахмет-Заки Валиди в историческом, политическом и культурном контексте.

Ключевые слова: Ахмет-Заки Валиди Тоган, национальное сознание, национальное движение, культурное возрождение, культурное единство.

THE LEGACY OF AHMET-ZAKI VALIDI: THE INTERSECTION OF CULTURAL UNITY AND POLITICAL STRUGGLE

Abstract

This study analyzes the political positions and nationalist activities of Ahmet-Zaki Validi within the context of political consciousness, national movements, and cultural revival among Turkic peoples in the early 20th century. At the beginning of the 20th century, the crisis of autocratic rule in the Russian Empire, particularly in regions inhabited by Turkic-Muslim populations, contributed to the growth of political activism and the intensification of liberation movements. This process created new opportunities for the formation and development of national consciousness and political thought. Within this historical and ideological context, Ahmet-Zaki Validi actively promoted national independence for Turkic peoples and encouraged cultural renewal. The aim of the study is to analyze Ahmet-Zaki Validi's political positions and nationalist activities in the context of early 20th-century historical and ideological processes, and to identify the specific features of his views on national revival and the cultural unity of Turkic peoples. The results highlight the significance of conducting an objective study of Ahmet-Zaki Validi's historical image using a diverse range of sources. They further suggest that divergent assessments of his persona often stem from interpretations influenced by the prevailing political context. The study employs a combination of historical, contextual, comparative, and source-critical methods, and the findings are corroborated by archival materials. This approach enables a comprehensive understanding of the formation of Ahmet-Zaki Validi's nationalist views and scholarly concepts within their historical, political, and cultural contexts.

Keywords: Ahmet-Zaki Validi Togan, national consciousness, national movement, cultural revival, Cultural unity.

REFERENCES

1 Özsoy Emre. (2025) Zeki Velidi Togan'ın İl Gazetesinde Yayımlanan Yazıları (1913-1914) [*Articles of Zeki Velidi Togan Published in İl Newspaper*]. Bilig. № 114. P. 117-143. [in Turkish]

2 A.A. Validov - organizator avtonomii Bashkortostana. U istokov federalizma v Rossii (1917-1920). [*A.A. Validov: Organizer of the Bashkortostan Autonomy. At the Origins of Federalism in Russia (1917–1920)*]. Dokumenty i materialy. CH.1 / Sost. N. M. Hismatullina, R. N. Bikmetova, A. M. Galeeva, YU. R. Sajranov. Kitap: 2005.392 p. [in Russian]

3 Devlet Arşivleri Başkanlığı. Tutuklu bulunan Zeki Velidi Togan'ın dilekçesinin Genel Sekreterliğe sunulduğu [*The petition of the detained Zeki Velidi Togan submitted to the General Secretariat*]. 490-1-0-0 / 549-2195-2. 31.01.1945. P. 3-13[in Turkish]

4 Devlet Arşivleri Başkanlığı. Rusya Matbuatı: İstanbul'daki Jön Türkler ile bağlantılı olarak Gaspıralı İsmail Bey'in riyaseti altında Kazan ve Orenburg'da zuhur Eden Genç Müslümanlar hareketi hakkındaki makalenin tercümesi ve raporu [*Russian Press: Translation and report of the article on the Young Muslims movement that emerged in Kazan and Orenburg under the leadership of Ismail Bey Gaspıralı, in connection with the Young Turks in Istanbul*]. HR.SYS. (M-23-05-1911). P. 1-2 [in Turkish]

5 Zaki Validi Togan. Vspominaniya. Bor'ba narodov Turkestana i drugih vostochnyh musul'man-tyurkov za nacional'noe bytie i sohranenie kul'tury [*Memoirs: The Struggle of the Peoples of Turkestan and Other Eastern Muslim Turks for National Existence and the Preservation of Their Culture*] / perevod s tur. A. Yuldashbaev. CH.2. Kitap: 1998. 368 p. [in Russian]

6 Yuldashbaev A.M. Zaki Validi Togan: uchenyj, politik, lichnost' [*Zaki Validi Togan: Scholar, Politician, and Personality*]. IIYAL UNC RAN: 2015. 100 p. [in Russian]

7 Kul'sharipov M.M. Bashkirskoe nacional'noe dvizhenie (1917-1921) [*The Bashkir National Movement (1917–1921)*]. Kitap: 2000. 368 p [in Russian]

8 Bajkara T. Zaki Validi Togan [*Zaki Validi Togan*]. Sost. i perevod na russ. R. M. Bulgakova, A. M. Yuldashbaeva. Kitap: 1998.328 p [in Russian]

9 Nacional'no-gosudarstvennoe ustrojstvo Bashkortostana (1917-1925 gg.) [*The National-State Structure of Bashkortostan (1917–1925)*]. Dokumenty i materialy: V 4 t. / Avt.-sost. B. X. YUldashbaev. T. 1. Kitap: 2002. 608 p.[in Russian]

10 Shoqai M. Tandamaly [*Selected*]. T.1. Qainar: 1998. 512 p [in Kazakh]

11 Ayagan B.M. Z-V. Togannyn 1917-1930 zhyldardagy qazaq avtonomisterimen sayasi qarym-qatynasy (Z-V. Togannyn «estelikter» eki tomdygy negizinde) [*Z-V. Togan's Political Relations with Kazakh Autonomies in 1917–1930 (Based on Z-V. Togan's Two-Volume Memoirs)*]. Otan tarihy. 2024. № 27 (4). P. 889-904 [in Kazakh]

12 Bukanova R.G. Zaki Validi Togan: proshloe i nastoyashchee [*Zaki Validi Togan: Past and Present*]. Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Istoricheskie i social'no-politicheskie nauki. Vol.2 № 69. 2021. P. 148-156 [in Russian]

13 Vəlidi Əhmətzəki. Bəgəngə tərkile Tərkəstan həm yakyn tarihy. Kənbajysh həi Tən"yah Tərkəstan [*Modern Turkestan and Recent History. Old and Eastern Turkestan*]. Kitap: 2015. 400 p [in Tatar]

14 Muhammetdinov R.F. Zarozhdenie i evolyuciya tyurkizma (iz istorii politicheskoj mysli i ideologii tyurkskih narodov; Osmanskaya i Rossijskaya imperiya, Turciya, SSSR, SNG 70-e gg. XIX v. 90-e gg. XX v.) [*The Emergence and Evolution of Turkism (from the History of Political Thought and Ideology of Turkic Peoples; Ottoman and Russian Empires, Turkey: USSR, CIS 70-e gg. XIX v. 90-e gg. XX v*].Zaman: 1996. 272 p. [in Russian]

15 Semedov S.A. Islamizm i fenomen politicheskih religii [*Islamism and the Phenomenon of Political Religions*]. Rossiya reformiruyushchayasya. №11. 2012. P. 435-454 [in Russian]

16 Togan Z.V. (1960) Türk Türkistan [*Turkic Turkestan*]. Toprak Yayınları: 40 p. [in Turkish]

Information about the author:

Ganizhamal Kushenova - **corresponding author,** candidate of Historical Sciences, associate professor, departments of History of Kazakhstan, L.N.GumilyovEurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: jamal-i@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9438-8381

Yerlan Abdraimov - Doctoral student at L.N. Gumilyov Eurasian National University, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

E-mail: erla-n@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2100-5615

Информация об авторах:

Ганижамал Кушенова - **основной автор,** кандидат исторических наук, ассоцированный профессор кафедры истории Казахстана, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, г. Астана, Казахстан

E-mail: jamal-i@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9438-8381

Ерлан Абдраимов - докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан.

E-mail: erla-n@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2100-5615

Автор туралы мәлімет:

Ғанижамал Көшенова - **негізгі автор,** тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

E-mail: jamal-i@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9438-8381

Ерлан Абдраимов - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

E-mail: erla-n@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2100-5615

ҒТАМР 13.09 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.06**
ӘОЖ 930.85

Д.Т. Куандыков[1*], Ұ.Т. Ахметова[1]

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы
*e-mail: dauren3228q@gmail.com

«МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ: АТЫРАУ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында 2004–2011 жылдары жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының Атырау облысындағы іске асырылу барысы өңірлік архив материалдары, ресми құжаттар және жергілікті билік органдарының есептері негізінде жан-жақты талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – бағдарламаның Атырау өңіріндегі тарихи-мәдени мұраны сақтау, қалпына келтіру, ғылыми зерттеу және насихаттау саласындағы нақты нәтижелерін айқындау, сондай-ақ оның өңірлік мәдениетке, тарихи сананың қалыптасуына және туризмнің дамуына тигізген ықпалын анықтау болып табылады.

Зерттеу барысында тарихи-ретроспективті, жүйелік, институционалдық және салыстырмалы әдістер кеңінен қолданылды. Мақалада аймақтық бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі, қаржыландыру тетіктері, мемлекеттік және жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат көлемі, сондай-ақ іске асырудың негізгі бағыттары егжей-тегжейлі қарастырылады. Реставрациялық жұмыстардың, археологиялық қазбалардың, тарихи ескерткіштерді құжаттау мен баспа жобаларының негізгі нәтижелері сарапталады.

Зерттеу нәтижелері Атырау облысында «Мәдени мұра» бағдарламасының тарихи-мәдени ескерткіштерді жаңғыртуға, ғылыми-зерттеу қызметін жандандыруға, жергілікті халықтың тарихи санасын нығайтуға және өңірдің мәдени имиджін көтеруге елеулі ықпал еткенін көрсетеді. Бағдарлама аясында бірқатар маңызды нысандар қалпына келтіріліп, жаңа ғылыми деректер алынды, бұл өңірдің мәдени мұрасын сақтау ісіне ұзақ мерзімді оң әсер етті.

Негізгі сөздер: Мәдени мұра, мемлекеттік бағдарлама, тарихи-мәдени ескерткіштер, археология, Атырау, ұлттық бірегейлік.

Кіріспе

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында ұлттық тарихи сананы жаңғырту, тарихи-мәдени мұраны сақтау және оны қоғамның рухани дамуының маңызды факторы ретінде қарастыру мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналған болатын. Кеңестік кезеңде идеологиялық шектеулерге байланысты жүйелі түрде зерттелмеген және екінші қатарға ығыстырылған тарихи-мәдени ескерткіштерді қайта зерделеу XXI ғасырдың басында өзекті ғылыми және әлеуметтік міндет ретінде айқындала түсті.

Осы үдерістің институционалдық негізі ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы №1277 Жарлығымен «2004–2006 жылдарға арналған “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Бағдарлама Қазақстанның материалдық және рухани мұрасын кешенді түрде зерттеуге, қалпына келтіруге және ғылыми айналымға енгізуге бағытталған алғашқы ірі мемлекеттік жоба болды. Оның жүзеге асырылуы республикалық деңгеймен қатар, өңірлік бағдарламалар арқылы нақты мазмұнға ие болған еді [1].

Аталған бағдарламаның аймақтық деңгейде іске асырылуы Қазақстан өңірлерінің тарихи-мәдени әлеуетін айқындауға мүмкіндік берді. Соның ішінде Атырау облысы көне тарихи-мәдени ескерткіштерге, археологиялық нысандарға және көрнекті тарихи тұлғаларға бай өңір ретінде ерекше ғылыми қызығушылық тудырды. Дегенмен «Мәдени мұра» бағдарламасының Атырау облысындағы жүзеге асырылу барысы мен нәтижелері арнайы кешенді зерттеу нысаны ретінде жеткілікті деңгейде талданбаған.

Осыған байланысты мақаланың мақсаты – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының Атырау облысындағы іске асырылуын архивтік деректер мен ресми

құжаттар негізінде талдау және оның өңірлік мәдени саясатты қалыптастырудағы рөлін айқындау болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер қойылды: Атырау облысы бойынша аймақтық бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізін қарастыру; бағдарламаның негізгі бағыттары мен іске асырылу тетіктерін талдау; тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін бағалау; бағдарламаның өңірдің тарихи санасын қалыптастырудағы маңызын айқындау.

Мақаланың ғылыми жаңалығы – Атырау облысындағы «Мәдени мұра» бағдарламасының жүзеге асырылуын өңірлік архив материалдары негізінде жүйелі түрде талдау және оның мәдени-рухани дамуға тигізген ықпалын кешенді түрде көрсету болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің деректік негізін Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына қатысты нормативтік-құқықтық актілері, Атырау облысы әкімдігінің аймақтық бағдарламаларды бекіту жөніндегі қаулылары, сондай-ақ Атырау облысының тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік органдарының 2004–2012 жылдар аралығындағы жылдық есептері құрады. Сонымен қатар Атырау облыстық мемлекеттік архивінің қорларындағы құжаттық материалдар, ғылыми экспедициялар есептері және музей қорларының мәліметтері пайдаланылды.

Зерттеу барысында тарихи-ретроспективті әдіс қолданылып, «Мәдени мұра» бағдарламасының Атырау облысындағы іске асырылуының кезеңдік ерекшеліктері анықталды. Жүйелік әдіс бағдарламаны өзара байланысты нормативтік, қаржылық және ұйымдастырушылық компоненттердің жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Институционалдық әдіс өңірлік деңгейде мәдени мұраны қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін талдауға қолданылды.

Сонымен қатар тарихи-салыстырмалы әдіс республикалық және аймақтық деңгейлердегі бағдарламалық іс-шаралардың ерекшеліктерін салыстыру үшін пайдаланылды. Архивтік деректерді талдау барысында дереккөздердің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында тарихилық және ғылыми объективтілік принциптері басшылыққа алынды.

Қолданылған дереккөздер мен зерттеу әдістері «Мәдени мұра» бағдарламасының Атырау облысындағы іске асырылуын кешенді түрде талдауға, оның өңірлік мәдени саясаттағы рөлін айқындауға және ғылыми негізделген тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын орындау аясында Қазақстанның барлық аймақтарында өңірлік бағдарламалар қабылданып, олар республикалық мәдени саясаттың жергілікті деңгейде жүзеге асырылуын қамтамасыз етті. Атырау облысында 2004–2006 жылдарға арналған өңірлік «Мәдени мұра» бағдарламасы заңнамалық және ұйымдық негізде дайындалып, облыстың тарихи-мәдени мұрасын қорғау мен тиімді қолдануға бағытталды. Бағдарламаның енгізілуі өңірде мәдени мұраны сақтау саласындағы жұмыстарды жүйелеуге мүмкіндік берді. Аталған өңірлік бағдарлама Атырау облысы әкімдігінің 2004 жылғы 27 сәуірдегі № 98-а қаулысымен мақұлданды және Атырау облыстық мәслихатының 2004 жылғы 26 мамырдағы № 131-III шешімімен бекітілді. Бағдарлама Атырау облысы Әділет департаментінде 2004 жылғы 7 шілдеде № 2046 нөмірімен тіркеуге алынды. Бірақ 2006 жылғы 18 қазандағы № 3-3333/06 хатқа сәйкес оның мемлекеттік тіркеуге жатпайтыны белгілі болды [2]. Десе де, бұл жағдай бағдарламаның құқықтық күшіне және оны жүзеге асыруға еш әсер еткен жоқ болатын. Өңірлік бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра»

бағдарламасын орындау бойынша іс-шаралар жоспарының 6.5.2-тармағына сай дайындалып, республикалық мәдени саясаттың жалғасы ретінде қалыптасты.

Атырау облысының 2004–2006 жылдарға арналған өңірлік «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты өңірдің рухани және білім беру салаларын өркендету арқылы тарихи-мәдени мұраны сақтау мен тиімді қолдануды қамтамасыз ету болды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бағдарламада бірқатар негізгі міндеттер нақты айқындалды. Олардың қатарында облыс аумағындағы тарихи-мәдени және сәулеттік ескерткіштерді қалпына келтіру мен жаңғырту, археологиялық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын тұрақты әрі жүйелі түрде жүргізу, ұлттық мәдениеттің, фольклордың, ауыз әдебиетінің және халықтық дәстүрлердің толыққанды зерттелуін қамтамасыз ету, ұлттық әдебиет пен жазба мұраның көркем және ғылыми басылымдарын шығару, мәдени мұраны қоғамдық санаға енгізу және оны ауқымды насихаттау, сондай-ақ тарихи дереккөздерді жинау, сақтау және ғылыми айналымға қосу міндеттері бар еді. Бұл міндеттердің барлығы Атырау өңірінің тарихи-мәдени мүмкіндіктерін толық ашуға және оны ұлттық деңгейде кеңінен танытуға бағытталған болатын.

Бағдарламаның қаржылық қолдауы бірнеше көзден қамтамасыз етілді. Жалпы көлемі 264,2 млн теңгені құраған қаржының ішінде республикалық бюджеттен 42,4 млн теңге, ал облыстық бюджеттен 221,8 млн теңге бөлінді. Бұл қаражат жыл сайын нақты жоспарланып, белгіленген шараларға сәйкес жұмсалды. Бағдарлама қабылданған кезде Атырау облысында тарих, археология, сәулет және монументалды өнер бойынша 444 тарихи-мәдени ескерткіш, 146 кітапхана, 6 музей және Сарайшық қалашығы негізіндегі бір қорық-музей тіркелген болатын. Алайда мәдени мұра саласында бірқатар өзекті мәселелер сақталып тұрды: ескерткіштердің көпшілігінің техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз еді, археологиялық нысандардың едәуір бөлігі толық зерттелмеген күйде қалып отырды, мәдени мұраны тұрақты насихаттау мен ғылыми басылымдар шығару ісі нашар дамыған болатын, ал өңірлік тарихты терең зерделеу жұмыстары да төмен деңгейде жүргізілуде еді. Осы кемшіліктердің барлығы Атырау облысында мәдени мұраны сақтау мен дамытуға арналған арнайы өңірлік бағдарламаны әзірлеудің қажеттілігін айқын көрсеткен болатын.

Тарихи-мәдени және сәулеттік ескерткіштерді қалпына келтіру мен жаңғырту бағдарламаның негізгі бағыттарының бірі ретінде ерекше назарға алынды. Осы бағытта Жұбан кесенесі мен Мұрат Мөңкеұлы кесенесінде жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Шернияз Жарылғасұлының мазары да толық қалпына келтірілді. Сонымен қатар Құрманғазы Сағырбайұлының, Исатай Тайманұлының, Нұрғиса Тілендиевтің және Г. Канцевтің бюсттері жаңартылып, қайта орнатылды. Аталған шаралардың барлығы ұлттық тарихи естелікті жаңғыртуға, ұрпақтар арасындағы рухани байланысты нығайтуға және өңірдің мәдени мұрасын болашақ ұрпаққа сақтап жеткізуге бағытталған еді [3].

2004-2006 жылдары археологиялық және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламаның маңызды бөлігі ретінде қарастырылды. Бағдарлама аясында Сарайшық қалашығында тұрақты археологиялық қазбалар жүргізілді. Ақтөбе-Лаэти қалашығында зерттеу жұмыстары орындалды. Атырау өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштерінің орналасу картасы жасалды. «Тарих тағлымы» атты ғылыми-зерттеу экспедициясы ұйымдастырылып, бірқатар ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді. Ұлттық рухани мұраны зерттеу және баспа жұмыстары бағдарламаның негізгі бағыттарының біріне айналды. «Өлке шежіресі» сериясы бойынша ондаған кітап шығарылды. «Атырау облысы» энциклопедиясы басылымға шықты. Өңірлік ақын-жазушылардың шығармаларынан тұратын көптомдық жинақтар жарияланды. Мұхит Қалимовтың сурет альбомы шығарылды. Фольклорлық мұралар жинақталып, жүйеленіп баспаға дайындалды.

Мәдени мұраны насихаттау бағдарлама аясында «Хан Ордалы Сарайшық», «Аралтөбенің Алтын адамы» және «Менің Қазақстаным» атты деректі фильмдер түсірілді.

Поэзия күндері ұйымдастырылды. Көрмелер мен байқаулар өткізілді. «Мәдени мұра» тақырыбындағы веб-сайт жұмыс істей бастады.

2004–2006 жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында орындалған шаралар Атырау өңірінің тарихын ғылыми тұрғыдан тереңдетіп зерттеуге елеулі мүмкіндік берді және өңірдің көне мәдени мұрасын жан-жақты тануға негіз қалады. Археологиялық қазба жұмыстары, тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру мен жаңғырту іс-шаралары, сондай-ақ ғылыми-ағартушылық жобалар мәдени мұраны сақтау мен оны қоғамдық игілікке айналдыруға нақты әрі практикалық үлес қосты. Атап айтқанда, Сарайшық қалашығындағы тұрақты және жүйелі қазба жұмыстары, Жұбан кесенесі мен Мұрат Мөңкеұлы кесенесін жөндеу және қалпына келтіру, сондай-ақ бірқатар тарихи тұлғаларға арналған ескерткіштер мен бюсттерді жаңарту өңірдің материалдық мұрасын қорғауға және ұрпақтарға жеткізуге бағытталған маңызды қадам болды. Бұл жұмыстардың нәтижелері бағдарламаның 2007–2011 жылдар аралығындағы мәдени саясат құжаттары мен іс-шаралар жоспарлары үшін әдістемелік және практикалық негіз құрып, кейінгі жылдардағы зерттеулерге жол ашты. Өңірлік «Мәдени мұра» бағдарламасы Атырау облысында тарихи сананы күшейтуге, ұлттық мәдени құндылықтарды сақтауға және жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге бағытталған тұрақты әрі ұзақ мерзімді жұмыстың бастауы болды.

Бағдарлама аясында облыста бірқатар маңызды ғылыми жобалар мен экспедициялар жүзеге асырылды. Мысалы, Батыс Қазақстан кешенді этно-археологиялық экспедициясы облыстың бірнеше ауданында ауқымды және көпжылдық зерттеулер жүргізді. Экспедиция нәтижесінде Жылыой, Мақат және Қызылқоға аудандарынан бұрын белгісіз болып келген ежелгі қоныстар, қорғандар мен қорымдар табылып, олардың тарихи-мәдени маңызы анықталды, сондай-ақ көне бейіттердегі эпиграфикалық жазулар мұқият зерделеніп, ғылыми айналымға енгізілді. Сонымен қатар Сарайшық қалашығында жүргізілген қазба жұмыстары XIII–XIV ғасырлардағы қала мәдениеті, қолөнер мен сауда байланыстары туралы жаңа деректер беріп, Ұлы Жібек жолы жүйесіндегі өңірдің тарихи орнын айқындауға мүмкіндік жасады. Бұл мәліметтер өңірдің тарихи-мәдени кеңістігін жаңа қырынан көрсетіп, археологиялық нысандардың зерттелу деңгейін едәуір арттырды және кейінгі ғылыми зерттеулер мен басылымдарға берік негіз болды.

Атырау облысының тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясы 2005–2006 жылдары облыс аумағында бірқатар маңызды мәдени-тарихи жобаларды іске асырды. Атап айтқанда, батыр Исатай Таймануғлының бюсті орнатылды. Махамбет Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы және Мұрат Мөңкеұлы сияқты тарихи тұлғаларға арналған мазарлар мен ескерткіштерде жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді (1 сурет). Сондай-ақ Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналған ескерткіштер қалпына келтіріліп, ақпараттық тақталар қойылған болатын [4].



1 сурет - Мұрат Мөңкеұлы мазары.

Ескерту: Сурет Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының мұрағат қорынан алынды және пайдалануға рұқсат берілген.

«Мәдени мұра» бағдарламасының Атырау облысындағы ерекшеліктерінің бірі жергілікті деңгейде тарихи тұлғаларды ұлықтау процесінен көрініс тапты. Индер ауданында 2005 жылы 2-ші дүниежүзілік соғыс батырларына және Социалистік Еңбек Ерлеріне арналған ескерткіш тақталар орнатылды. Атап айтқанда, КСРО Батырлары Б. Нысанбаев, И. Махорин және «Даңқ» орденінің толық кавалері Г. Шаминге арналған ескерткіш белгілер қойылды [5]. Бұл жұмыстардың бір бөлігі демеушілер қаражаты есебінен орындалды, бұл жергілікті бюджеттің шектеулі мүмкіндіктеріне қарамастан бағдарламаның қоғамдық қолдауға ие болғанын көрсетеді.

2005 жылы Атырау облысында «Мәдени мұра» бағдарламасының рухани-ағартушылық бағыты мұражайлар қызметі арқылы ауқымды түрде жүзеге асырылды. Мысалы, Махамбет ауданындағы мұражай базасында ел тарихы мен ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған бірқатар мәдени шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының мерейтойына орай «Ата Заң – құқықтық мемлекеттің іргетасы» атты іс-шара өткізіліп, тәуелсіз мемлекеттің қалыптасу кезеңдері кеңінен талқыланды [6].

Мұражай қызметкерлерінің бастамасымен дөңгелек үстелдер, баспасөз материалдары және танымдық экскурсиялар ұйымдастырылып, мәдени мұраны сақтау әр азаматтың конституциялық міндеті екені ерекше атап өтілді. Бұл шаралар «Мәдени мұра» бағдарламасының негізгі мақсатына – тарихи сананы қалыптастыруға және патриоттық тәрбиені күшейтуге қызмет етті. Аталған іс-шаралар өңірлік деңгейде тарихи естелікті жаңғыртуға және 2-ші дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің ерлігін кейінгі ұрпаққа жеткізуге едәуір үлес қосты [6-15].

2005 жылы Ресей Федерациясы Астрахан облысы Володар ауданындағы Алтынжар ауылында орналасқан Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы мемлекетаралық мәдени орталықтың ашылуы Қазақстанның трансшекаралық мәдени мұрасын сақтау және екі ел арасындағы мәдени ынтымақтастықты күшейту тұрғысынан маңызды оқиға болды. Мәдени орталықтағы музей экспозициясын музейлендіруді Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі құрған комиссия Атырау облыстық өлкетану музейінің директоры

Н. Өтегенбайұлының басшылығымен жүргізді. Музейдің ашылу рәсімінде ұлы күйшінің өмірі мен шығармашылығын растайтын сирек жәдігерлер көпшілік назарына ұсынылды. Олардың арасында Құрманғазының жеке қолданған мылтығы, суретші салған портреті, белгілі антрополог Шәкен Шахметовтің күйшінің бас сүйегін зерттеу негізінде

сомдаған мүсіні және қазақтың дәстүрлі ұлттық киімдері бар жылжымалы көрме болды. Бұл экспонаттар көпшіліктің қызығушылығын тудырып, тарихи құндылығымен ерекшеленді. Сондай-ақ Атырау облыстық музейінің қорында сақталған Құрманғазыға қатысты архив құжаттары, ескі фотосуреттер мен тарихи мәліметтер жаңа музейге сыйға тартылды [7].

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы жұмыстардың жалғасы ретінде 2005 жылы Ішкі Бөкей ордасының ханы Жәңгірдің ұрпақтары туралы құнды мәліметтер жинақталды. Ақтөбе қаласында тұратын Қаратай сұлтан тұқымының келіні Бағитжанова Бибіажармен байланыс орнатылу арқылы алынған материалдар музей қорын едәуір байытты.

Облыстық музейдің ғылыми қызметкері С. Сатыбалдиев Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының мамандарымен бірге Ұлы Жібек жолы бойындағы XIII–XIV ғасырларға жататын Сарайшық қалашығында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ өлке тарихына терең үңілген зерттеулер аясында емшілік, әулиелік қасиеттерімен және халыққа қайырымдылығымен танымал тұлғалар туралы мәліметтер жинақталып, ақпараттық беттерде мақалалар жарияланды. Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылғанына 10 жыл толуына орай шығарылатын кітапқа музей қызметкерлері ұлттық орталықтардың тарихы мен салт-дәстүрлері туралы сұрыпталған материалдарды қазақ және орыс тілдерінде дайындалып шығарылды [7-33].

Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихи-мәдени мұрасын сақтау, зерттеу және насихаттау бойынша жүйелі жұмыстар атқарды. 2004–2006 жылдардағы бағдарлама шеңберінде Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Батыс-Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі

З. Самашев) Сарайшықтағы қазба жұмыстарын жүргізіп, қаланың XIII–XVI ғасырлардағы урбанистикалық мәдениетін, сауда байланыстарын және нумизматикалық материалдарын ғылыми айналымға енгізді. Сарайшықтың нумизматикалық кешені Жошы ұлысы, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы кезеңдеріндегі саяси-экономикалық үрдістерді зерттеуде бірегей дерек болып табылады. Бұл материалдар Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен мәдени мұрасын байытудың маңызды бөлігі. Бұл жұмыстардың нәтижесі 2006 жылы «Монеты Сарайчика» ғылыми еңбегінің жарық көруі болды [8].

Бағдарламасы аясында музей-қорық тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, археологиялық барлау және реставрация жұмыстарын жүйелі жүзеге асыруда. Жайық өзенінің эрозиясынан жыл сайын 2–3 метр мәдени қабат жойылып жатқандықтан, цитадель солтүстік қақпасы мен хан сарайының қалдықтарын консервациялау және ішінара қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Сонымен қатар, халықаралық ынтымақтастық аясында (Татарстан, Түркия, Ресей) археологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, студенттердің тәжірибе өтуі қамтамасыз етілді.

2006 жылы Атырау облысында тарихи-мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізімі қайта жасалып, арнайы экспедициялар ұйымдастырылды. Археологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде қола дәуіріне жататын Төленшағыл және ортағасырлық Тасоба қоныстары анықталды. Бұл жаңа мәліметтер өңірдің ежелгі тарихына қатысты ғылыми тұжырымдар жасауға негіз болды [9].

2007–2009 жылдары облыстың Қарабау, Қаракөл, Қоныстау, Жасқайрат, Жангелдин, Миялы, Сағыз және Мұқыр селоларына экспедициялар жүргізіліп, Бесоба, Қырғынтөбе және басқа да ерте темір дәуіріне жататын қорғандар тобы ашылды. Осы жылы Жұбан кесенесінде қалпына келтіру жұмыстары орындалды, нысан қазақ дәстүрлі сәулет өнерінің ерекше үлгісі ретінде жаңғыртылды (Сурет 2) [10].




2 сурет - Жұбан кесенесі

Ескерту: Сурет Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының мұрағат қорынан алынды және пайдалануға рұқсат берілген.

2010–2012 жылдары тарихи-мәдени ескерткіштердің электрондық базасы дайындалып, қорғау тақташалары орнатылды, деректі фильмдер мен ғылыми жинақтар шығарылды. Бұл шаралар Атырау облысының мәдени мұрасын сақтаумен қатар, оны ауқымды насихаттауға және туристік мүмкіндіктерін арттыруға жағдай жасады [11].

2011 жылы облыс аумағында тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу жұмыстары тұрақты түрде жалғастырылды. Аталған кезеңде Зерттеу орталығының басшысы Ғ. Ысқақовтың жетекшілігімен орталық қызметкерлері мен Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің мамандары (К. Жылқышиев, М. Қасенов) бірлескен археологиялық экспедиция ұйымдастырды [12].

Экспедицияның негізгі әрі басты зерттеу нысаны ретінде Индер көлінің оңтүстік-батыс жағалауында орналасқан Қызылқабақ қорғаны таңдалды. Бұл нысан Атырау өңірінің ежелгі тарихын зерттеуде ерекше маңызға ие болып, оның географиялық орны мен морфологиялық ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан мұқият зерттеуді талап етті. Зерттеу жұмыстары барысында мұқият топографиялық сызбалар жасалды, қорғанның аумағы мен құрылымы жан-жақты картаға түсірілді, сондай-ақ оның морфологиялық сипаттамалары нақтыланып, толықтырылды. Атап айтқанда, қорғанның диаметрі 120 метрден асып түсетіні, ал биіктігі 5 метрден жоғары екені анықталды. Мұндай ірі көлемді ескерткіш өңірдегі ежелгі көшпелі қоғамдардың қоғамдық-саяси және рухани өмірінде маңызды рөл атқарғанын айғақтайды. Қазба жұмыстарының нәтижелері бұл нысанның архаикалық немесе ерте темір дәуіріне жататынын дәлелдеді. Алынған археологиялық материалдар — қыш ыдыстардың сынықтары, қару-жарақ элементтері мен басқа да тұрмыстық заттар — өңірдегі ерте темір дәуірі мәдениетінің сипатын айқындауға мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде Атырау өңірінің көне тарихын тереңірек зерделеуде өте маңызды дереккөз және ғылыми негіз болып табылады, сонымен қатар Каспий маңы аймағындағы ерте көшпелілер мәдениетінің даму ерекшеліктерін ашуға үлес қосады.

Сонымен қатар облыстық музей қызметкерлері XIII–XIV ғасырларға жататын Сарайшық қалашығында жүргізілген қазба жұмыстары барысында да құнды әрі маңызды мәліметтерді жинақтап, жүйеледі. Сарайшық — Алтын Орда дәуірінің ірі сауда және әкімшілік орталықтарының бірі ретінде белгілі. Қазба барысында табылған керамикалық бұйымдар, монеталар, сәулет құрылыстарының қалдықтары мен басқа да материалдық мәдениет ескерткіштері қаланың сол кездегі экономикалық және мәдени өмірі туралы нақты деректер берді. Бұл зерттеулер Атырау өңірінің Ұлы Жібек жолы жүйесіндегі тарихи орны мен рөлін анықтауға, оның халықаралық сауда және мәдени байланыстардағы маңызын ашуға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, Сарайшықтың Шығыс пен Батыс арасындағы транзиттік саудадағы орны, Қытай, Орта Азия, Иран және Еуропа елдерімен болған байланыстары ғылыми тұрғыдан нақтыланды. Мұндай деректер өңірдің

ортағасырлық тарихын ұлттық және халықаралық контекстте қарастыруға жаңа мүмкіндіктер ашты.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылған ғылыми-ағарту жұмыстары облыстың мәдени мұра саласындағы бұрыннан өзекті болып келген мәселелердің бір бөлігін шешуге нақты көмек көрсетті. Археологиялық нысандардың зерттелу деңгейі едәуір өсті, бұрын аз зерттелген немесе мүлде зерттелмеген ескерткіштер ғылыми айналымға енгізілді. Ғылыми басылымдардың саны айтарлықтай артты, жергілікті және республикалық деңгейдегі ғылыми журналдарда мақалалар жарияланып, монографиялар мен жинақтар шығарылды. Мәдени мұраны насихаттау және қоғамға жеткізу жұмыстары қарқын алып, кең ауқымды сипат алды: мұражай көрмелері, ғылыми-практикалық конференциялар, оқушылар мен студенттерге арналған ағарту іс-шаралары ұйымдастырылды. Нәтижесінде өңірдің рухани мүмкіндіктері мен бай тарихи мұрасы ұлттық және халықаралық деңгейде таныла бастады. Қоғамдық санада тарихи мұраға деген құрмет, жауапкершілік және сақтау сезімі күшейіп, тереңдей түсті. Жергілікті тұрғындар арасында өз өлкесінің тарихына қызығушылық артып, мәдени мұраны қорғау идеясы кең тарады.

Осылайша, 2004–2012 жылдар кезеңіндегі өңірлік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жүргізілген ғылыми-ағарту жұмыстары Атырау облысының мәдени-рухани дамуының маңызды әрі айтулы кезеңі болып табылады. Ол ұлттық мәдени саясаттың өңірлік деңгейде тиімді, нәтижелі және үлгілі түрде орындалған тәжірибесін айқын көрсетеді. Бағдарлама нәтижелері тек археологиялық зерттеулермен шектелмей, өңірдің тарихи бірегейлігін сақтау, ғылыми кадрларды дайындау және халықаралық ынтымақтастықты нығайту сияқты кешенді міндеттерді де қамтыды. Бұл тәжірибе кейінгі жылдардағы мәдени мұра саласындағы жұмыстарға негіз қалыптастырып, Атырау өңірінің тарихи-мәдени әлеуетін одан әрі дамытуға ықпал етті.

Қорытынды

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының Атырау облысындағы іске асырылуы өңірдің тарихи-мәдени мұрасын сақтау мен зерттеудің жүйелі негізін қалыптастырғанын көрсетті. Аймақтық бағдарлама нормативтік-құқықтық тұрғыда рәсімделіп, мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және ғылыми айналымға енгізу бағыттарындағы қызметті үйлестіруге мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері бағдарламаның тарихи-мәдени ескерткіштерді реставрациялау, археологиялық зерттеулер жүргізу және ғылыми-ағартушылық жобаларды іске асыру салаларында нақты нәтижелер бергенін дәлелдейді. Жұбан кесенесі, Мұрат Мөңкеұлы, Шернияз Жарылғасұлы сияқты тарихи тұлғаларға қатысты ескерткіштердің қалпына келтірілуі, Сарайшық пен өзге де археологиялық нысандардағы қазба жұмыстары өңірдің тарихи-мәдени кеңістігін ғылыми тұрғыда қайта зерделеуге негіз қалады.

Сонымен қатар бағдарлама аясында баспа ісінің жандануы, музей қызметінің кеңеюі және мәдени мұраны насихаттауға бағытталған жобалардың іске асырылуы Атырау облысында тарихи сананың нығаюына ықпал етті. Бұл үдерістер «Мәдени мұра» бағдарламасының өңірлік деңгейде тек мәдени нысандарды сақтау құралы ғана емес, қоғамдық санаға әсер ететін кешенді механизм болғанын көрсетеді.

Сонымен бірге зерттеу барысында бірқатар мәселелер анықталды: археологиялық зерттеулердің кейбір нысандарда жүйесіз жүргізілуі, реставрацияланған ескерткіштердің ұзақ мерзімді сақталуын қамтамасыз ету тетіктерінің жеткіліксіздігі және ғылыми нәтижелердің тұрақты институционалдық жалғасын табу қажеттілігі. Бұл жағдайлар мәдени мұраны қорғау саласында өңірлік деңгейде стратегиялық жоспарлауды жетілдірудің маңызын айқындайды.

Қорытындылай келе, Атырау облысындағы «Мәдени мұра» бағдарламасының тәжірибесі өңірлік мәдени саясатты іске асырудың тиімді үлгісін көрсетеді және кейінгі мемлекеттік бағдарламалар үшін әдістемелік негіз бола алады. Алдағы зерттеулерде

аймақтық бағдарламалардың ұзақ мерзімді әлеуметтік-мәдени әсерін салыстырмалы тұрғыда зерделеу өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы № 1277 Жарлығы // ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс] - URL: https://adilet.zan.kz (қаралу күні 07.09.2026)

2 Жанақова Н.Т. «Мәдени мұра» – ұлттық бірегей жоба // ISMO. – 2021. – №43.

3 «Тарихи-мәдени мұраны қорғау» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның 2004 жылы жасаған жұмысының есебі. – Атырау, 2005.

4 «Тарихи-мәдени мұраны қорғау» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2005 жылы жасаған жұмысының есебі. – Атырау, 2006.

5 Атырау облыстық мемлекеттік архиві (бұдан әрі қарай АОМА). 1019-қ., 3-т., 200-іс.

6 АОМА. 1019-қ., 3-т., 199-іс.

7 АОМА. 1019-қ., 3-т., 198-іс.

8 Самашев З., Бурнашева Р., Базылхан Н., Плахов В. Сарайшық тиындары / З. Самашев, Р. Бурнашева, Н. Базылхан, В. Плахов ; ғылыми ред. Е. Смағұлов. – Алматы, 2006. – 184 б.

9 Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясының 2006 жылы атқарған жұмысының есебі. – Атырау, 2007.

10 Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны корғау, калпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясының 2009 жылы атқарған жұмыстарының есебі. – Атырау, 2010.

11 Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясының 2010 жылы атқарған жұмыстарының есебі. – Атырау, 2011.

12 Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекциясының 2011 жылы атқарған жұмыстарының есебі. – Атырау, 2011.

ПРОГРАММА «КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ» И ЕЕ РЕЗУЛЬТАТЫ: НА ПРИМЕРЕ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

В статье на основе материалов региональных архивов, официальных документов и отчетов местных органов власти всесторонне анализируется ход реализации государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»), осуществленной в Республике Казахстан в 2004–2011 годы, на примере Атырауской области. Основной целью исследования является определение конкретных результатов программы в сфере сохранения, восстановления, научного исследования и популяризации историко-культурного наследия Атырауского региона, а также выявление ее влияния на региональную культуру, формирование исторического сознания и развитие туризма.

В ходе исследования широко применялись историко-ретроспективный, системный, институциональный и сравнительный методы. В статье подробно рассматриваются нормативно-правовая база региональной программы, механизмы финансирования, объемы средств, выделенных из государственного и местного бюджетов, а также основные направления ее реализации. Проанализированы основные результаты реставрационных работ, археологических раскопок, документирования исторических памятников и издательских проектов.

Результаты исследования показывают, что программа «Мәдени мұра» в Атырауской области оказала значительное влияние на модернизацию историко-культурных памятников, активизацию научно-исследовательской деятельности, укрепление исторического сознания местного населения и повышение культурного имиджа региона. В рамках программы был восстановлен ряд важных объектов, получены новые научные данные, что оказало долгосрочное положительное воздействие на дело сохранения культурного наследия региона.

Ключевые слова: Мәдени мұра, государственная программа, историко-культурные памятники, археология, Атырау, национальная идентичность.

THE PROGRAM «CULTURAL HERITAGE» AND ITS RESULTS: ON THE EXAMPLE OF ATYRAU REGION

Abstract

Based on regional archives, official documents, and local government reports, this article comprehensively analyzes the implementation of the State Program "Madeni Mura" ("Cultural Heritage"), carried out in the Republic of Kazakhstan between 2004 and 2011, with a specific focus on the Atyrau Region. The main purpose of the study is to determine the concrete results of the program in preserving, restoring, scientifically researching, and promoting the historical and cultural heritage of the Atyrau region, as well as to identify its impact on regional culture, the formation of historical consciousness, and the development of tourism.

During the research, historical-retrospective, systemic, institutional, and comparative methods were widely applied. The article details the regulatory and legal framework of the regional program, financing mechanisms, the volume of funds allocated from the state and local budgets, and the main directions of its implementation. The core outcomes of restoration works, archaeological excavations, documentation of historical monuments, and publishing projects are thoroughly examined.

The research findings demonstrate that the "Madeni Mura" program in the Atyrau region significantly contributed to the modernization of historical and cultural monuments, the revitalization of research activities, the strengthening of the historical consciousness of the local population, and the enhancement of the region's cultural image. Within the framework of the program, a number of important sites were restored and new scientific data were obtained, having a long-term positive effect on the preservation of the region's cultural heritage.

Keywords: Cultural Heritage, state program, historical and cultural monuments, archaeology, Atyrau, national identity.

REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasy Prezidentınıñ 2004 jylğy 13 qañtardağy № 1277 Jarlyğy // QR normativtık qūqyqtyq aktılerınıñ aqparattyq-qūqyqtyq jüiesı [*Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated January 13, 2004 No. 1277 // information and legal system of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan.*]. - Available at: - URL: https://adilet.zan.kz (accessed:07.09.2026) [in Kazakh]

2 Janaqova N.T. «Mädeni mūra» – ūlttyq bıregei joba [*Cultural heritage" – a national unique project*]// ISMO. – 2021. – №43 [in Kazakh]

3 «Tarihi-mädeni mūrany qorğau» komunaldyq memlekettık qazynalyq käsıpornynyñ 2004 jyly jasağan jūmysynyñ esebı [*Report on the work of the municipal state-owned enterprise "Protection of historical and cultural heritage" for 2004*]. – Atyrau, 2004 [in Kazakh]

4 «Tarihi-mädeni mūrany qorğau» komunaldyq memlekettık qazynalyq käsıpornynyñ 2005 jyly jasağan jūmysynyñ esebı [*Report on the work of the municipal state-owned enterprise " Protection of historical and Cultural heritage " for 2005*]. – Atyrau, 2005 [in Kazakh]

5 Atyrau oblystyq memlekettık arhivı [*Atyrau Regional State Archive*] (būdan ärı qarai AOMA). 1019-q., 3-t., 200-ıs [in Kazakh]

6 AOMA [*ARSA*] 1019-qor. 3-tızım, 199-ıs [in Kazakh]

7 AOMA *[ARSA]* 1019-qor. 3-tızım, 198-ıs [in Kazakh]

8 Samaşev Z., Burnaşeva R., Bazylhan N., Plahov V. Saraişyq tiyndary [*Sarayshyk coins*] / Z. Samaşev, R. Burnaşeva, N. Bazylhan, V. Plahov ; ğylymi red. E. Smağūlov. – Almaty, 2006. – 184 p [in Kazakh]

9 Atyrau oblysy tarihi-mädeni mūrany qorğau, qalpyna keltıru jäne paidalanu jönındegı memlekettık inspeksiasynyñ 2006 jyly atqarğan jūmysynyñ esebı [*Report on the work of the state inspectorate for the protection, restoration and use of historical and cultural heritage of Atyrau region in 2006*]. – Atyrau, 2006 [in Kazakh]

10 Atyrau oblysy tarihi-mädeni mūrany korğau, kalpyna keltıru jäne paidalanu jönındegı memlekettık inspeksiasynyñ 2009 jyly atqarğan jūmystarynyñ esebı [*Report on the work of the state inspectorate for the protection, restoration and use of historical and cultural heritage of Atyrau region in 2006*] – Atyrau, 2010 [in Kazakh]

11 Atyrau oblysy tarihi-mädeni mūrany qorğau, qalpyna keltıru jäne paidalanu jönındegı memlekettık inspeksiasynyñ 2010 jyly atqarğan jūmystarynyñ esebı [*Report on the work of the state inspectorate for the protection, restoration and use of historical and cultural heritage of Atyrau region in 2006*]. – Atyrau, 2011 [in Kazakh]

12 Atyrau oblysy tarihi-mädeni mūrany qorğau, qalpyna keltıru jäne paidalanu jönındegı memlekettık inspeksiasynyñ 2011 jyly atqarğan jūmystarynyñ esebı [*Report on the work of the state inspectorate for the protection, restoration and use of historical and cultural heritage of Atyrau region in 2006*] – Atyrau, 2012 [in Kazakh]

Information about authors:

Dauren Kuandykov - **corresponding author,** 1st-year PhD student at the Department of "History of Kazakhstan and World History", Khalel Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan.

E-mail: dauren3228q@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0002-0407-0316

Ulzhan Akhmetova - Doctor of Historical Sciences, Associate Professor at the Department of "History of Kazakhstan and World History", Khalel Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan.

E-mail: tulegenovna_u@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4274-8602

Информация об авторе:

Даурен Куандыков - **основной автор,** докторант 1-го курса кафедры «Истории Казахстана и всемирной истории» Атырауского университета имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: dauren3228q@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0002-0407-0316

Улжан Ахметова - доктор исторических наук, ассоцированный профессор кафедры «Истории Казахстана и всемирной истории» Атырауского университета имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: tulegenovna_u@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4274-8602

Авторлар туралы ақпарат:

Даурен Қуандықов - **негізгі автор,** «Қазақстан тарихы және дүниежүзілік тарих» кафедрасының 1-курс докторанты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы.

E-mail: dauren3228q@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0002-0407-0316

Улжан Ахметова – «Қазақстан тарихы және дүниежүзілік тарих» кафедрасының Тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы.

E-mail: tulegenovna_u@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4274-8602

ҒТАМР 03.20 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.07**
ӘОЖ 94(574)"1920/1930":37.014

М.С. Мирболатов[1], Ә.Қ.Шашаев[2]*, Н.Н.Нұрлыбек[3]

[1]Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
Алматы қ, 050000, Қазақстан Республикасы
[2]Әл Фараби атындағы BINOM SCHOOL мектеп- лицейі
Атырау қаласы, 060011, Қазақстан Республикасы.
[3]Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы
*e-mail: saken93.93@mail.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ зиялыларының мәдениет саласындағы қызметі тарихи үдерістің саяси және әлеуметтік қайшылықтарымен сабақтастығы арнасында қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі 1920 жылдары қазақ зиялылары кеңестік идеологиядағы мәдени институттардың мүмкіндіктерін ұлттық мәдениетті жаңғырту үшін бейімдеуге тырысқан, ал 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардағы идеологиялық бақылаудың күшеюі олардың шығармашылық, институционалдық еркіндіктерін шектегендігімен айқындалады. Сондықтан, зерттеудің мақсаты – кеңестік модернизация жағдайында ұлттық интеллигенцияның білім беру, қазақ тіліндегі оқулықтар мен ғылыми терминологияны қалыптастыру, баспасөз және кітап шығару, әдебиет, театр салаларындағы қызметтерді кешенді түрде талдау. Мақсатқа жету үшін үш міндет айқындалды: біріншіден, білім беру мен ұлттық мектептің іргетасын қалаудағы үлесін бағалау. Екіншіден, тіл, баспасөз, әдебиет және өнер салаларының өзара ықпалдастығын көрсету. Үшіншіден саяси-идеологиялық қысымның мәдени дамуға тигізген зардабын талдау. Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасұлы, Сәкен Сейфуллин сынды тұлғалардың қызмет жолын талқылау үшін отандық, шет елдік зерттеушілердің жұмыстарына шолу жасалды. Әдіс-тәсілдері ретінде, жүйелік және тұжырымдамалық тәсілдерді, тарихи-мәдени және салыстырмалы әдістерді қолдану кеңестік интеллигенцияның қалыптасуындағы ортақ үдерістерді, Қазақстанға тән ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік берді. Қазақстандық ерекшелік ұлттық шығармашылық және ғылыми интеллигенцияның қалыптасуына негіз болған бай гуманитарлық дәстүрдің болуымен және бұл үдерістің тікелей әкімшілік басқару жағдайында жүзеге асуымен сипатталды.

Негізгі сөздер: мәдениет, қазақ зиялылары, саяси қуғын-сүргін, оқу-ағарту, кеңестік модернизация.

Кіріспе

Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық келбетінің өзгеруі халықтың дүниетанымына терең із қалдырды. Бұл кезеңдегі түбегейлі реформалар қоғамдық сананың жаңаруына және тың идеялардың өмірге келуіне түрткі болды. Осы тұста қазақ зиялыларының шоғыры қалыптаса бастады. Олардың дүниетанымына батыстық демократиялық үдерістер, шығыстағы ұлт-азаттық қозғалыстар және патшалық биліктің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған наразылықтар ықпалин тигізді. Сонымен бірге, капиталистік қатынастардың орнығуы сауда саттықтың дамуы, көлік пен байланыс жүйесінің жетілуі мерзімді баспасөздің көбеюіне ықпал етті. Шетелдік капиталдың енуі мен жергілікті орыс буржуазиясы арасындағы бәсекелестік білім беру жүйесін, ақпарат құралдары мен коммуникация саласын жаңғыртуды күн тәртібіне қойды.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының саяси күресі ұлттық мүдде енді бостандық идеясына негізделеді. Олар отарлық езгіге қарсы тұрып, жеке тұлғаның құқығын қорғауды және ұлттық құндылықтарды жаңа заман талабына сай өзгертуді мақсат тұтты. Тарихи тұрғыдан алғанда, қоғамдық сілкіністер кезінде зиялылардың белсенділігі мемлекеттің даму бағытын белгілеп беріп отырды. Олар мемлекет пен адам арасындағы байланысты этикалық және әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан қарастыра білді. Қазақ зиялыларының басты тарихи жетістігі – тәуелсіз мемлекет құру идеясын ұлттық идеологияның негізіне айналдыру.

Мақаладағы зерттеудің басты мақсаты – XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы қазақ зиялыларының мәдениет саласындағы еңбегін саралап, олардың кеңестік жаңғыру мен ұлттық мүддені ұштастырудағы рөлін ашу. Бұл мақсатқа жету үшін үш бағыт айқындалды. Бірінші бағыт, білім беру мен ұлттық мектептің іргетасын қалаудағы үлесін бағалау. Екінші бағыт, тіл, баспасөз, әдебиет және өнер салаларының өзара ықпалдастығын көрсету. Үшінші бағыт – саяси-идеологиялық қысымның мәдени дамуға тигізген зардабын талдау. Зерттеудің негізгі тұжырымы бойынша, қазақ зиялылары – жаңа институттарды ұлттық құндылықтарды сақтап қалудың тетігі ретінде пайдалануға тырысқан белсенді тұлғалар. Алайда, саяси режимнің қатаңдануы бұл бастамалардың дамуына кедергі келтірді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

1920-1930 жылдардағы жазылған қазақ зиялыларының еңбектері, мерзімді басылымдары, мәдениет мекемелері жариялаған басылымдар, тәуелсіздік кезеңіндегі тарихи зерттеулер зерттеу мақаласының негізгі дерек көзі болды. Зерттеу нысаны – А. Байтұрсынұлының тіл, әліпби жөніндегі еңбектері, М. Жұмабаев пен Ж. Аймауытұлының мектеп мәселелері туралы жазбалары, педагогикаға қатысты еңбектері, М. Әуезов, С. Сейфуллин әдеби мәдени қызметке қатысты материалдары.

1920 жылдардағы салыстырмалы мәдени мүмкіндіктер мен 1930 жылдардағы орталықтандыру, құғын сүргін кезеңдерін салыстыру үшін проблемалық-хронологиялық әдіс қолданылды. Зиялы қауымның мәдени қызметіндегі ортақ белгілерін анықтау мақсатында тарихи және салыстырмалы әдіс пайдаланылды. Өмірбаяндық әдіс жеке тұлғалардың шығармашылық жұмысы арасындағы байланысты ескеруге мүмкіндік берді.

Мақалада "қазақ зиялылары" ұғымына ұлттық баспасөзде, мектептерде, ғылымда, әдебиетте, өнерде әлеуметтік маңызы бар зияткерлік қызметпен айналысқан тұлғалардың да қызметі қарастырылды. Мәдениет саласына тіл саясаты, оқулықтар жасау, мұғалімдерді даярлау, баспа ісі, әдебиет, театр, ғылыми терминология, фольклор мен тарихи мұраларды жинақтау сияқты салалар кірді. Осылайша, осы кезеңде мәдени құрылыс пен тәрбие жұмыстары бір-бірімен өшпес байланыста болды деп санауға болады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Ұлттық мектеп пен ағарту ісі. XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы мәдени трансформация үрдісіндегі басым бағыттар – халықтың сауаттылық деңгейін көтеру және ана тіліндегі білім беру жүйесін институционалдық тұрғыдан қалыптастыру болып табылды. Азамат соғысынан кейін және уақытша экономикалық күйзеліс кезінде Республикада мектеп ғимараттары, оқулықтар және мұғалімдер болған жоқ. Мұндай жағдайда ағарту ісі мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Бірақ қазақ ауылындағы білім берудің мазмұны мен тілін анықтау мәселесі тек әкімшілік шешіммен ғана орындалмас еді. Қазақ тілінің құрылымын ғылыми тұрғыдан ашу үшін әліпби, әдістемелік құрал, оқыту пәнінің терминологиясы мен грамматикасы маңызды болды. Бұл жұмыстың басында Ұлттық интеллигенция тұрды.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы әліпби мен тіл біліміне реформалар әкелді және оның еңбектері XX ғасырдың 20-жылдарында Қазақтардың практикалық қажеттіліктеріне қол жетімді мектепті бастаған кезде пайдалы болды. Байтұрсынұлы үшін ана тілінде сауат ашу ұлттық ойлау мен мәдени сабақтастықты сақтаудың шарты еді. Демек, оның оқулықтары мен тілдік норманың қалыптасуы Білім берудің ұлттық мазмұнын анықтады. 1920 жылы «Халық ағарту комиссариаты» жүйесіндегі қызметінің арқасында бұл идеяларды институттар деңгейіне көтеруге мүмкіндік туды. Қазіргі зерттеулерге сәйкес, Алаш зиялыларының тәжірибесі 1920-1930 жылдары зайырлы білім беру жүйесін құруда да маңызды болды. Maralbek Y. еңбегіне сүйенсек, «Оқу құралы» еңбегі 1912-1928 жылдар аралығындағы бірнеше басылыммен шыққан. Бұл осы құралдың ағарту тәжірибесінде ұзақ уақыт қолданылғанын білдіреді [1]. О. Мұхатованың архивтік материалдарды зерттеу

барысында қазақ тіліндегі оқулықтарды әзірлеу және залық ағарту жүйесін ұйымдастыру үдерісінде қазақ зиялыларының қызметі маңызды болғанын айқынайды [2].

Кейінгі зерттеулерде де 1920-1930 жылдарды жаппай сауаттандыру, қазақ тіліндегі оқулықтарды дайындау, әліпби реформасы ұлттық интеллигенция қызметімен қатар бір арнаға тоғысады [3]

Қазақ білім беру жүйесінің іргетасын қалауда М. Дулатұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, Қ. Кемеңгерұлы және Х. Досмұхамедұлы сынды тұлғалардың еңбегі зор. Олар жазған оқулықтар пәндік білімді дамытумен бірге, қазақ тілінің ғылыми лексикасын байытты. М. Жұмабаев педагогика мен психологияны қазақша жүйелесе, Ж. Аймауытұлы бала тәрбиесі мен оның жеке қабілеттерін психологиялық тұрғыдан зерттеді [4]. Ал Х. Досмұхамедұлы ғылым мен ағартушылықты ұштастыра отырып, жаратылыстану мен медицина саласындағы білімді қазақ тілінде насихаттады. Оның «Сана» журналы арқылы жүргізген жұмыстары оқулық жазу, терминология қалыптастыру және ғылыми қоғамдастық құру ісінің өзара тығыз байланыста болғанын көрсетеді [5].

1920 жылдары Қазақстандағы білім беру жүйесі екі бағытта дамыды: ересектердің сауатсыздығын жою және жаңа буын мұғалімдерін даярлау. Кең байтақ дала мен мамандардың тапшылығына қарамастан, қысқа мерзімді курстар мен педагогикалық оқу орындары арқылы білім берудің іргетасы қаланды. Бұл кезеңдегі зиялы қауым тек оқытумен шектелмей, оқулықтардың құрылымын, әдеби тіл нормаларын және білімді ұлттық болмысқа бейімдеу мәселелерін терең талқылады. Ағарту ісі ұлттық мәдениетті жаңғыртудың басты құралына айналды [6].

Тіл мәселесі мәдени құрылыстың ретінде сипатқа ие. Қазақ тілінің мемлекеттік мекемелерде, баспасөзде және мектептерде қолданылу аясының кеңеюі орфография, терминология және әліпби мәселелерін күн тәртібіне шығарды. А. Байтұрсынұлының тілдік тұжырымдамасы қазақ тілінің ғылыми сипаттамасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Ал 1920 жылдардың екінші жартысындағы латын графикасына көшу үдерісі мәдени саясаттағы ең күрделі кезеңдердің бірі болды. Бұл өзгеріс кітап қорының сабақтастығына, баспа ісіне және халықтың тарихи мұраға деген көзқарасына тікелей әсер етті. Зиялы қауым бұл өзгерістерді жай ғана техникалық қадам емес, ұлттық мәдениеттің жаңа сапаға көшуі ретінде қарастырды.

Ғылыми терминологияны қалыптастыру – сол кезеңдегі ауқымды интеллектуалды еңбек еді. А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы секілді тұлғалар медицина, биология, педагогика және тарих салаларындағы ұғымдарды қазақ тіліне бейімдеп, төл терминдер мен халықаралық сөздерді ұтымды үйлестірді. Олардың мақсаты – қазақ тілін тек күнделікті қарым-қатынас құралы емес, ғылым мен білімнің тіліне айналдыру болатын [7].

1930 жылдары тіл саясаты орталықтандырылған сипат алып, бүкілодақтық талаптар күшейгенімен, қазақ зиялылары салған ғылыми негіз өз құндылығын жоғалтпады. Олардың оқулық жазудағы, ғылыми ұғымдарды қазақшалаудағы тәжірибесі кейінгі гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының дамуына берік іргетас болды. Сондықтан, бұл кезеңдегі зиялылардың еңбегін тек әліпби ауыстырумен шектемей, қазақ тілінің ғылыми әлеуетін ашудағы тарихи миссиясы деп бағалаған жөн. Төменде 1-кестеде қазақ зиялыларының ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастыру тәжірибесіне мысалдар көрсетілген.

Кесте 1 - 1920-1930 жылдардағы қазақ зиялыларының ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастыру тәжірибесі [8].

Автор	Еңбегі, жылы	Ғылым саласы	Нақты мысалдар	Тарихи маңызы
А. Байтұрсынұлы	«Тіл-құрал», 1914–1928 жж.	Тіл білімі	зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу,	Қазақ тіл білімінің негізгі ұғымдарын ана тілінде жүйелеп, бүгінге дейін

	бірнеше рет басылды		қосымша, жалғау, жұрнақ, бастауыш, баяндауыш	қолданылатын терминдер қорын қалыптастырды
А.Байтұрсынұлы	«Оқу құралы», кейінгі басылымдары 1920-жылдары қолданылды	Әліпби, сауат ашу	буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыс, дәйекші, әріп	Сауат ашу үдерісіне қажетті ұғымдарды қазақша атаумен беріп, мектеп тілінің қалыптасуына негіз қалады
С. Қожанұлы	«Есеп тану құралы», 1924	Математика	жақша, айырым, алым, бөлім, өлшеуіш	Математикалық ұғымдарды қазақ тілінде оқытуға арналған пәндік терминдер қалыптастырылды
Ж. Күдерин	«Өсімдіктану», 1927	Ботаника	сабақша, тұқымша, аналық, аталық, тұқымдық, қаптауыш	Өсімдіктер құрылысын қазақша ғылыми тілмен сипаттаудың үлгісін көрсетті
Е. Омарұлы	«Пішіндеме», 1928	Геометрия	текше, тікше, қиықша, өлшемдік, өлшеуіш	Геометриялық ұғымдарды қазақ тілінде беру тәжірибесін дамытты
Ж. Аймауытұлы	«Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау», 1926	Психология	жанталдау, сондай-ақ мінез типтерін сипаттауда күйгелек, сарыуайымшыл, қызбалы, ыстық қанды, салқын қанды тәрізді атаулар қолданылды	Психологиялық құбылыстарды қазақ тілінде сипаттаудың алғашқы жүйелі тәжірибелерінің бірі қалыптасты
Х.Досмұхамедұлы	1920-жылдардағы ғылыми және оқу еңбектері	Медицина, жаратылыстану, тіл	Емле, фонетика, термин, әліпби, аударма мәселелерімен айналысып, медицина мен жаратылыстану білімін қазақ тілінде жеткізді	Арнайы ғылыми білімді қазақша беру мен салалық терминологияны дамытуға қатысты
Ескерту: Авторлармен құрастырылған				

1920-1930 жылдардағы баспасөз, кітап басу ісі және қоғамдық ой-пікір. Жиырмасыншы-отызыншы жылдары мерзімді баспасөз мәдениеттің басты қозғаушы күші болды. Газет-журналдар әдеби шығармалардың, ғылыми-публицистикалық мақалалардың, театр сыны мен қоғамдық пікірталастардың орталығына айналды. Мектептер мен кітапханалардың көбеюі оқырман қауымның қатарын арттырды. «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Сана», «Шолпан», «Жаңа мектеп» секілді басылымдар әрқайсысы өзіндік бағытымен ерекшелене отырып, тарих, тіл, этнография және өнер мәселелерін кеңінен қамтыды. Мысалы, Х. Досмұхамедұлы «Сана» журналы арқылы ағартушылық жұмыстарды жүйелесе, С. Сәдуақасұлы баспасөзді мемлекеттік даму, ұлттық кадрларды даярлау және экономикалық мәселелерді шешудің құралы ретінде пайдаланды.

Кітап шығару ісінің дамуы мәдени жаңғыруға серпін берді. Оқулықтармен қатар көркем әдебиет пен ғылыми еңбектер жарық көрді. Сол кезеңдегі зиялы қауым өкілдері бір мезгілде автор, аудармашы, редактор әрі ұйымдастырушы қызметін атқарып, әмбебап тұлға ретінде танылды. Өкінішке орай, баспасөздің еркін пікірталас алаңы ретіндегі ғұмыры ұзаққа бармады. 1920 жылдардың соңынан бастап әдебиет пен қоғамдық ойға таптық көзқарас үстемдік ете бастады. «Ұлтшыл», «Алашордашыл» деген сияқты саяси айыптаулар ғылыми және эстетикалық пікірталастарды тұншықтырды. С. Смағұлова бастаған зерттеушілер атап

өткендей, кеңестік идеология баспасөзді партиялық насихат құралына айналдырып, қазақ зиялыларын саяси қудалаудың негізгі тетігі ретінде қолданды [9]. Нәтижесінде, баспасөздің ағартушылық және пікірсайыстық рөлі жойылып, оның орнын қатаң идеологиялық бақылау басты.

Қазақ әдебиеті мен театрының 1920-30 жылдардағы дамуы. 1920 жылдар – қазақ әдебиеті мен театр өнерінің қалыптасып, жүйеленген кезеңі. Бұл тұста жазушылар жаңа қоғамдық тақырыптарға бет бұрғанымен, ұлттық тамырынан ажыраған жоқ. Мәселен, Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» арқылы тарихи жады мен модернизмді ұштастырса, Жүсіпбек Аймауытұлы «Қартқожа» романында әлеуметтік өзгерістердің адам тағдырына әсерін көрсетті. Мұхтар Әуезов болса, «Еңлік-Кебек» сынды туындыларында халықтық аңыздарды жаңаша интерпретациялап, дәстүрлі ортадағы қайшылықтарды терең зерттеді. Сол кезеңде әдебиеттің мақсатына қатысты екі түрлі көзқарас қақтығысты. Біріншісі – әдебиетті ұлттық тіл мен тарихи тәжірибені сақтайтын дербес өнер деп таныса, екіншісі – кеңестік идеологияның құралы ретінде қарастырды. 1920 жылдардың соңына қарай екінші бағыт үстемдік құрып, шығармашылыққа таптық тұрғыдан баға беру белең алды.

Кәсіби қазақ театрының негізі зиялы қауымның күш-жігерімен қаланды. 1926 жылы Қызылордада ашылған алғашқы кәсіби театр ұлттық өнерді жаңа сатыға көтерді. Театр репертуары екі арнада дамыды: бірі – фольклорлық-тарихи тақырыптар, екіншісі – жаңа қоғамдық өзгерістер. Жұмат Шаниннің режиссерлік шеберлігі [10] мен Әуезов, Аймауытұлы, Майлин, Мүсірепов сынды қаламгерлердің драматургиясы сахналық өнерді байытты. Театр сахнасы әдеби тілдің нормаларын қалыптастырып, халықтық өнер түрлерін (айтыс, шешендік, ән) кәсіби деңгейге көтерді. 1930 жылдардағы мәдени инфрақұрылым кеңейгеніне қарамастан, шығармашылық еркіндік біраз шектеулерге ұшырады. Социалистік реализмнің енгізілуі, орталықтандырылған басқару және саяси цензура көркемдік ізденістерге тұсау салды. Мәдени мекемелердің саны артқанымен, идеологиялық қысым салдарынан шығармашылықтың ауқымы тарылып, қайшылықты кезең орнады.

Қазақ зиялыларының мәдени-ағартушылық қызметі және ғылыми мұраны сақтау. Қазақ зиялыларының халықтық мұраны жинақтап, оны ғылыми жүйеге келтіруі ұлттық мәдениеттің іргетасын қалады. Кеңестік дәуірдегі қоғамдық құрылымның тез өзгеруі дәстүрлі құндылықтардың жойылып кету қаупін тудырды, сондықтан ауызша тарихты, шежіре мен этнографиялық деректерді қағазға түсіру өмірлік маңызға ие болды. Бұл тек өткенді дәріптеу емес, ұлттық тарихтың тереңдігін айқындап, оны келешек ұрпаққа жеткізуге бағытталған саналы қадам еді. Бұл бағытта Халел Досмұхамедұлының еңбегі зор. Ол фольклор мен тарихты зерттеп, «Мұрат ақынның сөздері», «Исатай-Махамбет», «Аламан» секілді құнды жинақтарды жарыққа шығарды. Оның қызметі ғылыми ізденіс пен мәдениетті сақтаудың ұштасқан үлгісі болды. Сонымен қатар, Мұхтар Әуезов ауыз әдебиеті мен Абай мұрасын зерттеу арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының іргетасын қаласа, Әлихан Бөкейханның этнографиялық және әдеби еңбектері сол кезеңдегі ғылыми ортаға зор ықпал етті, алайда саяси қысым оның толыққанды қызметіне кедергі келтірді. 1920-30 жылдары «Қазақстанды зерттеу қоғамы» секілді ұйымдар ғылым мен білімнің орталығына айналды. Олар өлкетану, этнография және тарих саласындағы мамандарды (мұғалімдер, дәрігерлер, зерттеушілер) біріктіріп, академиялық ғылым әлі қалыптаспаған тұста маңызды жұмыстар атқарды [11].

Ұлттық ғылымның дамуы тіл мәселесімен тікелей байланысты болды. Сол кезеңдегі зиялы қауым өкілдері маман тапшылығына байланысты бір мезгілде мұғалім, аудармашы, редактор әрі мемлекеттік қызметкер міндеттерін атқаруға мәжбүр болды. Бұл әмбебаптылық ұлттық мәдениеттің барлық саласын нөлден бастап құру қажеттілігінен туындады. Алайда, 1930 жылдары ғылыми база нығайғанымен, ұлт зиялыларының қуғын-сүргінге ұшырауы ғылыми сабақтастықтың үзілуіне және үлкен рухани шығынға әкелді.

1920-жылдардағы қазақ зиялыларының қызметі және кеңестік саясаттың өзгеруі. 1920-жылдардағы қазақ зиялыларының мәдени қызметін «кеңесшіл» немесе «оппозицияшыл»

деп қарапайым екі категорияға бөліп қарау қиын. Азамат соғысынан кейінгі кезең ұлттық автономияны нығайтуға, ана тіліндегі білім мен баспасөзді дамытуға мүмкіндік берді. Бұл зиялы қауым үшін ұлттық мәдениетті институттандырудың таптырмас кезеңі болды. Олардың басым бөлігі кеңестік жүйеде қызмет еткенімен, коммунистік идеологияны толық қабылдамады. Керісінше, олардың әрекеті «прагматикалық бейімделу» мен «халық мүддесіне қызмет ету» қағидаларына негізделді.

Мысалы, Смағұл Сәдуақасұлы жоғары лауазымды қызметте жүріп, ұлттық кадрларды даярлау мен мәдениетті өркендетуді басты мақсат етті. Ал Сәкен Сейфуллин кеңестік идеологияны жақтаса да, қазақ тілі мен әдебиетінің мемлекеттік деңгейде дамуына зор үлес қосты. Осылайша, саяси көзқарастары әртүрлі болғанымен, зиялылар ұлттық мүдде жолында ортақ мақсаттарды көздеді. 1920-жылдардың екінші жартысында саяси ахуал күрт өзгерді. Ф.Голощекиннің «Кіші Қазан» саясаты мен мәжбүрлі ұжымдастыру ұлттық зиялылардың еркін қызмет етуіне тосқауыл қойды. Бұрынғы мәдени-экономикалық бастамалар енді «саяси ауытқу» ретінде бағаланып, ұлттық бірегейлікті қорғаушылар «ұлтшыл» деп айыпталды. Алаш қайраткерлерінің өткен тарихы қылмыстық қудалауға негіз болды.

1928-1932 жылдары Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Халел Досмұхамедұлы сынды тұлғалар қуғын-сүргінге ұшырап, тұтқындалды немесе қызметінен шеттетілді. 1937-1938 жылдардағы репрессия толқыны одан әрі кеңейіп, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин секілді кеңестік кезеңнің көрнекті өкілдерін де жалмады. Бұл қуғын-сүргін тек «Алаш» зиялыларына ғана емес, жалпы ұлттық мәдениеттің дамуына бағытталған соққы болды. Нәтижесінде, зиялылардың еңбектеріне тыйым салынып, есімдері өшірілді, бұл ұлттың рухани дамуына орны толмас зиян тигізді.

1930 жылдардағы мәдени-институционалдық дамудан жаппай бас тарту тарихты анық көрсетеді. Мектептер, колледждер, театрлар, баспа бөлімдері мен ғылыми-зерттеу институттарының желісі кеңейтілді. Бірақ институционалдық дамудың саяси тұрғыдан құны қандай болды? Бір жағынан, жаңа мәдени инфрақұрылымының арқасында халық өнердегі білім мен кәсібилікке қолжетімділікті арттырды, ал екінші жағынан оның мазмұны өте қатаң идеологиялық бақылауда болды. Демек, 1920-1930 жылдардағы осы мәдени құбылыстың сипаттамасын жоғары және төмен деген бір ұғымға негіздеу мүмкін емес.

Қазақ зиялылары қызметінің тарихи тұрғыдан маңызы. Қазақ зиялы қауымның мәдени іс-әрекетінде бірқатар ортақ белгілер бар. Біріншіден, салалардың өзара байланысы. Байтұрсынұлы тек хат жазушы ғана емес, сонымен бірге ұйымдастырушы, редактор және оқу ісінің мұғалімі болған. Досмұхамедұлы тек медицина саласында ғана емес, сонымен қатар оқулықтар жасап, терминология, этнография және фольклортану бойынша жұмыс жасады. Аймауытұлы жазумен қатар педагогика және психология мәселелерін зерттеді. Әуезов те драматургиямен қатар әдебиеттанумен, фольклормен және театрмен айналысқан. Бұл әмбебаптық ұлттық мәдени инфрақұрылымды қалыптастыру процесінің объективті жағдайларының қажеттілігінен туындады.

Екіншіден, ана тілінің модернизацияның маңызды рөлі болып саналатындығы. Зиялы қауым өкілдері әдеби қазақ тілінде жаңа салада өз білімдерін көрсетуге тырысты. Дәстүрлі лексика ғылыми контексте жаңа мағыналармен кеңейтіліп, оқулықтар мен практикалық іс-шаралар арқылы қазақ тілінің ережелеріне сәйкес шетелдік терминдер енгізілді. Бұл жұмыс кейіннен ұлттық тәрбиенің лингвистикалық жүйесінің негізіне айналды. Үшінші ерекшелігі – бір-біріне жау жасаудың орнына дәстүр мен жаңашылдық арасындағы байланысты орнатуға тырысу. Кәсіби театрдың құрылуы, тарихи тұлғалардың мұралары мен фольклор жинағының жариялануы бір-біріне қайшы келмеді. Керісінше, ауызекі сөйлеу мәдениетінде жаңа кейіпте – баспа, мектеп, ғылым және сахнада жалғаса алатын элементтер болды. Ұлттық мәдениетті сақтауға анахронизм қол жеткізе алмады, өйткені мәдениетті сақтауға қол жеткізудің жалғыз жолы-оны ескі мекемелерден жаңаларына ауыстыру. Төртіншіден, мәдени қызмет саяси өлшемге ие болады. Тілді, әліпбиді, мектеп бағдарламасын немесе әдеби шығарманы

қабылдау Кеңестік жүйенің саяси беделінің стандарттарының біріне айналды. Осылайша, оның саяси тағдыры мықты діни және мәдени көшбасшы болған кәсіпқойдың таңдауына байланысты болды. Бұл байланыс 1930 жылдары болған қуғын-сүргін нәтижесінде шегіне жетті.

Бұл кезеңнің мысалы қазақ зиялыларының мұрасын зерттеу қазіргі тарихнама жағындағы институттар тарихынсыз әрең өмір сүретінін көрсетеді. Фигураның белгілі бір кітабына немесе қызметіне ерекше назар аударудан басқа, оның мектеппен, баспамен, ғылыми қоғаммен, театрмен, қоғамдық институтпен және кәсіпқойлармен байланысын ескеру қажет. Одан кейін 1920-1930 жылдардағы мәдени жаңғыру, жеке тұлғалардың жетістіктері ғана емес, сонымен қатар интеллектуалды экологияның жетістіктері де келеді. Төмендегі 2-кестеде қазақ зиялыларының сол жылдардағы мәдениет саласындағы қызмет еткен бағыттары жинақталды.

Кесте 2 - 1920-1930 жылдардағы қазақ зиялыларының мәдениет саласындағы негізгі бағыттары

Мәдени қызмет бағыты	Негізгі өкілдер	Нақты қызметі мен мысалдары	Қалыптасқан нәтиже	1930-жылдардағы өзгеріс
Ұлттық мектеп және ағарту	А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, Х. Досмұхамедұлы	Қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу, педагогикалық және психологиялық еңбектер жазу, ана тілінде білім беру мәселесін көтеру	Қазақ тіліндегі зайырлы білім беру мен ұлттық педагогикалық лексиканың негіздері қалыптасты	Білім беру жүйесі орталықтандырылып, оқу мазмұнына идеологиялық бақылау күшейді
Қазақ тілі, әліпби және терминология	А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Қожанұлы, Ж. Күдерин, Е. Омарұлы	Тіл білімі, медицина, математика, ботаника, психология салаларының қазақша терминдерін қалыптастыру; әліпби мен емле мәселелерін талқылау	Қазақ тілі білім мен ғылымды жеткізетін құрал ретінде қолданылып, салалық ғылыми лексика қалыптасты	Әліпби, емле және терминологияны реттеуде бүкілодақтық саясаттың ықпалы артты
Баспасөз және кітап шығару	Х.Досмұхамедұлы, С.Сәдуақасұлы, С.Сейфуллин және т.б.	«Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Сана», «Шолпан», «Жаңа мектеп» арқылы ағарту, тіл, әдебиет, тарих, мәдениет мәселелерін талқылау	Ұлттық қоғамдық пікір мен мәдени-ақпараттық кеңістік кеңейді	1920-жылдардың соңынан баспасөз партиялық-идеологиялық бақылау құралына айнала бастады
Әдебиет және драматургия	М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, М. Әуезов, Б. Майлин	«Батыр Баян», «Қартқожа», «Еңлік-Кебек» және басқа шығармалар арқылы тарихи жад, қоғамдық өзгеріс пен жеке адам мәселелерін көркем бейнелеу	Ұлттық әдебиеттің жанрлық және тақырыптық аясы кеңейіп, кәсіби әдеби орта қалыптасты	Әдеби шығармаларды бағалауда таптық-идеологиялық өлшемдердің ықпалы күшейді
Кәсіби театр	Ж. Шанин,	1926 ж. Қызылордада	Фольклор, тарихи сюжет, әдеби тіл мен	Театр мекемелері дамығанымен,

	М.Әуезов, Ж.Аймауытұлы, Б. Майлин	кәсіби қазақ театрының қалыптасуы; «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз», «Арқалық батыр» сияқты шығармалардың сахналануы	актерлік өнер кәсіби сахна кеңістігінде тоғысты	репертуар мен шығармашылық бағытқа идеологиялық талап күшейді
Ғылым, өлкетану және мәдени мұра	Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ә.Бөкейхан және Қазақстанды зерттеу қоғамының мүшелері	Фольклор, шежіре, этнографиялық және тарихи деректерді жинау; «Мұрат ақынның сөздері» (1924), «Исатай-Махамбет» (1925), «Аламан» (1926) жинақтарын жариялау	Дәстүрлі мұра ғылыми айналымға енгізіліп, өлкетану мен ұлттық гуманитарлық зерттеулердің деректік қоры толықты	Ұлттық ғылыми кадрларды құдалау ғылыми және мәдени сабақтастыққа кедергі келтірді
Мәдени-ұйымдастырушылық қызмет	С.Сәдуақасұлы, С.Сейфуллин және басқа зиялылар	Мемлекеттік мекемелерде ұлттық кадрлар, қазақ тілінің қолданылуы, білім және мәдениет мәселелерін көтеру	Зиялылар автор ғана емес, редактор, мұғалім, аудармашы, зертт	Ұлттық мәдени бастамалардың дербестігі тарылып, саяси сенімділік негізгі талаптардың біріне айналды
Ескерту: Авторлармен құрастырылған				

Қорытынды

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ зиялыларының мәдениет саласындағы қызметі ұлттық мәдениетті жаңа саяси және әлеуметтік ортаға бейімдеудің көп қырлы процесі болды. 1920 жылдардағы салыстырмалы институционалдық мүмкіндік қазақ тіліндегі мектептер мен оқулықтардың пайда болуына, ғылыми терминологияны әзірлеуге, кітап басылымдары мен мерзімді басылымдардың көбеюіне, кәсіби әдебиет пен театрды ұйымдастыруға, фольклор мен тарихи мұралар жинағына жол ашты. Бұл процестердің мазмұнына ұлттық интеллигенцияның іс-әрекеттері қатты әсер етті.

Мақалада қазақ зиялыларын тек кеңестік саясаттың құралы деп қарастырудың қателігі дәлелденеді. Олар мемлекеттік құрылымдарды пайдалана отырып, ұлттық тілді дамытуға, тарихи сабақтастықты сақтауға және ағартушылық ісін жүргізуге ұмтылды. Саяси көзқарастары әртүрлі болғанымен, олардың мәдени-әдеби мұрасы ұлттық мүддеге қызмет етті. 1920-1930 жылдардағы саяси қысым мен идеологиялық бақылау бұл үдерісті тоқтатты, ал зиялылар қауымы қуғын-сүргінге ұшырады. Соған қарамастан, олардың сол кезеңдегі ғылыми, әдеби және ұйымдастырушылық еңбектері кейінгі ұлттық мәдениеттің іргетасына айналды. Бұл кезең мұрағат деректеріне сүйене отырып, мәдени мекемелердің (мектеп, баспасөз, театр) өзара байланысын тереңірек талдауды қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Maralbek Y. (2025) Editions of the Work “Oku Kuraly” by Akhmet Baitursynuly: Bibliographic and Typographical Features. Eurasian Journal of Philology: Science and Education.

2 Мұхатова О.Х. Қазақстандағы 1920 жылдардағы оқу-ағарту. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. – №2 (135). – 2021.– Б. 35–47.

3 Baizhanova A.A., Shashaev A.K., Adilbekova Z.A. (2026) Educational Issues in Kazakhstan in the 1920s–1930s: Historical Analysis. Otan Tarihy.Vol. 29. No.1. P. 185–198.

4 Сарекенова Қ.Қ., Өсеров Б.М. М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі және терминология мәселесі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – №2. – 2025.

5 Халел Досмұхамедұлының ғылыми-ағартушылық қызметі. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. [Электрондық ресурс] – URL: https://atyrau.edu.kz/ Атырау университетінің материалы (қаралу уақыты: 09.09.2026).

6 Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / ред. алқасы С.К. Кеңесбаев және т.б.; Қазақ ССР Ғылым академиясы, Тіл білімі институты. – Алматы: Ғылым, – 1966. – 359 б.

7 Kulmanov S. (2021) The potential of the terminological fund of the Kazakh language (analysis of quantitative and qualitative indicators). Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. Vol. 136. No. 3. P. 50–62.

8 Zhumatov D., Abdrakhanov D. (2022) "Central Commission on the integration of Kazakh language into documentation management" and "Enbekshi Kazak". Journal of History. Vol. 105. No. 2. P. 157–168.

9 Smagulova S.O., Izbassarova G.B. (2021) Stalinist repressions in the periodical press (based on the materials of the periodical press of the 20–30s of the XX century). Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series. Vol. 135. No. 2. P. 79–90.

10 Sdykov M.N., Kalieva A.S. (2024) The Master of Theater Art – Zhumat Shanin. Bulletin of WKU. Vol. 95. No. 3. P. 141–149.

11 Шашаев Ә.Қ., Мрзабаева Р.Ж., Сүлеймен С. Қазақстанды зерттеу қоғамы: құрылуы мен қызметінің тарихы. (2021) Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Vol. 5. №393. P. 250–256.

ACTIVITIES OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA IN THE FIELD OF CULTURE IN THE 20-30S OF THE XX CENTURY

Abstract

The activity of the Kazakh intelligentsia in culture in the 1920s and 1930s is connected to the political and social contradictions of the historical process. In the 1920s, the Kazakh intelligentsia tried to adapt the capabilities of cultural institutions to Soviet ideology to modernize national culture. Still, it intensified ideological control in the late 1920s and 1930s limited their creative and institutional freedoms. Therefore, the purpose of this research article is to comprehensively analyze the activities of the National intelligentsia in education in the context of Soviet modernization, as well as the formation of textbooks and scientific terminology in the Kazakh language, press and book publishing, literature, and theater. To achieve the goal, three tasks were identified: first, to assess the contribution of education and the National School to the foundation. Second, to show the interaction among language, press, literature, and art. Third, to analyze the consequences of political and ideological pressure on cultural development. To discuss the activities of scientists such as Akhmet Baitursynovich, Khalel Dosmukhamedovich, Zhusipbek Aimauytovich, Magzhan Zhumabayev, Mukhtar Auezov, Smagul Sadvakasovich, and Saken Seifullin, we reviewed the work of domestic and foreign researchers. The use of systemic and conceptual approaches, along with historical, cultural, and comparative methods, allowed us to identify the general processes of the formation of the Soviet intelligentsia and the characteristic features of Kazakhstan. Kazakhstan's identity was characterized by a rich humanitarian tradition, which formed the basis for the development of the national creative and scientific intelligentsia, and this process was implemented under direct administrative management.

Keywords: sphere of culture, Kazakh intelligentsia, political repression, Cultural Institute, Soviet modernization.

КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В 20-30-Е ГОДЫ XX ВЕКА

Аннотация

Деятельность казахской интеллигенции в сфере культуры в 20-30-е годы XX века связана с политическими и социальными противоречиями исторического процесса. Это связано с тем, что в 1920-х годах казахская интеллигенция пыталась адаптировать возможности культурных институтов в советской идеологии для модернизации национальной культуры, а усиление идеологического контроля в конце 1920-х и 1930-х годах ограничивало их творческие, институциональные свободы. Поэтому цель исследовательской статьи-комплексный анализ деятельности национальной интеллигенции в сфере образования, образования учебников и научной терминологии на казахском языке, печати и книгоиздания, литературы, театра в условиях советской модернизации. Для достижения цели были определены три задачи: во-первых, оценить вклад образования и Национальной школы в закладку фундамента. Во-вторых, показать взаимодействие языков, прессы, литературы и искусства. В-третьих, анализ последствий политико-идеологического давления на культурное развитие. Для обсуждения деятельности таких ученых, как Ахмет Байтурсынович, Халел Досмухамедович, Жусупбек Аймаутович, Магжан Жумабаев, Мухтар Ауэзов, Смагул Садуакасович, Сакен Сейфуллин, был проведен обзор

работ отечественных и зарубежных исследователей. Применение системных и концептуальных подходов, историко-культурных и сравнительных методов позволило выявить общие процессы формирования советской интеллигенции, характерные особенности Казахстана. Казахстанская специфика характеризовалась наличием богатой гуманитарной традиции, которая легла в основу формирования национальной творческой и научной интеллигенции, и осуществлением этого процесса в условиях прямого административного управления.

Ключевые слова: сфера культуры, казахская интеллигенция, политические репрессии, институт культуры, советская модернизация.

REFERENCES

1 Maralbek Y. (2025) Editions of the Work “Oku Kuraly” by Akhmet Baitursynuly: Bibliographic and Typographical Features. Eurasian Journal of Philology: Science and Education. [in English]

2 Mukhatova O.Kh. Qazaqstandagy 1920 zhyldardagy oqu-agartu [*Education in Kazakhstan in the 1920s*]. L.N. Gumilyov atyndagy Euraziya ulttyq universitetinin Khabarshysy. Tarikhi gylymdar. Filosofiya. Dintanu seriyasy. №2 (135). 2021. P. 35–47. [in Kazakh]

3 Baizhanova A.A., Shashaev A.K., Adilbekova Z.A. (2026) Educational Issues in Kazakhstan in the 1920s–1930s: Historical Analysis. Otan Tarihy. Vol. 29. No. 1. P. 185–198. [in English]

4 Sarekenova Q.Q., Oserov B.M. M. Zhumabaevtyn “Pedagogika” enbegi zhane terminologiya maselesi [*M. Zhumabayev’s work “Pedagogy” and the problem of terminology*]. L.N. Gumilyov atyndagy Euraziya ulttyq universitetinin Khabarshysy. №2. 2025. [in Kazakh]

5 Khalel Dosmukhamedulynyn gylymi-agartushylyq qyzmeti [*Scientific and educational activities of Khalel Dosmukhameduly*]. Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov. Available at: – URL: https://atyrau.edu.kz/ Atyrau University [in Kazakh]. (accessed: 09.09.2026).

6 Zhubanov Q.Q. Qazaq tili zhonindegi zertteuler [*Studies on the Kazakh language*] / ed. S.K. Kenesbaev et al.; Qazaq SSR Gylym akademiyasy, Til bilimi instituty. Almaty: Gylym. 1966.359 p. [in Kazakh]

7 Kulmanov S. (2021) The potential of the terminological fund of the Kazakh language (analysis of quantitative and qualitative indicators). Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. Vol. 136. No. 3. P. 50–62. [in English]

8 Zhumatov D., Abdrakhanov D. (2022) “Central Commission on the integration of Kazakh language into documentation management” and “Enbekshi Kazak”. Journal of History. Vol. 105. No. 2. P. 157–168. [in English]

9 Smagulova S.O., Izbassarova G.B. (2021) Stalinist repressions in the periodical press (based on the materials of the periodical press of the 20–30s of the XX century). Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series. Vol. 135. No. 2. P. 79–90. [in English]

10 Sdykov M.N., Kalieva A.S. (2024) The Master of Theater Art – Zhumat Shanin. Bulletin of WKU. Vol. 95. No. 3. P. 141–149. [in English]

11 Shashaev A.Q., Mrzabaeva R.Zh., Suleimen S. Qazaqstandy zertteu qogamy: quryluy men qyzmetinin tarikhy [*Society for the Study of Kazakhstan: history of its formation and activities*]. Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Vol. 5. №393. 2021. P. 250–256. [in Kazakh]

Information about authors:

Auezhan Shashayev – **corresponding author,** Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Sh.Sh. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Republic of Kazakhstan.

E-mail: shashaevauezhan@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4902-0120

Saken Mirbolatov - 2nd-year PhD student, Department of History of Kazakhstan and World History, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan.

E-mail: saken93.93@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0001-2488-2138

Nurlybek Nurbek – Master of Historical Sciences, BINOM SCHOOL named after Al-Farabi, Atyrau, Republic of Kazakhstan.

E-mail: nurlybeknurbek0709@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0003-0913-1314

Информация об авторах:

Ауэзхан Шашаев – **основной автор,** кандидат исторических наук, ассоцированный профессор института истории и этнологии им. Ш. Ш. Уалиханова, Алматы, Республика Казахстан

E-mail: shashaevauezhan@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4902-0120

Мирболатов Сәкен - докторант 2-го курса кафедры «История Казахстана и всемирная история», Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: saken93.93@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0001-2488-2138
Нурлыбек Нурбек – магистр исторических наук, Школа БИНОМ им. Аль-Фараби, г.Атырау, Республика Казахстан.
E-mail: nurlybeknurbek0709@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0009-0003-0913-1314

Авторлар туралы ақпарат:
Әуезхан Шашаев – **негізгі автор,** тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: shashaevauezhan@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4902-0120
Мирболатов Сәкен - «Қазақстан тарихы және дүниежүзілік тарих» кафедрасының 2-курс докторанты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы.
E-mail: saken93.93@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0009-0001-2488-2138
Нұрлыбек Нұрбек – тарих ғылымдарының магистрі ,Әл-Фараби атындағы BINOM SCHOOL мектеп- лицейі, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы.
E-mail: nurlybeknurbek0709@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0009-0003-0913-1314

ҒТАМР 03.20 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.08**
ӘОЖ 94(574)

С.О.Қуаныш[1], С.К.Нысанова[1], Г.А.Джамбаулова[*1]

[1]Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 00060, Қазақстан Республикасы
[*]e-mail: gula-12345@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТАРИХ ПӘНІ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ (1991–2017 ЖЖ.)

Аңдатпа

Мақалада 1991–2017 жылдар аралығындағы Қазақстанның орта білім беру жүйесінде тарих пәні оқу бағдарламаларының жаңғыруы нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде талданады. Зерттеудің мақсаты – тәуелсіздік кезеңінде тарихты оқытудың мақсаттары, мазмұнды іріктеу қағидаттары және жоспарланған оқу нәтижелері қалай өзгергенін анықтау. Деректік негізге 1992, 1999 және 2007 жылдардағы білім туралы заңдар, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары, 2012 жылғы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт пен үлгілік оқу жоспарлары, 2013 жылғы үлгілік пән бағдарламалары және 2016–2017 жылдары жаңартылған мазмұнды енгізуге байланысты актілер енгізілді. Тарихи-салыстырмалы, хронологиялық, жүйелік және нормативтік құжаттарға сапалық контент-талдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде өзгерістер төрт кезеңге бөлінді: ұлттық мазмұнды қалыптастыру; стандарттау мен институционалдық орнықтыру; нәтижеге бағдарланған модельге алғышарт жасау; жаңартылған білім мазмұнына көшу. Талдау тарих бағдарламаларының деректер мен оқиғаларды меңгертетін желілік үлгіден тарихи ойлау әрекеттеріне, зерттеу сұрақтарына және өлшенетін оқу мақсаттарына бағдарланған модельге қарай өзгергенін көрсетті. Сонымен қатар ұлттық тарихтың дербес маңызы сақталып, Қазақстан тарихын дүниежүзілік үдерістермен байланыстыру күшейді. Зерттеу қорытындылары тарихты оқыту тарихын кезеңдеуге және оқу бағдарламаларын жетілдіруде мазмұн сабақтастығын бағалауға мүмкіндік береді.

Негізгі сөздер: Қазақстан тарихы, орта білім, оқу бағдарламасы, мемлекеттік стандарт, жаңартылған білім мазмұны, тарихи сана.

Кіріспе

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін мектептегі тарих білімінің мазмұнын қайта құру мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар міндетке айналды. Кеңестік кезеңде қалыптасқан түсіндіру схемалары жаңа мемлекеттің саяси-құқықтық болмысына, ұлттық тарихты дербес баяндау талабына және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мақсатына толық жауап бере алмады. Сондықтан тарих пәнінің мазмұнын жаңарту тек жекелеген тақырыптарды алмастырумен шектелмей, білім саясатының құқықтық негізін, пәннің мақсаттарын, оқыту логикасын және күтілетін нәтижелерді кезең-кезеңімен қайта қарауды қамтыды.

1992 жылғы «Білім туралы» заң тәуелсіз мемлекеттің білім жүйесін құқықтық тұрғыдан қалыптастырудың бастапқы негізін қалады [1]. 1999 жылғы жаңа заң білім беру деңгейлері мен мемлекеттік стандарттау тетіктерін нақтылады [2]. 2007 жылғы «Білім туралы» заң білім мазмұнын мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар және жалпы білім беретін оқу бағдарламалары арқылы реттейтін бірізді жүйені бекітті [3]. Бұл өзгерістер тарих пәнінің бағдарламаларына да тікелей әсер етті: ұлттық тарихтың мәртебесі нығайып, пән мазмұнын стандарттау, оқу жүктемесін жоспарлау және оқушының даярлық нәтижесін белгілеу тетіктері қалыптасты.

2000-жылдардың ортасынан бастап білім сапасын халықаралық үрдістермен үйлестіру, 12 жылдық оқытуға көшуге дайындық, ақпараттық ортаны кеңейту және құзыреттілік тәсілді енгізу мәселелері күн тәртібіне шықты. 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама білім жүйесін жаңғыртудың кешенді бағытын белгіледі [4], ал 12 жылдық жалпы орта білімге көшу жөніндегі іс-шаралар жоспары мазмұн мен оқыту нәтижесін қайта жобалауға институционалдық алғышарт жасады [5]. 2011–2020 жылдарға арналған бағдарламада білім сапасы, функционалдық сауаттылық және нәтижеге бағдарлану басымдықтары бекітілді [6].

Тақырып бойынша еңбектерде тәуелсіз Қазақстандағы тарихи сананың жаңғыруы, мектеп оқулықтарының мазмұны және білім реформалары жиі қарастырылады. Алайда 1991–2017 жылдардағы тарих пәні бағдарламаларының эволюциясын білім туралы заңдардан бастап жаңартылған бағдарламаларға дейінгі нормативтік сабақтастық аясында тұтас қарастыру жеткіліксіз. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – орта білімдегі тарих пәні оқу бағдарламаларының жаңару кезеңдерін анықтап, әр кезеңдегі мақсаттық, мазмұндық және нәтижелік өзгерістерді салыстыру. Бұл мақсатқа жету үшін нормативтік базаның өзгерісін жүйелеу, бағдарламаларды құру логикасын салыстыру және 2016–2017 жылдардағы жаңартудың бұрынғы кезеңдермен сабақтастығын бағалау міндеттері қойылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу сапалық тарихи-педагогикалық талдау түрінде жүргізілді. Негізгі материал ретінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған құжаттар пайдаланылды. Деректер корпусына үш білім туралы заң, 2005–2010, 2011–2020 және 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалар, 2012 жылғы № 1080 мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, 2012 жылғы № 500 үлгілік оқу жоспарлары, 2013 жылғы № 115 үлгілік оқу бағдарламалары және оларға 2016–2017 жылдары енгізілген өзгерістер кірді [1.-6]. Құжаттарды іріктеу өлшемдері: орта білім мазмұнына тікелей қатыстылығы; тарих пәнінің оқу жоспары немесе бағдарламалық моделіне ықпалы; 1991–2017 жылдар аралығында қабылдануы немесе сол кезеңдегі реформаны реттеуі; ресми мәтінінің қолжетімді болуы.

Хронологиялық әдіс нормативтік шешімдердің қабылдану ретін қалпына келтіруге қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс әр кезеңдегі бағдарламалық үлгінің айырмашылықтары мен сабақтастығын айқындады. Жүйелік тәсіл заң, мемлекеттік бағдарлама, стандарт, үлгілік оқу жоспары және пән бағдарламасы арасындағы иерархиялық байланысты қарастыруға мүмкіндік берді. Сапалық контент-талдауда бес өлшем пайдаланылды: пәннің мақсаты; мазмұнды ұйымдастыру тәсілі; Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихының арақатынасы; оқушы әрекетіне қойылатын талап; оқу нәтижесін тұжырымдау формасы. Нормативтік актілердің кейін күшін жоюы оларды зерттеу корпусынан шығаруға негіз болған жоқ, өйткені талдау олардың белгілі бір тарихи кезеңдегі реттеуші қызметіне бағытталды.

Зерттеудің шектеуі – 1990-жылдардағы жекелеген жұмыс оқу бағдарламаларының барлық редакцияларының бірыңғай цифрлық қорда толық сақталмауы. Сол себепті алғашқы кезең бойынша тұжырымдар заңнамалық өзгерістер мен кейінгі стандарттау құжаттарының ретроспективалық сабақтастығына сүйеніп жасалды. Бұл шектеу нақты мектептердегі бағдарламаларды іске асыру тәжірибесін емес, мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалық саясаттың эволюциясын зерттеу нысаны ретінде белгілеуді талап етеді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Нормативтік құжаттарды салыстыру тарих пәні бағдарламаларының жаңғыруын бір сәттік реформа емес, өзара байланысты төрт кезеңнен тұратын үдеріс ретінде сипаттауға мүмкіндік берді. Кезеңдердің шекарасы жаңа заңның, стандарттың немесе пән бағдарламасының қабылдануымен ғана емес, бағдарламаны құру логикасының өзгеруімен белгіленді.

Кесте 1 - 1991–2017 жылдардағы тарих пәні бағдарламаларының жаңару кезеңдері

Кезең	Нормативтік негіз	Басым өзгеріс	Бағдарламалық нәтиже
1991–1998	1992 жылғы білім туралы заң	Ұлттық мазмұнды қалыптастыру, бұрынғы идеологиялық шектеулерді қайта қарау	Қазақстан тарихының дербес танымдық және тәрбиелік маңызын күшейту

1999–2009	1999 жылғы заң; 2005–2010 мемлекеттік бағдарламасы; 2007 жылғы заң	Стандарттау және білім мазмұнын құқықтық-институционалдық орнықтыру	Пән мақсаты, оқу жүктемесі және даярлық талаптарын жүйелеу
2010–2015	2011–2020 мемлекеттік бағдарламасы; №1080, №500 және №115 актілер	Нәтижеге және құзыреттілікке бағдарланудың күшеюі	Мақсат, мазмұн және күтілетін нәтижелердің байланысын нақтылау
2016–2017	2016–2019 мемлекеттік бағдарламасы; 2016–2017 өзгерістер	Жаңартылған мазмұнды кезеңдеп енгізу	Оқу мақсаттары, тарихи ойлау дағдылары және зерттеу әрекетін күшейту
Ескерту: Кесте автормен құрастырылды			

Ұлттық мазмұнды қалыптастыру кезеңі 1991–1998 жылдар

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы басты өзгеріс тарих білімінің құндылықтық және мазмұндық негізін қайта анықтау болды. 1992 жылғы заң білім беру жүйесін егемен мемлекеттің құқықтық кеңістігінде ұйымдастыруға мүмкіндік берді [1.-6]. Бұл кезеңде тарих пәні мемлекеттік тәуелсіздікті, қазақ халқының этногенезі мен мемлекеттілік дәстүрін, отарлық және кеңестік кезеңдердің күрделі мәселелерін ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарастыру арнасына түсті. Бағдарламалық жаңарудың қозғаушысы әдістемелік технологиядан бұрын мазмұнның легитимділігін өзгерту болды: бұрын шеткері берілген тақырыптар негізгі желіге шығарылып, ұлттық тарих қоғамдық жадыны қалпына келтіру құралы ретінде қабылданды.

Алғашқы кезеңді толық қалыптасқан жаңа бағдарламалық модель деп бағалау ерте. Оқу-әдістемелік қордың жаңаруы, мұғалімдерді қайта даярлау және жаңа мазмұнды сыныптар бойынша үйлестіру бір мезгілде жүзеге асқан жоқ. Сондықтан бағдарламаларда дәстүрлі хронологиялық баяндау сақталып, жаңалық көбіне тарихи фактілерді іріктеу мен түсіндіруден көрінді. Дегенмен дәл осы кезең Қазақстан тарихын қосалқы материал емес, мектептегі тарихи білімнің өзекті бөлігі ретінде орнықтыруға негіз салды. Осы тұрғыдан 1991–1998 жылдар кейінгі стандарттау үшін мазмұндық бағыт белгілеген өтпелі кезең болды.

Стандарттау және институционалдық орнықтыру кезеңі 1999–2009 жылдар

1999 жылғы заң білім беру деңгейлерін, оқу бағдарламаларын және мемлекеттік бақылау тетіктерін нақтылау арқылы реформаның институционалдық негізін күшейтті [2.-8]. Тарих бағдарламалары үшін бұл пән мазмұнын сыныптар бойынша реттеу, міндетті дайындық деңгейін белгілеу және оқу-әдістемелік кешендерді бірыңғай талаптарға сәйкестендіру қажеттігін арттырды. Егер алғашқы кезеңде «нені қайта жазу керек?» деген мәселе басым болса, екінші кезеңде «жаңартылған мазмұнды қандай стандартпен және қандай бірізділікпен оқыту керек?» деген мәселе алға шықты.

2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңартуды, сапаны бағалаудың жаңа тетіктерін және әлемдік білім кеңістігімен үйлесуді стратегиялық бағыт ретінде белгіледі [4.-12]. 2006 жылы қабылданған 12 жылдық жалпы орта білімге көшу жоспары пән мазмұнын нәтижеге бағдарлап қайта құру жөніндегі тәжірибелік ізденістерді жандандырды [5.-7]. Бұл құжаттар тарих пәнінің нақты бағдарламасын өздігінен алмастырған жоқ, бірақ жаңа бағдарламалар әзірленетін саясаттық ортаны қалыптастырды.

2007 жылғы заңда білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың арақатынасы жүйеленді [3.-9] Нәтижесінде пән бағдарламасы тек тақырыптар тізімі ретінде емес, мемлекеттік стандарт белгілейтін міндетті нәтижелерді жүзеге асыратын құрал ретінде қарастырыла бастады. Тарихты оқытуда хронологиялық және елтанулық желі сақталғанымен, оқушының себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіруі, тарихи деректерді қолдануы және азаматтық ұстаным қалыптастыруы тәрізді нәтижелердің маңызы өсті. Бұл өзгеріс кейінгі жаңартылған бағдарламаға тікелей өтпесе де, мақсат пен нәтиженің байланысын күшейткен маңызды аралық буын болды.

Нәтижеге бағдарланған модельдің қалыптасуы 2010–2015 жылдар

2010-жылдардың басында бағдарламалық саясаттың мазмұны сапа, функционалдық сауаттылық және оқу нәтижесін өлшеу мәселелерімен толықты. 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама білім беруді жаңғыртудың ұзақ мерзімді бағытын бекітті [6.-9]. Тарих пәні үшін бұл өзгерістің мәні фактілік білімнен бас тартуда емес, білімді түсіндіру, салыстыру және дәлелдеу әрекеттерімен байланыстыруда болды.

2012 жылғы № 1080 қаулымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт білім деңгейлерінің мазмұны мен оқушы даярлығына қойылатын талаптарды бір жүйеге келтірді [7]. Сол жылғы № 500 бұйрық үлгілік оқу жоспарларын бекітіп, пәндердің оқу процесіндегі орнын және жүктемесін реттеді [8]. 2013 жылғы № 115 бұйрық жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын жинақтап бекітті [9]. Осы үш құжаттың өзара байланысы «стандарт – оқу жоспары – пән бағдарламасы» тізбегін айқын көрсетті. Стандарт жалпы нәтижені белгілесе, оқу жоспары пәннің уақыттық орнын, ал бағдарлама мазмұн мен оқыту ретін нақтылады.

Бұл кезеңдегі тарих бағдарламалары негізінен сызықтық-хронологиялық құрылымды сақтады. Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихы жеке пәндік желілер арқылы оқытылып, дәуірлер мен негізгі оқиғаларды жүйелі меңгеру талап етілді. Сонымен бірге пәндік нәтижелерді нақтылау талпынысы байқалды: тарихи ұғымдарды қолдану, оқиғалардың себептері мен салдарын анықтау, тарихи тұлғалардың қызметін бағалау және дерекпен жұмыс істеу элементтері күшейді. Осылайша мазмұндық толықтыққа негізделген дәстүрлі модельдің ішінде әрекеттік компонент қалыптасты.

2010–2015 жылдардағы модельдің қайшылығы да осыдан көрінеді. Бір жағынан, бағдарлама кең көлемдегі тарихи материалды жүйелі қамтуға ұмтылды; екінші жағынан, оқушының талдау және зерттеу әрекетін дамыту талабы күшейді. Оқу уақыты шектеулі болған жағдайда фактологиялық көлем мен дағды қалыптастыру арасындағы тепе-теңдік мәселесі туындады. Кейінгі жаңартылған мазмұн осы қайшылықты оқу мақсаттарының иерархиясы, қайталанатын дағдылар және бөлімдер арасындағы сабақтастық арқылы шешуге бағытталды.

Жаңартылған білім мазмұнына көшу 2016–2017 жылдар

2016–2019 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы орта білім мазмұнын жаңарту мен оны кезең-кезеңімен енгізуді мемлекеттік саясат деңгейінде бекітті [10]. 2016 жылғы № 292 қаулы № 1080 стандартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, жаңартылған білім мазмұнының нормативтік негізін кеңейтті [11]. Үлгілік бағдарламаларға енгізілген толықтырулар және 2017 жылғы № 352 бұйрық жаңартылған пәндік мазмұнды келесі сыныптарға тарату тетігін қалыптастырды [12]. Сондықтан 2016–2017 жылдар реформаның басталған күні ғана емес, бағдарламаны құру логикасы өзгерген дербес кезең ретінде қарастырылуы тиіс.

Жаңартылған тарих бағдарламасының негізгі ерекшелігі – мазмұнды тек хронологиялық тақырыптар ретімен беру жеткіліксіз деп танылып, оны оқу мақсаттарымен байланыстыру. Оқу мақсаты оқушының сабақ соңында орындайтын танымдық әрекетін көрсетуге тиіс болды. Мұндай тәсіл мұғалімнен тарихи оқиғаны баяндаумен қатар, оқушының дәлел келтіруі, деректі талдауы, ұқсастық пен айырмашылықты анықтауы, өзгеріс пен сабақтастықты түсіндіруі және тарихи маңызға баға беруі үшін тапсырма құруды талап етті.

Бағдарламаның әрекеттік сипаты тарих пәнінің мазмұнын қысқартуға ғана емес, оны қайта ұйымдастыруға әкелді. Тарихи білім екі деңгейде құрылды: нақты дәуірлер, оқиғалар мен тұлғалар туралы мазмұндық білім және сол материал арқылы дамитын тарихи ойлау тәсілдері. Қазақстан тарихы ұлттық мемлекеттілік пен мәдени мұраны танытатын негізгі желі мәртебесін сақтады. Сонымен бірге отандық оқиғаларды дүниежүзілік контекстпен байланыстыру мүмкіндігі кеңейді. Бұл оқшауланған ұлттық баяндаудан бас тарту емес, ұлттық тарихтың ерекшелігін салыстырмалы контексте тереңірек түсіндіру тәсілі болды.

Критериалды бағалау логикасының енгізілуі бағдарламаның нәтижелік сипатын күшейтті. Бұрын оқу нәтижесі көбіне тақырыпты білу немесе оқиғаны айтып беру арқылы көрінсе, жаңартылған модельде нәтиже нақты әрекет арқылы байқалуға тиіс болды. Бұл өзгеріс бағалау өлшемдерін ашық етуге және оқу мақсаты, тапсырма мен кері байланыс арасындағы сәйкестікті арттыруға мүмкіндік берді. Алайда жаңа терминология мен мақсаттар жүйесінің өзі сапалы оқытуға автоматты түрде жеткізбейді. Бағдарламаның табысты іске асуы мұғалімнің дерекпен жұмыс ұйымдастыруына, сұрақ қою мәдениетіне, оқулық пен қосымша материал сапасына және пәндік-әдістемелік қолдауға тәуелді.

1991–2017 жылдардағы өзгерістерді салыстыру жаңарудың үш тұрақты желісін көрсетті. Біріншісі – ұлттық тарихтың мазмұнын қалпына келтіру және оны мемлекеттік бірегейліктің құрамдасы ретінде орнықтыру. Екіншісі – мазмұнды заң, стандарт, оқу жоспары және бағдарлама арқылы бірізді реттеу. Үшіншісі – оқыту нәтижесін фактілер жиынтығынан тарихи таным әрекеттеріне қарай кеңейту. Бұл желілер бірін-бірі алмастырған жоқ: әр жаңа кезең бұрынғы кезеңнің нәтижесін сақтап, оған жаңа реттеу және әдістемелік тетік қосты.

Талдау нәтижелері жаңартылған бағдарламаны 1990-жылдардағы мазмұндық бетбұрыстан бөлек қарастыру дұрыс еместігін көрсетеді. Ұлттық мазмұнның орнығуы тарихи білімнің «не туралы оқытатынын» өзгертсе, 2000-жылдардағы стандарттау «қандай міндетті шекте оқытатынын», ал 2010-жылдардағы нәтижелік тәсіл «оқушы сол мазмұнмен қандай әрекет жасай алатынын» нақтылады. Демек, 2016–2017 жылдардағы жаңарту алдыңғы реформаларды жоққа шығарған үзіліс емес, олардың жинақталған мәселелеріне берілген құрылымдық жауап болды.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық мәні оқу бағдарламаларын одан әрі жетілдіру кезінде сабақтастық өлшемдерін қолдануда көрінеді. Бағдарламадағы әр жаңа мазмұн немесе дағды бұрынғы сыныптарда қалыптасқан ұғымдармен және кейінгі деңгейдегі күрделірек әрекеттермен байланысуы керек. Ұлттық тарих пен дүниежүзі тарихының параллель тақырыптарын уақыт, кеңістік және проблема бойынша үйлестіру қайталануды азайтады. Тарихи ойлау дағдыларын бағалау кезінде тек жалпы етістіктермен шектелмей, қолданылатын дерек түрін, дәлел сапасын және түсіндіру деңгейін көрсету қажет.

Бағдарламалық жаңарудың сабақтастығы мен шектеулері

Бағдарламаларды салыстыру олардың арасындағы айырмашылықпен қатар мазмұндық сабақтастықты да анықтады. Барлық кезеңде хронология тарихи білімді ұйымдастырудың негізгі қаңқасы болып қалды. Өзгеріс хронологиядан бас тартуда емес, оқиғаларды жай ретімен меңгертуді проблемалық сұрақтармен, тарихи ұғымдармен және деректерді түсіндіру әрекетімен толықтыруда көрінді. Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі желісі сақталып, тәуелсіздік жылдарында мемлекеттілік, этносаяси үдерістер, мәдени мұра және ұлттық бірегейлік мәселелерінің түсіндірмелік салмағы артты. Сондықтан жаңаруды мазмұнның толығымен ауысуы ретінде емес, тарихи материалды іріктеу мен оқушы әрекетін жобалау өлшемдерінің күрделенуі ретінде бағалау негізді.

12 Kumpulainen K. A (2018) Principled, Personalised, Trusting and Child-Centric ECEC System in Finland // The Early Advantage 1: Early Childhood Systems That Lead by Example / ed. by S.L. Kagan. New York: Teachers College Press. P. 72–98.

13 Yılar Ö. (2005) Myth, Legend and Education. Journal of Kazım Karabekir Faculty of Education. No. 11. P. 383–391.

14 Farrelly M.R. (2019) The Significance of Myth for Environmental Education. Journal of Philosophy of Education.Vol. 53. No.1. P.127–144.

15 Ikonen E., Keränen-Pantsu R., Welz C. (2025) Imagining Sustainable Worlds: The Potential of Mythical Stories in Environmental Education. Journal of Philosophy of Education. Vol. 59. No.1. P. 59–76.

16 The Prose Edda.Leningrad: Nauka.1970.254 p.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ МӘТІНДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Мақалада тұрақты даму үшін білім беру аясында ерте жастағы балалардың экологиялық санасын қалыптастыру жолдары қарастырылады. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне тұрақты даму қағидаттары мен құндылықтарын енгізудің практикалық тәсілдері талданады. Зерттеудің мақсаты — ерте жастағы балалардың экологиялық санасын қалыптастыруда мифологиялық мәтіндерді (мифтерді, аңыздар мен дәстүрлі әңгімелерді) пайдаланудың мүмкіндіктерін теориялық тұрғыдан негіздеу, сондай-ақ тұрақты даму мүддесіне бағытталған мектепке дейінгі білім беру жүйесіне мәдени мұра мен заманауи білім беру тәсілдерін кіріктіру әлеуетін

айқындау. Балаларды табиғатқа қамқорлық жасауға, олардың қоршаған ортамен байланысын түсінуге және ерте жастан жауапты әдеттерді қалыптастыруға ынталандыратын оқыту әдістері мен іс-әрекеттерге ерекше назар аударылады. Сондай-ақ мақалада ерте балалық шақтағы экологиялық білім беруге қатысты ғылыми әдебиеттер мен алдыңғы зерттеулердің нәтижелеріне шолу жасалады. Зерттеудің негізгі бағыттарының бірі – мифтерді, аңыздарды және дәстүрлі әңгімелерді қамтитын мифологиялық мәтіндерді білім беру құралы ретінде пайдалану. Мұндай мәтіндер экологиялық идеяларды жас білім алушылар үшін қызықты әрі түсінікті етіп, олардың табиғат әлемімен эмоциялық байланыс орнатуына көмектеседі. Зерттеу заманауи оқыту тәсілдерін мәдени мұра элементтерімен ұштастыру экологиялық білім берудің мазмұнын байытып, балалардың ерте жастан бастап экологиялық жауапты көзқарастары мен мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді.
Негізгі сөздер: тұрақты даму, миф, ерте балалық шақ, білім беру, экологиялық сана.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МИФОЛОГИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ В ОБРАЗОВАНИИ ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА КАК СОСТАВЛЯЮЩАЯ КОНЦЕПЦИИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация

В данной статье рассматриваются способы формирования экологического сознания у детей раннего возраста в рамках образования в интересах устойчивого развития. Анализируются практические подходы к внедрению принципов и ценностей устойчивого развития в дошкольное образование. Цель исследования: теоретически обосновать и определить возможности использования мифологических текстов (мифов, легенд и традиционных сказаний) в формировании экологического сознания детей раннего возраста, а также выявить потенциал интеграции культурного наследия и современных образовательных подходов в дошкольное образование в интересах устойчивого развития. Особое внимание уделяется методам обучения и видам деятельности, которые побуждают детей заботиться о природе, понимать свою связь с окружающей средой и с раннего возраста формировать ответственное поведение. В статье также представлен обзор соответствующей научной литературы и результатов предыдущих исследований в области экологического образования детей раннего возраста. Основное внимание уделяется использованию мифологических текстов, включая мифы, легенды и традиционные рассказы, в качестве образовательных средств. Такие тексты могут сделать экологические идеи более интересными и доступными для детей, одновременно помогая им устанавливать эмоциональную связь с миром природы. Исследование показывает, что сочетание современных подходов к обучению с элементами культурного наследия может обогатить экологическое образование и способствовать формированию экологически ответственного отношения и поведения у детей с самых ранних лет.
Ключевые слова: устойчивое развитие, миф, раннее детство, образование, экологическое сознание.

REFERENCES

1 World Commission on Environment and Development. Our Common Future. Oxford: Oxford University Press. 1987. 400 p. [in English]

2 İlboğa M., Aygül H.H. (2015) Human–Nature Dialectics in the Context of a Culture of Living Together. Academic Perspective Journal. No. 52. P.64–78. [in English]

3 UNESCO. Use and Conservation of the Biosphere: Proceedings of the Intergovernmental Conference of Experts on the Scientific Basis for Rational Use and Conservation of the Resources of the Biosphere, Paris, 4–13 September 1968. Paris: UNESCO7 1970. 272 p. [in English]

4 UNESCO. Intergovernmental Conference on Environmental Education, Tbilisi (USSR), 14–26 October 1977: Final Report. Paris: UNESCO7.1978. 101 p. [in English]

5 Miser R. (2019) Environmental Education. Ankara: Nobel Academic Publishing., 2nd revised ed. 152 p. [in English]

6 Maurice L. (ed.). (2021) Our Mythical Education: The Reception of Classical Myth Worldwide in Formal Education, 1900–2020. Warsaw: Warsaw University Press. P. 27–36. [in English]

7 Stables A. (2020) Environmental Ethics and Ontologies: Humanist or Posthumanist? The Case for Constrained Pluralism. Journal of Philosophy of Education. Vol. 54. No. 4. P. 888–899. [in English]

8 Maltseva T.V. (2019) Ecologization of the Content of General Education as a Factor in the Development of Students' Environmental Thinking. Moscow.17 p. [in English]

9 President of the Republic of Azerbaijan. National Program on Environmentally Sustainable Socio-Economic Development of the Republic of Azerbaijan for 2003–2010. Baku: Ministry of Ecology and Natural Resources of the Republic of Azerbaijan. 2003. [in English]

10 Sukhomlinsky V.A. (1977) To Children I Give My Heart. – Moscow: Progress Publishers. 320 p. [in English]

11 Siikala A.L. (2002) Mythic Images and Shamanism: A Perspective on Kalevala Poetry. Helsinki: Academia Scientiarum Fennica. 423 p. [in English]

12 Kumpulainen K. A (2018) Principled, Personalised, Trusting and Child-Centric ECEC System in Finland // The Early Advantage 1: Early Childhood Systems That Lead by Example / ed. by S.L. Kagan. New York: Teachers College Press. P. 72–98. [in English]

13 Yılar Ö. (2005) Myth, Legend and Education. Journal of Kazım Karabekir Faculty of Education. No. 11. P. 383–391. [in English]

14 Farrelly M.R. (2019) The Significance of Myth for Environmental Education. Journal of Philosophy of Education.Vol. 53. No.1. P.127–144. [in English]

15 Ikonen E., Keränen-Pantsu R., Welz C. (2025) Imagining Sustainable Worlds: The Potential of Mythical Stories in Environmental Education. Journal of Philosophy of Education. Vol. 59. No.1. P. 59–76. [in English]

16 The Prose Edda.Leningrad: Nauka.1970.254 p. [in English]

Information about authors:

Farah Jabbarqyzy Jalil – Doctor of Philology, Professor of Primary Education and Preschool Education Department, Lancaran State University, Lancaran, Republic of Azerbaijan

E-mail: jalilfarah00@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6894-4401

Информация об авторах:

Фарах Джаббар Джалил – доктор филологических наук, профессор кафедры начального и дошкольного образования, Ланкаран мемлекеттік университеті, Ланкаран, Азербайджанская Республика

E-mail: jalilfarah00@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6894-4401

Авторлар туралы ақпарат:

Фарах Джаббар Джалил – филология ғылымдарының докторы, Бастауыш білім беру және мектепке дейінгі білім беру кафедрасының профессоры, Ланкаран мемлекеттік университеті, Ланкаран, Азербайжан Республикасы

E-mail: jalilfarah00@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6894-4401

ҒТАМР 14.25.09 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.10**
ӘОЖ 372.857:004.9:316.77

А.Д. Майматаева[1], А.А. Абубакирова[2], М.Б. Аманбаева [1], Г.А. Аримкулова[1]*

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы
[2]Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Шымкент қ., 160012, Қазақстан Республикасы
*e-mail:gulmira.arimkulova@bk.ru

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МЕДИАҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

Аңдатпа

Биологиялық білім беруде білім алушылардың медиақұзыреттіліктерін дамытудың негізі цифрлық платформаларды қолдану болып табылады. Білім алушылардың бойындағы ақпаратты іздеу, талдау және бағалау дағдылары дәстүрлі оқыту әдістерінде толық деңгейде қалыптаспайтыны анық. Сондықтан да, цифрлық білім беру ресурстарын оқу үдерісіне енгізудің ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтауға бағытталған зерттеулер өзекті мәселелердің қатарында болып қала береді. Осы бағытта жүргізілген бұл зерттеудің мақсаты – биологиялық білім беру барысында biomedia-edu8 цифрлық оқыту платформасын қолданудың білім алушылардың пәндік үлгерімі мен өзіндік бағаланатын медиақұзыреттілігіне ықпалын анықтау. 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсанын (16 академиялық сағат) қамтыған бұл зерттеуге Шымкент қаласындағы Маржан Тасова атындағы №3 мамандандырылған мектеп-интернатының 8-сынып оқушылары (жалпы N=95)қатысты. Оқушылар екі топқа платформаны қолданған 8Б мен 8В сыныптары (n=48) мен дәстүрлі әдіспен оқытылған 8Г мен 8А сыныптарға (n=47) бөлінді. Тәжірибедегі топтың сондай ақ, бір жыл алдыңғы яғни 2024-2025 оқу жылындағы 7-сынып кезіндегі көрсеткіштері де (n=48) білім сапасын салыстыруда қолданылды. Пәндік үлгерім критерийлік бағалау (БЖБ,ТЖБ жұмыстары) негізінде, ал медиақұзыреттілік дағдылары арнайы әзірленген 25 тармақтан тұратын 5 балдық Ликерт шкаласы бойынша сауалнама арқылы тікелей өлшенді. Хи-квадрат және Фишердің дәлдік критерийі бойынша жүргізілген статистикалық талдау нәтижесі платформа қолданған тәжірибелік топ пен бақылау тобы арасында білім сапасы көрсеткіштерінің айқын айырмашылықтарын (71,3% және 66,1%) көрсетті. Бұл статистикалық тұрғыдан дәйектелді (p>0.05). Сауалнама нәтижесінен платформаны қолданған оқушылардың медиақұзіреттілігі мен танымдық дағдыларға қатысты өзіндік бағасы жоғары мәнді берді (жалпы композиттік орташа балл мәні– 4,41/5 аралығында; Кронбах α мәні – 0,94). Зерттеуде биология пәні аясында медиақұзыреттілікті және онымен байланысты танымдық-метатанымдық дағдыларды бағалауға көпөлшемді Ликерт негізделген сауалнаманы biomedia-edu платформасымен кіріктіре қолданудың нәтижесі тиімді талданды.

Негізгі сөздер: медиақұзыреттілік, биологияны оқыту, цифрлық платформа, білім сапасы, Ликерт шкаласы, квазиэксперимент, статистикалық тексеру.

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі білім алушылардың тек пәндік білімін арттыруды ғана емес, сонымен қатар олардың ақпараттық және медиақұзыреттіліктердің дамытуды да қарастырады. XXI ғасырда ақпарат ағынының қарқынды өсуі мен білім берудегі инновациялық технологиялардың даму теңденциясы білім беру саласына жаңа міндеттер жіктеуде, яғни ақпараттық қоғамда интеллектуалды, шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлай білетін, ақпаратпен сауатты жұмыс жасай алатын тұлға қалыптастыруды міндет етеді [1]. Осыған орай медиақұзыреттілік - білім алушылардың ақпаратты дұрыс қабылдауы және тиімді пайдалануы үшін аса маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Сондықтан да, пәндік білім беруде оқытудың жаңа тәсілдеріне көшу инновациялық технологияларды тиімді қолдану өзекті. Пәнді оқытудың әдістерін жаңартуға сандық технологиялар мүмкіндіктерінің ықпалы орасан зор. Виртуалды зертханалар, интерактивті симуляциялар, бейнематериалдар мен онлайн платформалар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын ғана арттырып қоймай, олардың сыни ойлау қабілеті мен ақпараттық мәдениетін дамытуға ықпал етеді [2]. Тұлғаның кәсіби құзыреттіліктеріне ықпал ететін медиалық және ақпараттық құзыреттілігі -

жеке психологиялық қасиеттердің көрінісі ретінде, инновациялық технологиялар саласындағы тәжірибиелік қабілеттер мен іс-әрекеттер жиынтығы мен қарым-қатынастар мен ақпараттық мәдениет негізінде толыққанды тұлға тұрғыда қалыптасады [3]. Соңғы жылдардағы зерттеулер цифрлық және медиасауаттылықты өлшеуге арналған арнайы диагностикалық құралдарды әзірлеу қажеттілігін көрсетеді.

Әлеуметтік медиа ғаламтордың маңызды элементі ретінде қоғамда, әрбіріміздің жеке және кәсіби өмірімізде маңызды рөл атқарады. Соның ішінде, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер әрқайсымыздың жеке көзқарасымыздың қалыптасуына, тиянақты білім алуымызға, танымдық дағдыларымызды дамытуға, кәсіби және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға айтарлықтай ықпал етіп жатыр [4]. Бұқаралық ақпарат құралдарымен коммуникациялық қарым – қатынастың немесе ақпарат алмасудың барлық жиынтығы оң пікірлер мен дамытуды мақсат еткен жағымды жағынан қалыптастырылса, мұның әсері білім алуды тиімді жүзеге асыруда да оңтайлы көрініс берері сөзсіз рас [5].

Отандық және шетелдік зерттеулерде медиақұзыреттілікті дамыту мәселесі осы күні әртүрлі дәрежеде талқыланып жатыр. Осы орайда, еліміздегі медиабілім зерттелу деңгейіне зер салсақ, ең алдымен, П. Сейітқызының еңбегінің [2.-10] құндылығын ерекше атап өту орынды. Ол әсіресе студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту бойынша ғылыми-педогогикалық әдебиеттерге жүйелі шолу жасалған құнды еңбек қатарынан орын алады. Өйткені, бұл еңбекте медиабілім үдерісінің теориялық негіздері жан -жақты талданып, ғылыми тұрғыда сенімді сипатталған. Ал, бұқаралық ақпарат құралдарының білім мен тәрбие үдерісіндегі рөлін медиапедогогика тұрғысынан қарастыру А. Альчимбаева мен Ж. Ташкеева [3.-44] еңбегінде жан– жақты талданған. С. Авдарсоль мен А.Д. Онгарбаева [6] бастауыш сынып оқушыларына медиацифрлық сауаттылықты қалыптастыру мәселесін арналған зерттеуі болашақ мұғалімдердің медиамәдениетін қалыптастыру технологияларын зерттеген еңбектерін дамытуға негіз бола алады. Алайда бұл жұмыстардың басым бөлігі жалпы ақпараттық-медиалық құзыреттілікті немесе мұғалімдер даярлығын қамтығанымен, ал нақты биологиялық пәндік оқушылардың медиақұзыреттілігінің құрылымдық компоненттерін ашу жеткіліксіз зерттелгеніне айқын көз жеткізуге болады (1-кесте). Сондықтан да, осы олқылықты толтыру осы зерттеудің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Сол сияқты, шетелдік ғалымдардың назары медиа және цифрлық құзыреттілікті өлшеу мен құрылымдау мәселесіне көбірек мән беріліп жатқанына соңғы зерттеулердің нәтижелері айғақ болатынын атап өтуге болады. Зерттеулердің басым көпшілігі жалпылама педагогикалық медиақұзыреттілік аясында топтастырылған. Бірақ, оқушылардың медиақұзерттілігін талдауға бағытталған еңбектер де аздап кездеседі. Мысалы, M. Son мен M. На [4. -4586] орта және жоғары сынып оқушыларына арналған, ғылыми практика контекстінде цифрлық сауаттылықты өлшейтін құрал әзірлеп, оны бірнеше өлшемдес компоненттерге (ақпаратты іздеу, талдау, бағалау, қолдану) бөлген. A.J. Arango-Morales және т.б. [5.-312] кәсіби даярлықтың студенттердің цифрлық құзыреттілік деңгейін айқындаушы фактор болатынын статистикалық түрде дәлелдеген, бұл пәндік дайындық пен цифрлық пен медиақұзыреттілік арасындағы байланысты негіздейді. T. Bauermeiser және т.б. дәстүрлі оқыту мен e-learning-ті неміс биология студенттерінің мысалында салыстыра отырып, цифрлық құралдардың пәндік үлгерімге әсерін эмпирикалық түрде растаған. Бірақ, Биология пәнін дәстүрлі немесе электрондық оқытудың үлгерімге әсері барлық уақытта бірыңғай, әрі мәнді бола бермейтіні авторлардың салыстырмалы зерттеулерінен анық көрінеді [7].

Кесте 1 - Білім алушылардың медиақұзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет түрлері және оларды зерделеу

Медиақұзыреттілік құрамбөліктері	Іс -әрекеттің сипатталуы	Дереккөздер
Мотивациялық	Ақпаратты цифрлық ортадан іздеуге қызығушылық	Сейітқазы П. [2.-230]
Ақпараттық-танымдық	Ғылыми дереккөздерді табу, деректерді талдау	Сейітқазы және т.б. [1.-6]
Технологиялық	Платформаларды пайдалану, виртуалды зертхана, модельдеу, инфографика	Bauermeister және т.б. [7.-10986] Son, Ha [4.- 4592]
Сыни-бағалаушы	шынайы деректерді жалған ақпараттан ажырату, тұжырымдау	Альчимбаева, Ташкеева [3.-47]
Шығармашылық-коммуникативтік	тақырыпқа медиаөнім жасау: бейнеролик, постер, подкаст	Авдарсол, Оңғарбаева [6.-185]
Ескерту: Авторлармен құрастырылған		

Жоғарыдағы кестедегі мәліметтер биологиялық білім берудегі цифрлық құралдарды дәстүрлі оқытумен салыстырмалы түрде сынақтауға бағытталған эмпирикалық зерттеулердің лебі әлі де жеткіліксіз екендігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан да, зерттеуді халықаралық тәжірибеге сүйеніп, тиімді жүргізу мақсат етілді. Өйткені, білім алушылардың медиақұзырттілігін дамытуға цифрлы құралдардың, соның ішінде білім беру платформаларының әсерін зерделеуге қатысушыларды бақылау мен эксперименттік топтарға бөліп, білім нәтижесін сенімді талдауға салыстырмалы статистикалық әдістерді қолдану осы зерттеудің сенімділігін арттырады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу этаптарын құрастыру, тиімді әдістерді таңдау, тақырып аясындағы халықаралық рецензияланатын журналдардың базасындағы дереккөздерді талдаудың негізінде алдын- ала талқыланып, жоспарланды. Зерттеу Шымкент қаласындағы Маржан Тасова атындағы №3 мамандандырылған мектеп-интернатында ұйымдастырылды. Зерттеу тәжірибесіне оқушылар кездейсоқ таңдалмады, мектепте бұрыннан қалыптасқан сынып құрамы бойынша топтастырылды (convenience/intact-group sampling). Зерттеуге 2025-2026 оқу жылының 8-сынып білім алушылары қатысты (жалпы N=95). Эксперименттік топта (барлығы n=48) 8Б (n=24) және 8В (n=24) сыныптарының білім алушылары топтастырылды. Тәжірибелік сынып білім алушылары биологияны Г.А. Аримкулова құрастырған biomedia-edu8 (https://biomedia-edu8.kz/) платформасы бойынша меңгерді. Бақылау тобының (барлығы n=47) білім алушылары 8Г (n=24,ТЖБ кезінде n=23) және 8А (n=24) сыныптарының білім алушыларынан тұрды. Бұл топтың білім алушылары биология пәнін дәстүрлі әдіспен (оқулық негізінде платформасыз) меңгерді. Қосымша ретроспективті салыстыруға тәжірибелік топтардың 8Б және 8В сыныптарының білім алушыларының сондай ақ, қосымша 2024-2025 оқу жылындағы, яғни, 7-сынып кезіндегі (7Б n = 24; 7В n=24) 1-тоқсандық көрсеткіштері қосымша пайдаланылды. Зерттеуге қатысқан бақылау және тәжірибелік сыныптардың барлығында биология пәнінен Г.А.Аримкулова сабақ өтті.

Зерттеу 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсанында (2025 жылдың қыркүйек-қазан айлары) биологияның жалпы үш бөлімі (8.1D Қоректену бөлімін қоса алғанда) кіретін 16 академиялық сағат негізінде ұйымдастырылды. Оның 15 сағаты биология бағдарламасына сай сабақтар мен тапсырмаларға, 1 сағаты тоқсандық жиынтық бағалау жұмысына (ТЖБ – тоқсандық жиынтық бағалау) бөлінді. Эксперименттік сынып білім алушыларын әр бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ-бөлім бойынша жиынтық бағалау №1-3, әрқайсысы 15 балл) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ, 30 балл) biomedia-edu8 платформасы арқылы

жүргізілді. Бақылау сыныбында дәл сол критерийлер бойынша дәстүрлі (қағаз/ауызша) форматта өткізілді.

Biomedia-edu8 (https://biomedia-edu8.kz/) – 8-сынып биология пәні бойынша цифрлық платформада әр біллім алушының жеке кабинетінде мыналар қолданылады: 1) тақырыптық 3D анимациялық модельдер; 2) бейнесабақтар; 3) сандық тесттер, сәйкестендіру тапсырмалары, «дұрыс/бұрыс» жаттығулары; 4) медиақұзыреттілік элементтері: кіріктірілген тапсырмалар – кестелерді толтыру, инфографика құрастыру, ақпарат көзін салыстырмалы бағалауды талап ететін жаттығулар; 5) орындалған тапсырмалардың нәтижесін 10 балдық шкала мен пайыздық көрсеткіш арқылы автоматты бейнелейтін цифрлық бағалау құралы. Бақылау топта дәл сол тақырыптар оқулық негізінде, платформаны қолданбай, дәстүрлі сабақ форматында (мұғалімнің түсіндіруі, оқулықпен жұмыс, тақтадағы жазба арқылы) өтілді.

Жоғарыдағы талданған дереккөздер мәліметі бойынша зерттеуде медиақұзыреттілік бір өлшемді емес, өзара байланысты бес құрылымдық компонент арқылы қарастырылды:

1) медиақұзыреттілік - ақпаратты цифрлық ортада іздеу, талдау және сыни бағалау қабілеті; 2) оқу форматын қабылдау - білім алушының цифрлық платформаны оқу құралы ретінде қабылдау деңгейі; 3) пәндік білімге әсері - медиақұралдардың биология пәні бойынша білім сапасына тигізетін ықпалы; 4) танымдық дағдылар - ақпаратты өңдеу, салыстыру және дәлелді тұжырымдау қабілеті; 5) метатаным - оқушының өз оқу үдерісін бақылауы мен реттеуі. Бұл бес компонент биология сабағында нақты көрінеді: мысалы, оқушы цифрлық платформадағы биологиялық ақпарат көзінің дәлдігін бағалағанда (сыни бағалау), интерактивті модельдер арқылы құрылымдық байланыстарды өз бетінше анықтағанда (танымдық дағдылар) және өз үлгерімін платформа арқылы қадағалағанда (метатаным) медиақұзыреттіліктің құрылымдық компоненттерінің пәндік үлгерімге ықпал етуі -зерттеудің мақсаты (медиақұзыреттілікті дамыту) мен өлшенген нәтиже (білім сапасы) арасындағы байланысты айқындайды, эксперименттік бөлімде нәтижесі талданды.

Зерттеуде бір- бірін толықтыратын екі өлшеу тәсілі қолданылды: пәндік үлгерімді бағалау мен медиақұзыреттілікті және онымен байланысты дағдыларды тікелей өлшеуге негізделген авторлық 25 тармақтан тұратын 5 балдық Ликерт шкаласы бойынша сауалнама нәтижесі. Пәндік үлгерім жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (МЖМБС) әр бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ, максимум 15 балл) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ, максимум 30 балл) нәтижелері бойынша «білім сапасы» көрсеткішіне сай есептелді (65-100% аралығында балл жинаған яғни «4» және «5» баға алған оқушылардың үлесі,%) биология пәні бойынша меңгеру деңгейін білдірді және медиақұзыреттіліктің тікелей өлшемі емес, тек жанама өлшем тәсілі ретінде қарастырылды. Медиақұзыреттілікті және онымен байланысты дағдыларды тікелей өлшеуге сауалнама әзірленді (1-мүлдем келіспеймін, 5-толық келісемін), ол бес құрылымды қамтиды: медиақұзыреттілік (6 тармақ, оның ішінде 1 кері тұжырымдалған тармақ), оқу материалдарының форматын қабылдау (5 тармақ), пәндік білімге әсері (4 тармақ), танымдық дағдылар (5 тармақ) және метатаным/өзіндік оқу (5 тармақ). Google Forms арқылы эксперименттік топ оқушыларына (n=48) жіберіліп, нәтижесі статикалық талданды. Пәндік үлгерім бойынша топтар арасындағы «білім сапасы» үлесіндегі айырмашылықты тексеру үшін χ^2 (хи-квадрат) тәуелсіздік критерийі (Йейтс түзетуімен) және кіші үлгілерге арналған Фишердің дәл критерийі қолданылады (α=0,05). Ликерт сауалнамасы нәтижелері бойынша сипаттамалық статистикасы (орташа мән M, стандартты ауытқу SD) есептелді, әр құрылымның ішкі сәйкестігі α-коэффициенті арқылы тексерілді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Еліміздің білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы қазіргі уақытта цифрлық құралдармен және платформалармен жеткілікті деңгейде жабдықталған, бұл

жаратылыстану пәндерін оқытуда интерактивті ресурстарды кеңінен енгізуге мүмкіндік береді. Зерттеу тақырыбына сәйкес құрастырылған biomedia-edu8 цифрлық платформасы жоғарыда сипатталғандай, Шымкент қаласындағы Маржан Тасова атындағы №3 мамандандырылған мектеп-интернатының 8Б және 8В сыныптарында сынақтан өткізілді. Платформа жүйесі қолдануға ыңғайлы, кезең-кезеңімен ұйымдастырылған тіркелген оқушыға логин мен құпия сөз беріледі, содан кейін ол платформа жүйесіне еркін еніп, оқу бағдарламасына негізделген тапсырмаларды орындау арқылы білімін бекітеді (сурет 1).

Сурет 1 - biomedia-edu8 цифрлық платформасында жұмыс жасау кезеңдері

<table>
<tr>
<td>
</td>
<td>
</td>
</tr>
<tr>
<td>1-қадам. Жүйеге кіру
Браузерге немесе Google іздеу жүйесіне biomedia-edu8 деп жазып, biomedia-edu8.kz сайтына кіреді. Платформаға кіру тіркелген электрондық пошта немесе логин және құпясөз арқылы жүйеге кіру жүзеге асырылады.</td>
<td>2-қадам. Жеке кабинетке кіру
Жүйеге кіргеннен кейін пайдаланушының (білім алушының) жеке парақшасы ашылады. Парақшада оқушының аты-жөні, сыныбы және оқу барысының көрсеткіштері (өтілген тапсырмалар саны, орындалған жұмыстар және жалпы прогресс) көрсетіледі.</td>
</tr>
<tr>
<td>
</td>
<td>
</td>
</tr>
<tr>
<td>3-қадам. Пәнді таңдау
Платформадағы қолжетімді курстардың ішінен</td>
<td>4-қадам. Сабақты орындау және бағалау
Таңдалған сабаққа кіріп, берілген</td>
</tr>
</table>

«Биология, 8-сынып» бөлімі таңдалды. Бұл бөлімде пән бойынша сабақтар, тапсырмалар және оқу материалдары орналасқан.	тапсырмалар орындайды. Орындалған жұмыстарды тапсырма түріне қарай платформаға берілген нұсқаулық бойынша мұғалім тексереді (жеке кабинетінде) немесе жүйеде автоматты бағаланады. Тапсырма нәтижелері платформада 10 балдық жүйеге негізделген пайыздық көрсеткішпен көрінеді.
Ескерту: Авторлармен құрастырылған	

Кесте 2 – «8.1.D Қоректену» бөлімі бойынша дәстүрлі және медиақұзыреттілік элементтері кіріктірілген сабақ форматындағы тапсырмаларды орындау барысында мұғалімнің сабақ үстінде тіркеген сапалық бақылаулары

Тақырып/тапсырма	Дәстүрлі формат	Медиақұзыреттілік элементтері қолданылған формат
1.Жауын құртының, сиырдың және адамның ас қорыту жүйесінің құрылысы-мүшелері ретін анықтау	Тек суреттер мен жаттанды алгоритм арқылы құрылды,ойлау сипаттамалық деңгейде қалды.	3 D анимациямен интерактивті симуляциялар арқылы бекітілді, обьектіні тануды морфологиялық ерекшеліктерін анықтаумен толықтырды.
2.Тістің құрылысы мен қызметі тіс гигиенасы-типтерін ажырату, дұрыс/бұрыс тұжырымдар	Ойлау процесі сипаттамалық деңгейде қалып, терең талдау болмады; дайын тұжырымдар механикалық белгіленеді.	Интерактивті модельдер арқылы айырмашылықтарды өз бетінше анықтады және тұжырымдарды визуалды деректерге сүйеніп бекітті.
3.Адамның асқорыту жолдарының құрылысы, асқорыту бездері - тізбекті және элементтерді анықтау ақпаратты тұжырымдау	Оқулықтағы мәліметтерге ғана сүйенді,оқулықта жоқ ақпаратты тексерместен “жалған” деп қабылдады.	Визуализациялау арқылы логикалық тізбек құрылды,ақпаратты өңдеу мен іріктеу кезінде дәлелді верификация жасады.
Ескерту: Авторлармен құрастырылған		

Кестеден көрінгендей, платформаны қолданған сабақтарда білім алушылар ақпаратты визуалды модельдер мен интерактивті тапсырмалар арқылы қабылдап, өз бетінше салыстыру мен тексеру әрекеттерін жиірек орындады, ал дәстүрлі форматта негізінен оқулық мәтініне және жаттанды есте сақтауға сүйенді. Бұл сапалық байқау эксперименттік ықпалдың сипатын түсінуге көмектескенімен, төменде келтірілген сандық деректер мен статистикалық тексеру нәтижелері зерттеудің негізгі дәлелдемелік базасын құрайды.

Бірінші кезеңде эксперименттік топтың (8Б, 8В) 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсандық көрсеткіштері осы сыныптардың өздерінің 2024-2025 оқу жылындағы 7-сынып кезіндегі (платформаны қолданбас бұрынғы) көрсеткіштерімен салыстырылды (кесте 3, кесте 4).

Кесте 3 - 2024-2025 оқу жылындағы 7Б және 7В сыныптарының 1-тоқсандық қорытындысы

Сынып	Оқушы саны	Білім сапасы	Үлгерімі	Орта балы
7Б	24	71%	100%	3,8
7В	24	67%	100%	3,8
Ескерту: Авторлармен құрастырылған				

Кесте 4 - 2024-2025 оқу жылындағы 8Б және 8В сыныптарының 1-тоқсандық қорытындысы (biomedia-edu8 платформасы)

Сынып	Оқушы саны	Білім сапасы	Үлгерімі	Орта балы
8Б	24	75%	100%	4
8В	24	71%	100%	4
Ескерту: Авторлармен құрастырылған				

Сурет 2 - 1-тоқсандық білім сапасы. Платформаны қолданғанға дейін және кейінгі білім көрсеткіштері



Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Кестелерден көрінгендей, 7Б сыныбының 1-тоқсандық білім сапасы 71%-дан (орта балл 3,8) 8Б сыныбында 75%-ға (орта балл 4) дейін, ал 7В сыныбынан көрсеткіші 67%-дан (орта балл 3,8) 8В сыныбында 71%-ға (орта балл 4) дейін өскені байқалады, яғни, екі сыныпта да 4 пайыздық көрсеткішке немесе 0,2 балға артқан (сурет 2). Сабақты үлгерімі екі кезеңде де 100% деңгейінде сақталды. Салыстырудың тек бір ғана топтың уақыт бойынша өзгерісіне негізделген көрсеткіштері бақылау тобының болмауына байланысты байқалған өсімді көрсеткішті тек платформаның әсерімен болған деп қорытынды жасау, әдіснамалық тұрғыдан жеткіліксіз екені анық, мұнда, оқушылардың жасының үлкеюі, сыныптан-сыныпқа көшу кезіндегі жалпы дайындық деңгейінің өзгеруі сияқты басқа факторлар да ықпал еткен болуы мүмкін. Сондықтан зерттеудің екінші кезеңінде осы оқу жылының өзінде дәстүрлі әдіспен оқытылған қатарлас сыныптармен (8Г, 8А) салыстырылды. Сондықтан да, әдістің сенімділігіне көз жеткізу мақстаында 2025-2026 оқу жылының 1-тоқсанында платформа арқылы оқыған 8Б және 8В сыныптарының (n=48) БЖБ мен ТЖБ нәтижелері дәл сол кезеңде дәстүрлі әдіспен оқыған 8Г және 8А сыныптарының (n=47) нәтижелерімен салыстырылды (кесте 5, сурет 3).

Кесте 5 - 2025-2026 оқу жылы, 1-тоқсан. Эксперименттік (8Б және 8В сыныптары) және бақылау (8Г және 8А сыныптары) сыныптарының БЖБ және ТЖБ жұмыстарының білім сапасы көрсеткіштерінің салыстырмасы

Тапсырма	Эксперимент, n/N (%)	Бақылау, n/N (%)	χ^2 p-мәні	Фишер p-мәні
БЖБ №1	32/48 (66,7%)	28/48 (58,3%)	0,527	0,527
БЖБ №2	34/48 (70,8%)	28/47 (59,6%)	0,349	0,286
БЖБ №3	35/48 (72,9%)	36/47 (76,6%)	0,860	0,814
ТЖБ (1-тоқсандық)	36/48 (75%)	33/47 (70,2%)	0,769	0,680
Біріктірілген	137/192 (71,3%)	125/189 (66,1%)	0,323	0,320
Ескерту: Авторлармен құрастырылған				

Сурет 3 - Эксперимент пен бақылау топтарының сапа көрсеткіштерінің салыстырмасы



Ескерту: Авторлармен құрастырылған

4-ші кестеден эксперименттің топтың сапа көрсеткіші үш тапсырма бойынша (БЖБ №1, БЖБ №2, ТЖБ) бақылау тобынан жоғары болғанын байқауға болады. БЖБ №3-те керісінше бақылау тобы (нақтырақ айтқанда 8А тобы) жоғары нәтиже көрсеткені анық көрінді. Барлық төрт тапсырма бойынша біріктірілген көрсеткіш эксперименттік топта 71,3%-ы, бақылау тобында 66,1% -ы құрады. Сондай ақ, χ^2 p тәуелсіздік критерийі (Йейтс түзетуімен) және Фишердің дәл критерий бойынша жүргізілген статистикалық талдауы нәтижесі $p>0,3$; χ^2 мәні $p=0,323$, Фишердің дәл критерийі $p=0,320$ мәнін көрсетті. Сондықтан да, зерттеудің сенімділігіне көз жеткізу мақсатында, зерттеудің келесі кезеңінде, эксперименттік топ оқушылардың (n=48) медиақұзыреттілігі мен онымен байланысты дағдылары авторлардың Ликерт шкаласына негіздеп алған сауалнаманың нәтижесін талдауға бағытталды (кесте 6, сурет 4)

Кесте 6 - Биологиялық медиақұзыреттілік сауалнамасының дескриптивті статистикасы (эксперименттік топ, N=48)

Құрылым	Тармақ саны	Орташа балл (M)	Ст. ауытқу (SD)	Кронбах α

Медиақұзыреттілік	6	4,27	0,59	0,60
Оқу форматын қабылдау	5	4,50	0,56	0,81
Пәндік білімге әсері	4	4,50	0,63	0,87
Танымдық дағдылар	5	4,37	0,68	0,89
Метатаным	5	4,43	0,67	0,92
Жалпы композит	25	4,41	0,53	0,94
Ескерту: Авторлармен құрастырылған				

Сурет 4 - Биологиялық медиақұзыреттілік сауалнамасының дескриптивті нәтижелері



Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Нәтижелер бойынша барлық бес құрылым бойынша орташа балл 4,27-4,50 аралығында (5 балдық шкала бойынша), яғни эксперименттік топтағы оқушылар платформаны қолданудың медиақұзыреттіліктері, танымдық дағдылары мен метатаным дағдыларын дамытуға оң ықпал еткенін өздері жоғары деңгейде бағалады. Ішкі сәйкестік көрсеткіші (Кронбах α) құрылымдар бойынша бірдей деңгейде емес: «Оқу форматын қабылдау» (α=0,81), «Пәндік білімге әсері» (α=0,87), «Танымдық дағдылар» (α=0,89) және «Метатаным» (α=0,92) субшкалалары жақсы және өте жақсы деңгейде, ал «Медиақұзыреттілік» субшкаласы бойынша (α=0,60) стандартты ғылыми талаптан (≥0,70) төмен болды. Жалпы 25 тармақтан тұратын композиттік шкала бойынша ішкі сәйкестік жоғары (α=0,94; M=4,41; SD=0,53), бірақ бұл жоғары жалпы көрсеткіш «Медиақұзыреттілік» субшкаласының өзіндік әлсіздігі байқалды: барлық бес субшкаланың сенімділігі бірдей еместігі, сондықтан «Медиақұзыреттілік» субшкаласы бойынша алынған нәтижелерді сақтықпен, келешекте тармақтарын психометриялық тұрғыдан қайта қарау қажеттілігі алдағы уақытта ескерілуі керек. Сонымен қатар, бұл нәтижелерді бақылау тобымен салыстыру жүргізілмегендіктен, тек эксперименттік топтың өзіндік субъективті бағасы ретінде қабылдау қажет.

Қорытынды

Биология пәнін оқытуда biomedia-edu8 цифрлық платформасын қолданудың тиімділігін анықтауға бағытталған зерттеу нәтижесі келесі деңгейлерді кіріктіре отырып талданды. Ең алдымен, тәжірибелік сыныптағы білім алушыларының үлгерім көрсеткіштері платформаны қолданғанға дейінгі (7-сынып) және қолданғаннан кейінгі (8-сынып) мәндерімен ретроспективті салыстырылды. Сондай ақ, платформаны қолданған тәжірибелік сыныптағы білім алушыларының үлгерімі биологияны дәстүрлі әдіспен меңгерген бақылау сыныбының білім алушыларының білім көрсеткіштерімен салыстырылды.

Бірінші және екінші кезең нәтижелері биология пәні бойынша білім сапасы көрсеткішінің тұрақты, бірақ статистикалық тұрғыдан мәнді емес ($p>0,05$) оң үрдіске ие екенін көрсетті: эксперименттік топ бақылау тобынан шамамен 5 пайыздық пункте жоғары

нәтиже көрсетті, дегенмен зерттелген топтардың үлгі көлемі шағын болғандықтан (әр сыныпта n=24, ал біріктірілген топтарда n=47-48) бұл айырмашылықты кездейсоқтықтан сенімді түрде ажырату мүмкін болмады. Сондықтан «платформа білім сапасын дәлелді түрде арттырады» деген тұжырым жасауға әзірге негіз жеткіліксіз – тек оң үрдіс байқалды деп қана айтуға болады. Үшінші кезеңде алынған сауалнама нәтижелері платформаны қолданған оқушылардың медиақұзыреттілігі мен танымдық-метатанымдық дағдыларына қатысты өзіндік бағасы жоғары екенін көрсетті (жалпы композиттік M=4,41/5, α=0,94), бұл платформаның субъективті қабылдануының оң екенін растайды, дегенмен бақылау тобымен салыстырудың болмауы себебінен бұл нәтижені де себеп-салдарлық дәлел ретінде емес, сипаттамалық көрсеткіш ретінде қабылдау керектігі іс тәжірибе жүзінде дәйектелді. Эксперименттік топтағы білім алушылар өздерінің медиақұзыреттілігі мен оған байланысты дағдыларын жоғары деңгейде бағалай алды.

Биология пәні аясында жүргізілген бұл зерттеудің мәні медиақұзыреттілікті және онымен байланысты танымдық дағдыларды бағалауға бес құрылымды 25 сұрақтан (медиақұзыреттілік, оқу форматын қабылдау, пәндік білімге әсері, танымдық дағдылар, метатаным) тұратын Ликерт шкаласы бойынша сауалнаманы қолдануынан айқын көрінеді. Сондай ақ, зерттеудегі қолданылған автор Г. Аримкулованың biomedia-edu8 платформасы тәжірибелік сыныпқа кіріктіре сынақталуы алғаш рет ұсынылуы тәжірибенің мағыздылығын ашып көрсетеді. Сондықтан да, цифрлы құралдарды пәндік білім беруде кіріктіре қолдану білім алушылардың медиақұзыреттіліктерін арттырудың оңтайлы әдістерін айқындауға, келешекте, білім алушылардың медиасауаттылығын арттыруға оң ықпалды әдіс тәсілдерді дамытуға, кездейсоқ таңдалған үлгіде, бақылау тобын да қамтитын толыққанды экспериментте қолданылуын тәжірибелік тұрғыда негіздеуге толыққанды негіз бола алады.

Зерттеудің шектеулері алдағы зерттеулерге бірқатар ұсыныстарды ескеруді қамтиды:

1) сыныптарды кездейсоқ немесе жұптастырылған (matched) тәсілмен бөлу;

2) зерттеу мерзімін кемінде бір оқу жылына дейін ұзарту;

3) медиақұзыреттілік сауалнамасын бақылау тобына да қолдану;

4) «Медиақұзыреттілік» субшкаласының тармақтарын психометриялық тұрғыдан қайта қарау (α≥0,70 деңгейіне жеткізу); 5) бірнеше мектепті қамтитын үлкенірек үлгіде зерттеуді қайталау.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Сейітқазы П.Б., Ырымбаева Н.А., Кажимова К.Р. Медиабілім үдерісінде студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамыту бойынша ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу. Л.Н.Гумулев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. — Т.144, №3. — 2023. — Б. 228-241.

2 Сейітқазы П. Медиапедагогика: БАҚ, білім және тәрбие. — Алматы: — 2024. — 10 б.

3 Альчимбаева А., Ташкеева Ж. Болашақ мектеп мұғалімдерінің медиамәдениетін қалыптастыру технологиялары. Journal of Educational Sciences. — Т. 72, №4. — 2022.— Б. 44–51.

4 Son M., Ha M. (2025) Development of a digital literacy measurement tool for middle and high school students in the context of scientific practice. Education and Information Technologies. Vol.30. No. 4. P. 4583–4606.

5 Arango-Morales A.J., Delgado-Cruz A., Tamayo-Salcedo A.L. (2019) Digital competence of tourism students: Explanatory power of professional training. European Journal of Investigation in Health, Psychology and Education. Vol. 10. No. 1. P. 310–326.

6 Авдарсоль С., Онгарбаева А.Д. Бастауыш сынып оқушыларына медиацифрлық сауаттылықты қалыптастыру. Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Физика-математика ғылымдары сериясы. —Т.85, №1. — 2024. —Б. 179-188.

7 Bauermeister T., Janben N., Engler J.O. (2025) Conventional teaching vs. e-learning: A case study of German undergraduate biology students. Education and Information Technologies. Vol. 30. No. 8. P. 10979–10995.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ПЛАТФОРМ В ОБУЧЕНИИ БИОЛОГИИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ МЕДИАКОМПЕТЕТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Аннотация

В условиях цифровизации образования использование цифровых платформ на уроках биологии рассматривается как один из ключевых механизмов развития медиакомпетентности обучающихся в поиске, анализе и оценке информации. Однако традиционные методы обучения не всегда позволяют в полной мере сформировать данные навыки, поэтому определение научно-методических основ внедрения цифровых образовательных ресурсов остаётся актуальной задачей. Цель исследования-определить влияния использования цифровой платформы biomedia-edu8 в обучении биологии на предметную успеваемость и самооценённую медиакомпетентность обучающихся. Исследование проведено среди учащихся 8-х классов специализированной школы-интерната №3 имени Маржан Тасовой г. Шымкент (N=95) в течение 1-й четверти 2025-2026 учебного года (16 академических часов): экспериментальные классы 8Б и 8В (n=48), обучавшийся с использованием платформы, сравнивались с контрольными классами 8Г и 8А (n=47), обучавшимися традиционным методом в тот же период, а также с собственными показателями данных классов за 7-й класс 2024-2025 учебного года. Предметная успеваемость измерялась через критериальное оценивание (СОР, СОЧ), медиакомпетентность - напрямую, при помощи авторской анкеты из 25 пунктов по 5-балльной шкале Лайкерта. Статистическая проверка (критерий χ^2р, точный критерий Фишера) показала, что различие показателя качества знаний между экспериментальной и контрольной группами имеет устойчивую положительную тенденцию (71,3% против 66,1%), но не достигает статистической значимости (p>0,05). По результатам анкетирования самооценка медиакомпетентности и связанных когнитивных навыков у учащихся экспериментальной группы была высокой (общий композитный балл - 4,41 из 5; α - 0,94). Научная новизна исследования заключается в разработке и апробации многомерного инструмента на основе шкалы Лайкерта для оценки медиакомпетентности в контексте обучения биологии в сочетании с платформой biomedia-edu8.

Ключевые слова: медиакомпетентность, обучение биологии, цифровая платформа, качество знаний, шкала Лейкерта, квазиэксперимент, статистическая проверка.

USING DIGITAL PLATFORMS IN BIOLOGY EDUCATION TO DEVELOP STUDENTS' MEDIA COMPETENCE

Abstract

In the context of education digitalization, using digital platforms in biology lessons is considered a key mechanism for developing students' media competence in searching, analyzing, and evaluating information. However, traditional teaching methods do not always provide sufficient opportunities for forming these skills. Therefore, identifying the scientific and methodological foundations for integrating digital educational resources into the learning process remains a relevant task. This study aims to determine the effect of using the "biomedia-edu8" digital platform in biology education on students' subject achievement and self-reported media competence. The study was conducted amongst the 8th-grade students of specialized boarding school No. 3 named after Marzhan Tassova in Shymkent (N=95) during the first session of the 2025-2026 academic year (16 academic hours per week): experimental forms 8"B" and 8"V" (n=48), taught using the platform, were compared with contemporaneous control classes 8 "G" and 8 "A" (n=47), taught by applying traditional methods during the same period. We compared and contrasted the results with the same forms' marks from the previous academic year, that is, 7th-grade results in the 2025-2026 academic year. We measured subject achievement using the standard criterion-referenced assessment system (formative and summative tests); we measured media competence directly using an original 25-item, 5-point Likert-scale questionnaire. Statistical tests (chi-square test, Fisher's exact test) showed that the quality-of-knowledge indicator differed between the experimental and control groups, with a consistent positive trend (71.3% versus 66.1%). This did not reach statistical significance (p>0.05). According to the survey, self-reported media competence and related cognitive skills were high among experimental-group students (overall composite score: 4.41 out of 5; Cronbach's alpha: 0.94). The study's scientific novelty lies in developing and pilot-validating a multidimensional Likert-scale instrument to assess media competence in biology education, integrated with the "biomedia-edu8" platform.

Keywords: media competence, biology education, digital platform, quality of knowledge, Likert scale, quasi-experiment, statistical testing.

REFERENCES

1 Seiitkazy P. B., Yrymbaeva N. A., Kazhimova K. R. Mediabilim üderisinde studentterdiñ aqparattyq qūzyrettiligin damytu boiynşa ğylymi-pedagogikalyq ädebietterdi zerdeleu [*Analysis of scientific and pedagogical literature on developing students' information competence in media education*]. Bulletiin of LN Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Social series. Vol. 144. №.3. 2023. P. 228-241. [in Kazakh]

2 Seiitkazy P., Mediapedagogika: BAQ, bılım jäne tärbie [*Media Pedagogy: Mass Media, Education, and Upbringing*] Almaty:2024. 10 p. [in Kazakh]

3 Alchimbaeva A., Tashkeeva J. Bolaşaq mektep mūğalımderiniñ mediamädenietin qalyptastyru tehnologialary [*Technologies for forming media culture of future school teachers*]. Journal of Educational Sciences. №4(72). 2022. P. 44-51. [in Kazakh]

4 Son M., Ha M. (2025) Development of a digital literacy measurement tool for middle and high school students in the context of scientific practice. Education and Information Technologies. Vol. 30. No. 4. P. 4583-4606. [in English]

5 Arango-Morales A. J., Delgado-Cruz A., Tamayo-Salcedo A. L. (2019) Digital competence of tourism students: Explanatory power of professional training. European Journal of Investigation in Health, Psychology and Education. Vol. 10. No. 1. P. 310–326.[in English]

6 Avdarsol S., Ongarbayeva A. D. Bastauyş synyp oquşylaryna media sifrlyq sauattylyqty qalyptastyry [*Forming media and digital literacy in primary school students*]. Bulletin of Abai KazNPU. Series of Phisical and mathematical science. Vol. 85, №1. 2024.P. 179-188. [in Kazakh]

7 Bauermeister T., Janben N., Engler J.O. (2025) Conventional teaching vs. e-learning: A case study of German undergraduate biology students // Education and Information Technologies. Vol. 30. No. 8. P. 10979–10995. [in English]

Information about authors:

Assiya Maimataeva – PhD, Senior Lecturer of the Department of Biology, Faculty of Natural Sciences and Geography, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

E-mail: maimataeva_asia@mail.ru

ORCID - https://orcid.org/0000-0002-4256-0802

Azhar Abubakirova– PhD, Acting Associate Professor of the Department of Biology, Faculty of Natural Sciences, Uzbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

E-mail: azhar.baikal79@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4696-0280

Makhabbat Amanbayeva – PhD, Associate Professor of the Department of Biology, Faculty of Natural Sciences and Geography, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

E-mail: amanbayevamakhabbat@gmail.com

ORCID - https://orcid.org/0000-0001-6173-3564

Gulmira Arimkulova – **corresponding author**, Doctoral student of the Educational Program "Biology", Faculty of Natural Sciences and Geography, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

E-mail: gulmira.arimkulova@bk.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0001-0563-4016

Сведения об авторах:

Асия Майматаева – PhD, старший преподаватель кафедры биологии, факультет естествознания и географии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

E-mail: maimataeva_asia@mail.ru

ORCID - https://orcid.org/0000-0002-4256-0802

Ажар Абубакирова – PhD, и.о. доцента кафедры биологии, факультет естествознания, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекали Жанибекова, г. Шымкент, Республика Казахстан.

E-mail: azhar.baikal79@mail.ru

ORCID - https://orcid.org/0000-0002-4696-0280

Махаббат Аманбаева – PhD, ассоциированный профессор кафедры биологии, факультет естествознания и географии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

E-mail: amanbayevamakhabbat@gmail.com

ORCID - https://orcid.org/0000-0001-6173-3564

Гульмира Аримкулова – **основной автор**, докторант образовательной программы «Биология», факультет естествознания и географии, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

E-mail: gulmira.arimkulova@bk.ru

ORCID - https://orcid.org/0009-0001-0563-4016

Авторлар туралы мәлімет:

Майматаева Асия – PhD, Биология кафедрасының аға оқытушысы, Жаратылыстану және география факультеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail:maimataeva_asia@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4256-0802

Абубакирова Ажар - PhD, Биология кафедрасының доценті м.а., Жаратылыстану факультеті, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ. Қазақстан Республикасы.

E-mail: azhar.baikal79@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4696-0280

Аманбаева Махаббат - PhD, Биология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Жаратылыстану және география факультеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: amanbayevamakhabbat@gmail.com

ORCID - https://orcid.org/0000-0001-6173-3564

Аримкулова Гульмира – **негізгі автор**, «Биология» білім беру бағдарламасының докторанты, Жаратылыстану және география факультеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: gulmira.arimkulova@bk.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0001-0563-4016

ҒТАМР 14.25.09 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.11**
ӘОЖ 91:37.016:502.131.1

О.С. Танатарова[1*], Ш.Ш. Карбаева[2]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: tanatarovaorynsha@gmail.com

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ КОНТЕКСТІНДЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Зерттеудің басты мақсаты – қазіргі заманғы тұрақты даму тұжырымдамасы тұрғысынан жоғары оқу орнындағы географиялық білім беруді жетілдірудің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау және «Тұрақты даму географиясы» модульдік курсының құзыреттілікке бағытталған құрылымын кешенді түрде негіздеу болып табылады. Зерттеу барысында біршама тиімді әдістер қолданылды: нормативтік құжаттар мен оқу жоспарларына контент-талдау жасау, салыстырмалы талдау, озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және білім алушы студенттер арасында арнайы сауалнама жүргізу. Зерттеу нәтижесінде қазақстандық жоғары оқу орындарының географиялық пәндерінде тұрақты даму мазмұнының біркелкі берілмейтіні және көбіне тек элективті курстармен шектелетіні анықталды. Сауалнамаға қатысқан студенттердің басым көпшілігі география курсын тұрақты даму мәселелерін терең түсіну үшін аса маңызды деп бағалайды, бірақ олар оқу бағдарламасының практикалық бөлігін едәуір кеңейтуді талап етеді. Ғылыми жаңашылдығы: Қазақстанның қазіргі жағдайына бейімделген модульдік курстың инновациялық үлгісі ұсынылды. Онда оқу тақырыптары, сабақ өткізу форматтары және күтілетін түпкілікті құзыреттер өзара тығыз байланыстырылып, ESG қағидаттары, цифрлық геоақпараттық құралдар мен жобалық оқыту технологиялары біріктірілген. Ұсынылған үлгіні жоғары мектептегі географиялық білім мазмұнын заманауи жаңартуда және тұрақты даму саласындағы білікті мамандарды даярлауда кеңінен қолдануға болады.

Негізгі сөздер: географиялық білім, тұрақты даму, кеңістіктік ойлау, құзыреттілік, ESG, модульдік курс

Кіріспе

Климаттың өзгеруі, шөлейттену, су ресурстарының тапшылығы және биоәртүрліліктің азаюы білім беру жүйесінен табиғат, қоғам және экономика арасындағы байланысты түсінетін, жауапты шешім қабылдай алатын мамандарды даярлауды талап етеді. Бұл тұрғыда география табиғи және қоғамдық ғылымдарды жалғастыратын пән ретінде студенттердің жүйелі ойлауын және экологиялық құндылық бағдарын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Қазақстан үшін мәселе өзекті: табиғи тәуекелдер жоғары, ал табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен экологиялық мәдениет ұлттық басымдыққа айналып отыр.

Географиялық білім мазмұнын ұлттық экологиялық саясат құжаттарымен ұштастыру қажет [1]. Аталған құжаттарда білім беру азаматтардың экологиялық жауапкершілігін дамытудың негізгі құралы ретінде қарастырылады. Оқу бағдарламаларын жаңарту, функционалдық сауаттылық пен құзыреттілік тәсілін енгізу бойынша шаралар қабылданғанымен, географияны оқытуда тұрақты даму мазмұнын пәнаралық және қолданбалы деңгейде ашатын біртұтас әдістемелік шешімдер жеткіліксіз.

Тұрақты даму идеясы 1987 жылы Брундтланд комиссиясының баяндамасында тұжырымдалды: даму болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігіне нұқсан келтірмей, қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін өтеуі тиіс [2]. Кейін бұл көзқарас 1992 жылы Рио-де-Жанейродағы конференцияда Agenda 21 құжатында дамытылды [3]. ЮНЕСКО-ның 2020 жылғы жол картасында тұрақты дамуға арналған білім беру (ESD) сыни ойлауды, жүйелік талдауды және шешім қабылдауды дамытатын, сондай-ақ оқыту мазмұны мен оқу ортасын өзгертуді талап ететін үдеріс ретінде сипатталады [4], [5].

Халықаралық зерттеулерде географияның ESD-дегі рөлі әртүрлі бағаланады. П.Баголи-Симо Германия бағдарламасының мысалында географияның ESD-ге қосатын

Е.Ю.Панчук, Д.А.Марченко (2025), С.Р.Кови (2021), Г.Ержанова (2025), Ж.Асылбаева, С.Нуржанова (2025) сияқты ғалымдардың зерттеулерінде басымдықтарды анықтай алу мен міндеттерді жоспарлаудан бастап, кәсіби өсудің тұрақты әдеттерін қалыптастырумен аяқталатын өзін-өзі басқарудың әр түрлі аспектілері ашылады [12],[13],[14],[15]. Өзін-өзі басқарудың жоғары деңгейіне ие педагогтер кәсіби тиімділіктің, тұрақтылық пен еліктірілгендіктің жоғары көрсеткіштерін көрсететінін зерттеулерден байқауға болады [16].

Мұнда көптеген зерттеулер көрсетілген санаттарды бөлек-бөлек қарастырады – не зерттеушілік даярлық аясында, не өзін-өзі ұйымдастыру біліктерін қалыптастыру барысында. Зерттеушілік құзыреттілік пен өзін-өзі басқаруды бір мезгілде дамытуға бағытталған кешенді тәсілдемелер, әсіресе бастауыш сынып мұғалімдеріне қатысты, әлі кең ауқымда таратыла қойған жоқ, олардың кәсіби қызметі әлдеқайда жоғары когнитивті, эмоционалдық және ұйымдастырушылық жүктемелерді талап етеді.

Аталмыш зерттеудің мақсаты өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыру негізінде бастауыш білім беру деңгейі мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған оқыту онлайн-курсының тиімділігін ғылыми негіздеу және эксперимент жүзінде тексеру болып табылады.

Зерттеудің мақсатына сәйкес оның негізгі мазмұнын айқындайтын келесі зерттеу сұрақтары тұжырымдалды:

1. Өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттілігіне қалай әсер етеді?

2. Өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыруға бағытталған онлайн-курсты қолдану зерттеушілік құзыреттілікті дамытуда қаншалықты тиімді?

Аталған зерттеу сұрақтарына жауап беру және өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту мен бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттілігі арасындағы байланысты эмпирикалық тұрғыдан тексеру мақсатында зерттеу гипотезасы ұсынылды. Зерттеу гипотезасына сәйкес, егер бастауыш сынып мұғалімдерінің өзін-өзі басқару дағдыларын мақсатты түрде дамытуға бағытталған онлайн-курс енгізілсе, онда олардың зерттеушілік құзыреттілігінің деңгейі едәуір артады. Бұл өзін-өзі басқару дағдыларының кәсіби рефлексияны, зерттеушілік белсенділікті және ғылыми негізделген педагогикалық шешім қабылдау қабілетін күшейтуімен түсіндіріледі.

Зерттеудің маңыздылығы ұсынылған модельдің педагогтің кәсіби өсуінің тиімді траекториясын қалыптастыруға, кәсіби күйзелістің алдын алуға және цифрлық білім беру ортасында педагогикалық зерттеулерге қызығушылығы мен ұмтылысын арттыруға мүмкіндік беруімен айқындалады.

Негізгі қағидалар. Бастауыш білім беру педагогтерінің дайындығы мен біліктіліктерін арттырудың заманауи тәжірибесі зерттеушілік белсенділік пен өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қамтитын түйінді кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған тұғырлар мен тәсілдемелерді қайта қарастыруды талап етеді. Білім берудегі өзгерістердің субъектісі ретіндегі мұғалімнің рөлінің өсіп отырғандығын ескере отырып, әдіснамалық мәдениетін бір уақытта қолдауға және өзіндік кәсіби іс-әрекетті басқарудың құралдарын дамытуға қабілетті механизмдерін құрудың қажеттігі туындайды. Осы орайда зерттеушілік құзыреттілік пен цифрлық білім беру ортасындағы өзін-өзі басқарудың кіріктірілуіне бағытталған тиімді модельдерді іздестіру аса маңызды болып табылады.

Жүргізілген зерттеулердің ғылыми жаңалығы өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыру негізінде бастауыш сынып педагогтерінің зерттеушілік құзыреттіліктерін жетілдірудің моделін теориялық тұрғыда негіздеу және эксперимент жүзінде тексеру болып табылады. Әзірленген модель зерттеушілік құзыреттілікті жеке-дара емес, мақсат қою, рефлексия және кәсіби әрекеттерге өзіндік баға беруді қамтамасыз ететін тұлғалық реттеуші механизмдермен байланыста қарастыруды көздейді. Аталмыш зерттеу аясында жұмыс жасап жүрген педагогтерде зерттеушілік біліктер мен өзін-өзі басқаруды қатар дамытуға бағытталған онлайн-оқыту бағдарламасы алғаш жүзеге асырылады.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы ұғымдық-категориялық аппаратты нақтылау, өзін-өзі басқарудың функцияларымен өзара байланыстағы зерттеушілік құзыреттіліктің құрылымын ашу, сондай-ақ оның мақсатты түрде қалыптасуы мүмкін болатын жағдайларды қалыптастыру болып табылады. Ұсынылған құрылымдық-функционалдық модель жүйелілік, субъектівтілік пен рефлексивтік ұстанымдарға негізделеді және педагогтің кәсіби қалыптасуы аясында жүргізілетін келешектегі зерттеулерге негіз болады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы біліктілікті арттыру жүйесінде және бастауыш білім беру педагогтерін әдістемелік сүйемелдеуде әзірленген модельді қолданудың мүмкіндігімен анықталады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы сынақтан өткізілген ұсынылып отырған онлайн-курс мұғалімнің зерттеушілік позициясын қалыптастыруда, өзін-өзі кәсіби тұрғыдан анықтауға және тұрақты түрде өзін-өзі ұйымдастыруға қабілетін күшейтуде тиімділігін көрсетті. Алынған нәтижелер оқытудың цифрлық форматы мен өзін-өзі басқару элементтерін педагогикалық тәжірибеге кіріктірудің мақсатқа сәйкестігін көрсетеді.

Осылайша, жүргізілген зерттеу қазіргі заманғы педагогтің кәсіби дербестігінің негізгі шарты ретінде зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми негізделген тәсілдемелерін әзірлеуге өз үлесін қосады және білім беру ортасын трансформациялау жағдайында өзекті болып табылатын оны жетілдірудің тәжірибеге бағытталған моделін ұсынады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізі цифрландыру және кәсіби дербестікке қойылатын жоғары талаптар жағдайында бастауыш білім беру деңгейі педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін мақсатты түрде қалыптастырудың қажеттілігі туралы ереже болып табылады. Тұжырымдама кіріктірілген тәсілдемеге сүйенеді, оның аясында зерттеушілік құзыреттілік өзін-өзі басқарумен өзара байланыста педагогтің өзін-өзі тұрақты кәсіби дамытуының шарты ретінде қарастырылады.

1-суретте өзін-өзі басқару негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттілігін жетілдіру бойынша қойылған міндеттерді шешу үшін әзірленген және тәжірибеден өткізілген құрылымдық-функционалдық модель берілген.



Сурет 1 – Өзін-өзі басқару негізінде бастауыш білім беру деңгейі мұғалімдерінің зерттеушілік құзыреттіліктерін жетілдірудің моделі

Ескерту: авторлар құрастырған

Модель мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастырушылық-технологиялық және нәтижелілік-бағалаушылық компоненттерден тұрады. Модельдің мазмұндық бөлігі төмендегідей бөліктердің кірігуіне негізделген:

– Зерттеушілік құзыреттіліктің компоненттері: құндылықтық (зерттеуге қызығушылық), теориялық-әдіснамалық (әдістерді білу), технологиялық (зерттеулер жүргізе алу), рефлексиялық (өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалау);
– Өзін-өзі басқару компоненттері: мақсат қою, уақытты жоспарлау, өзін-өзі бақылау, өздігінен білім алу.

Осы компоненттер арасындағы байланыс түйінді реттеушілік дағдылар арқылы жүзеге асырылады: жоспарлау, өзін-өзі бақылау, мақсат қою және өздігінен білім алу қабілеттері. Модельде көрсетілгендей, осы дағдылардың әрқайсысы зерттеушілік құзыреттіліктің белгілі бір компонентін бекітуге септігін тигізеді, мысалы, жоспарлау технологиялық компонентті, ал өзін-өзі бақылау рефлексиялық компонентті күшейте түседі.

Ұсынылған модельдің тиімділігін тәжірибелік тұрғыдан тексеру мақсатында зерттеуге Атырау қаласының жалпы білім беретін мектептерінде қызмет атқаратын 15 бастауыш сынып мұғалімі қатысты. Қатысушылардың барлығы әйел педагогтер болды, олардың жасы 23–50 жас аралығында, ал педагогикалық еңбек өтілі 2–15 жылды құрады. Қатысушылар мақсатты іріктеу тәсілі арқылы таңдалды. Іріктеудің негізгі критерийлері ретінде бастауыш сынып мұғалімі ретінде қызмет атқаруы, зерттеуге ерікті түрде қатысуға келісім беруі және өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға бағытталған онлайн-курс бағдарламасына толық қатысу мүмкіндігінің болуы белгіленді. Зерттеу қашықтан оқыту форматында ұйымдастырылып, қатысушылардың зерттеушілік құзыреттілігі мен өзін-өзі басқару деңгейін бастапқы диагностикалаудан басталды. Зерттеу барысында қатысушылардың

дербес мәліметтерінің құпиялылығы сақталды, ал жиналған деректер тек ғылыми мақсатта пайдаланылды.

Модельдің практикалық тұрғыда жүзеге асырылуы теориялық бейнедәрістер, интербелсенді тапсырмалар, өзін-өзі тексеруге арналған тесттер, дамудың жеке картасы мен қорытынды өзіндік диагностикадан тұратын авторлық оқыту онлайн-курсы форматында өткізілді. Курс үш кезең арқылы ұйымдастырылды:

- Мотивациялық-таныстыру кезеңі (1-2-модульдер): өзін-өзі басқару және зерттеушілік құзыреттілік ұғымдарымен таныстыру, олардың маңыздылығын сезіну;
- Тәжірибеге бағытталған кезең (3-5-модульдер): тапсырмалар орындау, оқу әрекетінде өзін-өзі басқару құралдарын қолдану;
- Продуктивтік-рефлексиялық кезең (6-7-модульдер): мини жобалар әзірлеу, қорытынды диагностика жасау, кәсіби өсудің жеке жоспарын құру.

Зерттеудің әдістері ретінде сауалнама алу, педагогикалық бақылау, рефлексиялық тапсырмаларға контент-талдау мен бастапқы және қорытынды кезеңдердегі нәтижелерге салыстырмалы талдаулар жасау алынды. Алынған мәліметтер экспериментке қатысушылардың зерттеушілік құзыреттіліктері мен өзін-өзі басқарудың оң даму динамикасын көрсетті.

Нәтижелер және оларды талқылау

Білім беру мазмұнының жаңаруы және педагогтің кәсіби әрекетіне қойылатын талаптардың артуы жағдайында зерттеушілік құзыреттілікті мен өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту ерекше маңызға ие болды. Бұлар мұғалімге кәсіби міндеттерді тиімді түрде шешуге, инновациялық әрекетке дайын әрі икемді болуға септігін тигізеді. Аталған құзыреттіліктердің қалыптасқандығының бастапқы деңгейін бағалау мақсатында бастауыш сынып мұғалімдерімен диагностикалық жұмыс жүргізілді.

Диагностикалық құрал ретінде зерттеу мақсатына сәйкес әзірленген авторлық сауалнама және көрсеткіштердің қалыптасу деңгейін бағалауға арналған 1–5 балдық деңгейлік шкала қолданылды. Сауалнама зерттеудің бастапқы диагностикалық кезеңінде және онлайн-оқыту модулі аяқталғаннан кейін Google Forms платформасы арқылы екі рет жүргізілді. Зерттеуге 15 бастауыш сынып мұғалімі қатысты.

Диагностикалық құралдың мазмұндық валидтілігін қамтамасыз ету мақсатында сауалнама зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне, сондай-ақ зерттеушілік құзыреттілік пен өзін-өзі басқарудың теориялық компоненттеріне сәйкес әзірленді. Сауалнама мазмұнының зерттелетін көрсеткіштерге сәйкестігі педагогика және білім беру саласындағы мамандардың сараптамалық бағалауы арқылы қарастырылды. Сонымен қатар, сауалнама тапсырмаларының түсініктілігі мен қолдануға жарамдылығын бағалау мақсатында пилоттық апробация жүргізілді. Апробация барысында сұрақтардың мазмұндық сәйкестігі, түсініктілігі және диагностикалық көрсеткіштерді бағалауға жарамдылығы қарастырылды.

Сауалнама нәтижелерін бағалау төрт негізгі көрсеткіш бойынша жүзеге асырылды: зерттеушілік әрекетке дайындығы, зерттеу мәселесі бойынша білім деңгейі, уақытты басқару және өзін-өзі басқару. Әр көрсеткіш 1-ден 5 балға дейінгі деңгейлік шкала бойынша бағаланды: 1 балл – төмен деңгей немесе дағдының болмауы; 2 балл – бастапқы деңгей; 3 балл – орташа деңгей, яғни құзыреттілік ішінара қалыптасқан және жүйелеуді қажет етеді; 4 балл – жеткілікті деңгей, яғни дағды қалыптасқанымен, оны қолдану жүйелілігі тұрақты емес; 5 балл – жоғары деңгей, яғни білім немесе дағды толық қалыптасып, кәсіби тәжірибеде белсенді қолданылады.

1-кестеде бастапқы диагностикалау кезеңінде алынған нәтижелер төрт көрсеткіш бойынша ұсынылған. Кестеде әрбір респонденттің жеке нәтижелері және зерттелетін көрсеткіштер бойынша жинақталған бағалары көрсетілген.

Кесте 1 – Сауалнаманың алғашқы кезеңінің нәтижелері

Аты	Зерттеуге дайындығы	Білім деңгейі	Уақытты басқару	Өзін-өзі басқару
Респондент 1	3	1	1	3
Респондент 2	1	3	3	1
Респондент 3	2	1	1	2
Респондент 4	1	3	1	1
Респондент 5	2	3	3	3
Респондент 6	1	1	1	2
Респондент 7	1	1	3	3
Респондент 8	3	1	3	2
Респондент 9	2	1	2	1
Респондент 10	3	2	2	1
Респондент 11	1	3	2	3
Респондент 12	1	1	2	1
Респондент 13	1	2	3	2
Респондент 14	2	2	2	2
Респондент 15	1	2	2	1
Ескерту: авторлар құрастырған				

Кестені талдау мұғалімдердің көпшілігі зерттеушілік әрекетке дайындығы мен білім деңгейлерін төменгі және орташа деңгей (1-3 балл) түрінде бағалайтынын көрсетеді. Өзін-өзі басқару мен уақытты басқару дағдыларын көбінесе орташадан төмен деңгейде бағалайды, бұл өзіндік кәсіби әрекетін ұйымдастырудағы қиындықтардың болуы мен тиімді жоспарлау үшін құралдардың жетспеушілігін білдіреді. Диагностика жасау үшін алынған осы межелер педагогтердің зерттеушілік әрекетке ене алуы мен оқытуда инновациялық тәсілдемелерді қолдануға қабілетті болуына тікелей әсер етуге бағытталған.

Зерттеушілік құзыреттілік пен өзін-өзі басқарудың ағымдағы деңгейі жайлы жалпы мәліметті анықтау үшін мәліметтерді біріктіре өңдеу жүргізілді, онда диагностикаланатын әр көрсеткіш бойынша орташа балл есептелді. Бұл педагогтерді кәсіби дайындаудағы мәселелерді және жалпы тенденцияларды анықтауға мүмкіндік береді.

2-суретте берілген график оқыту модулін ұйымдастыру барысында қандай бағыттарға басымдық беру қажеттігін көрнекі түрде көрсетеді.



Сурет 2 – Түйінді кәсіби көрсеткіштер бойынша орташа мәндері

Ескерту: авторлар құрастырған

Көрсетілген мәліметтер негізінде бастауыш сынып мұғалімдері арасында зерттеушілік құзыреттілік деңгейі мен өзін-өзі басқару дағдыларының бастапқы деңгейінің біртекті еместігі жайлы қорытынды жасауға болады. 2-суреттегі көрсеткіштердің орташа мәндері төмендегідей тенденцияны көрсетеді: «Зерттеуге дайындық» көрсеткішінің орташа мәні (шамамен 1.67) педагогтердің өз зерттеу мүмкіндіктеріне сенімсіз екендігін білдіреді; Зерттеу мәселесі жайлы білім бойынша көрсеткіштің орташа деңгейі (шамамен 1.8) тұрақты дағдының жоқтығын білдіреді; Уақытты басқару дағдысы бойынша орташа мәндер (шамамен 2.07) оқу жүктемесінің зерттеу әрекетін жүзеге асыруға кедергі болатынын білдіреді; Өзін-өзі басқару деңгейі орташа, шамамен 1.87 құрайды, бұл да осы құзыреттілікті дамытудың қажеттігін көрсетеді.

Осылайша, диагностика нәтижелері педагогтерде зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру мен өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастырудағы өзекті қиындықтардың барын дәлелдеді. Алынған мәліметтер ілгеріде жоспарланған оқыту модульдері мазмұнының негізіне алынды, олардың міндеті белгіленген құзыреттіліктерді мақсатты түрде дамыту болып табылады. Оқыту курсы өткізілгеннен кейінгі нәтижелерді салыстырмалы талдау оның тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Сынақтан өткізудің мақсаты мұғалімдердің кәсіби әрекетіндегі нақты жағдайда модельдің тиімділігін эмпирикалық растау, сондай-ақ әзірленген оқыту модульдерінің қолданылауын бағалау болып табылады. Оқыту үдерісі бейнедәрістер, практикалық тапсырмалар, өзін-өзі тексеруге арналған тесттер және рефлексиялық сауалнамалардан тұратын онлайн-платформа арқылы жүзеге асырылды. Қатысушыларға өз беттерімен жоспар құруға және материалдарды игеру қарқынын анықтауға мүмкіндік берілді, бұл өзін-өзі басқару ұстанымдарына сай келеді.

Оқыту өзара байланысты өзін-өзі басқару, зерттеушілік әрекет, уақытты басқару, өзін-өзі рефлексиялау, ақпараттық сауаттылық пен өзіндік кәсіби дамуын жоспарлау жайлы тақырыптарын қамтитын модульдерді біртіндеп өту негізінде құрылды. Курс соңында қатысушылар қорытынды мини жоба дайындап, қорытынды өзіндік диагностикадан өтті.

Мониторинг бірнеше параметрлер бойынша жүргізілді: платформада белсенді болу, тапсырмаларды орындау сапасы, өзін-өзі тестілеу нәтижесі, рефлексиялық сауалнаманың мәліметтері. Педагогтердің жоспар құру, мақсат қою, өзіне-өзі талдау жасау және басқарылатын өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға ерекше мән берілді.

Сынақ нәтижелері ұсынылған модельдің тұрақты кәсіби біліктерін қалыптастыруға, өзін-өзі басқару мен зерттеу әрекетін кіріктіруге, кәсіби өсуге қызығушылықты арттыруға себепші болатынын дәлелдеді. Қатысушылар саналылық, зерттеуге бастамашылық және өз әрекетін өз бетімен ұйымдастыруға қабілеттілік деңгейінде елеулі өзгерістерді көрсетті.

2-кестеде оқыту модульдерін өткеннен кейінгі бастауыш сынып педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігі мен өзін-өзі басқару дағдылары деңгейін қайтадан диагностикалау нәтижесі көрсетілген. Түйінді көрсеткіштер бойынша өзін-өзі бағалаудың өскенін байқауға болады: қатысушылардың біразы өз біліктерін жоғары деңгейде (4–5 балл) бағалайды. Бұл ұсынылған оқыту контентінің тиімділігін және респонденттердің кәсіби дамуының оң динамикасын көрсетеді.

Кесте 2 – Қайта жүргізілген диагностиканың нәтижелері

Аты	Зерттеуге дайындығы	Білім деңгейі	Уақытты басқару	Өзін-өзі басқару
Респондент 1	4	5	5	4
Респондент 2	5	4	4	4
Респондент 3	4	4	4	5
Респондент 4	4	5	5	4
Респондент 5	5	5	5	4

Респондент 6	5	4	4	5
Респондент 7	5	5	4	4
Респондент 8	4	4	5	4
Респондент 9	4	4	5	5
Респондент 10	5	5	5	5
Респондент 11	5	5	5	5
Респондент 12	5	5	4	4
Респондент 13	4	5	5	5
Респондент 14	4	4	4	4
Респондент 15	4	4	5	4
Ескерту: авторлар құрастырған				

3-суретте оқыту модульдерін өткеннен кейінгі бастауыш сынып педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігі мен өзін-өзі басқару дағдыларының қалыптасқандық деңгейінің орташа мәндері көрсетілген. Диаграммадан көргеніміздей, барлық түйінді көрсеткіштер бойынша респонденттердің өзін-өзі бағалауда елеулі өсу байқалады. «Зерттеуге дайындығы», «Білім деңгейі», «Уақытты басқару» және «Өзін-өзі басқару» межелері бойынша жоғары деңгейге (4–5 балл) жуық.



Сурет 3 – Оқытудан кейінгі түйінді кәсіби көрсеткіштер бойынша орташа мәндері

Ескерту: авторлар құрастырған

Бұл нәтижелер 2026 жылы жүргізілген Sannert, Baur және Krelldің жүйелі шолу қорытындыларымен де үндеседі. Авторлар 33 эмпирикалық зерттеуді талдау негізінде мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттерін дамытуға бағытталған кәсіби бағдарламаларда практикалық тапсырмаларды орындау, алынған білімді педагогтің нақты кәсіби тәжірибесінде қолдану және рефлексия жасау сияқты әрекеттердің кеңінен қолданылатынын анықтаған. Зерттеу нәтижелері мұндай кәсіби даму бағдарламаларының мұғалімдердің білімі мен кәсіби ұстанымдарына, сондай-ақ педагогикалық практикасына оң ықпал етуі мүмкін екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, біздің зерттеуімізде «Зерттеуге дайындығы» көрсеткішінің 1,67-ден 4,47-ге, ал «Білім деңгейінің» 1,80-ден 4,53-ке дейін өсуі теориялық білімді практикалық тапсырмалармен, өзіндік бағалаумен және рефлексиямен ұштастырған оқыту мазмұнының нәтижелілігімен мазмұндық тұрғыдан сәйкес келеді (Sannert et al., 2026). Сонымен қатар, аталған жүйелі шолу кәсіби даму бағдарламаларының тиімділігін бағалауда зерттеу дизайнына қатысты шектеулердің бар екенін атап көрсетеді. Сондықтан біздің зерттеуіміздегі алынған оң динамиканы модельдің бастапқы эмпирикалық нәтижесі ретінде қарастырған жөн[17].

3-кестеде бастауыш сынып педагогтерінің зерттеушілік құзыреттіліктері мен өзін-өзі басқару дағдыларының түйінді көрсеткіштері бойынша оқыту модульдерін оқытуға дейінгі және оқытудан кейінгі орташа мәндерінің салыстырмалы мәліметтері көрсетілген. Алынған мәліметтер кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасқандық деңгейінде әлдеқайда оң өзгерістің барын көрсетеді. Берілген 15 педагогтің бастапқы және қайталама нәтижелеріне сүйеніп, жұптасқан t-test есептегенде барлық төрт көрсеткіш бойынша айырмашылық статистикалық мәнді ($p < 0,001$) болып шығады. Есептеу нәтижелері шамамен:

Кесте 3 – Түйінді көрсеткіштер бойынша орташа мәндердің салыстырмалы мәліметтері

Көрсеткіш	Дейін	Кейін	t(14)	p	Cohen’s d
Зерттеуге дайындығы	1,67	4,47	10,02	<0,001	2,59
Білім деңгейі	1,80	4,53	11,98	<0,001	3,09
Уақытты басқару	2,07	4,60	10,72	<0,001	2,77
Өзін-өзі басқару	1,87	4,40	9,91	<0,001	2,56
Ескерту: авторлар құрастырған					

3-ші кестеде келтірілген paired-samples t-test қолданылғанын міндетті түрде көрсету керек, себебі бірдей 15 педагог оқытуға дейін де, кейін де өлшенген. Бастапқы және қорытынды диагностикалау нәтижелерінің арасындағы айырмашылықтың статистикалық мәнділігін анықтау мақсатында жұптасқан таңдамаға арналған t-критерийі (paired-samples t-test) қолданылды. Статистикалық талдау бір топқа кіретін 15 педагогтің оқытуға дейінгі және оқытудан кейінгі нәтижелері негізінде жүргізілді. Сонымен қатар, өзгерістердің практикалық мәнін бағалау үшін Cohen’s d әсер мөлшері есептелді.

Статистикалық өңдеу нәтижесінде барлық төрт көрсеткіш бойынша оқытуға дейінгі және оқытудан кейінгі нәтижелер арасында статистикалық мәнді айырмашылық анықталды. «Зерттеуге дайындығы» көрсеткіші бойынша орташа мән 1,67-ден 4,47 балға дейін жоғарылап, айырмашылық статистикалық мәнді болды ($t(14)=10,02$; $p<0,001$; $d=2,59$). «Білім деңгейі» көрсеткіші 1,80-ден 4,53 балға дейін өсті ($t(14)=11,98$; $p<0,001$; $d=3,09$). «Уақытты басқару» көрсеткіші бойынша орташа мән 2,07-ден 4,60 балға дейін жоғарылап, статистикалық мәнді өзгеріс көрсетті ($t(14)=10,72$; $p<0,001$; $d=2,77$). Ал «Өзін-өзі басқару» көрсеткішінің орташа мәні 1,87-ден 4,40 балға дейін өсті ($t(14)=9,91$; $p<0,001$; $d=2,56$).

Осы нәтижелер барлық қарастырылған көрсеткіштер бойынша оқытуға дейінгі және кейінгі айырмашылықтардың кездейсоқ өзгеріспен ғана түсіндірілмейтінін көрсетеді. Cohen’s d көрсеткіштерінің жоғары болуы өзгерістердің тек статистикалық емес, практикалық тұрғыдан да айқын болғанын аңғартады. Ең жоғары әсер мөлшері «Білім деңгейі» ($d=3,09$) және «Уақытты басқару» ($d=2,77$) көрсеткіштері бойынша байқалды. Бұл оқыту мазмұнында педагогикалық зерттеудің негіздерін меңгерту мен уақытты тиімді ұйымдастыруға бағытталған тапсырмалардың нәтижелі болғанын көрсетуі мүмкін.

Сонымен бірге, алынған статистикалық нәтижелерді зерттеу дизайнының ерекшеліктерін ескере отырып түсіндіру қажет. Іріктеменің шағын болуы ($n=15$), бақылау тобының болмауы және диагностиканың өзін-өзі бағалау форматына негізделуі нәтижелерді барлық бастауыш сынып мұғалімдеріне жалпылауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан анықталған статистикалық мәнді айырмашылық әзірленген оқыту модулінің осы зерттеу тобы аясындағы оң динамикамен байланысты екенін көрсететін эмпирикалық дәлел ретінде қарастырылады.

Кестеде келтірілген салыстырмалы талдаудың нәтижелері оқыту модульдерін өткеннен кейінгі бастауыш сынып педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін және өзін-өзі бақылау дағдыларының қалыптасқандық деңгейдің оң динамикасын көрсетеді.

4-суретте салыстырмалы график бейнеленген, мұнда оқыту модулін оқытуға дейінгі және оқытқаннан кейінгі бастауыш сынып мұғалімдерінің түйінді кәсіби көрсеткіштерінің орта мәндерінің өзгергені көрсетілген.



Сурет 4 – Оқытуға дейінгі және одан кейінгі кәсіби көрсеткіштерді салыстырмалы талдау
Ескерту: авторлар құрастырған

Салыстырмалы диаграмма оқыту модулін өткеннен кейінгі бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілігінің оң динамикалық өзгерісін көрнекі көрсетеді. Графиктен көргеніміздей, «Зерттеуге дайындығы», «Білім деңгейі», «Уақытты басқару» және «Өзін-өзі басқару» сияқты барлық түйінді көрсеткіштер бойынша оқытудан кейінгі орташа мәндері бастапқы нәтижеден біршама жоғарылағанын байқауға болады.

Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау барысында оның әдіснамалық шектеулерін ескеру қажет. Біріншіден, зерттеуге 15 бастауыш сынып мұғалімінің қатысуы алынған нәтижелерді кең педагогикалық популяцияға жалпылауға шектеу қояды. Іріктеменің шағын болуы зерттеу нәтижелерін бастапқы эмпирикалық деректер ретінде қарастыруды талап етеді және әртүрлі педагогикалық, өңірлік және кәсіби топтарға қатысты қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді.

Екіншіден, зерттеуде бақылау тобы қарастырылмады**.** Осыған байланысты оқыту модулінен кейін байқалған оң динамиканы тек әзірленген модельдің әсерімен тікелей байланыстыруға болмайды, өйткені өзгерістерге басқа да сыртқы факторлардың ықпалы болуы ықтимал. Сондықтан алынған нәтижелер модельдің тиімділігін көрсететін бастапқы эмпирикалық дәлел ретінде бағаланды.

Үшіншіден, зерттеуде қолданылған диагностикалық құралдың негізгі бөлігі педагогтердің өзін-өзі бағалауына негізделді. Өзін-өзі бағалау кәсіби рефлексияны анықтауға мүмкіндік бергенімен, респонденттердің жауаптарына субъективті қабылдау, әлеуметтік тұрғыдан қолайлы жауап беруге ұмтылу және өз мүмкіндіктерін асыра немесе төмен бағалау сияқты факторлар әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты сауалнама нәтижелерін педагогтердің нақты зерттеушілік әрекетін толық сипаттайтын объективті көрсеткіш ретінде қабылдауда сақтық қажет.

Сонымен қатар, зерттеу оқытуға дейінгі және оқытудан кейінгі нәтижелерді салыстыруға негізделгендіктен, анықталған өзгерістердің ұзақ мерзімді тұрақтылығы бағаланған жоқ. Болашақ зерттеулерде іріктеме көлемін ұлғайту, бақылау тобын енгізу, объективті бағалау құралдарын және практикалық тапсырмаларды пайдалану, сондай-ақ

кейінгі кезеңдегі өлшемдерді ұйымдастыру ұсынылады. Бұл әзірленген модельдің әсерін неғұрлым нақты бағалауға және алынған нәтижелердің тұрақтылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Нәтижелері талдау шығармашылық модульдер, практикалық тапсырмалар, өзін-өзі талдау құралдары мен өзін-өзі басқаруды дамыту бойынша нұсқаулықтардан тұратын интербелсенді онлайн-курсты қолдану қатысушылардың кәсіби жағынан едәуір өскенін көрсетті. Курсты өтуге дейінгі және одан кейінгі диагностиканың мәліметтерін салыстыру барысында зерттелетін құзыреттіліктердің сандық та, сапалық та жағының тұрақты оң өзгерістерін көруге болады.

Барлық негізгі көрсеткіштер бойынша орташа мәндері жоғарылаған, бұл педагогтердің зерттеушілік білімдерінің кеңейгенін, зерттеушілік әрекетті жүзеге асыруға дайындығының артқанын, сондай-ақ тиімді жоспарлау мен өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларының дамығанын көрсетті.

«Білім деңгейі» мен «Уақытты басқару» межелері бойынша әлдеқайда жоғары оң көрсеткіштер байқалады, бұл практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған білім беру стратегияларының табыстылығын көрсетеді.

Курстың онлайн-форматы оқытудың икемділігін, материалдардың қолжетімділігі мен курс мазмұнын игерудің қарқынын өз бетімен таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етті, бұл педагогтердің қызығушылығының артуына және өзін-өзі басқару дағдысын дамытуға қосымша фактор болып табылады. Онлайн форматта контентпен жұмыс қатысушылардың өз беттерімен мақсат қойып, оқыту кезеңдерін жоспарлауға, өз әрекетінің нәтижелерін рефлексиялауға мүмкіндік берді, бұл өз кезегінде олардың зерттеушілік мәдениетін дамытуды күшейте түсті.

Осылайша, қайта жүргізілген диагностика нәтижелері кәсіби әрекетке қойылатын заманауи талаптар жағдайында бастауыш деңгей педагогтерінің біліктілігін арттыру формасы ретіндегі оқыту онлайн-курсын қолданудың тиімділігін дәлелдеді. Әзірленген курс педагогикалық қызметкерлердің зерттеушілік және ұйымдастырушылық құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған келешектегі білім беру бағдарламалары үшін негіз бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. Москва: Педагогика. —1982. —192 с.

2 Holmes W., Bialik M., Fadel C. (2019) Artificial Intelligence in Education: Promise and Implications. Boston: Center for Curriculum Redesign. 68 p.

3 Luckin R. (2022) AI for School Teachers. London: Routledge. 240 p.

4 Левченко Т.А., Агеева Л.Е. Исследовательская компетентность как компонент профессиональной подготовки будущих педагогов // Журнал педагогических наук, Казахстан. —2022. [Электронный ресурс] - URL: bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz (дата обращения: 01.10.2025).

5 Salmento H., Murtonen M., Kiley M. (2021) Understanding Teacher Education Students' Research Competence Through Their Conceptions of Theory // Frontiers in Education. Vol. 6. Article 763803. DOI: 10.3389/feduc.2021.763803.

6 Sahin A.-M. et al. (2023) Digital competences in research: creativity and entrepreneurship as essential predictors for teacher training // Journal of Computers in Education.. Vol. 11. P. 1263-1282.

7 Gümüşok F., Taner-yavuz G., Balıkçı G. (2024) Research competence in initial teacher education: Perceptions, orientations, and suggestions // Turkish Journal of Education. P. 74-91.

8 Katayev S., Burdina E. (2023) Developing research competencies in secondary school teachers within the context of contemporary educational content // Educação e Pesquisa. Vol. 49, e257253.

9 Федосова Л.И. Формирование исследовательской компетентности педагога: структура, содержание, методика // Педагогическое образование. —№3. — 2014. — С. 17–23.

10 Katayev Y., Saduakas G., Nurzhanova S., Umirbekova A., Ospankulov Y., Zokirova S. (2023) Analysis of teachers' research competencies, scientific process skills and the level of using information and communication

technologies // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology. Vol. 11. No. 5. P. 1184-1203. DOI: 10.46328/ijemst.3613.

11 Ercoşkun M.H., Erişmiş F. (2025) An Investigation into Teachers' Self-Management, Self-Control, and Self-Leadership Skills // Pamukkale University Journal of Education. Vol. 63, P. 63-89.

12 Панчук Е.Ю., Марченко Д.А. Самоменеджмент как инструмент повышения эффективности работы сотрудников // Вестник Ангарского государственного технического университета. —№18. —2024. —С. 405–408. —DOI: https://doi.org/10.36629/2686-777X-2024-1-18-405-4080.

13 Кови С.Р. 7 навыков высокоэффективных людей / Стивен Р. Кови; пер. с англ. Москва: Альпина Паблишер. —2021. —400 с.

14 Ержанова Г. Особенности развития исследовательской компетентности будущих педагогов в условиях высшего образования Казахстана // Frontiers in Education. —2025. DOI: 10.3389/feduc.2025.1610757.

15 Асылбаева Ж., Нуржанова С. Формирование профессиональных навыков будущих педагогов начальных классов на основе цифрового образования // Вестник Кокшетауского университета имени Ш. Уалиханова. Серия Педагогические науки. —№1. —2025. —С. 60–71. —DOI: https://doi.org/10.59102/pedagogical/2025/iss1pp60-71.

16 Utemgaliyeva N.A., Mukhamedrakhimova A.Zh. Эффективность повышения качества образования посредством онлайн-платформ в высших учебных заведениях Казахстана // Педагогический журнал им. Н.Н. Гумилева. — Т.150, №1. — 2025.— С. 95-105. — DOI: https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-150-1-95-105.

17 Sannert R., Baur A., & Krell M. (2026). Design and effectiveness of professional development programmes to support teachers in promoting students' scientific inquiry competencies: A critical and systematic review of empirical studies. *Studies in Science Education*. https://doi.org/10.1080/03057267.2026.2688670

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНОГО УРОВНЯ ОБРАЗОВАНИЯ НА ОСНОВЕ САМОМЕНЕДЖМЕНТА

Аннотация

Современные условия трансформации системы образования предъявляют к педагогам всё более высокие требования, предполагая не только глубокое владение предметными знаниями, но и умение самостоятельно анализировать и совершенствовать собственную профессиональную деятельность. Особенно актуальна эта задача для учителей начальной школы, поскольку именно на данном этапе закладываются основы образовательной траектории учащихся, формируются их учебные интересы и мотивация к познанию.

Представленная работа посвящена изучению одного из возможных путей повышения исследовательской компетентности педагогов — развитию навыков самоменеджмента, рассматриваемого как совокупность умений планировать, организовывать и анализировать собственную деятельность, выстраивая личные стратегии профессионального роста. В качестве основной формы реализации подхода была разработана и апробирована программа онлайн-обучения, учитывающая специфику труда учителей начального звена и ориентированная на развитие навыков самостоятельного целеполагания, самоорганизации и рефлексии. Цель исследования — теоретически обосновать и оценить эффективность развития навыков самоменеджмента посредством онлайн-обучения как средства повышения исследовательской компетентности учителей начальной школы, совершенствования их навыков самоорганизации, профессиональной рефлексии и самостоятельного управления профессиональным развитием.

В исследовании приняли участие практикующие педагоги начальной школы, для которых проведена предварительная и итоговая диагностика уровня исследовательской компетентности и готовности к самоуправлению профессиональной деятельностью. Программа включала тематические модули, практические задания для самоанализа, интерактивные упражнения, а также инструменты самопланирования и индивидуального мониторинга прогресса.

Сравнительный анализ результатов показал устойчивые положительные изменения: участники продемонстрировали более высокий уровень осознанности в планировании и организации собственного профессионального развития, возросла их мотивация к педагогическому исследованию, улучшились навыки рефлексии и аналитической оценки собственной работы. Полученные данные свидетельствуют о целесообразности интеграции подобных онлайн-курсов в систему повышения квалификации педагогов. Представленный подход может быть адаптирован для разных категорий работников образования и служить основой формирования устойчивых практик профессионального саморазвития и непрерывного повышения исследовательской компетентности.

Ключевые слова: исследовательская компетентность, самоменеджмент, начальная школа, онлайн-обучение, профессиональное развитие, педагогическое исследование, рефлексия.

ENHANCING THE RESEARCH COMPETENCE OF PRIMARY EDUCATION TEACHERS THROUGH SELF-MANAGEMENT

Abstract

The ongoing transformation of the education system places increasing demands on teachers, requiring not only strong subject knowledge but also the ability to independently analyze and improve professional practice. This need is especially relevant for primary school teachers, whose work shapes students' educational trajectories and fosters their curiosity and motivation to learn.

This study examines the development of teachers' research competence through self-management skills—defined as the ability to plan, organize, and evaluate one's own activities while creating personal strategies for professional growth. To implement this approach, the researchers designed and tested an online training program that reflects the specific requirements of primary school teaching and focuses on independent goal-setting, self-organization, and reflection. The aim of the study is to provide a theoretical rationale and experimentally evaluate the effectiveness of developing self-management skills through online learning as a means of enhancing primary school teachers' research competence, self-organization, professional reflection, and ability to independently manage their professional development.

Practicing primary school teachers participated in the research and completed both initial and final diagnostics to assess their research competence and readiness for self-directed professional management. The program included thematic modules, practical self-analysis tasks, interactive exercises, and tools for self-planning and monitoring progress.

Comparative analysis revealed consistent positive changes: participants showed greater awareness of planning and organizing their professional development, stronger motivation for pedagogical research, and improved reflection and analytical skills. These findings confirm that such online courses can be incorporated into teacher professional development systems. The proposed approach is adaptable to different educator groups and provides a foundation for sustainable professional self-development and the continuous enhancement of research competence.

Keywords: research competence, self-management, primary education, online training, professional development, pedagogical inquiry, reflection.

REFERENCES

1 Babansky Yu.K. Problemy povysheniya effektivnosti pedagogicheskih issledovanij [*Problems of improving the efficiency of pedagogical research*]. Moscow: Pedagogika. 1982. 192 p. [in Russian]

2 Holmes W., Bialik M., Fadel C. (2019) Artificial Intelligence in Education: Promise and Implications. Boston: Center for Curriculum Redesign. 68 p. [in English]

3 Luckin R. (2022) AI for School Teachers. London: Routledge. 240 p. [in English]

4 Levchenko T.A., Ageeva L.E. Issledovatelskaya kompetentnost kak komponent professionalnoy podgotovki budushchih pedagogov [*Research competence as a component of professional training of future teachers*] // Journal of Educational Sciences. Kazakhstan. Available at: —URL: http://bulletin-pedagogic-sc.kaznu.kz 2022. [in Russian]. (accessed 01.10.2025)

5 Salmento H., Murtonen M., Kiley M. (2021) Understanding Teacher Education Students' Research Competence Through Their Conceptions of Theory // Frontiers in Education. Vol. 6, Article 763803. DOI: 10.3389/feduc.2021.763803. [in English]

6 Sahin A.-M., et al. (2023) Digital competences in research: creativity and entrepreneurship as essential predictors for teacher training //Journal of Computers in Education. Vol. 11. P. 1263-1282. [in English]

7 Gümüşok F., Taner-yavuz G., Balıkçı G. (2024) Research competence in initial teacher education: Perceptions, orientations, and suggestions // Turkish Journal of Education. P. 74-91. [in English]

8 Katayev S., Burdina E. (2023) Developing research competencies in secondary school teachers within the context of contemporary educational content // Educação e Pesquisa. Vol. 49, e257253. [in English]

9 Fedosova L.I. Formirovanie issledovatelskoj kompetentnosti pedagoga: struktura, soderzhanie, metodika [*Formation of teacher's research competence: structure, content, methodology*] // Pedagogicheskoe obrazovanie. № 3. 2014. P. 17–23. [in Russian]

10 Katayev Y., Saduakas G., Nurzhanova S., Umirbekova A., Ospankulov Y., Zokirova S. (2023) Analysis of teachers' research competencies, scientific process skills and the level of using information and communication technologies // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology. Vol. 11. No. 5. P. 1184-1203. DOI: 10.46328/ijemst.3613. [in English]

11 Ercoşkun M.H., Erişmiş F. (2025) An Investigation into Teachers' Self-Management, Self-Control, and Self-Leadership Skills // Pamukkale University Journal of Education. Vol. 63. P. 63-89. [in English]

12 Panchuk E.Yu., Marchenko D.A. Samomenedzhment kak instrument povysheniya effektivnosti raboty sotrudnikov [*Self-management as a tool to improve employee efficiency*] // Vestnik Angarskogo gosudarstvennogo

tekhnicheskogo universiteta. № 18. 2024. P. 405–408. DOI: https://doi.org/10.36629/2686-777X-2024-1-18-405-4080. [in Russian]

13 Kovi S.R. 7 navykov vysokoeffektivnyh lyudey [7 *Habits of Highly Effective People*] /Stephen R. Covey; perevod s angl. Moscow: Alpina Publisher. 2021. 400 p. [in Russian]

14 Erzhanova G. (2025) Osobennosti razvitiya issledovatelskoj kompetentnosti budushchih pedagogov v usloviyah vysshego obrazovaniya Kazakhstana [Features of the development of research competence of future teachers in the conditions of higher education in Kazakhstan] //Frontiers in Education. DOI: 10.3389/feduc.2025.1610757. [in English]

15 Asylbayeva Zh., Nurzhanova S. Formirovanie professionalnyh navykov budushchih pedagogov nachalnyh klassov na osnove tsifrovogo obrazovaniya [*Formation of professional skills of future primary school teachers based on digital education*] // Vestnik Kokshetayskogo universiteta imeni Sh. Ualikhanova. Seriya Pedagogicheskie nauki. №1. 2025. P.60–71.DOI: https://doi.org/10.59102/pedagogical/2025/iss1pp60-71 [in Russian]

16 Utemgaliyeva N.A., Mukhamedrakhimova A.Zh. Effektivnost povysheniya kachestva obrazovaniya posredstvom onlayn-platform v vysshih uchebnyh zavedeniyah Kazakhstana [*Effectiveness of improving the quality of education through online platforms in higher educational institutions of Kazakhstan*] // Pedagogicheskiy zhurnal im. N.N. Gumileva. T. 150. № 1. 2025. P. 95–105. DOI: https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-150-1-95-105 [in Russian]

17 Sannert R., Baur A., & Krell M. (2026). Design and effectiveness of professional development programmes to support teachers in promoting students' scientific inquiry competencies: A critical and systematic review of empirical studies. *Studies in Science Education.* https://doi.org/10.1080/03057267.2026.2688670 [in English]

Information about authors:

Fariza Kinzhibayeva - **corresponding author,** PhD, associate professor of the Department of Preschool and Primary Education, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: fari_0974@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3279-3474

Akmaral Mukhanbetzhanova - Doctor of Science (Pedagogical), professor of the Department of Preschool and Primary Education, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: akmaral_muhanbetzhanova@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4682-7391

Zhupat Astambayeva - PhD, Senior Lecturer of the Department of Primary Education, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: zhupat66@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4911-9614

Svetlana Kulmagambetova - candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Teaching Methods Department, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: svetlana-sk-68@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8622-1220

Информация об авторах:

Фариза Кинжибаева - **основной автор,** доктор философии (PhD), ассоциированный профессор кафедры дошкольного и начального образования, Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: fari_0974@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3279-3474

Акмарал Муханбетжанова - доктор педагогических наук, профессор кафедры дошкольного и начального образования, Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail:akmaral_muhanbetzhanova@mail.ru

ORCID:https://orcid.org/0000-0002-4682-7391

Жупат Астамбаева - доктор философии (PhD), старший преподаватель кафедры «Начальное образование», Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: zhupat66@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4911-9614

Светлана Кулмагамбетова - кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры Методики преподавания иностранных языков, Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: svetlana-sk-68@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8622-1220

Авторлар туралы ақпарат:

Фариза Кинжибаева - **негізгі автор,** философия докторы (PhD), Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: fari_0974@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3279-3474

Акмарал Муханбетжанова - педагогика ғылымдарының докторы, Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: akmaral_muhanbetzhanova@mail.ru

ORCID:https://orcid.org/0000-0002-4682-7391

Жупат Астамбаева - философия докторы (PhD), Бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zhupat66@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4911-9614

Светлана Құлмағамбетова - педагогика ғылымдарының кандидаты, Шетел тілдерін оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: svetlana-sk-68@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8622-1220

ҒТАМР 14.07.01 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.14**
ӘОЖ 372.891

Е.А.Тулегенов[1], А.З.Жумагазиев[2], А.С. Мурзинова[1*]

[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
[2]Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы
*e-mail: murzinova_1993_kz@mail.ru

ЛЭПБУК ТЕХНОЛОГИЯСЫ – БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада зерттеушілік дағды ұғымы жоғары білім берудің негізгі ұстанымы, академиялық табысқа жетудің кілті, оқу іс-әрекетінің айрықша стилін қалыптастыру тәсілі, білім алуға жетелейтін түрткілерді қалыптастыратын шығармашылық әрекет, сұраққа жауап және мәселенің шешімін табу қабілеті, білім алушы жүзеге асыратын ақыл-ой операциялары мен қолданбалы іс-әрекеттердің жиынтығы ретінде анықталады. Білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға бағытталған Лэпбук технологиясы зерттеу жұмысының басты мақсаты ретінде айқындалып, оның педагогикалық артықшылықтары мен кемшіліктері, геоэкологиялық білім беруде қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Зерттеу жұмысының мақсаты – Лэпбук технологиясын пайдалану арқылы білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыру. Лэпбук технологиясының жоғары оқу орнының білім беру бағдарламасындағы «Климат өзгерістері және оның салдары», «Геоглобалистика» және «Геоэкология» пәндерін оқытуда білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастырудағы маңызы талданады. Білім алушылардың геоэкологиялық мәселелерді лэпбук арқылы анықтауы – олардың зерттеу жүргізуге деген қызығушылығын арттыратыны және деректерді жинауға, жүйелеуге, қарқынды зерттеу мен өз бетінше ізденуге мүмкіндік беретіні тәжірибелік қолдану оның тиімді әлеуетін көрсетті. Лэпбук технологиясын география сабағында қолданудың бірнеше кезеңдері сипатталады. Лэпбукты пәнді жүргізетін оқытушының да дидактикалық міндеттерді (жаңа материалды енгізу және бекіту, меңгерілген материалды жүйелеу, т.б.) шешу үшін жасауына болатыны сараланады.

Негізгі сөздер: Лэпбук технологиясы, зерттеушілік іс-әрекет, зерттеушілік дағды, шығармашылық әрекет, геоэкологиялық білім беру.

Кіріспе

Бүгінде жоғары білім берудің басты ұстанымдарының, маңызды және өзекті міндеттерінің бірі – білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетіне бағытталған зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға басымдық беру. Зерттеушілік дағды – академиялық жетістікке жетудің негізі, оқу іс-әрекетінің айрықша стилін қалыптастыру тәсілі, білім алушыларды білім алуға жетелейтін түрткілерді қалыптастыратын шығармашылық іс-әрекет, сұраққа жауап және мәселенің шешімін табу қабілеті, білім алушы жүзеге асыратын ақыл-ой операциялары мен қолданбалы іс-әрекеттердің жиынтығы. Зерттеушілік дағды білім алушыларға зерттеу мақсатын айқындауға, зерттеу сұрағын құрастыруға, зерттеу болжамын ұсынуға, зерттеу әдістемесін таңдауға, деректерді іріктеуге, талдауға және алынған нәтижелерге сүйене отырып, тұжырым жасауға, жаңалық ашуға, өз идеясын бағамдауға көмектеседі. Дәріс, әңгіме, талқылау, оқулықпен жұмыс істеу, түсіндірме және сауалнама сияқты пассивті оқыту әдістерінен кейс-технология, іскерлік және рөлдік ойын, презентация, миға шабуыл, кластер, мәселеге негізделген оқыту, жоба, тренинг сияқты белсенді және интербелсенді оқыту әдістеріне көшу зерттеушілік дағдыны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының мақсаты – Лэпбук технологиясын пайдалану арқылы білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыру. Зерттеу барысында келесі міндеттер шешіледі: Лэпбук технологиясының педагогикалық артықшылықтары мен кемшіліктерін, геоэкологиялық білім беруде қолдану мүмкіндіктерін талдау, Лэпбук технологиясының білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастырудағы әсерін анықтау. Зерттеуші Н.М. Андросова өз зерттеуінде Лэпбук технологиясын оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың жаңа

тәсілі, ойын, шығармашылық, жаңа нәрселерді үйрену және зерттеу, үйренгендерін қайталау және бекіту, білімді жүйелеу және оқытушы мен білім алушылардың бірлескен іс-әрекеттерінің түрі екенін атап өткен [1]. И.В. Патешенконың пікірінше, «Лэпбук технологиясы – бұл өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізудің тәсілі, жоба нәтижелерін ұсынудың бір түрі, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, ұсынылған тақырып аясында шығармашылық арқылы креативті ойлауға және әрекет етуге, ой өрістерін кеңейтуге, қиындықтарды жеңу және қойылған мәселені шешу үшін қажетті дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыруға бағытталған плакаттың, кітаптың және үлестірмелі материалдың жинақталған бейнесі», оқытушының кәсіби (педагогикалық) шеберлігін арттырудың, шығармашылығын әрі құзыреттілігін көрсетудің тамаша құралы, білім алушыларға білім беру және меңгерген білімдерін күнделікті өмірде пайдалануды кешенді түрде жүзеге асыратындай етіп оқу процесін ұйымдастырудың қажетті шарты [2].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Географияны оқытуда қойылған мақсаттарға жету үдерісінде тиімділігін дәлелдеп келе жатқан технологиялардың, оқытудың көрнекі-практикалық әдістерінің, ақпаратты ұсынудың интерактивті және көрнекі тәсілдерінің, қолдан жасалған қызықты білім беру құралдарының, интерактивті тақырыптық папканы жасауға және пайдалануға байланысты оқытушы, білім алушылар және олардың ата-аналары сияқты оқыту процесіне қатысушылардың іс-әрекеттер жүйесінің бірі – лэпбук технологиясы. Лэпбук технологиясы – бұл мәтіндер, фотосуреттер, географиялық карталар, суреттер, диаграммалар және графиктер түрінде ұсынылған география пәнінің белгілі бір тақырыбы бойынша мәліметтер жинақталған тақырыптық папка [3], жиналмалы кітапша түрінде болатын салыстырмалы түрде жаңа технологиялық оқыту құралы [4], интерактивті кітап элементтерін және оқу тақырыбына байланысты ақпаратты, жобаларды, диаграммаларды, тапсырмаларды және басқа да әрекеттерді қамтитын жобалық жұмыстарды біріктіретін педагогикалық технология [5], сонымен қатар жобалық, ойын, зерттеушілік технологиялардың бір түрі әрі зерттеу дағдылары мен қабілеттерін дамыту құралы. Лэпбук технологиясын ең алғаш рет 2006 жылы американдық жазушы Тэмми Дюби балаларына ақпаратты жүйелеу құралы ретінде үйде оқыту үшін жасаған. «Лэпбук» терминін ағылшын тілінен аударғанда «тізедегі кітап» деген мағынаны білдіреді. Жазушы Тэмми Дюби лэпбук технологиясын осылай атаған, себебі бүкіл лэпбук баланың тізесіне сыйып кетеді [6]. Аталмыш технология ақпаратты суреттер, шағын мәтіндер, диаграммалар және графиктер түрінде кез келген форматта және кез келген тақырыпта орналастыруға мүмкіндік беретін қалталар мен терезелерден тұрады және шығармашылық, ойын, жобалау әрі зерттеушілік іс-әрекеттерін біріктіред [3.119-126]. Лэпбук технологиясы білім алушылардың ойын, танымдық, шығармашылық және зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыруға, білім алушыларға өз қарқынымен жұмыс істеуге және оларды қызықтыратын тақырыптарды таңдауға, ақпаратпен жұмыс істеу, оны жүйелеу, талдау және тұжырымдау сияқты зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға, есте сақтау қабілетін дамытуға, оқу материалын терең түсінуге және визуализациялауға, оқуға деген ынтасын арттыруға, креативті ойлау сияқты шығармашылық қабілеттерін, тапқырлықтарын, тәуелсіздігін, өздерінің жұмыстарының нәтижесіне жауапкершілікпен қарауын, туындаған сұрақтарға өз бетінше түсініктеме беру, шешім қабылдау білігін дамытуға, көркемдік-эстетикалық тәрбие алуға, қарым-қатынас және жеке, жұппен, топта жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді [7]. Лэпбук технологиясының көптеген артықшылықтарына қарамастан, оның аздаған кемшілігі де бар. Атап айтқанда, уақытты қажет етуі, қысқа мерзімді жоба болсын немесе ұзақ мерзімді, оны жасауға көп уақыт қажет болады [8]. Лэпбук жасау бірнеше кезеңнен тұрады: *1. Тақырып таңдау, мақсат пен міндеттерді қою* – тақырып білім алушылардың қызығушылығы мен жас ерекшеліктеріне байланысты болады (төменгі курстардағы білім алушыларға кең және жалпылама тақырыптар, ал жоғарғы курстардағы білім алушыларға нақты ақпарат беретін тар

тақырыптар берген тиімді); *2. Жұмыс жоспарын құру* – бұл жұмыстың маңызды кезеңі болып саналады. Аталмыш кезеңнің ерекшелігі ақпарат көздерін зерттеу, олардың ішіндегі ең қажеттісін іріктеу жүзеге асырылады және зерттеулер жүргізіледі. *3. Макет жасау* – аталмыш кезең шығармашылыққа арналған. Макет жасау үшін интернеттен жүктеліп, басып шығарылған лэпбукке арналған дайын үлгілер немесе білім алушылардың өздері салған үлгілері, А3 форматындағы қалың қағаз парағы немесе 2 дана А4 форматындағы қағаз парағы, қайшы, желім, түрлі түсті қарындаштар мен қаламдар, фломастерлер және тағы басқа кеңсе тауарлары қажет; *4. Материалды таңдау* – мәтіндер, фотосуреттер, сызбалар, карталар, жұмбақтар және тағы басқалар; *5. Қалталары бар тақырыптық папка жасау* – бұл кезең практикалық кезең, мұнда таңдалған материалдардың көмегімен қалталары бар тақырыптық папка жасау; *6. Лэпбукты ұсыну* [9]. Лэпбукты оқытушы да, білім алушылар да жасауына болады. Оқытушы лэпбукты дидактикалық міндеттерді шешу, жаңа материалды енгізу және бекіту, меңгерілген материалды жүйелеу немесе білім алушылардың белгілі бір дағдыларын дамыту мақсатында қолданады. Білім алушылар лэпбукты жоба және өзі мен айналасындағылар үшін практикалық маңызы бар өнім ретінде жасайды. Жоба бойынша білім алушы дербес және топпен жұмыс істей алады. Оқытушы бұл процесте сырттай бақылаушы, ынталандырушы қызметін атқарады, тек қажет болған жағдайда ғана лэпбук жасауға араласып, кеңес беру арқылы білім алушыларға көмектеседі. Лэпбук технологиясын бекіту және қайталау сабақтарында қолданған тиімді [10]. Аталмыш технологияны «Климат өзгерістері және оның салдары», «Геоглобалистика» және «Геоэкология» сабақтарындағы геоэкологиялық мәселелерді оқытуда белсенді түрде пайдалануға болады, себебі бұл кітапша білім алушыларға мәтіндер, суреттер, кестелер, диаграммалар, графиктер, анимациялар мен бейнематериалдарды қамтитын интерактивті оқу материалдарын өз бетінше жасауға мүмкіндік береді, мұндай материалдар геоэкологиялық мәселелерді көрнекі түрде көрсетуге көмектеседі, бұл өз кезегінде білім алушылардың геоэкологиялық мәселелерді жақсы түсініп, көзбен елестетуіне ықпал етеді. Лэпбук технологиясының білім алушылардың зерттеушілік дағдысын қалыптастыруға әсерін бірнеше аспектіде қарастыруға болады. Атап айтқанда, *деректерді жинау және жүйелеу* (лэпбук құрастыру барысында білім алушылар ең алдымен ұсынылған тақырып аясында деректерді жинайды және оларды сараптап, қажетті, әрі маңызды деректерді іріктейді, содан кейін жинақталған ақпараттарды жүйелеу кезінде оларды шағын мәтін, фотосурет, кесте, диаграмма, график және тағы басқа да визуалды элементтер арқылы құрылымдап, лэпбук мазмұнына енгізеді, нәтижесінде зерттеушілік дағдысы күшейеді); *қарқынды зерттеу және өз бетінше іздену* (лэпбук білім алушылардың өздігінен зерттеу жүргізуіне мүмкіндік береді, өздері жасап отырған лэпбуктарына қарап білім алушылар зерттеу сұрақтарын анықтай алады, болжамдар ұсына алады, талдау көрсеткіштеріне салыстырмалы анализ жасай алады және тұжырымдарды түйіндей алады); *кері байланыс және метатаным* (білім алушылар лэпбукты дайындағаннан кейін өздерінің жұмыстарын талдап, қайтадан бағалау мүмкіндігіне ие болады: қай бөлімдерін жақсарту қажет екенін және қандай деректерді тереңірек зерттеу керектігін анықтай алады, бұл метатанымдық дағдыларды дамытуға әсер етеді [11].

Зерттеу лэпбук технологиясын географияны оқыту аясында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктерін айқындауға бағытталды. Зерттеуде сапалық зерттеудің жоба әдісі қолданылды. Зерттеу нысаны – географияны оқыту процесіндегі лэпбук технологиясын қолдану. Зерттеу пәні – лэпбук жасау барысындағы білім алушылардың ақпаратты іздеу, іріктеу, талдау, жүйелеу, визуализациялау және де алынған ақпарат негізінде тұжырымдама жасау секілді зерттеушілік іс-әрекеттер. Зерттеуге Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, География кафедрасының 6В01510-География білім беру бағдарламасының 2 курсында оқитын 20 білім алушы қатысты және білім алушылар 4 топқа бөлініп, әр топ 5 адамнан болды. Зерттеу «Климат өзгерістері және оның салдары» пәні аясында «Ауаның

ластануы» тақырыбын оқыту барысында жүргізілді. Зерттеу келесі кезеңдерден тұрды: біріншіден, зерттеудің мақсатын әрі лэпбуктың мазмұнына қойылатын талаптарды айқындау; екіншіден, мәлімет көздерін іздестіру және сұрыптау; үшіншіден, алынған мәліметті талдау және жүйелеу; төртіншіден, лэпбуктың құрылымын дайындау; бесіншіден, сұрыпталған мәліметтерді визуализациялау және оларды тақырыптық папкаларға қою; алтыншыдан, дайын болған өнімді таныстыру; жетіншіден, білім алушылардың жасаған жұмысын бағалау және олардың экспериментке қатысты көзқарасын анықтау. Лэпбук жасау кезінде білім алушыларға мәліметті дайын түрінде көрсету емес, мәліметті өз бетінше қарастыру, әртүрлі ақпарат көздерін салыстыру, олардың арасынан зерттеу тақырыбына сай келетін ақпараттарды сұрыптау, таңдап алынған мәліметтерді ықшамдау және жүйелеу, сонымен қатар оны көрнекі түрде ұсыну міндеттері жүктелді. Осыған орай лэпбуктың өзі зерттеудің басты нәтижесі ретінде ғана емес, сондай-ақ білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыратын оқу құралы ретінде қарастырылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеу тапсырмасы ретінде «Климат өзгерістері және оның салдары» пәніндегі «Ауаның ластануы» тақырыбын оқыту барысында География кафедрасының 6В01510-География білім беру бағдарламасының 2 курсында оқитын 20 білім алушыға мынандай лэпбук жасау тапсырмасы ұсынылды. Тапсырманы орындау ережесі: 1. Ұсынылған тақырып бойынша қажетті ақпарат көздерін іздеу және оларды іріктеу; 2. А3 форматындағы қалың қағаз парағы немесе 2 дана А4 форматындағы қағаз парағы, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім немесе скотч, түрлі түсті қарындаштар мен қаламдар, өшіргіш, фломастерлер және тағы басқа кеңсе тауарлары, сәндік элементтер сияқты құрал-жабдықтардың көмегімен лэпбуктың макетін жасау; 3. Материалды таңдау және қалталары бар тақырыптық папка жасау. Папка келесі элементтерден тұруы керек: Жадынама кітапша: «Ауа» және «Ауаның ластануы». Осы жерде ауа және ауаның ластануының не екенін анықтау; Терезе: «Неліктен ауа ластанады?». Ластанудың негізгі себептері туралы ақпаратты табу; Шағын кітапша: «Мәселенің тарихы». Ауаның ластануы қашан байқала бастағанын, ауаның ластануымен байланысты геоэкологиялық апаттар туралы мәліметтерді қарастыру. Кірістірмелер: «Ластану көздері» және «Ластайтын заттардың түрлері». Бірінші кірістірмеде ластану көздерін, екінші кірістірмеде ластайтын заттарды анықтау; Ашылатын кітапша: «Ауаның ластануы қандай қауіп төндіреді?». Бұл жерде ауаның ластануының адамның денсаулығына, өсімдіктер мен жануарларға әсерін, озон қабатының бұзылуын, парниктік эффектіні айту; Қалта: «Ауаны қалай қорғауға болады?». Ауаны ластанудан қорғау жолдарын ұсыну; Ашылатын қалта: «Ауа ластануының түрлері». Табиғи, антропогендік, химиялық, физикалық, механикалық, биологиялық сияқты түрлерін жазу; 4. Лэпбукты ұсыну.

Тапсырманы орындау барысы: біріншіден, білім алушылар төрт топқа бөлінді және әр топтың атқаратын қызметтерін анықтады (бірінші топқа ақпаратты жинау және іріктеу, екінші топқа лэпбуктың макетін жасау, үшінші топқа табылған ақпараттан қажетті материалды таңдау, төртінші топқа қалталары бар тақырыптық папка жасау және таңдалған материалдарды сол папкаларға орналастыру тапсырылды); екіншіден, барлық топ бірігіп жұмыстың мақсатын айқындады; үшіншіден, әр топ өз жұмыстарын орындады: бірінші топ «Ауаның ластануы» тақырыбы бойынша дереккөздерді Web of Science, Google Scholar, eLibrary, Perplexity сияқты ақпарат іздеу құралдарынан іздеді, нәтижесінде жиырмадан астам соңғы он жыл ішінде жарияланған, қаралым көрсеткіші жоғары ғылыми жарияланымдарды, оқулықтарды, монографияларды тапты және онға жуық қажетті деректерді іріктеп алып үшінші топқа тапсырды; екінші топ 2 дана А4 форматындағы қағаз парағын және басқа кеңсе тауарларын пайдалана отырып өздерінің шығармашылық ойлауы бойынша лэпбуктың макетін құрастырды; үшінші топ іріктеп алынған материалды таңдады және оларды өңдеп келесі топқа тапсырды, төртінші топ солардың негізінде қалталары бар 7 тал тақырыптық папка жасады және жұмысты аяқтады. «Ауа» және «Ауаның ластануы» деп аталатын бірінші

папкаға ауа және ауаның ластануының не екенін анықтап, терминдердің моделін құрастырып салды; «Неліктен ауа ластанады?» деген екінші папкаға ластанудың негізгі себептері туралы ақпаратты тауып, суреттер түрінде орналастырды; «Мәселенің тарихы» атты үшінші папкаға ауаның ластануы қашан байқала бастағаны, ауаның ластануымен байланысты геоэкологиялық апаттар туралы мәліметтерді шағын мәтін түрінде салды. «Ластану көздері» және «Ластайтын заттардың түрлері» деп аталатын төртінші папкаға ластану көздерін және ластайтын заттар туралы ақпаратты кесте түрінде салды; «Ауаның ластануы қандай қауіп төндіреді?» тақырыбындағы бесінші папкаға ауаның ластануының адамның денсаулығына, өсімдіктер мен жануарларға әсерін, озон қабатының бұзылуын, парниктік эффекті туралы мәліметтерді мәтін түрінде орналастырды; «Ауаны қалай қорғауға болады?» деген алтыншы папкаға ауаны ластанудан қорғау жолдарын салды; «Ауа ластануының түрлері» деп аталатын жетінші папкаға табиғи, антропогендік, химиялық, физикалық, механикалық, биологиялық сияқты ластану түрлерін мәтін және сурет түрінде орналастырды (сурет 1).



Сурет 1 - «Ауаның ластануы» тақырыбына жасалған лэпбук
Ескерту: Авторлармен құрастырылған

Кесте 1-Бағалау критерийі мен дескрипторлар

Бағалау критерийі	Дескрипторлар
Мәліметтерді іздеу және дереккөздерді сұрыптау	Керекті мәлімет көздерін өз бетінше табады, әртүрлі ақпарат көздерін қолданады, мәліметтің тақырыпқа байланысын анықтайды, сенімді деректерді таңдайды
Мәліметтерді талдау және саралау	Ақпаратты салыстырады, керектісін іріктейді, маңызды әрі қосымша ақпаратты ажыратады, ақпараттың дұрыстығын анықтайды, керекті ақпаратты қысқаша түрде өңдейді
Мәліметтерді жүйелеу және визуализациялау	Жинақталған ақпараттарды белгілі бір тәртіппен орналастырады, мәліметтерді мәтін, кесте, кескін, сурет және басқа көрнекі нысан арқылы құрылымдайды, зерттеудің тақырыбына сай байланыстарды көрсетеді
Тұжырым жасау және нәтижені ұсыну	Жинақталған және талданған мәлімет негізінде тұжырымдар жасайды, зерттеу нәтижесін түсіндіреді, аяқталған жұмысты аудитория алдында таныстырады
Ескерту: Авторлармен құрастырылған	

Білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын бағалау үшін төмендегі критерийлер пайдаланылды. Бағалау тек жасалған лэпбуктың көркемдік немесе бейнелік сапасын айқындауға емес, оны жасау барысында іске асырылған зерттеушілік іс-әрекеттерді бағалауға бағытталды.

Зерттеу барысында білім алушылар бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланды (Кесте 1). Әрбір критерий 5 балдық шкала бойынша бағаланды, атап айтсақ 5 балл – зерттеушілік іс-әрекет толықтай және дербес орындалған, 4 балл – зерттеушілік іс-әрекет негізінен дұрыс орындалған, 3 балл – зерттеушілік іс-әрекет жартылай орындалған және оқытушының көмегін керек етеді, 2 балл – зерттеушілік іс-әрекет дұрыс орындалмаған, 1 балл – зерттеушілік іс-әрекет орындалмаған. Бағалау қорытынды өнімнің сыртқы бейнесіне ғана емес, сонымен бірге ақпаратты іздеу, іріктеу, талдау, жүйелеу, визуализациялау және де алынған ақпарат негізінде тұжырымдама жасау секілді зерттеушілік іс-әрекеттерге негізделді.

Әр топтағы білім алушылардың жеке бағалары 5 балдық шкала бойынша белгіленді (Кесте 2).

Кесте 2-Білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын бағалау нәтижелері:

Топ	Білім алушы	Балл (5 балдық шкала бойынша)
1 топ	1	4,9
	2	4,8
	3	4,6
	4	4,5
	5	4,3
2 топ	6	4,7
	7	4,8
	8	4,6
	9	4,4
	10	4,2
3 топ	11	4,5
	12	4,8
	13	4,7
	14	4,5
	15	4,4
4 топ	16	4,6
	17	4,9
	18	4,5
	19	4,7
	20	4,8
Ескерту: Авторлармен құрастырылған		

Орташа көрсеткіш: 1 топ – 4,62; 2 топ – 4,54; 3 топ – 4,58; 4 топ – 4,70; жалпы – 4,61/5. Зерттеу кезінде алынған бұл сандық көрсеткіштер сипаттамалық статистика негізінде өңделді. Әр топтың орташа балы білім алушылардың жеке балдарының арифметикалық орташа мәні ретінде есептелді. 4 топтың нәтижелерін қосу нәтижесінде жалпы орташа көрсеткіш анықталды. Аталмыш зерттеуде 4,61/5 жалпы көрсеткіш жасалған лэпбуктың көркемдік сапасының көрсеткіші ретінде емес, критерийлер негізінде бағаланған білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекеттерінің жиынтық нәтижесін сипаттайтын көрсеткіш ретінде түсіндіріледі. Осы көрсеткіш зерттеу кезінде пайдаланылған критерийлер бойынша алынған балдардың орташа деңгейін көрсетеді, әрі білім алушылардың зерттеушілік дағдыларының жоғары деңгейде қалыптасқанын сипаттайды.

Лэпбукпен жұмыс аяқталғаннан кейін білім алушылармен жүргізілген әңгімелесу барысында олар лэпбук жасау үдерісін қызықты деп бағалады. Лэпбукпен жұмыс нәтижесінде білім алушылар «Ауаның ластануы» тақырыбы бойынша өз білімдерін жүйеледі; тақырып аясында шығармашылық ойлауға және әрекет етуге дағдыланды; қажетті ақпаратты өз бетінше іздеуді, оны талдауды және көрнекі құралдар жасау үшін пайдалануды үйренді; топпен жұмыс жасау дағдыларын дамытып, рөлдер мен міндеттерді бөлуді

меңгерді; өздерінің жасаған жұмыстарын аудитория алдында таныстыру тәжірибесін жинақтады.

Зерттеу аясында талданған Лэпбук технологиясы білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда, әрі зерттеушілік дағдысын қалыптастыруда жоғары тиімділік көрсететіні дәйектелді. Зерттеуші Е.А. Владыкина лэпбук технологиясын білім алушылардың зерттеушілік қызметіне қызығушылығын жоғарылатудың инновациялық түрі ретінде қарастырған. Ғалым лэпбук технологиясы ақпараттылыққа, дидактикалық қасиеттерге ие екенін, білім алушылардың қиялын, шығармашылығын, ойлауын, есте сақтау қабілетін, зерттеушілік дағдыларын, логикасын және зейінін дамытуға ықпал ететінін, топтық жұмыста қолдануға жарамды екенін атап өткен [12]. Бұл тұжырым лэпбук технологиясын білім алушылардың ақпаратты іздеу, жүйелеу, талдау және қорытындылау сияқты зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаңашыл технология екенін дәлелдейді. Ю.А. Серебренникова білім алушылардың зерттеушілік және жобалық іс-әрекеті, зерттеушілік дағдысы білім берудің маңызды мақсаттарының біріне қол жеткізудің нәтижелі тәсілі болып табылатынын, лэпбук технологиясы білім алушылардың жоба тақырыбын белсенді іздеуде және жүйелі түрде пысықтауда жүргізген өзіндік зерттеушілік іс-әрекетінің инновациялық технологиясы екенін айқындаған [13]. Ғалым Т.В. Примаченко лэпбуктың *мақсаты бойынша:* оқу, ойын, құттықтау, мерекелік, өмірбаяндық, *пішіні бойынша:* баян-кітапша, пішінді папка сияқты түрлерін ажыратқан және оқытушы үшін маңызын (зерттелетін тақырып бойынша материалды ұйымдастыру, бірлескен жобалық іс-әрекеттің нәтижелерін ресімдеу, білім алушылардың жеке және өзіндік жұмысын ұйымдастыру), білім алушылар үшін маңызын (ақпаратты түсіну және есте сақтау, ақпаратты өз бетінше жинау және ұйымдастыру дағдысын игеру, материалды қайталау және бекіту) ерекше атап көрсеткен [14]. Y. Peycheva және S.L. Borisova лэпбукты әртүрлі мақсаттарда, атап айтқанда жаңа материалды меңгеру, белгілі бір тақырып бойынша білім алушылардың білімдері мен дағдыларын жинақтау және жүйелеу, жобалық жұмыстың және дербес оқудың нәтижелерін ұсыну үшін пайдалануға болатынын атап өткен [15]. Зерттеуші С.В. Зенкина лэпбук жасау технологиясын білім алушылардың қажетті ақпаратты өз бетінше іздеп, оны талдап, өңдеп және нәтижесінде өздерінің жобасын дайындайтын шығармашылық процесс екенін анықтаған [16]. G.M. Jamaludin және A. Rosidah лэпбук жасау технологиясы білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын және зерттеушілік дағдыларын дамытатынын, оқу нәтижелеріне оң әсер ететінін айқындаған [17]. Зерттеушілер Y. Peycheva және S.Lazarova лэпбукты қоршаған әлем туралы фактілерді, оқиғалар мен идеяларды ұсынудың тиімді формасы ретінде және оның өзектілігіне, функционалдық мүмкіндіктері мен эстетикалық безендірілуіне ерекше мән берілуі қажет деп санаған [18]. L.A.Cañas пен H.M. Melcón лэпбуктың басты ерекшелігі – білім алушылардың іс-әрекет арқылы білім алуы екенін, оны пайдалану білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын арттырып, олардың пәнге деген қызығушылығын оятатынын анықтаған [19].

Қорытынды

Жүзеге асырылған теориялық және эмпирикалық зерттеудің нәтижелері лэпбук технологиясының жоғары білім беру жағдайында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайтын тиімді педагогикалық құрал екенін көрсетті. Лэпбук жасау барысында білім алушылар ақпаратты өздігінен іздеу, дереккөздерді сұрыптау, мәліметтерді талдау, жүйелеу, визуализациялау және алынған нәтижелерді ұсыну сияқты зерттеушілік іс-әрекеттерді іске асырды. Зерттеуге 20 білім алушы қатысып, 4 топқа бөлініп «Климат өзгерістері және оның салдары» пәніндегі «Ауаның ластануы» тақырыбы бойынша лэпбук әзірледі. Зерттеушілік дағдылар төрт критерий бойынша бағаланды: мәліметтерді іздеу және дереккөздерді сұрыптау, талдау және саралау, жүйелеу және визуализациялау,

тұжырым жасау және нәтижені ұсыну. Нәтижесінде топтардың орташа көрсеткіштері 4,54-4,70 балл аралығында, ал жалпы орташа көрсеткіш 4,61/5 балл болды. Жеке нәтижелердің 4,2-4,9 балл аралығында болуы білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекеттерді жоғары деңгейде орындағанын көрсетті. Сапалық талдау барысында білім алушылардың ғылыми ақпаратты өздігінен іздеу, қажетті мәліметтерді іріктеу, ақпаратты құрылымдау және көрнекі түрде ұсыну, сонымен қатар топта жұмыс істеу және зерттеу нәтижелерін қорғау дағдыларының қалыптасқаны анықталды. Бұл лэпбук технологиясының геоэкологиялық мәселелерді меңгеруде және зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыруда практикалық әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Сондай-ақ алынған 4,61/5 көрсеткішін лэпбук технологиясының себептік тиімділігінің соңғы дәлелі ретінде қарастыруға болмайды, себебі зерттеуде бақылау тобы, бастапқы және қорытынды диагностикалық өлшеу жүргізілмеді және іріктеме көлемі шағын болды. Сол себепті бұл нәтиже нақты оқу жағдайында білім алушылардың зерттеушілік іс-әрекеттерінің жоғары деңгейде орындалғанын сипаттайтын эмпирикалық көрсеткіш ретінде бағаланады. Осыған байланысты лэпбук технологиясын «Климат өзгерістері және оның салдары», «Геоглобалистика» және «Геоэкология» сабақтарында зерттеушілік, жобалық және мәселелік (проблемалық) оқыту әдістерімен ұштастыра пайдалану ұсынылады. Болашақ зерттеулерде бақылау және тәжірибелік топтарды енгізу, алдын ала және кейінгі диагностиканы жүргізу арқылы оның зерттеушілік дағдыларға әсерін статистикалық тұрғыдан нақтылау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Androsova N.M., Kinakh N.V., Demchenko Y.M., Antoshchuk S., Kindei L.G. (2021) The lapbook as an innovative way to organize learning activities in elementary schools// Revista Tempos e EspaçosemEducação. T.14. № 33. P. 1-13

2 Патешенко И.В. Технология «Лэпбук» на уроках географии// В сборнике. Преподаватель года 2019. Сборник статей Международного научно-методического конкурса. – 2019. – С. 123-128

3 Михайлова М.А. Развитие креативности на уроках географии// Материалы II Российско-узбекской научно-практической конференции. – 2024. – С. 119-126

4 Бойко В.С. Лэпбук как средство речевого развития детей старшего дошкольного возраста// Материалы II Международной электронной научно-практической конференции. – 2021. – С. 74-79

5 Гатовская Д.А. Лэпбук как средство обучения в условиях ФГОС// Материалы VI Международной научной конференции. – 2015. – С. 162-164

6 Кригер О.А. Лэпбук как средство формирования исследовательских умений у учащихся 4 классов на уроках естествознания: квалификационная работа. – 2018. – 70 с.

7 Батова О.А. Технология создания Лэпбука// В сборнике. Инновационные методы обучения и воспитания. Материалы VI Международной научно-практической конференции. – 2021. – С. 48-53

8 Морозов Е.А.Лэпбукинг – технология как инновационное средство обучения в рамках ФГОС// В сборнике. Научная мысль: традиции и инновации. Сборник научных трудов II Всероссийской научно-практической конференции. – 2021. – С. 91-97

9 Корнеева Н.А., Лесник, Ю.Н. Лэпбук как средство обучения в условиях реализации ФГОС на примере современного урока географии// Материалы IV Всероссийской научно-практической конференции. – 2019 – С. 68-69

10 Овчинникова А.В., Новикова О.А. Лэпбук как продукт деятельности школьников на уроках английского языка// Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2023. – С. 24-29

11 Әріпбай И.Д., Демеуова Л.Н. Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруда Лэпбук технологиясының маңызы// «Auezov university» ғылыми журналы. – № 1. – 2026.– Б. 33-42.

12 Владыкина Е.А. Лэпбук как инновационная форма повышения интереса обучающихся к исследовательской деятельности// Образование. Карьера. Общество. – № 4 (75). – 2022.– С. 40-43

13 Серебренникова Ю.А. Технология Лэпбукинга в исследовательской деятельности младших школьников// В сборнике. Начальное филологическое образование и подготовка учителя: проблемы формирования культурной идентичности. Материалы международной научно-практической конференции преподавателей, аспирантов, студентов. – 2017. – С. 134-136

14 Примаченко Т.В.Лэпбук – инновационная технология школьного обучения// В сборнике. Потенциал образования для самореализации и развития талантов у молодежи. Материалы региональной научно-практической конференции. – 2023. – С. 225-228

15 Peycheva Y., Borisova S.L. (2018) The Lapbook as a didactic tool to implement integrated training in natural science and technology and entrepreneurship at primary school level// Knowledge International Journal. № 28 (3). P. 959-963.

16 Зенкина С.В. Информационно-образовательная среда как фактор повышения качества образования// Педагогика. – №6. – 2008.– С. 22-28.

17 Jamaludin G.M., Rosidah A. (2020) Improving student's critical thinking ability and learning outcomes byusing lapbookmedia(Meningkatkankemampuanberpikirkritis dan hasilbelajarsiswadenganpenggunaan media lapbook)// Jurnal BASICEDU Research & Learning in Elementary Education. 4(1). P. 131-140

18 Peycheva Y., Lazarova S. (2018) The lapbook as a didactic tool to implement integrated training in natural science and technology and entrepreneurship at primary school level// Knowledge International Journal. №28(3). P. 959–963.

19 Cañas A.L., Melcón H.M. (2017) The lapbook as an educational experience//Infancia Educación y Aprendizaje (IEYA). № 3(2). P. 245-251.

ТЕХНОЛОГИЯ ЛЭПБУКА – ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Аннотация

В статье понятие исследовательского навыка определяется как основополагающего принципа высшего образования, ключа к академическому успеху, способа формирования особого стиля учебной деятельности, творческой деятельности, формирующей мотивацию к обучению, способности находить ответы на вопросы и решения проблем, совокупности умственных операций и прикладных действий, осуществляемых обучающимся. Технология Лэпбук направленная на формирование исследовательских навыков обучающихся определяется как основная цель исследовательской работы, рассматриваются ее педагогические преимущества и недостатки, возможности применения в геоэкологическом образовании. Цель исследовательской работы-формирование исследовательских навыков обучающихся с использованием технологии Лэпбук. Анализируется значение технологии Лэпбука в формировании исследовательских навыков обучающихся при изучении дисциплин «Изменение климата и его последствия», «Геоглобалистика» и «Геоэкология» в образовательной программе высшего учебного заведения. Экспериментально доказано, что выявление обучающимися геоэкологических проблем с помощью Лэпбука повышает их интерес к проведению исследований и позволяет собирать, систематизировать данные, проводить интенсивные исследования и самостоятельные поиски.Описаны несколько этапов применения технологии Лэпбука на уроках географии.Стоит отметить, что лэпбук также может быть создан преподавателем, ведущим дисциплину, для решения дидактических задач (введение и закрепление нового материала, систематизация усвоенного материала и т.д.).

Ключевые слова: технология Лэпбук, исследовательская деятельность, исследовательский навык, творческая деятельность, геоэкологическое образование.

LAPBOOK TECHNOLOGY – A TOOL FOR THE FORMATION OF RESEARCH SKILLS OF STUDENTS

Abstract

The article defines the concept of research skills as the main principle of higher education, the key to academic success, a way to form a distinctive style of educational activity, creative activity that forms the motivation to acquire knowledge, the ability to find an answer to a question and a solution to a problem, a set of mental operations and applied activities carried out by the student.The main goal of the research is to identify the Lapbook technology, aimed at developing students' research skills, and to consider its pedagogical advantages and disadvantages, as well as the possibilities of its application in geoecological education. The purpose of the research work is the formation of research skills of students using LapBook technology. The importance of lapbook technology in the formation of students' research skills in teaching the subjects "Climate change and its consequences", "Geoglobalistics" and "Geoecology" in the educational program of a higher education institution is analyzed. Based on the experiment, it is argued that students' identification of geoecological problems through a Lapbook increases their interest in conducting research and allows them to collect and systematize data, conduct intensive research, and search independently. The text describes several stages of using Lapbook technology in geography lessons. The Lapbook can also be created by the teacher to solve didactic tasks (introduction and consolidation of new material, systematization of learned material, etc.).

Keywords: Lapbook technology, research activity, research skills, creative activity, geoecological education.

REFERENCES

1 Androsova N.M., Kinakh N.V., Demchenko Y.M., Antoshchuk S., Kindei L.G. (2021). The lapbook as an innovative way to organize learning activities in elementary schools.Revista Tempos e EspaçosemEducação.T.14.№ 33. P. 1-13 [in English]

2 Pateshenko I.V. Tekhnologiia «Lepbuk» na urokakh geografii [*Lapbook technology in geography lessons*]. V sbornike. Prepodavatel goda 2019. Sbornik statei Mezhdunarodnogo nauchno-metodicheskogo konkursa. 2019.P. 123-128 [in Russian]

3 Mikhailova M.A. Razvitie kreativnosti na urokakh geografii [*Developing creativity in geography lessons*].Materialy II Rossiisko-uzbekskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. 2024.P. 119-126 [in Russian]

4 Boiko V.S. Lepbuk kak sredstvo rechevogo razvitiia detei starshego doshkolnogo vozrasta [*Lapbook as a means of speech development for older preschool children*]. Materialy II Mezhdunarodnoi elektronnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. 2021.P. 74-79 [in Russian]

5 Gatovskaia D.A. Lepbuk kak sredstvo obucheniia v usloviiakh FGOS [*Lapbook as a teaching tool in the context of the Federal State Educational Standard*]. Materialy VI Mezhdunarodnoi nauchnoi konferentsii. 2015.P. 162-164 [in Russian].

6 Kriger O.A. Lepbuk kak sredstvo formirovaniia issledovatelskikh umenii u uchashchikhsia 4 klassov na urokakh estestvoznaniia [*Lapbook as a means of developing research skills in 4th-grade students in natural science lessons*]: kvalifikatsionnaia rabota. 2018. 70 p. [in Russian]

7 Batova O.A. Tekhnologiia sozdaniia Lepbuka [*Lapbook creation technology*].V sbornike. Innovatsionnye metody obucheniia i vospitaniia. Materialy VI Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. 2021. P. 48-53 [in Russian]

8 Morozov E.A. Lepbuking – tekhnologiia kak innovatsionnoe sredstvo obucheniia v ramkakh FGOS [*Lapbooking – technology as an innovative teaching tool within the framework of the Federal State Educational Standard]*. V sbornike. Nauchnaia mysl: traditsii i innovatsii. Sbornik nauchnykh trudov II Vserossiiskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. 2021. P. 91-97 [in Russian]

9 Korneeva N.A., Lesnik Iu.N. Lepbuk kak sredstvo obucheniia v usloviiakh realizatsii FGOS na primere sovremennogo uroka geografii [*A lapbook as a teaching tool in the context of implementing the Federal State Educational Standard (FSES) using the example of a modern geography lesson*]. Materialy IV Vserossiiskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. 2019. P. 68-69 [in Russian]

10 Ovchinnikova A.V., Novikova O.A. Lepbuk kak produkt deiatelnosti shkolnikov na urokakh angliiskogo iazyka [*Lapbook as a product of students' activities in English lessons*].Mezhdunarodnyi zhurnal gumanitarnykh i estestvennykh nauk. 2023. P. 24-29 [in Russian]

11 Ärıpbai İ.D., Demeuova L.N. Studentterdıñ zertteuşılık qūzyrettılıgın qalyptastyruda Lepbuk tehnologiasynyñ mañyzy [*The importance of Lapbook technology in developing students' research competence*]. «Auezov university» ğylymi jurnaly. № 1. 2026. P. 33-42. [in Kazakh].

12 Vladykina E.A. Lepbuk kak innovatsionnaia forma povysheniia interesa obuchaiushchikhsia k issledovatelskoi deiatelnosti [*Lapbook as an innovative way to increase students' interest in research activities*]. Obrazovanie. Karera. Obshchestvo. № 4 (75). 2022.P. 40-43 [in Russian]

13 Serebrennikova Iu.A. Tekhnologiia Lepbukinga v issledovatelskoi deiatelnosti mladshikh shkolnikov [*Lapbooking technology in research activities of primary school students*].V sbornike. Nachalnoe filologicheskoe obrazovanie i podgotovka uchitelia: problemy formirovaniia kulturnoi identichnosti. Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii prepodavatelei, aspirantov, studentov. 2017. P. 134-136 [in Russian]

14 Primachenko T.V. Lepbuk – innovatsionnaia tekhnologiia shkolnogo obucheniia [*Lapbook – an innovative technology for school education*]. V sbornike. Potentsial obrazovaniia dlia samorealizatsii i razvitiia talantov u molodezhi. Materialy regionalnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. 2023. P. 225-228 [in Russian]

15 Peycheva Y., Borisova S.L. (2018). The Lapbook as a didactic tool to implement integrated training in natural science and technology and entrepreneurship at primary school level. Knowledge International Journal. № 28 (3). P. 959-963. [in English]

16 Zenkina S.V. Informatsionno-obrazovatelnaia sreda kak faktor povysheniia kachestva obrazovaniia [*Information and educational environment as a factor in improving the quality of education*]. Pedagogika. №6. 2008.P. 22-28 [in Russian]

17 JamaludinG. M., Rosidah A. (2020). Improving student's critical thinking ability and learning outcomes by using lapbook media (Meningkatkankemampuanberpikirkritis dan hasilbelajarsiswadenganpenggunaan media lapbook). Jurnal BASICEDU Research & Learning in Elementary Education, 4(1). P. 131-140. [in English]

18 Peycheva Y., Lazarova S. (2018) The lapbook as a didactic tool to implement integrated training in natural science and technology and entrepreneurship at primary school level// Knowledge International Journal. №28(3). P. 959–963. [in English]

19 Cañas A.L., Melcón H.M. (2017) The lapbook as an educational experience//Infancia Educación y Aprendizaje (IEYA). № 3(2). P. 245-251. [in English]

Information about authors:

Yerdaulet Tulegenov – Acting Associate Professor, PhD, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: e.tulegenov@qyzpu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4586-9642

Arman Zhumagaziyev-master, senior lecturer of Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: arman_sebek@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8198-2661

Ainur Murzinova – **corresponding author,** Doctoral student at Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: murzinova_1993_kz@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6092-0982

Информация об авторах*:*

Ердаулет Тулегенов – PhD, и. о. ассоциированного профессора Казахского национального женского педагогического университета, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: e.tulegenov@qyzpu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4586-9642

Арман Жумагазиев-магистр, сеньор-лектор Атырауского университета имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: arman_sebek@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8198-2661

Айнур Мурзинова – **основной автор,** докторант Казахского национального женского педагогического университета, г.Алматы, Республика Казахстан

E-mail: murzinova_1993_kz@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6092-0982

Авторлар туралы мәлімет

Ердаулет Тулегенов – қауымдастырылған профессор м.а., PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

E-mail:e.tulegenov@qyzpu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4586-9642

Арман Жумагазиев - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің магистр, сеньор-лекторы, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы

E-mail: arman_sebek@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8198-2661

Айнур Мурзинова – **негізгі автор,** Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті докторанты, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

E-mail: murzinova_1993_kz@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6092-0982

IRSTI 14.35.07 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.15**
UDC 378.018.43:331.5(574)

L.Y. Koishigulova [2], G.K. Kabdrakhmanova [2], A.B. Kabosheva[2], K. Zhanabaikyzy [1*]

[1] Astana IT University
Astana, 020000, Republic of Kazakhstan
[2] Kh. Dosmukhamedov Atyrau University
Atyrau, 060011, Republic of Kazakhstan
*e-mail: 03.karri@gmail.com

ONLINE COURSES AS AN ALTERNATIVE TO TRADITIONAL HIGHER EDUCATION IN KAZAKHSTAN: EMPLOYABILITY, EMPLOYER PERCEPTIONS, AND CAREER PROSPECTS

Abstract

The rapid expansion of online courses, massive open online courses (MOOCs), and micro-credentials has intensified debate over whether short-form digital learning can substitute for degree-based higher education. This study examined that question in Kazakhstan by focusing on employability, employer recognition, perceived skill transfer, and the financial and time advantages of online study. We used a cross-sectional comparative survey design. The analytic dataset comprised 62 students and graduates and 17 employers representing different organizational contexts. We analyzed closed-ended survey responses using descriptive statistics and explored associations through chi-square tests, Pearson/point-biserial correlations, and exploratory logistic regression. The findings showed a persistent credential gap. Under comparable conditions, 64.7% of employers preferred candidates with a university diploma, and 58.8% considered graduates of traditional programs better prepared for long-term professional development. At the same time, 23.5% of employers considered online credentials relevant for technical or specialized roles. Among student and graduate respondents, 75.8% favored university education because of recognition and prestige. Respondents with traditional programs reported applying acquired skills daily at 37.1%, compared with 17.7% with online courses. Traditional credentials were moderately associated with income (r = 0.45), while the exploratory employment model also favored degree holders. Online courses, however, retained clear advantages in affordability, flexibility, and rapid acquisition of specific competencies. The study concludes that, in the current Kazakhstani labor-market context, online courses function more convincingly as complementary and stackable credentials than as a complete substitute for higher education. Their labor-market value is likely to increase when learning outcomes are transparent, independently assessed, quality-assured, and linked to employer-recognized competencies.

Keywords: higher education, online courses, MOOCs, micro-credentials, employability, employer perceptions, blended learning.

Introduction

Online learning has moved from a peripheral delivery mode to a durable component of higher education. The COVID-19 period accelerated this transition, but the post-pandemic debate is no longer limited to whether learning can be delivered online. A more consequential question concerns the value of the credential itself: whether employers recognize knowledge obtained through MOOCs, short online programs, and micro-credentials and whether it can generate career outcomes comparable to those associated with a university degree. This distinction is central to the present study. Evidence on learning effectiveness does not automatically translate into evidence of labor-market equivalence because employers evaluate not only knowledge and skills but also the signaling, quality-assurance, and social-recognition functions of formal qualifications.

Peer-reviewed research provides a mixed but increasingly nuanced picture. Systematic and comparative studies indicate that online or blended delivery can produce learning outcomes comparable to conventional classroom instruction when course design, interaction, and assessment are sufficiently strong [1],[2],[3]. Research from Kazakhstan likewise demonstrates both the practical potential of digital education and persistent constraints related to interaction, digital infrastructure, institutional support, and uneven implementation [4],[5],[6]. Thus, the educational

effectiveness of an online format is not inherently inferior; rather, its outcomes depend on design quality and context.

The labor-market question is more complex. Pre- and early-pandemic studies documented employer preferences for traditional credentials and concern about the rigor, reputation, and practical components of online qualifications [7], [8], [9]. More recent evidence suggests that attitudes are becoming less rigid as employers gain extensive experience with remote work and digital learning [10]. Research on micro-credentials further shows that employers may value short credentials when they provide clear evidence of specific competencies, are issued by trusted institutions, and are connected to credible assessment standards [11], [12], [13], [14], [15].

For Kazakhstan, the problem is especially relevant because higher education remains an important source of professional legitimacy and social mobility, while the labor market is simultaneously demanding faster reskilling and more demonstrable competencies. Studies of graduate employment in Kazakhstan show that a degree alone does not guarantee a successful transition to work; human, social, and psychological capital, sector conditions, employer expectations, and the ability to demonstrate applied competence all shape employment trajectories [16], [17]. Yet empirical evidence remains limited on how Kazakhstani employers and learners value stand-alone online credentials relative to university diplomas.

The present study addresses this gap by examining three questions: (1) whether graduates and learners associated with online courses appear to have labor-market prospects comparable to holders of traditional university credentials; (2) how the financial and time advantages of online education are weighed against the broader recognition of a degree; and (3) how employers and students perceive online certificates relative to university diplomas. The study adds a Kazakhstan-specific stakeholder perspective and separates two often-conflated dimensions: educational effectiveness and credential value in hiring and career development.

The article is organized as follows. The next section reviews peer-reviewed literature on learning effectiveness, credential recognition, micro-credentials, and the Kazakhstani context. The Materials and Methods section describes the sample, survey instruments, variables, and statistical procedures. The Results section presents the empirical findings without extended literature discussion. The Discussion then interprets the findings in relation to existing academic evidence, followed by limitations, practical implications, and the conclusion.

Literature review

Online and blended learning: effectiveness and limitations

A useful starting point is the distinction between delivery mode and credential type. A university degree may itself be delivered online, whereas a MOOC or micro-credential is generally shorter, more narrowly focused, and may exist outside a degree structure. This study focuses primarily on the latter comparison: stand-alone online courses and certificates versus degree-based higher education. The broader literature on online degrees remains relevant because it shows how employers interpret digitally delivered credentials.

Müller and Mildenberger [1.-34], in a systematic review and meta-analysis of blended learning in higher education, found broadly equivalent learning outcomes even when classroom time was substantially reduced. Tsang et al. [2.-446] showed that the effectiveness of online higher education depends strongly on course quality, instructor support, and student interaction. Alarifi and Song [3.-36] similarly reported that learning modality does not produce a universally fixed advantage; outcomes vary by course, institutional practice, and student characteristics. These findings challenge the simple assumption that in-person delivery is automatically superior, but they do not show that employers value different credentials equally.

Kazakhstan-specific research reinforces this contextual interpretation. Ibadildin, Tolesh, and Assylkhanova [4.-40] found that Kazakhstani university students experienced both flexibility and significant problems during emergency online learning, including reduced interaction and internet-

related barriers. Rakhmetov et al. [5.-9] showed that structured digital interventions can improve readiness and practical capabilities when higher education deliberately integrates online tools. More recently, Ospanova et al. [6.-11] found that implementing Kazakhstan-based MOOCs can support flexible, informal learning but also requires stronger institutional support, recognition, quality assurance, and formal acknowledgment of learning outcomes.

Employer recognition of online credential

The labor-market value of an educational credential is partly a signaling problem. Employers often make decisions under incomplete information and therefore use a qualification's reputation, accreditation, duration, assessment rigor, and familiarity as proxies for candidate quality. Lennon [7.-925], using a correspondence audit study, found a substantial callback disadvantage for applicants whose bachelor's degree was presented as online. Kisanga [8.-840] similarly found that employers preferred traditional graduates but became more receptive when online programs demonstrated practical skill development, institutional reputation, credible course content, and sufficient interaction. Bobek et al. [9.-40] reported that employers in Chile did not generally treat online and campus degrees as equivalent; perceived rigor and institutional reputation were closely related to willingness to hire.

However, employer attitudes are not static. Millar and Harper-Anderson [10.-100] found that the pandemic significantly altered perceptions of online degrees among hiring decision-makers, indicating a broader legitimization of digital education after large-scale exposure to remote environments. This shift is important for interpreting Kazakhstan: current skepticism should not be treated as permanent, but neither should growing acceptance of online degrees be assumed to extend automatically to all stand-alone online certificates.

Micro-credentials, employability, and quality signal

Recent scholarship on micro-credentials provides a more precise framework for understanding why short online courses are often valued as supplements rather than substitutes. Systematic reviews by Ahsan et al. [13.-13505] and Varadarajan, Koh, and Daniel [14] show that micro-credentials can support rapid reskilling and competency-based learning. However, their value depends on standardization, transparent learning outcomes, credible assessments, and stakeholder trust. Employer-focused studies reach similar conclusions. Nguyen et al. [11.-948] found that employers saw benefits in micro-credentials but emphasized contextual factors and quality conditions. Miller and Jorre de St Jorre [12.-1074] reported strong employer interest in evidence of skills, while also identifying a need for confidence in rigor and standards. Nguyen, Van Dyke, and Spittle [15.-70] found that employers and students both perceived employability benefits, although employers were generally more cautious than students.

This literature suggests that the most defensible expectation is not a binary "online versus traditional" hierarchy. Instead, the value of an online credential likely varies by occupation type, skill specificity, issuer reputation, whether competence is independently assessed, and whether the credential is embedded in or stackable toward a recognized qualification.

Kazakhstan's graduate labor market and research gap

Kazakhstan's graduate labor market also requires a broader view of employability. Jonbekova et al. [16.-402] showed that even graduates of high-status programs can encounter job mismatch, limited opportunities, and employer misunderstanding of qualifications. Kim, Serkova, and Jonbekova [17.-106] found that different forms of graduate capital - especially human, social, and psychological capital - contribute to job acquisition and retention in Kazakhstan, with their usefulness varying by industry. Chsherbakova et al. [18] further identified flexibility and access as strengths of online learning in Kazakhstan, alongside weaknesses such as limited live interaction, insufficient feedback, and technical difficulties.

Accordingly, this study connects the educational-format debate to employer and student perceptions in Kazakhstan. It tests whether the flexibility and low cost of online learning offset

weaker institutional signaling, and whether employers already recognize contexts in which online credentials have distinct value.

Materials and methods of research

The study used a cross-sectional comparative survey design to examine perceptions and reported career-related outcomes associated with traditional university education and stand-alone online courses or certificates in Kazakhstan. The empirical analysis used primary questionnaire data. Peer-reviewed academic studies were used for theoretical framing and contextual comparison but were not merged with the survey dataset for inferential analysis.

Мақалада докторанттардың академиялық жазу дағдыларын цифрлық ассистент арқылы дамытудың дидактикалық негіздері анкеталау нәтижелері негізінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты - докторанттардың академиялық жазу дағдыларының бастапқы деңгейін, негізгі қиындықтарын, цифрлық құралдарды пайдалану тәжірибесін және оқу қажеттіліктерін анықтау арқылы цифрлық ассистентті қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін негіздеу. Зерттеу эмпирикалық сипатта ұйымдастырылып, дерек жинау құралы ретінде сауалнама қолданылды. Зерттеуге 44 докторант қатысты. Жиналған деректер сипаттамалық статистика және тақырыптық талдау әдістері арқылы өңделді. Нәтижелер респонденттердің басым бөлігі академиялық жазу деңгейін орташа деп бағалайтынын, ғылыми мақаланың құрылымдық бөліктерін меңгеруде, әсіресе талқылау бөлімін жазуда, стандартқа сай рәсімдеуде, логикалық жүйелілікті сақтауда, мәтінді бастауда және дереккөздерге сілтеме жасауда қиындықтар бар екенін көрсетті. Сонымен қатар, цифрлық құралдарды пайдалану тәжірибесі қалыптасқанымен, оларды сенімді қолдану деңгейі жеткіліксіз екені анықталды. Зерттеу қорытындысы докторанттардың академиялық жазудағы басты қажеттілігі тек теориялық білім емес, жекелендірілген, кезең-кезеңмен берілетін цифрлық-дидактикалық қолдау екенін көрсетті. Осыған байланысты цифрлық ассистент академиялық мәтінді құрылымдау, редакциялау, библиографияны рәсімдеу, жариялауға даярлау және рефлексияны қолдау бағыттарында тиімді құрал ретінде қарастырылады. Мақалада цифрлық ассистентті оқытушы жетекшілігімен, академиялық адалдық қағидаларын сақтай отырып енгізудің дидактикалық шарттары негізделеді.

Негізгі сөздер: академиялық жазу, докторант, цифрлық ассистент, жасанды интеллект, дидактикалық қолдау, ғылыми мақала, цифрлық құралдар.

ДИДАКТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ АКАДЕМИЧЕСКОГО ПИСЬМА У ДОКТОРАНТОВ С ПОМОЩЬЮ ЦИФРОВОГО ПОМОЩНИКА

Аннотация

В статье рассматриваются дидактические основы развития навыков академического письма у докторантов с помощью цифрового помощника на основе результатов анкетирования. Цель исследования – обосновать педагогические возможности использования цифрового помощника путем определения начального уровня навыков академического письма у докторантов, их основных трудностей, опыта использования цифровых инструментов и потребностей в обучении. Исследование было организовано эмпирически, в качестве инструмента сбора данных использовался опросник. В исследовании приняли участие 44 докторанта. Собранные данные были обработаны с использованием методов описательной статистики и тематического анализа. Результаты показали, что большинство респондентов оценили свой уровень академического письма как средний и испытывали трудности в освоении структурных частей научной статьи, особенно в написании раздела обсуждения, его форматировании в соответствии со стандартом, поддержании логической последовательности, начале текста и цитировании источников. Кроме того, несмотря на накопленный опыт использования цифровых инструментов, было установлено, что их надежное применение недостаточно. Результаты исследования показали, что основная потребность докторантов в академическом письме заключается не только в теоретических знаниях, но и в персонализированной, пошаговой цифрово-дидактической поддержке. В этом отношении цифровой ассистент рассматривается как эффективный инструмент в областях структурирования, редактирования, составления библиографии, подготовки к публикации и поддержки рефлексии. В статье обосновываются дидактические условия внедрения цифрового ассистента под руководством преподавателя при соблюдении принципов академической добросовестности.

Ключевые слова: академическое письмо, докторант, цифровой ассистент, искусственный интеллект, дидактическая поддержка, научная статья, цифровые инструменты.

REFERENCES

1 Lea M. R., Street B. V. (2006) The “academic literacies” model: Theory and applications // Theory Into Practice. Vol. 45. № 4. P. 368–377. https://doi.org/10.1207/s15430421tip450411. [in English]

2 Ferguson S. L., Sam C., Elder B. (2023) Making the academic writing process explicit for doctoral students in the social sciences // The Qualitative Report. Vol. 28. № 2. P. 495–516. https://doi.org/10.46743/2160-3715/2023.5464. [in English]

3 Kuzhabekova A. Ph.D. (2025) publication requirement and its effects on research productivity trends in Kazakhstan // Higher Education Quarterly. Vol. 79. № 1. e12590. 1 https://doi.org/10.1111/hequ.12590. [in English]

4 Hoang T. V. Y., Ma L. P. F. (2019) Experiences of publishing in English: Vietnamese doctoral students’ challenges and strategies // Across the Disciplines. Vol. 16. № 3. P. 50–66. https://doi.org/10.37514/ATD-J.2019.16.3.14. [in English]

5 Tajik M., Shegebayev M., Akhmetova G., Gordyn R., Antwi S. (2021) The challenges that Kazakhstani graduate students experience with academic reading and writing in English // Toraighyrov University Journal. Vol. 3. № 1. P. 276–282. https://doi.org/10.48081/OHKJ9928. [in English]

6 Lin L. H. F., Morrison B. (2021) Challenges in academic writing: Perspectives of engineering faculty and L2 postgraduate research students // English for Specific Purposes. Vol. 63. P. 59–70. https://doi.org/10.1016/j.esp.2021.03.004. [in English]

7 Hawari O. M. A., Al-Shboul Y., Huwari I. F. (2022) Supervisors’ perspectives on graduate students’ problems in academic writing // European Journal of Educational Research. Vol. 11. № 1. P. 545–556. https://doi.org/10.12973/eu-jer.11.1.545. [in English]

8 Manan S., Tajik M. (2025) EMI and students’ academic writing challenges: A social practice view to support policy and practice // Exploring academic writing as social practice: Institutional goals, complexities and possibilities in Central Asia / eds. M. Bedeker, T. Makoelle, S. Manan. Cham: Palgrave Macmillan. P. 247–268. https://doi.org/10.1007/978-3-032-01210-4. [in English]

9 Khalifa M., Albadawy M. (2024) Using artificial intelligence in academic writing and research: An essential productivity tool // Computer Methods and Programs in Biomedicine Update. Vol. 5. 100145. https://doi.org/10.1016/j.cmpbup.2024.100145. [in English]

10 Nguyen A., Hong Y., Dang B., (2024) Huang X. Human-AI collaboration patterns in AI-assisted academic writing // Studies in Higher Education. Vol. 49. № 5. P. 847–864. https://doi.org/10.1080/03075079.2024.2323593. [in English]

11 Hartman Douglas K. (2024) On the effective and ethical use of AI in academic writing // «Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series: Philological Sciences». Vol. 75. № 4. P. 9–23. https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.4.75.026. [in English]

12 Tensen D., Grainger P., Graham W. (2025) Using AI to generate formative feedback in doctoral education // Assessment & Evaluation in Higher Education. P. 1–17. https://doi.org/10.1080/02602938.2025.2536558. [in English]

13 Venter J., Coetzee S. A., Schmulian A. (2025) Exploring the use of artificial intelligence (AI) in the delivery of effective feedback // Assessment & Evaluation in Higher Education. Vol. 50. № 4. P. 516–536. https://doi.org/10.1080/02602938.2024.2415649. [in English]

14 Yasuda S. (2023) What does it mean to construct an argument in academic writing? A synthesis of English for general academic purposes and English for specific academic purposes perspectives // Journal of English for Academic Purposes.Vol. 66. 101307. https://doi.org/10.1016/j.jeap.2023.101307. [in English]

15 Harwood N. (2009) An interview-based study of the functions of citation in academic writing across two disciplines // Journal of Pragmatics. Vol.41. № 3. P. 497–518. https://doi.org/10.1016/j.pragma.2008.06.001. [in English]

16 Odanova S. A., Moldabayeva K. E. Akademialyq jazylymnyñ elektrondy kontentın daiarlauğa arnalğan tıldık modelder // «Habarşysy. Filologia ğylymdary seriasy» [*For the preparation of electronic content for academic subscription language models for*] Vol. 64. № 1. 2022. https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.64.1.022 [in Kazakh]

17 Nazari N., Shabbir M. S., (2021) Setiawan R. Application of artificial intelligence-powered digital writing assistance in higher education: Randomized controlled trial // Heliyon. Vol. 7. № 5. e07014. https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2021.e07014. [in English]

18 Guo K., Zhang E. D., Li D., Yu S. (2025) Using AI-supported peer review to enhance feedback literacy: An investigation of students’ revision of feedback on peers’ essays // British Journal of Educational Technology. Vol.56. № 4. P. 1612–1639. https://doi.org/10.1111/bjet.13540. [in English]

19 Zheldibayeva R. The impact of AI and peer feedback on research writing skills: A study using the CGScholar platform among Kazakhstani scholars // Scientific Journal of Astana IT University. 2025. № 21. P. 186–195. https://doi.org/10.37943/21TBAX7694. [in English]

20 Yu S., Liu C. (2021) Improving student feedback literacy in academic writing: An evidence-based framework // Assessing Writing. Vol. 48. 100525. https://doi.org/10.1016/j.asw.2021.100525. [in English]

Information about the authors:

Gulmira Abildinova – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of computer science, L.N Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: gulmira_2181@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9054-6549
Galiya Zhusupkaliyeva – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the department of Physics and technical disciplines, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan
E-mail: g.zhusupkalieva@asu.edu.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4848-1344
Makhabbat Kultenova – **corresponding author,** PhD student, «8D01511 Computer Science» educational program Department of computer science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
E-mail: maxabbat.k@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0009-0007-6192-1005

Информация об авторах:
Гульмира Абильдинова – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры информатики, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г,. Астана, Республика Казахстан
E-mail: gulmira_2181@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9054-6549
Галия Жусупкалиева – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры физики и технических дисциплин, Атырауский университет имени Халела Досмухамедова, г., Астана, Республика Казахстан
E-mail: g.zhusupkalieva@asu.edu.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4848-1344
Махаббат Культенова – **основной автор,** PhD докторант, ОП «8D01511– Информатика» кафедра информатики, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г.,Астана, Республика Казахстан
E-mail: maxabbat.k@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0009-0007-6192-1005

Авторлар туралы ақпарат:
Гульмира Абильдинова – педагогика ғылымдарының кандидаты, информатика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, қ., Астана, Қазақстан Республикасы
E-mail: gulmira_2181@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9054-6549
Ғалия Жүсіпқалиева – педагогика ғылымдарының кандидаты, физика және техникалық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Халел Досмұхамедов атындағы қ., Атырау университеті, Атырау, Қазақстан Республикасы
E-mail: g.zhusupkalieva@asu.edu.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4848-1344
Махаббат Культенова – **негізгі автор,** информатика кафедрасының «8D01511 Информатика» ББП PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, қ., Астана, Қазақстан Республикасы
E-mail: maxabbat.k@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0009-0007-6192-1005

ҒТАМР 14.25.09 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.20**
ӘОЖ 378.147:004.9:57

Р.А. Рахымгалиева[1*], Р.Ш. Избасарова[1], И.Г. Дениз[3]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, 050064, Қазақстан
[2]Акдениз университеті,
Анталия, 07020, Түркия
*e-mail: rakhymgaliyeva93@mail.ru

SMART LEARNING НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БИОЛОГИЯ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МЕТАПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада smart learning негізінде болашақ биология мұғалімдерінің метапәндік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты - құзыреттілік компоненттерін биологиялық тапсырмалармен, цифрлық құралдармен және бағалау өлшемдерімен байланыстыратын әдістемелік құрылымды негіздеу. Метапәндік құзыреттілік биологиялық білімді, ақпаратты талдау тәсілдерін, зерттеушілік және коммуникативтік әрекеттерді оқу және кәсіби міндеттерді шешуде кіріктіріп қолдану қабілеті ретінде анықталады. Мақалада Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 20-22 жастағы 3-курс студенттерін қамтыған, бастапқы және қорытынды өлшемдері бар квазиэксперименттік зерттеу сипатталған. Жалпы іріктеме -132 студент: эксперименттік топта - 65, бақылау тобында - 67 студент. Зерттеу 2026 жылғы 26 қаңтардан 8 мамырға дейінгі 15 оқу аптасын қамтиды. Зерттеу барысында теориялық талдау, педагогикалық бақылау, сауалнама, әңгімелесу және педагогикалық эксперимент әдістері қолданылды. Эксперименттік топта цифрлық платформалар, интерактивті тапсырмалар, виртуалды зертханалар және бірлескен жобалық жұмыстар пайдаланылды. Әдістемелік нәтиже -мотивациялық, танымдық, коммуникативтік, зерттеушілік және ақпараттық-цифрлық компоненттерді алты оқу кезеңімен, биологиялық тапсырмалармен және авторлық бағалау үлгісімен байланыстыратын құрылым. Бастапқы және қорытынды диагностикалық көрсеткіштерді салыстыру эксперименттік топта метапәндік құзыреттіліктің компоненттері бойынша оң өзгерістердің айқынырақ байқалғанын көрсетті. Ұсынылған әдістеме оқу мақсаттарын, студенттердің әрекетін және бағалау рәсімдерін өзара байланыстырып, болашақ мұғалімдердің даярлығын жетілдіруге бағытталған. Оның практикалық маңызы «Биологияны оқыту әдістемесі және заманауи оқыту технологиялары» пәнінде цифрлық ресурстарды мақсатқа сай таңдауға, зерттеу тапсырмаларын, бірлескен жобалар мен рефлексиялық жұмыстарды жоспарлауға негіз ұсынуымен айқындалады.

Негізгі сөздер: smart learning, метапәндік құзыреттілік, биология мұғалімі, цифрлық педагогика, пәнаралық байланыс, кәсіби даярлық, педагогикалық бағалау.

Кіріспе

Білім беруді цифрландыру болашақ мұғалімнің пәндік білімді меңгеруімен қатар, ақпаратты бағалау, зерттеу жүргізу және оқу әрекетін ұйымдастыру қабілеттерін қалыптастыруды талап етеді. Қазақстанның білім беру саласындағы нормативтік және стратегиялық құжаттары зерттеудің жалпы контексін құрайды [1], [2]. Болашақ биология мұғалімдерін даярлауда бұл міндеттер биологиялық құбылыстарды зерттеу, деректерді түсіндіру және пәнаралық байланыстарды негіздеу әрекеттерімен ұштасады. Осыған байланысты цифрлық ресурстарды нақты оқу мақсаттары мен бағалау өлшемдеріне сәйкестендіріп қолдану мәселесі қарастырылады.

Осы зерттеуде болашақ биология мұғалімінің метапәндік құзыреттілігі пән шегінен шығатын оқу және кәсіби міндеттерді шешуде биологиялық білімді, ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерін, зерттеушілік және коммуникативтік әрекеттерді кіріктіріп қолдануға мүмкіндік беретін кешенді қабілет ретінде түсіндіріледі. Оның құрылымы мотивациялық, танымдық, коммуникативтік, зерттеушілік және ақпараттық-цифрлық компоненттер арқылы сипатталады. Метапәндік құзыреттілік тек бірнеше пән мазмұнын байланыстырумен шектелмейді; ол ақпарат көздерінің сенімділігін бағалау, дәлел құру, зерттеуді жоспарлау, бірлесіп жұмыс істеу және өз әрекетін бағалау тәсілдерін жаңа жағдайда қолдануды

қамтиды. Мақаладағы «қалыптастыру» ұғымы осы қабілетті педагогикалық даярлау үдерісінде мақсатты ұйымдастыруды білдіреді.

Жұмыста smart learning цифрлық құралдарды оқу мақсаттарымен, студенттің дербес әрекетімен және кері байланыспен ұштастыратын оқытуды ұйымдастыру тәсілі ретінде қолданылады. Платформалардың болуы өздігінен оқытудың бейімделгенін немесе тиімділігін дәлелдемейді. Әдістемелік мәселе – цифрлық тапсырмалар, виртуалды тәжірибелер және бірлескен жобалар арқылы метапәндік құзыреттілік компоненттерін қалыптастыру әрекеттерін және оларды бағалауды өзара байланыстыру. Зерттеу осы байланысты болашақ биология мұғалімдерін даярлау контексінде сипаттауға бағытталған.

Зерттеудің мақсаты – smart learning негізінде болашақ биология мұғалімдерінің метапәндік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін теориялық тұрғыдан негіздеу және оны қолдану жағдайындағы бастапқы әрі қорытынды көрсеткіштердің өзгерісін сипаттау. Зерттеу міндеттері: 1) метапәндік құзыреттіліктің жұмыс анықтамасы мен компоненттерін нақтылау; 2) компоненттерге сәйкес оқу әрекеттері мен цифрлық құралдарды жүйелеу; 3) диагностикалау және бағалау рәсімін сипаттау; 4) эксперименттік және бақылау топтарындағы нәтижелерді салыстыру.

Зерттеудің практикалық маңызы – цифрлық ресурстарды биологиялық мазмұндағы зерттеу, бірлескен жұмыс және рефлексия тапсырмаларымен байланыстыратын әдістемелік құрылым ұсынуында. Ұсынылған тәсілдің авторлық ерекшелігі – метапәндік құзыреттіліктің бес компонентін диагностикалық, мотивациялық, танымдық, зерттеушілік, коммуникативтік және рефлексиялық кезеңдермен, сондай-ақ кері байланыс пен бағалау рәсімдерімен байланыстыруында. Бұл құрылым болашақ биология мұғалімдерін даярлау контексіне бейімделген. Әдістеменің нақты мазмұнын Moodle және Google Classroom арқылы ұйымдастырылған оқу материалдары мен өзіндік тапсырмалар, Quizizz және Kahoot арқылы жүргізілген интерактивті тексеру, виртуалды зертханалардағы биологиялық тәжірибелер, топтық зерттеу жобалары, онлайн пікірталастар және өзін-өзі бағалау әрекеттері құрайды. Осы әрекеттер ақпаратты іздеу мен талдауды, зерттеу нәтижелерін түсіндіруді, дәлелді пікір алмасуды және цифрлық ресурстарды мақсатқа сай қолдануды бір оқу үдерісінде ұштастырады.

Болашақ биология мұғалімдерінің метапәндік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі құзыреттілікке бағытталған білім беру, педагогтердің цифрлық даярлығы және зерттеушілік оқыту бағыттарының тоғысында қарастырылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы зерттеудің ұлттық нормативтік және стратегиялық контексін құрайды. Ал халықаралық құжаттар мен ғылыми еңбектер цифрлық құралдарды педагогикалық мақсаттарға сәйкестендіру, білім алушының дербес әрекетін ұйымдастыру және оқу нәтижелерін бағалау мәселелерін нақтылауға негіз болады.

UNESCO-ның педагогтерге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзыреттілігі шеңбері цифрлық даярлықты құралдарды техникалық пайдалану қабілетімен шектемейді. Құжатта технологияны оқу бағдарламасымен, педагогикалық әрекетпен, бағалаумен, оқу ортасын ұйымдастырумен және педагогтің кәсіби білім алуымен байланыстыру қарастырылады [3]. Осы тұрғыдан болашақ биология мұғалімін даярлауда цифрлық ресурсты меңгерумен қатар, оны нақты оқу міндетіне сәйкес таңдау және қолдану тәсілін негіздеу маңызды. Бұл ұстаным зерттеудегі ақпараттық-цифрлық компонентті биологиялық мазмұнмен және әдістемелік шешімдермен байланыстыруға тірек болады.

UNESCO-ның 2023 жылғы білім берудегі технологиялар туралы жаһандық мониторинг есебі цифрландырудың мүмкіндіктерімен бірге оны қолданудың шарттары мен шектеулерін де талқылайды. Есепте технологияға қолжетімділік, басқару мен реттеу және мұғалімдерді даярлау технологияның білім берудегі әлеуетін іске асырудың маңызды шарттары ретінде

көрсетілген [4]. Сондықтан smart learning ортасын ұйымдастыруда платформалардың санына немесе жаңалығына ғана сүйену жеткіліксіз. Осы зерттеу үшін аталған ұстаным цифрлық ресурстарды оқу мақсатына, студенттердің қажеттіліктеріне және тапсырманың мазмұнына сәйкестендіріп таңдаудың маңызын айқындайды.

OECD Learning Compass 2030 құрылымында білім, дағдылар, ұстанымдар мен құндылықтардың өзара байланысы және білім алушының өз оқуына белсенді қатысуы қарастырылады [5]. Білім алушының таныс емес жағдайда бағдар табуы, жауапты шешім қабылдауы және әрекет бағытын таңдауы білім берудің маңызды бағдарлары ретінде ұсынылады. Бұл идеялар метапәндік құзыреттілікті пәндік ақпаратты меңгеру көлемімен ғана бағалаудың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Осы мақалада олар биологиялық білімді жаңа міндеттерге қолдану, ақпаратты салыстыру және оқу әрекетін негіздеу қабілеттерін әдістемелік тұрғыдан байланыстыру үшін пайдаланылады.

Redecker әзірлеген DigCompEdu құрылымы педагогтің цифрлық құзыреттілігін алты салаға біріктірілген 22 құзырет арқылы сипаттайды. Оларға кәсіби өзара әрекеттесу, цифрлық ресурстар, оқыту мен оқу, бағалау, білім алушылардың мүмкіндіктерін кеңейту және олардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру жатады [6]. Құрылымның педагогикалық бағыты цифрлық құралдарды қолдануды оқыту мен бағалау міндеттерімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Дегенмен цифрлық құзыреттілік пен метапәндік құзыреттілік тең ұғымдар емес: осы зерттеуде цифрлық әрекет ақпараттық-цифрлық компонент арқылы сипатталса, метапәндік құзыреттілік білім мен әрекет тәсілдерін әртүрлі оқу және кәсіби міндеттерде кіріктіріп қолдануды қамтиды.

Құзыреттілікке бағытталған тәсілдің теориялық негіздерін қарастыруда Хуторскойдың негізгі құзыреттер туралы еңбегі және Зимняяның құзыреттілікті білім берудің нәтижелік-мақсаттық негізі ретінде талдаған жұмысы маңызды [7], [8]. Бұл бағыт зерттеу мақсатын студенттің меңгерген ақпаратымен ғана емес, сол білімді әрекетте қолдану қабілетімен байланыстыруға негіз болады. Осы мақалада метапәндік құзыреттілік биологиялық білімді ақпаратты талдау, зерттеуді жоспарлау, бірлесіп жұмыс істеу және нәтижені дәлелді ұсыну әрекеттерімен ұштастыру арқылы түсіндіріледі. Пәнаралық байланыс мұндай әрекеттің мазмұндық тетіктерінің бірі болғанымен, оның өзі метапәндік құзыреттіліктің толық мазмұнын алмастырмайды.

Garrison мен Anderson электрондық оқытуды технологиялық, педагогикалық және ұйымдастырушылық қырлары өзара байланысты білім беру ортасы ретінде қарастырады [9]. Олардың еңбегінде технологияны білім беру тұрғысынан түсіндіруге басымдық беріледі. Осы ұстанымға сәйкес smart learning ортасында материалды орналастырумен қатар, студенттердің талқылауын, кері байланысын және бірлескен әрекетін ұйымдастыру қажет. Бұл зерттеуде аталған идея коммуникативтік тапсырмаларды биологиялық мәселені талдау және нәтижені қорғау әрекеттерімен байланыстыруға әдістемелік негіз ретінде алынады.

Bates цифрлық дәуірдегі оқытуды жобалауда білімнің сипатын, оқыту әдістерін және әртүрлі медианың педагогикалық мүмкіндіктерін ескеруді ұсынады. Оның SECTIONS үлгісі оқу медиасы мен технологияларын таңдауға арналған өлшемдерді жүйелейді [10]. Bonk еңбегі веб-технологиялар мен ашық білім берудің оқу мүмкіндіктерін кеңейтудегі орнын қарастырады [11]. Осы еңбектердің зерттеу үшін маңызы — ресурстың қолжетімділігін оның педагогикалық қолданылуымен байланыстыру. Биологиялық тапсырманы жобалауда цифрлық құралдың қандай әрекетті қолдайтыны, студенттің қандай өнім әзірлейтіні және сол өнімнің қалай бағаланатыны алдын ала анықталуы тиіс.

Ally редакциялаған жинақта мобильді технологияларға арналған оқу материалдарын жобалау және оларды қашықтан оқытуда қолдану тәжірибелері қарастырылады [12]. Sharples жеке мобильді технологияларды өмір бойы және әртүрлі ортада білім алуды қолдайтын құралдар ретінде жобалау мәселесін көтереді. Осы бағыттарды биология мұғалімін даярлауға бейімдегенде мобильді құралдар бақылау материалдарын тіркеуге, оқу ресурстарына қол

жеткізуге және орындалған әрекетке рефлексия жасауға пайдаланылуы мүмкін. Мұндай қолдану осы мақаладағы әдістемелік мүмкіндік ретінде түсіндіріледі; құрылғының болуы оқу нәтижесінің жақсаруын өздігінен білдірмейді.

Siemens ұсынған коннективизмде білім алу ақпарат көздері мен маманданған желілік түйіндер арасында байланыс орнатумен, ақпараттың өзектілігін бағалаумен және өзгерген ақпарат жағдайында шешім қабылдаумен байланыстырылады [13]. Бұл идеялар болашақ биология мұғалімінің бірнеше дереккөзді салыстыруы және ғылыми ақпаратты іріктеуі сияқты әрекеттерге қатысты. Осы зерттеуде коннективизм ақпаратпен жұмыс істеудің теориялық тірегі ретінде қолданылады, ал студенттің түсінігін бағалау үшін ақпаратқа қол жеткізумен қатар, оны талдау және дәлелді қорытынды жасау әрекеттері ескеріледі.

Отандық зерттеулер қатарында Қатаев пен Еркінқызының цифрлық білім беру технологияларын оқу үдерісінде қолдану туралы жұмысы маңызды [14]. Авторлар цифрлық білім беру ұғымдарын нақтылап, мұғалімдердің ресурстарды қолдану тәжірибесін сауалнама арқылы қарастырған және педагогтерге арналған көмекші сервистерді сипаттаған. Бұл еңбек цифрлық ресурстарды қолдануда педагогтің кәсіби даярлығының маңызын көрсететін отандық контекст ұсынады. Алайда мұғалімдердің құралдарды пайдалану тәжірибесі туралы деректерді болашақ биология мұғалімдерінің метапәндік құзыреттілігінің қалыптасу нәтижесімен тікелей теңестіруге болмайды.

Tondeur және әріптестері болашақ мұғалімдерді технологияны оқытуға кіріктіруге даярлау жөніндегі сапалық зерттеулерді жинақтаған. Олардың талдауында оқытушының үлгі көрсетуі, технологияны оқу өнімін жобалау арқылы меңгеру және шынайы педагогикалық тәжірибені қолдау бағыттары, сондай-ақ ұйым деңгейіндегі жоспарлау мен ынтымақтастық шарттары ажыратылған [15]. Instefjord пен Munthe кәсіби цифрлық құзыреттіліктің мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына кіріктірілуін зерттеген [16]. Бұл еңбектерді салыстыру цифрлық даярлықты жеке құралды үйретумен шектемей, кәсіби тапсырмалармен байланыстырудың маңызын айқындайды. Осы мақалада мұндай байланыс биология сабағына арналған материал әзірлеу, бірлескен жоба құру және әдістемелік шешімді негіздеу тапсырмалары арқылы ұсынылады.

Биологиядағы зерттеушілік әрекетті ұйымдастыруда de Jong, Linn және Zacharia физикалық және виртуалды зертханалардың мүмкіндіктерін салыстырып, оларды ұштастыру жөнінде ұсынымдар береді [17]. Бұл бағыт зертханалық ортаны тапсырманың мақсатына сәйкес таңдауға негіз болады. Осы мақаладағы әдістемелік түсіндіру бойынша, биологиялық нысанды бақылау, виртуалды модельдегі жағдайларды өзгерту және алынған нәтижелерді салыстыру өзара толықтыратын әрекеттер ретінде ұйымдастырылуы мүмкін. Мұнда зертханалық жұмыстың метапәндік мазмұны құралды пайдаланумен қатар, зерттеу сұрағын құру, деректерді түсіндіру және қорытындыны негіздеу арқылы ашылады.

Pedaste және әріптестері зерттеушілік оқыту жөніндегі әдебиеттерді жүйелі талдау негізінде бағдарлау, тұжырымдау, зерттеу, қорытындылау және талқылау кезеңдерін біріктіретін цикл ұсынған [18]. Коммуникация мен рефлексия талқылаудың құрамдас бөліктері ретінде зерттеу барысында да, оның соңында да жүзеге асуы мүмкін. Осы ерекшелік авторлық әдістемені қатаң бірізді әрекеттер тізбегі ретінде түсіндірудің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Мақаладағы диагностикалық, мотивациялық, танымдық, зерттеушілік, коммуникативтік және рефлексиялық алты кезең Pedaste циклінің дәл көшірмесі емес, болашақ биология мұғалімдерін даярлау міндеттеріне бейімделген ұйымдастыру нұсқасы болып табылады [19]. Коммуникация мен рефлексия осы құрылымның бірнеше кезеңінде қайталана алады.

Еуропалық комиссияның Digital Education Action Plan 2021–2027 құжаты сапалы, инклюзивті және қолжетімді цифрлық білім берудің стратегиялық бағытын сипаттайды [20]. Онда білім беру ұйымдарының цифрлық мүмкіндіктері мен педагогтерді даярлау қажеттілігі

қарастырылады. Бұл құжат зерттеудің институционалдық контексін толықтырады: smart learning ортасын ұйымдастыру оқу тапсырмаларымен бірге ресурстарға қолжетімділікті және педагогикалық қолдауды ескеруді талап етеді. Стратегиялық құжаттың қызметі бағыт-бағдар ұсыну болып табылады; нақты әдістеменің нәтижесі жеке зерттеу деректері арқылы бағаланады.

Қарастырылған еңбектер өзара толықтыратын бірнеше бағытты ашады: құзыреттілікке бағдарланған білім беру оқу нәтижесінің мазмұнын анықтауға; цифрлық педагогика ресурстарды мақсатқа сай таңдауға; мұғалімдерді даярлау зерттеулері технологияны кәсіби тапсырмаларға кіріктіруге; зерттеушілік оқыту еңбектері биологиялық әрекеттерді кезеңдер бойынша ұйымдастыруға негіз болады. Осы мақаладағы әдістемелік міндет — аталған бағыттарды бес компонент, оқу кезеңдері, биологиялық тапсырмалар және бағалау өлшемдері арасындағы байланысты көрсететін біртұтас құрылымға біріктіру. Авторлық үлес осы байланысты нақтылаудан көрінеді. Бұл тұжырым қарастырылған әдебиеттер негізінде жасалған әдістемелік жинақтау болып табылады және ұсынылған құрылымның практикалық нәтижелері зерттеудің эмпирикалық бөлімінде бөлек бағалануы тиіс.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу smart learning негізінде болашақ биология мұғалімдерінің метапәндік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін теориялық тұрғыдан негіздеуге және оны қолдану жағдайындағы оқу нәтижелерінің өзгерісін бағалауға бағытталды. Зерттеудің әдіснамалық негізін құзыреттілікке бағытталған тәсіл, тұлғалық-бағдарлы оқыту және цифрлық педагогика қағидалары құрады. Құзыреттілікке бағытталған тәсіл білімді оқу және кәсіби міндеттерді шешуде қолдану тұрғысынан қарастырылды [7.-58-64], [8.-40]. Цифрлық құралдарды педагогикалық мақсаттарға сәйкестендіруде педагогтердің цифрлық құзыреттілігі және болашақ мұғалімдерді технологияны оқу үдерісіне кіріктіруге даярлау туралы еңбектер негізге алынды [6.-68], [15.-134-144], [16.-37-45].

Зерттеудің теориялық бөлігінде метапәндік құзыреттіліктің мазмұны мен компоненттері, цифрлық ресурстарды қолдану мүмкіндіктері және оқу әрекеттерін ұйымдастыру қағидалары талданды. Эмпирикалық бөлігінде эксперименттік және бақылау топтарындағы бастапқы әрі қорытынды диагностикалық көрсеткіштер салыстырылды. Эксперименттік топта цифрлық платформалар, интерактивті тапсырмалар, виртуалды зертханалар және бірлескен жобалық жұмыстарды қамтитын әдістеме қолданылды; бақылау тобында дәстүрлі оқыту тәсілдері пайдаланылды. Талдау екі топтың бастапқы көрсеткіштерін, әр топтағы бастапқы-қорытынды өзгерістерді және осы өзгерістердің топтар арасындағы айырмасын сипаттауға бағытталды.

Зерттеуде бұрыннан қалыптасқан академиялық топтар пайдаланылып, қатысушылар кездейсоқ бөлінбегендіктен, зерттеу бастапқы және қорытынды өлшемдері бар, бақылау тобы қамтылған квазиэксперименттік дизайн бойынша ұйымдастырылды.

Зерттеу Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Жаратылыстану және география факультеті, Биология кафедрасы базасында жүргізілді. Зерттеуге «6В01513 – Биология (IP)» білім беру бағдарламасының 20–22 жас аралығындағы 3-курс студенттері қатысты. Қатысушылардың жалпы саны 132 студентті құрады: эксперименттік топқа 65 студент, бақылау тобына 67 студент кірді. Зерттеу 2026 жылғы 26 қаңтардан 8 мамырға дейінгі кезеңде жүргізіліп, 15 оқу аптасын қамтыды. Эксперимент «Биологияны оқыту әдістемесі және заманауи оқыту технологиялары» пәні аясында ұйымдастырылды. Эксперименттік топта smart learning негізіндегі әдістеме қолданылып, оқу әрекеттері цифрлық платформалар, интерактивті тапсырмалар, виртуалды зертханалар және бірлескен жобалық жұмыстар арқылы ұйымдастырылды. Бақылау тобында дәстүрлі оқыту тәсілдері пайдаланылды.

Зерттеуде теориялық талдау, педагогикалық бақылау, сауалнама, әңгімелесу және педагогикалық эксперимент әдістері қолданылды. Теориялық талдау барысында smart

learning, цифрлық педагогика және метапәндік құзыреттілікті қалыптастыру мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер қарастырылды. Бұл талдау метапәндік құзыреттіліктің бес компонентін нақтылауға және оларды қалыптастыруға бағытталған оқу әрекеттерін жүйелеуге негіз болды.

Сауалнама студенттердің smart learning құралдарын қолдану тәжірибесін, оқу мотивациясын, өзіндік оқу әрекетін ұйымдастыруын және пәнаралық байланыстарды орнатуға қатысты мәліметтерді жинауға бағытталды. Әңгімелесу арқылы цифрлық ортада тапсырма орындау тәжірибесі, кездескен қиындықтар және оқу әрекеті туралы студенттердің пікірлері нақтыланды. Педагогикалық экспериментте эксперименттік топтағы smart learning негізіндегі оқыту мен бақылау тобындағы дәстүрлі оқыту жағдайлары қарастырылды. Жиналған материалдар бастапқы және қорытынды диагностикалық нәтижелерді салыстыруға, сондай-ақ студенттердің оқу әрекетін сипаттауға пайдаланылды.

Педагогикалық эксперимент «Биологияны оқыту әдістемесі және заманауи оқыту технологиялары» пәні аясында ұйымдастырылды. Зерттеу 2026 жылғы 26 қаңтардан 8 мамырға дейінгі 15 оқу аптасын қамтыды. Сабақ кестесі бойынша аптасына екі дәріс және екі практикалық сабақ қарастырылды, әр сабақтың ұзақтығы 50 минут болды. Дәрістер дүйсенбі күні сағат 09:00–09:50 және 10:00–10:50 аралығында, практикалық сабақтар өздеріне белгіленген күні осы уақыт аралықтарында өткізілді. Осы кестеге сәйкес 15 оқу аптасына 30 дәріс және 30 практикалық сабақ жоспарланды. Сабақтарды зерттеу авторы жүргізді.

Пәннің тақырыптық мазмұны биологияны оқыту құралдары мен әдістерін, сабақтарды жоспарлауды, педагогикалық технологияларды қолдануды және зертханалық-практикалық жұмыстарды ұйымдастыруды қамтыды. Силлабусқа сәйкес практикалық жұмыстар өсімдіктердің ішкі құрылысын оқыту, микроскоппен және микропрепараттармен жұмыс істеу, «Қан және қанайналым», «Тірек-қимыл жүйесі», «Қоректену», «Көбею», «Өсу және даму», «Генетика және селекция» тақырыптарына арналған сабақтар мен тапсырмаларды әзірлеуге бағытталды.

«Генетика және селекция» тақырыбы бойынша әдістемені толықтыруға арналған виртуалды ресурс ретінде FlyLab JS ұсынылады. Тапсырма студенттердің тұқым қуалау туралы болжам құруын, виртуалды будандастыруды жоспарлауын, алынған фенотиптік арақатынастарды түсіндіруін және осы әрекеттер негізінде мектеп оқушыларына арналған зерттеушілік тапсырма әзірлеуін қамтиды.

Метапәндік құзыреттілік мотивациялық, танымдық, коммуникативтік, зерттеушілік және ақпараттық-цифрлық бес компонент арқылы сипатталды. Мотивациялық компонент оқу және кәсіби әрекетке қызығушылықты; танымдық компонент білімді қолдану, ақпаратты талдау және пәнаралық байланысты негіздеуді; коммуникативтік компонент бірлескен әрекет пен дәлелді пікір алмасуды; зерттеушілік компонент зерттеуді жоспарлау және нәтижені түсіндіруді; ақпараттық-цифрлық компонент цифрлық ресурстарды мақсатқа сай қолдану және ақпараттың сенімділігін бағалауды қамтиды. Компоненттердің нақты өлшеу құралдары мен балдық шкалалары төмендегі диагностикалық кестеде көрсетіледі.

Метапәндік құзыреттілікті бағалау мотивациялық, танымдық, коммуникативтік, зерттеушілік және ақпараттық-цифрлық бес компонентке негізделеді. Компоненттерді сипаттайтын критерийлер мен көрсеткіштер 1-кестеде ұсынылған. Бағалауда компонент бойынша алынған нәтиже мен студенттердің жалпы құзыреттілік деңгейіне қарай бөлінуі ажыратылады: компоненттік көрсеткіш белгілі бір қабілетті сипаттаса, деңгейлік көрсеткіш төмен, орта немесе жоғары деңгейге жатқызылған студенттердің үлесін білдіреді.

Әр деңгейдегі студенттердің пайыздық үлесі $P = (n / N) \times 100\%$ формуласы арқылы есептеледі. Мұндағы P – тиісті деңгейдегі студенттердің үлесі; n – сол деңгейге жатқызылған студенттер саны; N – нақты диагностикалық өлшеуге қатысқан топтағы студенттердің жалпы

саны. Бастапқы іріктемеде эксперименттік топ үшін N = 65, бақылау тобы үшін N = 67. Сондықтан эксперименттік топтағы үлес P = (n / 65) × 100%, бақылау тобындағы үлес P = (n / 67) × 100% формуласы бойынша анықталады.

Қорытынды өлшеуге барлық студент қатысқан жағдайда осы топ көлемдері сақталады. Қатыспаған студенттер болса, есептеуде қорытынды диагностикаға нақты қатысқан студенттер саны қолданылады. Пайыздар бастапқы санақтардан есептеліп, бірдей дәлдікпен беріледі. Бастапқы және қорытынды пайыздардың айырмасы пайыздық тармақпен көрсетіледі. Компонент бойынша орташа балл мен белгілі деңгейдегі студенттердің пайыздық үлесі өзара алмастырылмайды.

Кесте 1 – Болашақ биология мұғалімдерінің метапәндік құзыреттілігін бағалау критерийлері мен көрсеткіштері

№	Компонент	Ұсынылатын тапсырма	Бағаланатын бес көрсеткіш	Ең жоғары балл
1	**Мотивациялық**	«Цифрлық құралдарды болашақ биология мұғалімі ретінде не үшін қолданамын?» тақырыбында рефлексия және жеке оқу жоспарын әзірлеу	Кәсіби маңызын түсіндіру; оқу мақсатын нақтылау; таңдаған әрекетін негіздеу; қиындықтарды анықтау; оларды шешу жоспарын ұсыну	20
2	**Танымдық**	Биологиялық мәселені екі ақпарат көзіне сүйеніп талдау және оны басқа пәнмен байланыстыру	Ғылыми дұрыстық; негізгі ұғымдарды түсіндіру; деректерді салыстыру; пәнаралық байланысты негіздеу; дәлелді қорытынды	20
3	**Коммуникативтік**	Бірлескен сабақ жобасын әзірлеу және қорғау	Өз ойын түсінікті жеткізу; пікірін дәлелдеу; басқа пікірді ескеру; топтық міндетін орындау; сұрақтарға негізді жауап беру	20
4	**Зерттеушілік**	Биологиялық тақырып бойынша шағын зерттеу жоспарын және нәтижені талдау үлгісін әзірлеу	Зерттеу сұрағы; тексерілетін болжам; әдістің сәйкестігі; деректерді талдау тәсілі; қорытынды мен шектеулерді түсіндіру	20
5	**Ақпараттық-цифрлық**	Биология сабағына арналған цифрлық оқу материалын әзірлеу	Құралды мақсатқа сай таңдау; ақпараттың сенімділігін бағалау; дереккөздерді көрсету; материалдың түсініктілігі; кері байланыс мүмкіндігі	20
	Барлығы			**100**
	Ескерту: Авторлармен құрастырылған			

Метапәндік құзыреттілікті бағалау үшін бес компоненттен тұратын авторлық бағалау үлгісі ұсынылады. Мотивациялық компонент кәсіби рефлексия және жеке оқу жоспары арқылы, танымдық компонент биологиялық ақпаратты талдау тапсырмасы арқылы, коммуникативтік компонент бірлескен жобаны әзірлеу мен қорғау арқылы, зерттеушілік компонент шағын зерттеуді жоспарлау арқылы, ақпараттық-цифрлық компонент цифрлық оқу материалын әзірлеу арқылы бағаланады.

Әр компонент бес көрсеткішпен сипатталып, әр көрсеткіш 0–4 балл аралығында бағаланады. Бір компоненттің ең жоғары нәтижесі 20 балл, жалпы нәтиже 100 баллды құрайды. Жалпы балл мотивациялық, танымдық, коммуникативтік, зерттеушілік және ақпараттық-цифрлық компоненттер бойынша балдардың қосындысы ретінде есептеледі. Бұл

үлгіде компоненттерге тең салмақ беріледі; сонымен бірге олардың жеке нәтижелері де бөлек көрсетіледі.

Жұмыс нұсқасы ретінде жалпы нәтиженің 0-49 балл аралығы төмен, 50-74 балл аралығы орта, 75-100 балл аралығы жоғары деңгейге жатқызылады. Бұл шектер авторлық жіктеу ретінде ұсынылады және апробацияны қажет етеді; олар стандартталған диагностикалық нормативтер болып саналмайды. Мотивациялық компоненттің тапсырмасы студенттің кәсіби уәжін түсіндіруін бағалайды, бірақ ішкі мотивацияны толық өлшейтін психометриялық сауалнаманы алмастырмайды.



Сурет 1 - Smart learning негізінде болашақ биология мұғалімдерінің метапәндік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделі.

Ескерту: модель авторлар тарапынан әзірленген.

Ұсынылған модель Smart learning технологияларын оқу үдерісіне кіріктіру арқылы болашақ биология мұғалімдерінің метапәндік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Модель мотивациялық, танымдық, коммуникативтік, зерттеушілік және ақпараттық-цифрлық компоненттерді қамтиды. Оны іске асыру диагностикалық, мотивациялық, танымдық, зерттеушілік, коммуникативтік және рефлексиялық кезеңдер арқылы ұйымдастырылады.

Диагностикалық кезеңде білім алушылардың бастапқы деңгейі диагностикалық тапсырмалар арқылы анықталып, оқу қажеттіліктері айқындалады. Мотивациялық кезең оқу мақсаттарын белгілеуге, кәсіби қызығушылықты арттыруға және оқу әрекетін ынталандыруға бағытталады. Танымдық кезеңде ақпаратты іздеу және бағалау, теориялық білімді меңгеру және пәнаралық байланыстарды анықтау жүзеге асырылады. Зерттеушілік кезең зерттеу сұрағын тұжырымдауды, виртуалды модельдеуді және деректерді талдауды қамтиды. Коммуникативтік кезеңде білім алушылар бірлесіп жұмыс істеп, нәтижелерді талқылайды және оларды жоба мен презентация түрінде ұсынады. Рефлексиялық кезеңде өзін-өзі және өзара бағалау жүргізіліп, кері байланыс талданады, келесі оқу мақсаттары белгіленеді.

Модельді іске асыру цифрлық құралдар мен ресурстарды пайдалануға және педагогикалық қолдауға негізделеді. Moodle және Google Classroom оқу мазмұнын ұсыну үшін, Quizizz және Kahoot тексеру мен жедел кері байланыс алу үшін, ал виртуалды зертханалар модельдеу үшін қолданылады. Педагогикалық қолдау әдістемелік көмек көрсетуді, оқу әрекетін бақылауды, ортақ өлшемдер бойынша бағалауды, жүйелі кері байланыс пен рефлексияны қамтиды. Ақпараттық-цифрлық компонент осы құралдармен жұмыс істеу арқылы кезеңдердің мазмұнымен ұштасады. Модельдің күтілетін нәтижесі — ақпаратты сыни бағалайтын, зерттеу жүргізетін, бірлесіп жұмыс істейтін және цифрлық құралдарды педагогикалық міндеттерге сай қолданатын болашақ биология мұғалімін даярлау.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеу барысында smart learning технологиялары негізінде болашақ биология мұғалімдерінің метапәндік құзыреттілігін дамыту әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексерілді. Эксперимент нәтижелері білім алушылардың цифрлық сауаттылығының, зерттеушілік дағдыларының және коммуникативтік қабілеттерінің айтарлықтай артқанын көрсетті. Сонымен қатар smart learning технологияларын жүйелі түрде қолдану студенттердің оқу мотивациясын күшейтіп, олардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етті.

Зерттеудің бастапқы кезеңінде жүргізілген диагностикалық жұмыстар эксперименттік және бақылау топтарындағы білім алушылардың метапәндік құзыреттілік деңгейлері арасында бастапқы көрсеткіштері жақын болды. Көптеген студенттердің цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану, ақпаратты талдау және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру дағдылары жеткіліксіз деңгейде қалыптасқаны анықталды. Әсіресе білім алушылардың пәнаралық байланыстарды орнату және өзіндік оқу әрекетін жоспарлау барысында қиындықтарға кездесетіні байқалды.

Эксперименттік топта smart learning технологияларына негізделген арнайы әдістеме қолданылды. Оқу үдерісінде Moodle, Google Classroom, Quizizz, Kahoot платформалары, виртуалды зертханалар және мультимедиялық ресурстар пайдаланылды. Бұл құралдар білім алушылардың теориялық материалдарды интерактивті түрде меңгеруіне, өз бетінше жұмыс жасауына және зерттеушілік әрекеттерді орындауына мүмкіндік берді. Сонымен қатар онлайн тесттер, цифрлық тапсырмалар және жобалық жұмыстар білім алушылардың оқу белсенділігін арттырды.

Эксперимент барысында студенттердің зерттеушілік қабілеттерінің айтарлықтай дамығаны байқалды. Виртуалды зертханаларды пайдалану арқылы білім алушылар биологиялық үдерістерді тәжірибелік тұрғыдан зерттеп, ғылыми талдау жасау дағдыларын меңгерді. Бұл олардың пәндік білімін тереңдетумен қатар, метапәндік құзыреттіліктерін де дамытуға ықпал етті. Студенттер тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында ақпаратты іздеу, салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін көрсетті.

Коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытуда да smart learning технологияларының тиімділігі жоғары болды. Онлайн форумдар, топтық жобалар және цифрлық платформалар арқылы білім алушылар бірлескен жұмыстар жүргізіп, пікір алмасу және өз ойын дәлелдеу дағдыларын қалыптастырды. Эксперименттік топтағы студенттердің цифрлық ортада еркін қарым-қатынас жасап, топтық тапсырмаларды тиімді орындауға бейімделгені анықталды. Бұл қазіргі білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдер үшін маңызды кәсіби дағдылардың бірі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей көрсеткіші 18 %-дан 42 %-ға дейін өсті. Ал төмен деңгейдегі білім алушылар саны 36 %-дан 10 %-ға дейін азайды. Бұл smart learning технологияларының білім алушылардың метапәндік құзыреттілігін дамытуға оң әсер еткенін дәлелдейді. Бақылау тобында да белгілі бір өзгерістер байқалғанымен, олардың нәтижелері эксперименттік топпен салыстырғанда төмен болды.

Бұл дәстүрлі оқыту әдістерінің цифрлық технологиялармен салыстырғанда тиімділігі төмен екенін көрсетті.

Алынған нәтижелерді ғылыми әдебиеттердегі зерттеулермен салыстыру smart learning технологияларының білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді. Көптеген ғалымдар цифрлық білім беру ортасының білім алушылардың өзіндік оқу әрекетін ұйымдастыруға, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға және оқу мотивациясын арттыруға ықпал ететінін атап көрсеткен. Біздің зерттеу нәтижелері де осы ғылыми тұжырымдарды растайды. Әсіресе биология пәнін оқытуда виртуалды зертханалар мен интерактивті ресурстарды пайдалану білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, күрделі биологиялық құбылыстарды түсінуді жеңілдетті. Сонымен қатар smart learning технологиялары білім алушылардың ақпараттық-цифрлық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік берді. Эксперименттік топтағы студенттер электрондық ресурстармен жұмыс жасау, онлайн платформаларды пайдалану және цифрлық контент құру барысында жоғары белсенділік танытты. Бұл олардың болашақ кәсіби қызметінде заманауи цифрлық технологияларды тиімді қолдануға дайын екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері smart learning технологияларын қолдану болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби даярлығын жетілдірудің тиімді жолдарының бірі екенін дәлелдейді. Әсіресе метапәндік құзыреттіліктерді қалыптастыруда интерактивті әдістер, виртуалды зертханалар және цифрлық платформалардың маңызы жоғары екені анықталды. Smart learning ортасы білім алушылардың өзіндік ізденісін, шығармашылық қабілетін және зерттеушілік мәдениетін дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Жалпы алғанда, зерттеу барысында алынған нәтижелер smart learning технологиялары негізінде әзірленген әдістеменің тиімді екенін көрсетті. Ұсынылған әдістеме болашақ биология мұғалімдерінің метапәндік құзыреттілігін дамытуға, олардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға және кәсіби даярлығын заманауи талаптарға сәйкес жетілдіруге мүмкіндік береді. Сондықтан smart learning технологияларын жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде кеңінен қолдану қазіргі білім беру үдерісін жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Кесте 2 – Эксперименттік және бақылау топтарының метапәндік құзыреттілік деңгейлерінің бастапқы көрсеткіштері (%)

Құзыреттілік деңгейлері	**Эксперименттік топ (n=65), %**	**Бақылау тобы (n=67), %**
Жоғары	18	18
Орта	46	47
Төмен	36	35
Барлығы	100	100
Ескерту: Авторлармен құрастырылған		

2-кестеде эксперименттік және бақылау топтарының метапәндік құзыреттілік деңгейлерінің бастапқы көрсеткіштері ұсынылған. Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі 18 %, орта деңгейдегілердің үлесі 46 %, төмен деңгейдегілердің үлесі 36 % болды. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер тиісінше 18 %, 47 % және 35 % құрады. Екі топта да орта деңгей басым, ал жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі бірдей. Орта және төмен деңгейлер бойынша топтар арасындағы айырмашылық бір пайыздық тармақты құрайды. Бұл мәліметтер эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы деңгейлік үлестерінің өзара жақын екенін көрсетеді. Сонымен қатар екі топта да студенттердің басым бөлігінің орта және төмен деңгейлерге жатуы метапәндік құзыреттілікті дамытуға бағытталған жүйелі педагогикалық жұмыстың қажеттілігін айқындайды. Топтардың

бастапқы көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтың статистикалық маңыздылығы қосымша тексеруді талап етеді.

Кесте 3 – Smart learning технологияларын қолдану нәтижесінде эксперименттік және бақылау топтарының метапәндік құзыреттілік деңгейлерінің қорытынды көрсеткіштері (%)

№	Құзыреттілік деңгейлері	Эксперименттік топ (n= 65), %	Бақылау тобы (n=67), %
1	Жоғары деңгей	42	22
2	Орта деңгей	48	50
3	Төмен деңгей	10	28
	Барлығы	100	100
Ескерту: Авторлармен құрастырылған			

3-кестеде эксперименттік және бақылау топтарындағы болашақ биология мұғалімдерінің метапәндік құзыреттілік деңгейлерінің қорытынды көрсеткіштері ұсынылған. Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі 42 %, орта деңгейдегілердің үлесі 48 %, төмен деңгейдегілердің үлесі 10 % болды. Бақылау тобында бұл көрсеткіштер тиісінше 22 %, 50 % және 28 % құрады. Қорытынды өлшеуде эксперименттік топтағы жоғары деңгей үлесі бақылау тобынан 20 пайыздық тармаққа жоғары, ал төмен деңгей үлесі 18 пайыздық тармаққа төмен болды.

Бастапқы және қорытынды көрсеткіштерді салыстыру эксперименттік топтағы өзгерістердің анағұрлым айқын болғанын көрсетеді. Атап айтқанда, эксперименттік топта жоғары деңгейдегі студенттердің үлесі 18 %-дан 42 %-ға дейін өсіп, өсім 24 пайыздық тармақты құрады. Төмен деңгейдегі студенттердің үлесі 36 %-дан 10 %-ға дейін азайып, төмендеу 26 пайыздық тармаққа тең болды. Орта деңгей үлесі 46 %-дан 48 %-ға дейін өзгерді. Жоғары деңгей үлесінің өсуімен қатар төмен деңгей үлесінің азаюы эксперименттік топтағы метапәндік құзыреттіліктің деңгейлік құрылымында оң өзгеріс байқалғанын көрсетеді.

Бақылау тобында да оң өзгерістер тіркелді, алайда олардың шамасы эксперименттік топпен салыстырғанда төмен болды. Жоғары деңгей үлесі 18 %-дан 22 %-ға дейін өсіп, өзгеріс 4 пайыздық тармақты құрады. Орта деңгей үлесі 47 %-дан 50 %-ға дейін артты, ал төмен деңгей үлесі 35 %-дан 28 %-ға дейін азайды. Осылайша, бақылау тобында жоғары деңгей үлесінің өсуі және төмен деңгей үлесінің азаюы байқалғанымен, қорытынды кезеңде төмен деңгейдегі студенттердің үлесі эксперименттік топқа қарағанда жоғары болып қалды.

Екі топта да қорытынды өлшеуде орта деңгей басым болды: эксперименттік топта - 48 %, бақылау тобында - 50 %. Бұл көрсеткішті басқа деңгейлердегі өзгерістермен бірге қарастыру қажет. Эксперименттік топта жоғары және орта деңгейдегі студенттердің жиынтық үлесі 90 %-ды, бақылау тобында 72 %-ды құрады. Демек, эксперименттік топта төмен деңгейден жоғары деңгейлерге қарай жалпы үлестік өзгеріс анағұрлым айқын көрінеді. Дегенмен жекелеген студенттердің бір деңгейден екіншісіне ауысуын анықтау үшін олардың бастапқы және қорытынды жеке нәтижелерін салыстыру қажет.

Жалпы алғанда, ұсынылған сипаттамалық нәтижелер smart learning негізіндегі әдістеме қолданылған топта метапәндік құзыреттілік деңгейлерінің оң өзгерісі көбірек байқалғанын көрсетеді. Бұл үрдіс әдістеменің педагогикалық әлеуетін қолдайды. Алайда топтар арасындағы айырмашылықтың статистикалық маңыздылығын және байқалған өзгерістердің қолданылған әдістемемен байланысын бағалау үшін тиісті статистикалық талдау нәтижелерін ескеру қажет.



Сурет 2 - Эксперименттік және бақылау топтарындағы метапәндік құзыреттілік компоненттерінің бастапқы және қорытынды орташа көрсеткіштері.

Ескерту: диаграмма авторлар тарапынан зерттеу әдістемесі негізінде әзірленген.

Overall, the proposed framework supports a transition from volume-oriented water management toward an adaptive, efficiency-based approach better suited to arid regions facing increasing drought risk.

Table 3. Adaptive irrigation water management measures under increasing drought risk

Problem	Adaptive management measure	Implementation mechanism	Expected effect
High water conveyance losses	Rehabilitation of irrigation canals	Canal lining, replacement of deteriorated structures	Reduction of non-productive water losses

Degraded pumping infrastructure	Modernization of pumping equipment	Energy-efficient pumps, automated control systems	Improved reliability and efficiency of water supply
Increasing drought risk	Climate-responsive water allocation planning	Use of drought indices and seasonal forecasts	Enhanced system resilience to climate variability
Low adoption of water-saving technologies	Expansion of drip and sprinkler irrigation	Subsidies, concessional financing, equipment leasing	Reduced water consumption per unit area
Weak control of water distribution	Digital monitoring of irrigation systems	Sensors, SCADA systems, online platforms	Real-time control and loss reduction
Low farmer awareness	Capacity-building and training programs	Demonstration plots, extension services	Improved on-farm water management practices
Fragmented governance	Strengthening water user associations	Institutional and financial support	Improved coordination and collective management
Note: Measures are proposed by the authors			

Conclusions

This study provides an empirical assessment of the determinants of irrigation water availability under increasing drought risk and substantiates adaptive irrigation management approaches in the Zhambyl region of Kazakhstan.

Based on official statistical data for 2015–2024, the following conclusions are drawn:

1. Irrigation water availability has stabilized in recent years; however, the system remains vulnerable to climatic variability and structural constraints, indicating persistent systemic risks.

2. Absolute water withdrawal volumes are not a decisive determinant of irrigation sustainability, confirming the limited effectiveness of supply-oriented management strategies under growing water scarcity.

3. Irrigation water availability is positively and statistically significantly associated with the volume of water conveyed through the irrigation network (X_2), and this result is robust to alternative estimators, specifications and sample variations. At the same time, the rising share of conveyance losses indicates that improvements in availability have been achieved through inefficient infrastructure, underscoring the priority of canal rehabilitation.

4. Climatic pressure, reflected in production variability, shows a negative association with irrigation water availability; this effect is less robust and should be considered indicative, and its impact may be mitigated through adaptive management measures.

5. Adaptive irrigation water management – focused on efficiency improvement, reduction of non-productive losses, infrastructure modernization, digital monitoring, and strengthened institutional coordination – represents a key pathway for enhancing resilience under climate change.

6. The findings provide an empirical basis for regional irrigation planning and may inform national policies on sustainable water resource management and climate adaptation in agriculture.

Future research should integrate econometric modeling with hydrological simulation and remote sensing to better capture spatial and temporal variability of irrigation water availability and strengthen decision-support tools.

REFERENCE:

1 United Nations Framework Convention on Climate Change. (2025) Nationally determined contribution of the Republic of Kazakhstan to the global response to climate change until 2035. [Electronic resource] — URL: https://unfccc.int (accessed: 10.05.2026)

2 World Bank Group, Asian Development Bank. (2021) Climate risk country profile: Kazakhstan. [Electronic resource] — URL: https://www.adb.org (accessed: 10.05.2026)

3 Salnikov V., Turulina G., Polyakova S., Petrova Y., Skakova A. (2015) Climate change in Kazakhstan during the past 70 years. Quaternary International, 358, 77–82. https://doi.org/10.1016/j.quaint.2014.09.008

4 Food and Agriculture Organization of the United Nations. (2022) AQUASTAT country profile: Kazakhstan. [Electronic resource] — URL:https://www.fao.org/aquastat (accessed: 10.05.2026)

5 Gao Y., Ding D., Zhang Y., Li P., Li K., Ruan T., Han Y., Ma C. (2025) Evaluation of carrying capacity of agricultural water and soil resources and targeted regional management in Northwest China. Journal of Environmental Management, 395, 127841. https://doi.org/10.1016/j.jenvman.2025.127841

6 United Nations Convention to Combat Desertification. (2021) Regional strategy for drought risk management and mitigation in Central Asia 2021–2030. [Electronic resource] — URL: https://www.unccd.int (accessed: 10.05.2026)

7 Sharipova B., Chemayeva N. (2022) Adaptive water governance in Central Asia: un-puzzling the concept. Central Asian Journal of Water Research, 8(2), 1–18. https://doi.org/10.29258/CAJWR/2022-R1.v8-2/1-18.eng

8 Kumari A., Pathania T. (2026) Comprehensive review of optimization and surrogate models for agricultural water resources and reservoir water management. Agricultural Systems, 231, 104562. https://doi.org/10.1016/j.agsy.2025.104562

9 Xie X., Wu Z., Xie Y., Wang B., Hu J. (2025) Agricultural water production function-driven water resources optimization model for irrigation management under extreme drought. Journal of Hydrology: Regional Studies, 62, 102974. https://doi.org/10.1016/j.ejrh.2025.102974

10 Aein R., Seifi A., Zahedi Rad V., Mousavi S.J. (2026) A system dynamics model for agricultural water management in Shapour River basin using sustainable irrigation policy design under water scarcity and salinity. Environmental Development, 58, 101396. https://doi.org/10.1016/j.envdev.2025.101396

11 Liu Y., Vrachioli M., Li H., Wang Y., Sauer J. (2025) Sustainable water and emissions management in agriculture: the water–emissions–food nexus in China. Resources, Environment and Sustainability, 19, 100187. https://doi.org/10.1016/j.resenv.2024.100187

12 Naqvi S.M.Z.A., Hussain S., Awais M., Tahir M.N., Saleem S.R., Al-Yarimi F.A.M., Ashurov M., Saidani O., Khan M.I., Wu J., Wei Z., Hu J. (2025) Climate-resilient water management: leveraging IoT and AI for sustainable agriculture. Egyptian Informatics Journal, 30, 100691. https://doi.org/10.1016/j.eij.2025.100691

13 Dari J., Lo Presti S., Brocca L. (2025) Irrigation monitoring from satellite at hyper-high resolution: paving the way for remote-sensing-based agricultural water management support services. Agricultural Water Management, 317, 109627. https://doi.org/10.1016/j.agwat.2025.109627

14 Pulighe G., Belocchi A., Tani A.C., Lupia F. (2025) Impacts of agricultural management practices on water cycle, soil erosion and crop yields in a Mediterranean agroecosystem. Science of the Total Environment, 995, 180111. https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2025.180111

15 El Fartassi I., Metcalfe H., El Alami R., Diarra A., Alonso-Chavez V., Waine T.W., Zawadzka J., Milne A.E., Corstanje R. (2025) Adaptations in agricultural water management in arid regions: modelling farmer behaviour and cooperation on irrigation sustainability in Morocco. Agricultural Water Management, 319, 109789. https://doi.org/10.1016/j.agwat.2025.109789

16 Bednář M., Pavelková R., Netopil P., Šarapatka B. (2025) Czech farmers' perspectives on sustainable agriculture and water management: implications for climate change adaptation. Agricultural Water Management, 313, 109470. https://doi.org/10.1016/j.agwat.2025.109470

17 Nsiri N., Kleftodimos G., Drogué S. (2025) Efficiency of agricultural systems in Morocco: a meta-frontier analysis of resource use and water management. Agricultural Water Management, 321, 109912. https://doi.org/10.1016/j.agwat.2025.109912

18 Rosado V., Bravo G., Vaca V., Menoscal Menoscal M., Garces D., Larreta E., Mulas M. (2025) Morphometric watershed prioritization for sustainable agriculture and water management on Santa Cruz Island, Galápagos. Environmental and Sustainability Indicators, 27, 100843. https://doi.org/10.1016/j.indic.2025.100843

19 Nguyen Thi Thu H., Trinh Phuong N., Pham Anh T., Vu Thi Ngoc T. (2025) Unveiling Vietnam's trade dynamics: the perspective of virtual water on agricultural products trade for sustainable water resource management. Journal of Cleaner Production, 503, 145430. https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2025.145430

20 Amanbayeva B.S., Zhaparkulova E.D., Mustafayev M.G., Mosiej D. (2021) Assessment and method of water resources management in the Asa River Basin. Natural Systems and Resources, 11(2), 49–55. https://doi.org/10.15688/nsr.jvolsu.2021.2.6

21 World Bank. (2020) Kazakhstan resilient landscapes restoration project: environmental and social management framework (ESMF). [Electronic resource] — URL: https://documents.worldbank.org (accessed: 10.11.2026)

22 Sadrtdinova R., Corzo Perez G.A., Solomatine D.P. (2024) Improved drought forecasting in Kazakhstan using machine and deep learning: a non-contiguous drought analysis approach. Hydrology Research, 55(2), 237–261. https://doi.org/10.2166/nh.2024.154

АДАПТИВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ ИРРИГАЦИОННЫМИ ВОДНЫМИ РЕСУРСАМИ В УСЛОВИЯХ УСИЛЕНИЯ РИСКА ЗАСУХИ: НА ПРИМЕРЕ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье исследуется роль адаптивного управления водными ресурсами орошения в повышении устойчивости орошаемого земледелия в условиях нарастающего риска засухи на примере Жамбылской области на юге Казахстана. Исследование основано на официальных статистических данных за 2015–2024 гг. о заборе воды из природных источников, потерях воды при транспортировке, использовании воды на орошение, площади орошаемых земель, в том числе с водосберегающими технологиями, и валовом сборе основных сельскохозяйственных культур. Для выявления факторов водообеспеченности орошения в условиях засухи применяются корреляционный анализ Пирсона и множественная линейная регрессия (МНК), надежность оценок подтверждена проверкой на устойчивость, включая стандартные ошибки в форме Уайта и Ньюи–Уэста,

поочередное исключение наблюдений, альтернативные спецификации модели и метод повторных выборок (бутстреп).

Полученные результаты свидетельствуют о том, что водообеспеченность орошения в наибольшей степени зависит от объема воды, подаваемой по оросительной сети, который отражает показатель потерь воды при транспортировке (β = 0,131; p = 0,001), тогда как влияние валового сбора сельскохозяйственных культур отрицательное и менее выраженное (β = −0,026; p = 0,079). Модель объясняет 81,3 % вариации водообеспеченности (F = 15,24; p = 0,003). Влияние объема подаваемой воды сохраняется при всех вариантах проверки, тогда как влияние валового сбора менее устойчиво. Доля потерь при транспортировке в общем объеме забора воды возросла с 25 до 37–41 %, что свидетельствует о достижении роста водообеспеченности при значительных непроизводительных потерях в оросительной сети.

Результаты исследования обосновывают необходимость реконструкции оросительных каналов, модернизации насосной инфраструктуры, расширения водосберегающих технологий и учета риска засухи при планировании водораспределения. Работа вносит вклад в достижение Целей устойчивого развития (ЦУР), в частности ЦУР 6 (Чистая вода и санитария) и ЦУР 13 (Борьба с изменением климата), предоставляя эмпирически обоснованные и практически значимые выводы для устойчивого управления водными ресурсами в засушливых регионах.

Ключевые слова: адаптивное управление, орошение, водный стресс, риск засухи, сельское хозяйство, изменение климата, Жамбылская область.

ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ ҚАУПІНІҢ КҮШЕЮІ ЖАҒДАЙЫНДА ИРРИГАЦИЯЛЫҚ СУ РЕСУРСТАРЫН АДАПТИВТІ БАСҚАРУ: ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның оңтүстігіндегі Жамбыл облысы мысалында құрғақшылық қаупінің күшеюі жағдайында суармалы егіншіліктің тұрақтылығын арттырудағы суару суын адаптивті басқарудың рөлі қарастырылады. Зерттеу 2015–2024 жылдардағы табиғи көздерден алынған су, тасымалдау кезіндегі су шығыны, суаруға жұмсалған су, суармалы жер көлемі, оның ішінде су үнемдейтін технологиялар енгізілген алқап және негізгі дақылдардың жалпы өнімі туралы ресми статистикалық деректерге негізделген. Құрғақшылық жағдайында суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілуіне әсер ететін факторларды анықтау үшін Пирсонның корреляциялық талдауы мен көптік сызықтық регрессия (ЕКӘ) қолданылды, бағалаулардың сенімділігі орнықты стандартты қателер, бақылауларды кезекпен алып тастау, модельдің балама нұсқалары және қайталама іріктеу әдісі (бутстреп) сияқты тұрақтылық тексерулерімен расталды.

Зерттеу нәтижелері суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілуі ең алдымен суару желісі арқылы берілетін су көлеміне тәуелді екенін көрсетеді. Бұл көлемді тасымалдау кезіндегі су шығыны көрсеткіші бейнелейді (β = 0,131; p = 0,001), ал дақылдардың жалпы өнімінің әсері теріс әрі әлсіздеу (β = −0,026; p = 0,079). Модель сумен қамтамасыз етілу өзгерісінің 81,3%-ын түсіндіреді (F = 15,24; p = 0,003). Берілетін су көлемінің әсері барлық тексерулерде сақталды, ал жалпы өнімнің әсері тұрақсыз болып шықты. Тасымалдау шығынының жалпы алынған судағы үлесі 25%-дан 37–41%-ға дейін өсті, бұл сумен қамтамасыз етілудің артуы суару желісіндегі айтарлықтай өнімсіз шығынмен қатар жүргенін көрсетеді.

Алынған нәтижелер суару каналдарын қайта жаңарту, сорғы инфрақұрылымын жаңғырту, су үнемдейтін технологияларды кеңейту және суды бөлуді жоспарлауда құрғақшылық қаупін ескеру қажеттілігін негіздейді. Зерттеу Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ), атап айтқанда ТДМ 6 (Таза су және санитария) және ТДМ 13 (Климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимыл) қол жеткізуге үлес қосады, сондай-ақ құрғақ аймақтарда су ресурстарын тұрақты басқару бойынша эмпирикалық негізделген және практикалық маңызы бар қорытындылар ұсынады.

Негізгі сөздер: адаптивті басқару, ирригация, су тапшылығы, құрғақшылық қаупі, ауыл шаруашылығы, климаттың өзгеруі, Жамбыл облысы.

REFERENCES:

1 United Nations Framework Convention on Climate Change. (2025) Nationally determined contribution of the Republic of Kazakhstan to the global response to climate change until 2035. Available at: https://unfccc.int (accessed: 10.11.2026) [in English]

2 World Bank Group, Asian Development Bank. (2021) Climate risk country profile: Kazakhstan. Available at: https://www.adb.org (accessed: 10.11.2026) [in English]

3 Salnikov V., Turulina G., Polyakova S., Petrova Y., Skakova A. (2015) Climate change in Kazakhstan during the past 70 years. Quaternary International, 358, 77–82. https://doi.org/10.1016/j.quaint.2014.09.008 [in English]

4 Food and Agriculture Organization of the United Nations. (2022) AQUASTAT country profile: Kazakhstan. Available at: https://www.fao.org/aquastat (accessed: 10.11.2026) [in English]

5 Gao Y., Ding D., Zhang Y., Li P., Li K., Ruan T., Han Y., Ma C. (2025) Evaluation of carrying capacity of agricultural water and soil resources and targeted regional management in Northwest China. Journal of Environmental Management, 395, 127841. https://doi.org/10.1016/j.jenvman.2025.127841 [in English]

6 United Nations Convention to Combat Desertification. (2021) Regional strategy for drought risk management and mitigation in Central Asia 2021–2030. Available at: https://www.unccd.int (accessed: 10.11.2026) [in English]

7 Sharipova B., Chemayeva N. (2022) Adaptive water governance in Central Asia: un-puzzling the concept. Central Asian Journal of Water Research, 8(2), 1–18. https://doi.org/10.29258/CAJWR/2022-R1.v8-2/1-18.eng [in English]

8 Kumari A., Pathania T. (2026) Comprehensive review of optimization and surrogate models for agricultural water resources and reservoir water management. Agricultural Systems, 231, 104562. https://doi.org/10.1016/j.agsy.2025.104562 [in English]

9 Xie X., Wu Z., Xie Y., Wang B., Hu J. (2025) Agricultural water production function-driven water resources optimization model for irrigation management under extreme drought. Journal of Hydrology: Regional Studies, 62, 102974. https://doi.org/10.1016/j.ejrh.2025.102974 [in English]

10 Aein R., Seifi A., Zahedi Rad V., Mousavi S.J. (2026) A system dynamics model for agricultural water management in Shapour River basin using sustainable irrigation policy design under water scarcity and salinity. Environmental Development, 58, 101396. https://doi.org/10.1016/j.envdev.2025.101396 [in English]

11 Liu Y., Vrachioli M., Li H., Wang Y., Sauer J. (2025) Sustainable water and emissions management in agriculture: the water–emissions–food nexus in China. Resources, Environment and Sustainability, 19, 100187. https://doi.org/10.1016/j.resenv.2024.100187 [in English]

12 Naqvi S.M.Z.A., Hussain S., Awais M., Tahir M.N., Saleem S.R., Al-Yarimi F.A.M., Ashurov M., Saidani O., Khan M.I., Wu J., Wei Z., Hu J. (2025) Climate-resilient water management: leveraging IoT and AI for sustainable agriculture. Egyptian Informatics Journal, 30, 100691. https://doi.org/10.1016/j.eij.2025.100691 [in English]

13 Dari J., Lo Presti S., Brocca L. (2025) Irrigation monitoring from satellite at hyper-high resolution: paving the way for remote-sensing-based agricultural water management support services. Agricultural Water Management, 317, 109627. https://doi.org/10.1016/j.agwat.2025.109627 [in English]

14 Pulighe G., Belocchi A., Tani A.C., Lupia F. (2025) Impacts of agricultural management practices on water cycle, soil erosion and crop yields in a Mediterranean agroecosystem. Science of the Total Environment, 995, 180111. https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2025.180111 [in English]

15 El Fartassi I., Metcalfe H., El Alami R., Diarra A., Alonso-Chavez V., Waine T.W., Zawadzka J., Milne A.E., Corstanje R. (2025) Adaptations in agricultural water management in arid regions: modelling farmer behaviour and cooperation on irrigation sustainability in Morocco. Agricultural Water Management, 319, 109789. https://doi.org/10.1016/j.agwat.2025.109789 [in English]

16 Bednář M., Pavelková R., Netopil P., Šarapatka B. (2025) Czech farmers' perspectives on sustainable agriculture and water management: implications for climate change adaptation. Agricultural Water Management, 313, 109470. https://doi.org/10.1016/j.agwat.2025.109470 [in English]

17 Nsiri N., Kleftodimos G., Drogué S. (2025) Efficiency of agricultural systems in Morocco: a meta-frontier analysis of resource use and water management. Agricultural Water Management, 321, 109912. https://doi.org/10.1016/j.agwat.2025.109912 [in English]

18 Rosado V., Bravo G., Vaca V., Menoscal Menoscal M., Garces D., Larreta E., Mulas M. (2025) Morphometric watershed prioritization for sustainable agriculture and water management on Santa Cruz Island, Galápagos. Environmental and Sustainability Indicators, 27, 100843. https://doi.org/10.1016/j.indic.2025.100843 [in English]

19 Nguyen Thi Thu H., Trinh Phuong N., Pham Anh T., Vu Thi Ngoc T. (2025) Unveiling Vietnam's trade dynamics: the perspective of virtual water on agricultural products trade for sustainable water resource management. Journal of Cleaner Production, 503, 145430. https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2025.145430 [in English]

20 Amanbayeva B.S., Zhaparkulova E.D., Mustafayev M.G., Mosiej D. (2021) Assessment and method of water resources management in the Asa River Basin. Natural Systems and Resources, 11(2), 49–55. https://doi.org/10.15688/nsr.jvolsu.2021.2.6 [in English]

21 World Bank. (2020) Kazakhstan resilient landscapes restoration project: environmental and social management framework (ESMF). Available at: https://documents.worldbank.org (accessed: 10.11.2026) [in English]

22 Sadrtdinova R., Corzo Perez G.A., Solomatine D.P. (2024) Improved drought forecasting in Kazakhstan using machine and deep learning: a non-contiguous drought analysis approach. Hydrology Research, 55(2), 237–261. https://doi.org/10.2166/nh.2024.154 [in English]

Information about authors:

Kapayeva Anel - Master of Economics, Kazakh Automobile and Road Institute, 050061, Almaty, Kazakhstan

E-mail: anel.kapayeva@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0009-0003-3333-1033

Moldasheva Altynai - Candidate of economics sciences, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan.

E-mail: altun_78@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5027-4067.

Jakisheva Leila - Candidate of economics sciences, M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan.
E-mail: djaklin2011@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5947-9306.
Amalbekova Gulmira - **correponding author**, Candidate of economics sciences, M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan.
E-mail: baken_t@mail.ru.
ORCID:https://orcid.org/0000-0001-9622-6263.

Информация об авторах
Капаева Анель Ериковна - магистр экономических наук, преподаватель, Казахкий автомобильно-дорожный институт им. Л.Б. Гончарова, г.Алматы, Казахстан.
E-mail: anel.kapayeva@gmail.com
ORCID: https://orcid.org/0009-0003-3333-1033
Молдашева Алтынай Боранбаевна - кандидат экономических наук, Международный университет туризма и гостеприимства, г.Туркестан, Казахстан.
E-mail: altun_78@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5027-4067.
Джакишева Лейла Колчабаевна - кандидат экономических наук, Таразский университет имени М.Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан.
E-mail: djaklin2011@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5947-9306.
Амалбекова Гульмира Ержановна - **основной автор**, кандидат экономических наук, Таразский университет имени М.Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан.
E-mail: baken_t@mail.ru
ORCID:https://orcid.org/0000-0001-9622-6263.

Авторлар туралы ақпарат
Капаева Анель Ерикқызы – экономика ғылымдарының магистрі, оқытушы, Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты, Алматы қ., Қазақстан.
E-mail: anel.kapayeva@gmail.com
ORCID: https://orcid.org/0009-0003-3333-1033
Молдашева Алтынай Боранбайқызы - экономика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық туризм және меймандостық университеті,Түркістан қ, Қазақстан.
E-mail: altun_78@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5027-4067.
Джакишева Лейла Колчабаевна - экономика ғылымдарының кандидаты, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан.
E-mail: djaklin2011@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5947-9306.
Амалбекова Гүлмира Ержанқызы-**негізгі автор**, экономика ғылымдарының кандидаты, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,Тараз қ., Қазақстан.
E-mail: baken_t@mail.ru
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9622-6263.

ҒТАМР 06.71.63
ӘОЖ 339.138 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.24**

Б.Б. Болатбек[1]*, Ж.Т. Алиева[1], Г.К. Иляшова[2], Б.Ж. Нурахова[1]

[1]Нархоз Университеті,
Алматы қ., 050035, Қазақстан Республикасы
[2] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы
*e-mail: botagoz.bolatbek@narxoz.kz

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНІМ ӨНДІРУДЕГІ ЖАСЫЛ МАРКЕТИНГТІҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Қазіргі кезеңде тұтынушылардың экологиялық жауапты тұтынуға қызығушылығының артуы және экологиялық мәселелердің өзектілігі экологиялық таза өнімдер нарығын дамытуда жасыл маркетингтің маңызын арттыруда. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы экологиялық таза өнім өндірісінің динамикасын талдау, жасыл маркетингтің экологиялық өнімдерді нарықта ілгерілетудегі негізгі құралдарын жүйелеу және тұтынушылардың экологиялық өнімдерді таңдау мінез-құлқымен байланысты факторларды анықтау. Зерттеуде библиографиялық, статистикалық, салыстырмалы-динамикалық талдау және концептуалдық модельдеу әдістері қолданылды. Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық деректері, сондай-ақ жасыл маркетинг пен экологиялық таза өнімдер мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер құрады. Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанда экологиялық таза өнім өндірісінің көлемі 2020 жылғы 57 987 млн теңгеден 2024 жылы 170 616 млн теңгеге дейін өсіп, шамамен 2,9 есеге артқаны анықталды. Сонымен қатар, өсімдік шаруашылығының жалпы өнім көлемінің жылдар бойынша өзгерісі талданды. Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде тұтынушылардың экологиялық хабардарлығы, қоршаған ортаға деген көзқарасы, экологиялық жауапкершілігі, экобелгілер мен экобрендтерге қатынасы және өнімге деген сенімі экологиялық өнімдерді таңдау мінез-құлқымен байланысты факторлар ретінде жүйеленді. Осы факторлардың өзара байланысын сипаттайтын тұжырымдамалық модель ұсынылды. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жасыл маркетингті жетілдіруге, атап айтқанда, экологиялық ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етуге, сенімді экологиялық таңбалауды дамытуға және тұтынушылардың өнімге деген сенімін нығайтуға бағытталған ұсыныстарды негіздеумен сипатталады.

Негізгі сөздер: жасыл маркетинг, экологиялық таза өнім, тұтынушы, өсімдік шаруашылығы, эко-белгі, өнім.

Кіріспе

Қазақстанда экологиялық таза өнім өндірісін дамыту және қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайту тұрақты дамудың маңызды бағыттары болып табылады. Бұл бағыт Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөнін дегі тұжырымдамада көрініс тапқан. Аталған тұжырымдама экономиканың экологиялық орнықтылығын қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және экономиканың негізгі салаларын тұрақты дамыту мәселелерін қамтиды. Осы жағдайларда жасыл маркетингтің маңызы арта түседі, өйткені ол өнімнің экологиялық сипаттамалары туралы ақпаратты тұтынушыларға жеткізуге, экологиялық таңбалауға деген сенімді қалыптастыруға және экологиялық жауапты тұтынуды ынталандыруға бағытталған. Сондықтан экологиялық таза өнім өндірісінің даму үрдістерін зерттеу және оны нарықта ілгерілетудегі жасыл маркетингтің рөлін анықтау ғылыми әрі практикалық тұрғыдан өзекті болып табылады [1].

Соңғы жылдары жасыл маркетинг компаниялар өз стратегияларын экологиялық мәселелермен үйлестіруге ұмтылғандықтан айтарлықтай назарға ие. Жасыл қағидаттарды маркетингтік стратегияларға енгізу бастамалардың әсерін зерттейтін ғалымдар үшін негізгі зерттеу нысанына айналды. Зерттеулер жасыл маркетинг кешені стратегияларының тұтынушылардың мінез-құлқына, бренд, сатып алу шешімдеріне және компанияның жалпы тиімділігіне әсерін зерттеді. Бұл зерттеулер дәстүрлі маркетинг кешеніне жасыл элементтерді енгізудің оң әсерін айқын көрсетті. Сонымен қатар өнімді дайындау, байланыс жүргізу және маркетинг стратегияларын қалыптастыру кезінде экологиялық факторларды

ескерудің маңызды екенін ерекше атап көрсетті. Сондықтан жасыл маркетингтің тиімділігі компанияның экологиялық мәлімдемелерінің ашықтығына, олардың нақты нәтижелермен дәлелденуіне және тұрақты даму қағидаттарының бизнестің барлық үдерістеріне жүйелі түрде енгізілуіне байланысты [2].

Алайда, аталған артықшылықтарға қарамастан, жасыл маркетинг саласында бірқатар қиындықтар бар. Негізгі мәселелердің бірі – тұтынушылардың жасыл сертификаттарға деген сенімінің жеткіліксіздігі және жалған экологиялық жарнама қаупі болып табылады. Сонымен қатар, күрделі экологиялық ақпаратты тұтынушыларға түсінікті әрі тартымды түрде жеткізу де маңызды мәселе болып табылады. Жасыл бастамаларды енгізу көбіне қосымша шығындарды талап ететіндіктен, компаниялар экономикалық тиімділік пен тұрақты даму мақсаттарының арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуде қиындықтарға тап болады [3].

Жаһандық жылыну сияқты экологиялық мәселелер қоршаған ортаны сақтауға бағытталған шараларды ұйымдар мен жеке тұлғалардың қайта қарауына мәжбүр ететін негізгі мәселе ретінде айқындалды. Экологиялық қатерлер маркетинг пен тұтынушылардың өнім сапасы туралы қабылдаумен байланысты экологиялық мәселелердің туындауына алып келді [4]. Жасыл тұтынушылық ұйымдағы қайта өңдеу, денсаулыққа пайдалы, қайда қолданылатын және экологиялық таза деген мазмұндағы хабарламалар арқылы экологиялық таза өнімдерді жарнамалауға және жылжытуға көңіл бөлуге итермелейді [5]. Осыған байланысты жасыл маркетингтің тиімділігі тұтынушылардың экологиялық санасы мен сеніміне, сондай-ақ экологиялық таза өнімдерді таңдау және сатып алу шешімдеріне ықпал ету қабілетімен тығыз байланысты.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы экологиялық таза өнім өндірісінің динамикасын талдау, жасыл маркетингтің экологиялық өнімдерді нарықта ілгерілетудегі негізгі құралдарын жүйелеу және тұтынушылардың экологиялық өнімдерді таңдау мінез-құлқымен байланысты факторларды анықтау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы болып Қазақстандағы экологиялық таза өнім өндірісінің динамикасын жасыл маркетинг тұрғысынан қарастырудан және тұтынушылардың экологиялық таза өнімдерді сатып алу мінез-құлқына ықпал ететін негізгі факторларды жүйелеуден тұрады. Зерттеу барысында тұтынушылардың экологиялық хабардарлығы, қоршаған ортаға көзқарасы, экологиялық жауапкершілігі, экобелсенділіктер мен экобрендтерге қатынасы және экологиялық маркетингке бағытталған әрекеттер арасындағы өзара байланысты көрсететін тұжырымдамалық модель ұсынылды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жасыл маркетинг құралдарын жетілдірудің негізгі бағыттары айқындалды.

Зерттеудің мақсатына қол жеткізу үшін Қазақстандағы экологиялық таза өнім өндірісінің 2020–2024 жылдардағы динамикасы қарастырылып, оның өзгеру үрдістеріне талдау жүргізілді. Сонымен қатар өсімдік шаруашылығының жалпы өнім көлемінің өзгеру динамикасы зерттеліп, жасыл маркетингтің экологиялық таза өнімдерді нарыққа шығару, тұтынушылардың экологиялық санасын қалыптастыру және сатып алу шешімдеріне ықпал ету мүмкіндіктері қарастырылды.

Әдебиетке шолу

Қазақстандағы экологиялық таза өнім нарығын зерттеуде Р. Сабирова, М. Дингазиева, Г. Андабаева және Ж. Ерниязова Атырау облысындағы экологиялық таза көкөніс өнімдеріне маркетингтік зерттеу жүргізіп, тұтынушылардың экологиялық өнімдерге қызығушылығын және нарықтық сұраныстың ерекшеліктерін қарастырған [6]. Г.А. Садыханова мен Б.Б. Рысбаева экологиялық маркетингтің мазмұны мен оны қолдану ерекшеліктерін зерттеп, кәсіпорындардың маркетингтік қызметінде экологиялық факторларды ескерудің маңызын көрсеткен [7].

Шетелдік зерттеулерде жасыл маркетинг негізінен тұтынушылардың экологиялық өнімдерді қабылдауы мен сатып алу мінез-құлқы тұрғысынан қарастырылады. Л.И.Скалецкий экологиялық саладағы заманауи маркетингтің ерекшеліктерін сипаттаған [8]. R. Vijayalakshmi тұтынушылардың жасыл өнімдерге деген қабылдауын зерттеген [9], ал J. Linu тұтынушылардың жасыл маркетингке көзқарасын талдаған [10]. I. Fizza, A. Ayesha және K. Maha экологиялық хабардарлықтың тұтынушылардың жасыл өнімдерді саналы тұтынуына ықпалын зерттеген [11]. Аталған еңбектерді салыстыру жасыл маркетингтің тиімділігі тек өнімнің экологиялық сипаттамаларына емес, сонымен қатар тұтынушының экологиялық хабардарлығына, көзқарасына және өнім туралы ақпаратқа тәуелді

екенін көрсетеді. Сонымен бірге, бұл зерттеулердің басым бөлігі тұтынушы деңгейіндегі мінез-құлыққа бағытталған, ал экологиялық таза өнім өндірісінің нақты экономикалық көрсеткіштерімен байланысы аз қарастырылған.

Қазіргі зерттеулерде тұтынушылардың жасыл өнімдерді таңдауына әсер ететін факторларды жүйелеуге ерекше көңіл бөлінеді. R. Kumari, R. Verma, B.R. Debata және H. Ting жасыл тұтынуды қалыптастыратын факторларға жүйелі әдеби шолу жүргізіп, мінез-құлық нәтижелері, алғышарттар, медиаторлар және модераторлар сияқты негізгі бағыттарды анықтаған [12]. Y. Joshi, D.P. Uniyal және D. Sangroya экономикалық және эмоционалдық құндылықтардың, сондай-ақ нарықтық ықпалдың жасыл өнімдерді сатып алу ниетіне әсерін зерттеген [13].

Бұл нәтижелер жасыл өнімді таңдауда экологиялық мотивтермен қатар экономикалық, эмоционалдық және әлеуметтік факторлардың да маңызды екенін көрсетеді. Демек, жасыл маркетинг стратегиясы тұтынушыға өнімнің экологиялық артықшылығын ғана емес, оның құндылығы мен тұтынушы үшін пайдалылығын да түсіндіруге бағытталуы қажет. Сонымен қатар, Y. Sun, K. Leng және H. Xiong әлеуметтік медиа маркетингі, өнім туралы білім және экологиялық мәселелерді түсіну жасыл өнімдерді сатып алу ниетіне ықпал ететінін анықтаған [14]. M. Nekmahmud, F. Naz, H. Ramkissoon және M. Fekete-Farkas әлеуметтік медианың жасыл өнімдерді сатып алу ниетін қалыптастырудағы рөлін зерттеп, цифрлық коммуникацияның тұрақты тұтынуды ынталандыру мүмкіндігін көрсеткен [15].

Осы зерттеулерді қорытындылай, жасыл маркетингтің қазіргі тұжырымдамасы экологиялық өнімді өндірумен ғана шектелмей, тұтынушыға экологиялық құндылықты тиімді жеткізуді, сенім қалыптастыруды және сатып алу мінез-құлқына ықпал етуді қамтиды. Алайда Қазақстан жағдайында экологиялық таза өнім өндірісінің динамикасын жасыл маркетинг құралдарымен және тұтынушылардың мінез-құлқымен байланыстыра қарастыратын зерттеулер жеткіліксіз. Осыған байланысты зерттеу олқылығы Қазақстандағы экологиялық таза өнім өндірісінің өзгеру үрдістерін және жасыл маркетингтің оны нарықта ілгерілетудегі рөлін кешенді түрде бағалаудың қажеттілігімен сипатталады.

Әдебиеттерді талдау жасыл маркетингтің тұтынушылардың экологиялық өнімдерді қабылдауы мен сатып алу ниетін түсіндірудегі маңызын көрсетеді. Дегенмен Қазақстан жағдайында экологиялық таза өнім өндірісінің статистикалық динамикасын, жасыл маркетинг құралдарын және тұтынушылардың өнімді таңдауына байланысты факторларды бір зерттеу шеңберінде қарастыру қажеттілігі сақталады. Осыған байланысты бұл зерттеу өндірістік көрсеткіштерді сипаттамалық талдаумен қатар, ғылыми әдебиеттер негізінде тұтынушылық мінез-құлықпен байланысты факторларды жүйелеуге бағытталған.

Зертеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысы Қазақстандағы жасыл маркетингтің қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін және оның экологиялық таза өнімдер нарығындағы рөлін зерделеуге бағытталды. Зерттеу барысында жасыл маркетингтің теориялық және практикалық аспектілерін қарастыратын отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге талдау жасалып, тұтынушылардың экологиялық таза өнімдерді қабылдауына және сатып алу мінез-құлқына әсер ететін негізгі факторлар жүйелендірілді. Сонымен қатар Қазақстандағы экологиялық таза өнім өндірісінің даму үрдістерін бағалауға мүмкіндік беретін статистикалық көрсеткіштер қарастырылды.

Зерттеудің әдістемелік негізін ғылыми әдебиеттерді библиографиялық талдау, ресми статистикалық деректерді жинау және жүйелеу, салыстырмалы және динамикалық талдау, сондай-ақ теориялық және эмпирикалық нәтижелерді синтездеу құрады.

Зерттеудің ақпараттық базасын жасыл маркетинг, экологиялық таза өнім және тұтынушылардың экологиялық мінез-құлқы мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық деректері құрады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында жасыл маркетингтің негізгі бағыттары, экологиялық таза өнімдерді нарықта жылжыту ерекшеліктері және тұтынушылардың сатып алу мінез-құлқына әсер ететін факторлар жүйеленді. Әдебиеттерді талдау нәтижелері зерттеудің теориялық негізін қалыптастыруға және зерттеу олқылығын анықтауға пайдаланылды.

Статистикалық талдау барысында экологиялық таза өнім өндірісінің 2020-2024 жылдардағы өзгерісі және өсімдік шаруашылығының жалпы өнім көлемінің 2020-2025 жылдардағы динамикасы

қарастырылды. Салыстырмалы және динамикалық талдау арқылы көрсеткіштердің өзгеру үрдістері, өсуі мен төмендеуі анықталды.

Алынған теориялық және статистикалық нәтижелерді өзара салыстыру және синтездеу негізінде жасыл маркетингтің экологиялық таза өнімдерді нарықта жылжытудағы негізгі факторлары жүйелендірілді. Атап айтқанда, тұтынушылардың экологиялық хабардарлығы, қоршаған ортаға көзқарасы, экологиялық жауапкершілігі және экологиялық өнімдерге деген сенімі қарастырылды. Осы факторлардың өзара байланысын көрсету мақсатында экологиялық таза өнімді сатып алу мінез-құлқының тұжырымдамалық моделі әзірленді.

Осылайша, зерттеу логикасы ғылыми әдебиеттерді талдау, статистикалық ақпаратты жинау және жүйелеу, статистикалық көрсеткіштердің динамикасын бағалау, алынған нәтижелерді теориялық тұжырымдармен салыстыру және синтездеу, сондай-ақ экологиялық таза өнімді сатып алу мінез-құлқының тұжырымдамалық моделін қалыптастыруды қамтыды.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Зерттеудің эмпирикалық бөлігі екі бағытты қамтиды: Қазақстандағы экологиялық таза өнім өндірісінің 2020-2024 жылдардағы динамикасын және өсімдік шаруашылығының жалпы өнім көлемінің 2020-2025 жылдардағы өзгерісін талдау. Бірінші көрсеткіш экологиялық таза өнім өндірісінің ақшалай көлемін сипаттаса, екінші көрсеткіш аграрлық сектордағы өндірістің жалпы үрдістерін көрсетеді. Келесі суретте 2020-2024 жылдардың экологиялық таза өнім өндіру ұсынылған.



Сурет 1. 2020-2024 жж. экологиялық таза өнім өндіру, млн.теңге

Ескерту: [16] дереккөз негізінде құрастырылған

1-суреттегі деректерге сәйкес, Қазақстанда экологиялық таза өнім өндірісінің көлемі 2020 жылғы 57 987 млн теңгеден 2024 жылы 170 616 млн теңгеге дейін өскен. Абсолюттік өсім 112 629 млн теңгені құрады, ал 2020 жылғы деңгеймен салыстырғандағы көлем шамамен 2,9 есеге артты. 2021 жылы өндіріс көлемі 58 329 млн теңгеге дейін өскеннен кейін, 2022 жылы 162 219 млн теңгеге жетіп, айтарлықтай өсім байқалды. 2023 жылы көрсеткіш 163 324 млн теңгені, 2024 жылы 170 616 млн теңгені құрады. Демек, өсімнің негізгі бөлігі 2021-2022 жылдар аралығында қалыптасқан, ал 2022-2024 жылдары өсу қарқыны баяулаған. Қазақстанда экологиялық таза өнім өндірісінің экономикалық көлемі артқанын көрсетеді. 2022 жылғы күрт өсім өндіріс құрылымындағы өзгерістермен, өнім түрлерінің кеңеюімен, бағалардың өзгеруімен немесе нарықтық сұраныстың артуымен байланысты болады. Зерттеу мақсаты тұрғысынан бұл нәтиже Қазақстандағы экологиялық таза өнім өндірісінің даму үрдісін сипаттайтын маңызды эмпирикалық негіз болып табылады. Сонымен бірге өндіріс көлемінің ұлғаюы өнімнің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігімен және тұтынушылар сенімімен теңестірілмейді. Осыған байланысты жасыл маркетингтің рөлін

түсіндіру үшін экологиялық таңбалау, өнімнің экологиялық қасиеттері туралы ақпараттың ашықтығы, сертификаттауға деген сенім және тұтынушылардың сатып алу мінез-құлқы сияқты факторларды қосымша қарастыру қажет. Бұл факторлар келесі бөлімде жасыл маркетингтің негізгі құралдары мен тұтынушылардың экологиялық өнімдерді таңдау мінез-құлқының өзара байланысы арқылы талданады. 2-суретте 2020-2025 жылдар аралығындағы өсімдік шаруашылығының жалпы өнімінің түсімі ұсынылған.



Сурет 2. 2020-2025 жж. өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі, млн.центнер
Ескерту: [16] дереккөз негізінде құрастырылған

2-суретте көрсетілгендей, 2020–2025 жылдар аралығындағы Қазақстандағы өсімдік шаруашылығы өндірісінің динамикасы зерттелетін кезеңде өнім көлемінің айтарлықтай ауытқуларға ұшырағанын көрсетті. Бұл кезеңде өнімнің жалпы өнімі 2020 жылғы 200,6 млн центнерден 2021 жылы 163,7 млн центнерге дейін төмендеген. 2022 жылы көрсеткіш 220,3 млн центнерге дейін өсіп, 2023 жылы қайтадан 170,9 млн центнерге азайған. Кейінгі жылдары оң динамика байқалып, жалпы түсім 2024 жылы 252,0 млн центнерді, ал 2025 жылы 259,4 млн центнерді құраған. Өнім көлеміндегі өзгерістер өсімдік шаруашылығы өндірісінің егіс алқаптарының көлеміне, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігіне және табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділігін көрсетеді. 2023 жылы өндіріс көлемінің төмендеуіне дәнді және бұршақты, сондай-ақ майлы дақылдар өндірісінің қысқаруы ықпал етті. Ал 2024 жылы дәнді және бұршақты дақылдардың түсімділігінің артуы өнім көлемінің ұлғаюына әсер еткен факторлардың бірі болды. Бұл көрсеткішті зерттеу тақырыбы аясында қарастырудың маңызы - ол жасыл маркетинг іске асатын аграрлық нарықтың жалпы өндірістік жағдайын сипаттайды. Сонымен бірге өсімдік шаруашылығының жалпы өнім көлемін экологиялық таза немесе сертификатталған өнім көлемімен теңестіруге болмайды. Сондықтан бұл дерек экологиялық таза өндірістің тікелей өлшемі емес, зерттеу мәселесінің аграрлық-экономикалық контексін көрсететін қосымша көрсеткіш ретінде түсіндіріледі.

Өндіріс көлемі мен оның нарыққа шығарылуы арасындағы байланысты түсіндірме ретінде жасыл маркетингтің нақты құралдарын қарастыру қажет. Оларға өнімнің экологиялық сипаттамалары туралы ашық ақпарат беру, сенімді экологиялық таңбалау мен сертификаттауды пайдалану, экологиялық қаптаманы қолдану және тұтынушылармен

жүйелі коммуникация орнату жатады. Бұл құралдар өнімнің экологиялық артықшылықтарын тұтынушыға түсіндіруге және өнім туралы ақпараттың сенімділігін арттыруға бағытталған.

Дегенмен, осы зерттеуде жасыл маркетинг құралдарын пайдалану деңгейі немесе олардың сатылымға ықпалы жөнінде жеке эмпирикалық деректер жиналмаған. Сондықтан аталған құралдар өндіріс көлемінің өсуіне себеп болды деп тұжырым жасауға болмайды. Олар ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, экологиялық таза өнімдерді нарықта ілгерілетуге арналған маңызды бағыттар ретінде қарастырылады. Ғылыми әдебиеттерді талдау жасыл маркетингтің нәтижелілігі тұтынушылардың экологиялық хабардарлығымен, қоршаған ортаға деген көзқарасымен және экологиялық жауапкершілігімен байланысты екенін көрсетеді. Алайда экологиялық ұстанымның болуы әрдайым нақты сатып алу әрекетіне айнала бермейді. Сондықтан кәсіпорындар өнімнің экологиялық артықшылықтарын көрсетумен қатар, оның сапасы, қауіпсіздігі, пайдалылығы және тұтынушы үшін экономикалық құндылығы туралы да түсінікті ақпарат ұсынуы қажет.

Экологиялық таңбалау мен экобрендтер тұтынушыға өнімнің экологиялық сипаттамалары туралы ақпарат жеткізетін маркетингтік құралдар болып табылады. Олардың тиімділігі ақпараттың анықтығына, дәлелділігіне және тұтынушының сеніміне байланысты. Экологиялық қасиеттер туралы расталмаған немесе асыра көрсетілген мәлімдемелер сенімді әлсіретіп, жасыл маркетингке кері әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты экологиялық коммуникация нақты әрі тексерілетін мәліметтерге негізделуі тиіс.

Осы теориялық тұжырымдарды жинақтау негізінде тұтынушылардың экологиялық өнімдерді таңдау мінез-құлқына қатысты концептуалдық модель ұсынылды. Модель статистикалық деректерден тікелей шығарылған себеп-салдарлық нәтиже емес; ол ғылыми әдебиеттерді талдау арқылы жүйеленген факторлардың өзара байланысын көрсетеді. 3-суретте тұтынушылардың экологиялық өнімдерге деген сатып алу әдеттерінің тұжырымдамалық моделі ұсынылған.



Сурет 3. Тұтынушылардың экологиялық өнімдерге деген сатып алу әдеттерінің тұжырымдамалық моделі

Ескерту: авторлармен құрастырылған

3-суретте ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде тұтынушылардың экологиялық өнімдерді таңдау мінез-құлқымен байланысты факторлардың тұжырымдамалық моделі ұсынылған. Модельде қоршаған орта проблемаларын қабылдау, экологиялық жауапкершілік және қоршаған ортаға деген көзқарас тұтынушылардың экологиялық өнімдерге қатынасын қалыптастырумен байланысты бастапқы факторлар ретінде қарастырылады. Экологиялық таңбалау, экобрендтер және экологиялық коммуникация өнімнің қоршаған ортаға қатысты сипаттамалары туралы ақпаратты тұтынушыға жеткізуге бағытталған. Бұл құралдардың тиімділігі ақпараттың анықтығына, дәлелділігіне және тұтынушыға түсінікті түрде ұсынылуына байланысты. Сонымен қатар, брендтің эмоциялық құндылығы тұтынушының экологиялық өнімді қабылдауына ықпал етуі мүмкін. Алайда экологиялық өнімді таңдау тек қоршаған ортаға деген көзқараспен шектелмейді: тұтынушылар өнімнің сапасын, қауіпсіздігін, пайдалылығын және бағасын да ескереді. Сондықтан кәсіпорындар экологиялық артықшылықтармен қатар өнімнің тұтынушылық құндылығы туралы да нақты ақпарат ұсынуы қажет.

Модельде өнімге деген сенім экологиялық ақпарат пен тұтынушының сатып алу мінез-құлқы арасындағы маңызды фактор ретінде қарастырылады. Экологиялық сипаттамалар туралы ашық әрі тексерілетін ақпарат тұтынушылардың сенімін қалыптастыруға негіз болады. Керісінше, расталмаған немесе асыра көрсетілген экологиялық мәлімдемелер сенімді әлсіретуі мүмкін. Осыған байланысты жасыл маркетинг құралдарын қолдануда ақпараттың шынайылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету маңызды. Осылайша, ұсынылған модель тұтынушылардың экологиялық ұстанымдары, жасыл маркетинг құралдары, өнімге деген сенімі және сатып алу мінез-құлқы арасындағы ықтимал байланыстарды жүйелейді. Модель ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде әзірленген теориялық құрылым болып табылады. Зерттеу аясында аталған факторлар арасындағы байланыстар эмпирикалық тұрғыдан тексерілген жоқ. Сондықтан олардың әсер ету бағыты мен күшін анықтау үшін тұтынушылар арасында сауалнама жүргізу немесе басқа эмпирикалық зерттеу әдістерін қолдану қажет.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері жасыл маркетингтің экологиялық таза өнімдерді нарықта жылжытудағы және тұтынушылардың экологиялық жауапты таңдауын қалыптастырудағы маңызын көрсетті. Әдебиеттерді талдау тұтынушылардың экологиялық хабардарлығы мен қоршаған ортаға деген көзқарасы олардың жасыл өнімдерді сатып алу ниетіне әсер ететінін көрсетті. Қазақстандағы өсімдік шаруашылығы көрсеткіштерінің динамикасы өндіріс көлемінің жылдар бойынша өзгеріп отырғанын айқындады. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық нәтижелерімен қатар оның экологиялық аспектілерін де ескере отырып, жасыл маркетинг құралдарын жетілдіру маңызды.

1.Жасыл маркетингтің тұтынушылардың экологиялық таза өнімдерді қабылдауы мен сатып алу мінез-құлқына әсер ететін маңызды фактор екені анықталды. Әсіресе тұтынушылардың экологиялық хабардарлығы, қоршаған ортаға деген көзқарасы, экологиялық жауапкершілігі және өнімге деген сенімі олардың таңдауына ықпал етеді.

2.Тұтынушылардың жасыл өнімдер туралы ақпараттану деңгейін арттыру қажеттілігі анықталды. Экологиялық өнімнің артықшылықтарын түсінікті әрі нақты көрсету, экологиялық қаптаманы қолдану және өнімнің экологиялық сипаттамаларын дұрыс таныстыру тұтынушылардың сенімін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3.Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанда экологиялық таза өнім өндірісінің көлемі 2020–2024 жылдар аралығында 57 987 млн теңгеден 170 616 млн теңгеге дейін өсіп, шамамен 2,9 есеге артқаны анықталды. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде тұтынушылардың экологиялық хабардарлығы, қоршаған ортаға деген көзқарасы, экологиялық жауапкершілігі және өнімге деген сенімі экологиялық өнімдерді таңдау мінез-құлқымен байланысты факторлар ретінде жүйеленді. Бұл нәтижелер жасыл маркетингті жетілдіруде экологиялық ақпараттың ашықтығына, экологиялық таңбалаудың сенімділігіне және тұтынушылардың өнімге деген сенімін қалыптастыруға назар аудару қажеттігін көрсетеді.

4.Ауыл шаруашылығы саласында жасыл маркетингті дамыту үшін экологиялық таза технологияларды енгізу, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, өндірістік қалдықтарды азайту,

экологиялық қаптамаларды қолдану және тұтынушыларға өнімнің экологиялық қасиеттері туралы ашық ақпарат беру маңызды.

5.Жасыл маркетингті ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының тұрақты дамуымен байланыстыра отырып жетілдіру қажет. Бұл экологиялық өнімдердің нарықтағы танымалдылығын арттыруға, тұтынушылардың сенімін қалыптастыруға және кәсіпорындардың нарықтық мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етуі мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы Президенті. (2013. 30 мамыр). Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы (№ 577 Жарлық). «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс] – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000577 (қаралу уақыты: 20.10.2022)

2 Amit K. S., & Priyanka M. (2021*). Green marketing and sustainable development*. Mittal Publications.

3 Qayyum A., Jamil R. A., & Sehar A. (2023). Impact of green marketing, greenwashing and green confusion on green brand equity. *Spanish Journal of Marketing – ESIC. 27(3).* P. 286–305. https://doi.org/10.1108/SJME-03-2022-0032

4 Prieto-Sandoval V., Torres-Guevara L. E., & García-Díaz C. (2022). Green marketing innovation: Opportunities from an environmental education analysis in young consumers. *Journal of Cleaner Production, 363*. Article 132509. https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2022.132509

5 Haba H. F., Bredillet C., & Dastane O. (2023). Green consumer research: Trends and way forward based on bibliometric analysis. *Cleaner and Responsible Consumption, 8.* Article 100089. https://doi.org/10.1016/j.clrc.2022.100089

6 Сабирова Р., Дингазиева М., Андабаева Г., & Ерниязова Ж. (2024). Атырау облысындағы экологиялық таза көкөніс өнімін маркетингтік зерттеу. *Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы.* (3). Б.8–18. https://doi.org/10.52260/2304-7216.2024.3(56).1

7 Садыханова Г. А., & Рысбаева Б. Б. (2020). Экологиялық маркетинг және оның қолданылу ерекшеліктері. *Экономика: стратегия и практика. 15*(2). Б. 195–203.

8 Скалецкий Л. И. Современный маркетинг в экологической сфере. В *Экономика в теории и на практике: актуальные вопросы и современные аспекты: сборник статей XVIII Международной научно-практической конференции.* МЦНС «Наука и Просвещение». – 2024. – С. 53–56.

9 Vijayalakshmi R. (2021). Consumer perception towards green products – A study with reference to Chennai City. *Journal of Contemporary Issues in Business and Government, 27*(3). P. 2748–2751.

10 Linu J. (2021). A study on consumer perception towards green marketing. *International Journal of Creative Research Thoughts. 9.* P. 623–693.

11 Fizza I., Ayesha A., & Maha K. (2022). The impact of green marketing and environmental awareness on consumers' conscious consumption of green products. *Academic Journal of Social Sciences. 6.* P.77–94.

12 Kumari R., Verma R., Debata B. R., & Ting H. (2022). A systematic literature review on the enablers of green marketing adoption: Consumer perspective. *Journal of Cleaner Production. 366.* Article 132852. https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2022.132852

13 Joshi Y., Uniyal D. P., & Sangroya D. (2021). Investigating consumers' green purchase intention: Examining the role of economic value, emotional value and perceived marketplace influence. *Journal of Cleaner Production, 328*, Article 129638. https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2021.129638

14 Sun Y., Leng K., & Xiong H. (2022). Research on factors influencing consumers' green purchase behavior in the post-pandemic era. *Journal of Retailing and Consumer Services. 69.* Article 103118. https://doi.org/10.1016/j.jretconser.2022.103118

15 Nekmahmud M., Naz F., Ramkissoon H., & Fekete-Farkas M. (2022). Transforming consumers' intention to purchase green products: Role of social media. *Technological Forecasting and Social Change. 185*. Article 122067. https://doi.org/10.1016/j.techfore.2022.122067

16 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. (2020–2024). *Ресми статистикалық деректер*. [Электронный ресурс] – URL: https://stat.gov.kz/ (қаралу уақыты: 20.11.2023)

THE ROLE OF GREEN MARKETING IN THE PRODUCTION OF ENVIRONMENTALLY FRIENDLY PRODUCTS

Abstract

In the current context, growing consumer interest in environmentally responsible consumption and the increasing relevance of environmental issues are enhancing the importance of green marketing in the development of the market for environmentally friendly products. This study aims to analyze trends in environmentally friendly product production in Kazakhstan, systematize the main green marketing tools used to promote such products, and identify

factors associated with consumer behavior in choosing environmentally friendly products. The study employs bibliographic analysis, statistical analysis, comparative and dynamic analysis, and conceptual modeling. The research draws on official statistical data from the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan, along with domestic and international academic publications on green marketing and environmentally friendly products. The results indicate that environmentally friendly product production in Kazakhstan increased from KZT 57,987 million in 2020 to KZT 170,616 million in 2024, an approximately 2.9-fold increase. In addition, we analyzed changes in gross crop production over the period under review. Based on the literature review, we identified and systematized several factors associated with consumers' choice of environmentally friendly products, including environmental awareness, attitudes toward the environment, environmental responsibility, attitudes toward eco-labels and eco-brands, and trust in the product. The study proposes a conceptual model illustrating the relationships among these factors. The study's practical significance lies in providing a basis for recommendations to improve green marketing practices in agricultural enterprises, particularly by enhancing the transparency of environmental information, promoting reliable eco-labeling, and strengthening consumer trust in products.

Keywords: green marketing, environmentally friendly product, consumer, crop production, eco-label, product.

РОЛЬ ЗЕЛЁНОГО МАРКЕТИНГА В ПРОИЗВОДСТВЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИ ЧИСТОЙ ПРОДУКЦИИ

Аннотация

В современных условиях рост интереса потребителей к экологически ответственному потреблению и актуальность экологических проблем повышают значение зеленого маркетинга в развитии рынка экологически чистой продукции. Цель исследования - проанализировать динамику производства экологически чистой продукции в Казахстане, систематизировать основные инструменты зеленого маркетинга, используемые для продвижения экологической продукции на рынке, и определить факторы, связанные с потребительским поведением при выборе такой продукции. В исследовании применялись библиографический, статистический и сравнительно-динамический методы анализа, а также метод концептуального моделирования. Информационную базу исследования составили официальные статистические данные Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан, а также отечественные и зарубежные научные публикации, посвященные зеленому маркетингу и экологически чистой продукции. По результатам исследования установлено, что объем производства экологически чистой продукции в Казахстане увеличился с 57 987 млн тенге в 2020 году до 170 616 млн тенге в 2024 году, то есть примерно в 2,9 раза. Кроме того, проанализированы изменения объема валовой продукции растениеводства за рассматриваемый период. На основе анализа научной литературы систематизированы факторы, связанные с выбором экологической продукции потребителями, включая экологическую осведомленность, отношение к окружающей среде, экологическую ответственность, отношение к экологическим знакам и экобрендам, а также доверие к продукции. Предложена концептуальная модель, отражающая взаимосвязи между указанными факторами. Практическая значимость исследования заключается в обосновании рекомендаций по совершенствованию зеленого маркетинга на сельскохозяйственных предприятиях, в частности посредством повышения прозрачности экологической информации, развития надежной экологической маркировки и укрепления доверия потребителей к продукции.

Ключевые слова: зеленый маркетинг, экологический чистый продукт, потребитель, растениеводство, экологический знак, продукт.

REFERENCES

1 Qazaqstan Respublikasy Prezidentı. (2013. 30 mamyr). Qazaqstan Respublikasynyñ «jasyl ekonomikağa» köşuı jönındegı tūjyrymdama turaly (№ 577 Jarlyq). «Ädılet» aqparattyq-qūqyqtyq jüiesı. [*President of the Republic of Kazakhstan. (2013. May 30). Kazakhstan Respublikasynyn «zhasyl ekonomikaga» koshu zhonindegi tuzhyrymdamasy turaly (No. 577 Zharlyk). Adilet Legal Information System*] Available at: — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000577 [in Kazakh] (accessed: 20.10.2022)

2 Amit K. S., & Priyanka M. (2021). Green marketing and sustainable development. Mittal Publications. [in English]

3 Qayyum A., Jamil R. A., & Sehar A. (2023). Impact of green marketing, greenwashing and green confusion on green brand equity. *Spanish Journal of Marketing – ESIC. 27(3).* P. 286–305. Available at: — URL: https://doi.org/10.1108/SJME-03-2022-0032 [in English]

4 Prieto-Sandoval V., Torres-Guevara L. E., & García-Díaz C. (2022). Green marketing innovation: Opportunities from an environmental education analysis in young consumers. *Journal of Cleaner Production, 363,* Article 132509. https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2022.132509 [in English]

5 Haba H. F., Bredillet C., & Dastane O. (2023). Green consumer research: Trends and way forward based on bibliometric analysis. *Cleaner and Responsible Consumption, 8*, Article 100089. https://doi.org/10.1016/j.clrc.2022.100089 [in English]

6 Sabirova R., Dingazieva M., Andabaeva G., & Erniazova J. (2024). Atyrau oblysyndagy ekologiyalyq taza kokonis onimin marketingtik zertteu. *Qazaq ekonomika, qarzhy zhane halyqaralyq sauda universitetinin zharshysy*. [*Marketing research of environmentally friendly vegetable products in Atyrau region. Bulletin of the Kazakh University of economics, finance and international trade*] (3). P. 8–18. https://doi.org/10.52260/2304-7216.2024.3(56).1 [in Kazakh]

7 Sadykhanova G. A., & Rysbayeva B. B. (2020). Ekologiyalyq marketing zhane onyn qoldanylu erekshelikteri. *Ekonomika: strategiya i praktika. [Environmental marketing and features of its application. Economics: strategy and practice] 15*(2). P.195–203. [in Kazakh]

8 Skaletsky L. I. (2024). Sovremennyi marketing v ekologicheskoi sfere. In *Ekonomika v teorii i na praktike: Aktualnye voprosy i sovremennye aspekty: Sbornik statei XVIII Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii*. [*Modern marketing in the environmental field. Economics in theory and in practice: current issues and modern aspects: collection of articles of the XVIII International Scientific and Practical Conference*] P. 53–56. MTsNS «Nauka i Prosveshchenie». [*ICNS "Science and Education"*] [in Russian]

9 Vijayalakshmi R. (2021). Consumer perception towards green products: A study with reference to Chennai City. *Journal of Contemporary Issues in Business and Government. 27*(3). P. 2748–2751. [in English]

10 Linu J. (2021). A study on consumer perception towards green marketing. *International Journal of Creative Research Thoughts. 9*. P. 623–693. [in English]

11 Fizza I., Ayesha A., & Maha K. (2022). The impact of green marketing and environmental awareness on consumers' conscious consumption of green products. *Academic Journal of Social Sciences. 6*. P. 77–94. [in English]

12 Kumari R., Verma R., Debata B. R., & Ting H. (2022). A systematic literature review on the enablers of green marketing adoption: Consumer perspective. *Journal of Cleaner Production. 366*. Article 132852. https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2022.132852 [in English]

13 Joshi Y., Uniyal D. P., & Sangroya D. (2021). Investigating consumers' green purchase intention: Examining the role of economic value, emotional value and perceived marketplace influence. *Journal of Cleaner Production. 328*. Article 129638. https://doi.org/10.1016/j.jclepro.2021.129638 [in English]

14 Sun Y., Leng K., & Xiong H. (2022). Research on the influencing factors of consumers' green purchase behavior in the post-pandemic era. *Journal of Retailing and Consumer Services. 69*. Article 103118. https://doi.org/10.1016/j.jretconser.2022.103118 [in English]

15 NekmahmudM., Naz F., Ramkissoon H., & Fekete-Farkas M. (2022). Transforming consumers' intention to purchase green products: Role of social media. *Technological Forecasting and Social Change, 185*, Article 122067. https://doi.org/10.1016/j.techfore.2022.122067 [in English]

16 Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jäne reformalar agenttıgınıñ Ūlttyq statistika bürosy. (2020–2024). Resmi statistikalyq derekter. [*Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. (2020–2024). Official statistical data.*] Available at: — URL: https://stat.gov.kz/ [in Kazakh] (accessed: 20.11.2023)

Informations about authors:

Botagoz Bolatbek – **corresponding author,** PhD, Assistant Professor of Educational Programme of «Ecology», Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: botagoz.bolatbek@narxoz.kz

ORCID: https://orcid.org/0009-0004-2725-7137

Aliyeva Zhanna – Candidate of Economic Sciences, Professor of Educational Programme «Management»/ «HR and Business Planning», Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: zhanna.aliyeva@narxoz.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6665-300X

Ilyashova Guliya – PhD, Senior Lecturer at the Department of Economics, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: Ilyashova.g@kaznu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2661-0328

Nurakhova Botagoz– PhD, Associate Professor of Educational Programme «Marketing», Narxoz University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: botagoz.nurakhova@narxoz.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7220-0226

Информация об авторах:

Болатбек Ботагөз – **основной автор**, PhD, Ассистент профессора образовательной программы «Экология», Университет Нархоз, г.Алматы, Республика Казахстан

E-mail: botagoz.bolatbek@narxoz.kz

ORCID: https://orcid.org/0009-0004-2725-7137
Алиева Жанна – кандидат экономических наук, профессор образовательной программы «Менеджмент»/«HRиБП», Университет Нархоз, г. Алматы, Республика Казахстан
E-mail: zhanna.aliyeva@narxoz.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6665-300X
Иляшова Гулия Кенжебековна – PhD, старший преподаватель кафедры «Экономика», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан
E-mail: Ilyashova.g@kaznu.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2661-0328
Нурахова Ботагоз Жанабаевна – PhD, ассоциированный профессор образовательной программы «Маркетинг», Университет Нархоз, г. Алматы, Республика Казахстан
E-mail: botagoz.nurakhova@narxoz.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7220-0226

Авторлар туралы ақпарат:
Ботагөз Болатбек Болатбекқызы – **негізгі автор**, PhD, «Экология» білім беру бағдарламасының ассистент профессоры, Нархоз Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: botagoz.bolatbek@narxoz.kz
ORCID: https://orcid.org/0009-0004-2725-7137
Алиева Жанна Тыныбековна – экономика ғылымдарының кандидаты, «Менеджмент»/«HRжБЖ» білім беру бағдарламасының профессоры, Нархоз Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: zhanna.aliyeva@narxoz.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6665-300X
Иляшова Гулия – PhD, «Экономика» кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: Ilyashova.g@kaznu.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2661-0328
Нурахова Ботагоз Жанабаевна – PhD, «Маркетинг» Білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, Нархоз Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: botagoz.nurakhova@narxoz.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0002-7220-0226

ҒТАМР 06.71.07 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.25**
ӘОЖ: 631.147:334(574)(045)

Д.Женсхан[1], М.Б. Алпысбай[1]*, А.А.Дубель[2], Т.Д.Азан[3]
[1]С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы
[2]AGH Краков университеті,
Краков қ., 30-059, Польша Республикасы
[3]Астана Медицина Университеті,
Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: dzhenskhan@gmail.com

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРГАНИКАЛЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВТЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫ

Аңдатпа

Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты - Азия елдеріндегі, оның ішінде Қазақстандағы органикалық ауыл шаруашылығына талдау жасай отырып, органикалық өндірісті дамытуға ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ықпалын ғылыми негіздеу. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесідей міндеттер орындалды: органикалық ауыл шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық маңызы көрсетілді, әлем бойынша және аймақтар бөлінісіндегі органикалық ауылшаруашылық жерлеріне салыстырмалы талдау жасалды. Азия елдерінің және Қазақстанның органикалық ауыл шаруашылығы жерлеріне динамикалық талдау жасалды. Азия елдеріндегі органикалық ауыл шаруашылығының басым бөлігін иемденіп отырған Үндістан мен Қытайдағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дамыту үрдісіне ғылыми зерттеу жүргізілді. Пирсонның жұптық корреляция коэффициенттерін қолдану арқылы Қазақстанның органикалық ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің негізгі көрсеткіштері (2017–2024 жж.) арасындағы өзара байланыс бағаланып, олардың статистикалық маңыздылығы тексерілді. Органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерінің кооперативін құрудың ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін тиімділігі ғылыми негізделді. Нәтижесінде сертификатталған органикалық жер көлемі мен кооперативтер қызметінің көрсеткіштері арасында статистикалық маңызды байланыс анықталмады, ал кооператив мүшелерінің саны мен бір гектарға шаққандағы органикалық тыңайтқыштарды енгізу арасындағы байланыс ($r = 0,82$; $p < 0,05$) екі көрсеткіштің де уақыт бойынша бір мезгілде төмендеуімен түсіндіріледі. Бұл кооперативтердің органикалық өндіріске ықпалы ұлттық деңгейде әлі қалыптаспағанын көрсетеді. Сондықтан Қазақстандағы органикалық ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің арасындағы өзара байланысты одан әрі нығайту қажеттігі анықталды. Органикалық өнім өндірушілердің басым бөлігін құрап отырған (50% астам) жеке және фермерлік шаруашылықтарды мамандандырылған кооперативтерге (өндірістік, маркетингтік, сервистік, қаржылық, консультациялық) біріктіру шараларын нығайту қажеттігі ұсынылды.

Негізгі сөздер: Азия елдері, органика, ауыл тұрғындары, ауыл шаруашылығы кооперативтері, ауыл шаруашылығы жерлері.

Кіріспе

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ауыл шаруашылығы - бұл адам өміріне қажетті өнімдерді өндіріп қана қоймай, сонымен қатар мемлекеттің экономикалық дамуына ықпал ететін әртүрлі инновациялық идеяларды қалыптастыра алатын экономика саласы. Агросектордағы перспективалы бағыттардың бірі-органикалық ауыл шаруашылығы және оның негізінде қалыптасатын нарық.

Қазіргі әлемдік өркениеттің қиындықтары мен проблемаларына қарамастан, ішкі және сыртқы нарықтарда органикалық, биологиялық өнімдерге сұраныс артып келеді [1]. Бұл органикалық ауыл шаруашылығының жаһандық танымалдылығын және азық-түлік нарығындағы жоғары сапалы өнімге деген жаһандық тенденциялардың өзгеруін тудырады [2]. Органикалық егіншілік қоршаған ортаны қорғауға ұмтылады және экологиялық таза егіншілік әдістерін қолданады. Бұған қоса, бұл бұрын белгілі, бірақ ұмытылған әдістер әлі де прогресті қамтамасыз ететін ноу-хаудың көзі болып табылады. Дәстүрлі, қарқынды ауылшаруашылық жүйелерінен органикалық егіншілік практикасына көшудің қазіргі кезеңінде экологиялық таза және сапалы ауылшаруашылық және тамақ өнімдерін өндіру өзекті болып саналады.

Органикалық ауыл шаруашылығы дәстүрлі егіншілікке тұрақты балама ретінде топырақ құнарлылығын қалпына келтіруге және сақтауға, химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді пайдалануды азайтуға және биоәртүрлілікті сақтауға ұмтылады [3]. Ол жаңартылатын ресурстарға, қоректік заттардың жабық айналымына және жануарлардың әл-ауқатына басымдық бере отырып, ауылшаруашылық өндірісі мен табиғаттың үйлесімді қатар өмір сүруіне баса назар аударады. Осылайша органикалық ауыл шаруашылығы - дәстүрлі ауыл шаруашылығына экологиялық балама бола отырып, қоршаған ортаны жақсарту, әрбір жеке адамның өмір сүру сапасын арттыру, табиғи-ресурстық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқаруда [4]. Дәстүрлі интенсивті ауыл шаруашылығынан органикалық ауыл шаруашылығына көшу кезеңінде экологиялық қасиеттері жақсартылған ауылшаруашылық және тамақ өнімдерін өндіру өзекті болып табылады. Сол себепті көптеген елдерде органикалық өнімдерді өндірушілер әртүрлі кооперативтерге бірігеді, олар үдемелі қозғалыстың тиімді құралы болып саналады, өйткені олар өндірушілердің, шағын кәсіпкерліктің және тұтынушылардың дамуына экономикалық және әлеуметтік үлес қосады. Сонымен қатар, әлемде кооперативтер экономиканың жеке секторына бөлінген, ал Қазақстанда кооперация жүйесі қалыптасуды жалғастыруда [5].

Органикалық ауыл шаруашылығы 190-ға жуық елде қолданылады және 99 миллион гектарға жуық ауылшаруашылық жерлерін кем дегенде 4,3 миллион фермер органикалық түрде басқарады. Органикалық тағамдар мен сусындардың әлемдік саудасы 2023 жылы 136 миллиард еуродан асады деп күтілуде. Органикалық егіншілік-бұл белгілі бір табыс әкелетін экономикалық қызмет [6]. Бұл тұрақты кеңею органикалық егіншіліктің экологиялық бастама ғана емес, сонымен қатар ауылдың дамуына және табыс табуға ықпал ететін маңызды экономикалық қызмет екенін көрсетеді.

2023 жылғы дерек бойынша Азияда 9,1 миллион гектардан астам органикалық ауыл шаруашылығы жері болды және органикалық өнімді өндірушілер саны 2,6 миллион болды. Бұл әлемдегі барлық органикалық өндірушілердің 59% құрады. Үндістан органикалық жер көлемі мен өндірушілер саны бойынша алдыңғы қатардағы мемлекеттердің бірі. Қазіргі таңда бұл мемлекеттер 4,5 миллион гектар органикалық жер және 2,4 миллион өндірушісі бар. Одан кейінгі орында Қытай – 3,4 миллион гектар, ал Қазақстан 0,2 миллион гектармен үшінші орында тұр [7]. Қазақстанда 2015 жылдан бастап ауыл шаруашылығы кооперациясы мен органикалық өнім өндірісін дамытуға бағытталған заңнамалық негіз қалыптасты. 2015 жылғы кооперативтер туралы және органикалық өнім өндіру туралы заңдар, кейін 2024 жылғы жаңа заңмен жаңартылып, ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын, өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, ресурстарды тиімді пайдалануды және ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін нығайтуды көздейді [8,9].

Әдебиетке шолу

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тұрақты ауыл шаруашылығы мен органикалық өндірісті дамытудағы рөлі соңғы жылдары халықаралық әдебиетте кеңінен талқылануда. S. Kalogiannidis және т.б. Грекия мысалында кооперативтердің тұрақты ауыл шаруашылығы мен агроазық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі негізгі рөлін көрсетеді. Қытай деректері негізінде жүргізілген зерттеулерде кооперативтерге мүшелік фермерлердің ауыл шаруашылығы табысына [10] және олардың ұжымдық әрекетке қатысуына оң әсер ететіні анықталған [11]. S. Hussein Nowfal және т.б. кооперативтердің ауыл фермерлері үшін несиеге, нарықтық ақпаратқа және «ақылды» егіншілік технологияларына қолжетімділікті арттыратынын дәлелдейді [12], ал S. Nadaf және т.б. кооперативтердің ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөліне жаһандық шолу жасаған [13].

Органикалық бағыттағы кооперацияға арналған зерттеулерде кооперативтер ұсақ өндірушілердің сертификаттау, өткізу және ресурстарға қол жеткізу шығындарын азайтатын институционалдық құрал ретінде қарастырылады. В.М. Кручинина Ресейде кооперативтерді органикалық ауыл шаруашылығын дамыту құралы ретінде негіздейді V.Z. Ilyasov және т.б. экологиялық (органикалық) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудегі кооперацияның

ерекшеліктерін зерттеген, ал A.S. Olimovich органикалық ауыл шаруашылығындағы тұтыну кооперативтерін халықтың жұмыспен қамтылуы мен табысын арттыру факторы ретінде қарастырады.

Алайда бұл зерттеулердің басым бөлігі кооперативтердің әсерін сапалық тұрғыда немесе шаруашылық деңгейіндегі деректер негізінде бағалайды. Қазақстан бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметі мен органикалық ауыл шаруашылығының даму көрсеткіштері арасындағы байланысты ресми статистика негізінде сандық бағалайтын жұмыстар аз. Осы олқылықты толықтыру мақсатында ұсынылып отырған мақалада Азия елдерінің тәжірибесін талдаумен қатар Қазақстанның 2017–2024 жылдардағы деректеріне корреляциялық талдау жүргізілді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақстан соңғы жылдары аграрлық саланы жан-жақты трансформациялауды жүзеге асырып келеді. Ішкі өндірістің өсуі жедел механикаландырумен, заманауи агротехнологияларды енгізумен және экспорттық бағыттағы шикізаттан қосылған құны жоғары өнімдерге көшумен үйлесуде. Осыған орай әлем бойынша органикалық ауыл шаруашылығының танымалдығын арттырды және бұл саланың ірі корпорациялар тарапынан коммерциялануы шағын, өнімділігі төмен өндірушілердің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін әлсіретуде.

Зерттеу жұмысы Азия елдеріндегі органикалық ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайын және оны дамытудағы ауыл шаруашылығы кооперативтерінің рөлін кешенді талдауға бағытталды. Зерттеудің ақпараттық базасын халықаралық және ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының дереккөздер, отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектері құрады. Атап айтқанда, органикалық ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі, олардың динамикасы мен құрылымы жөніндегі деректер халықаралық ұйымдардың (FiBL, IFOAM) ресми есептерінен, ал Қазақстан, Қытай және Үндістан бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметін сипаттайтын көрсеткіштер ұлттық статистика органдарының және салалық шолулардың материалдары негізінде жинақталды.

Зерттеу барысында 2017–2024 жылдар аралығындағы деректер қолданылып, Азия елдері бойынша органикалық ауыл шаруашылығы жерлерінің аумақтық орналасуы мен даму ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылды. Әсіресе органикалық ауыл шаруашылығы жерлерінің басым үлесі шоғырланған елдерге, оның ішінде Қытай мен Үндістанға ерекше назар аударылды.

Зерттеудің әдістемелік негізін жалпығылыми және экономикалық талдау әдістері құрады. Атап айтқанда, салыстырмалы талдау әдісі әлемдік, аймақтық және ұлттық деңгейлердегі органикалық ауыл шаруашылығы көрсеткіштерін салыстыру үшін қолданылды. Динамикалық талдау әдісі органикалық ауыл шаруашылығы жерлерінің және ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметінің уақыт бойынша өзгеру үрдістерін анықтауға мүмкіндік берді. Қазақстан мысалында органикалық ауыл шаруашылығы көрсеткіштері мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметі арасындағы өзара байланысты бағалау үшін Пирсонның жұптық корреляция коэффициенттері есептелді. Органикалық өндірісті тікелей сипаттайтын көрсеткіш ретінде FiBL және IFOAM деректері бойынша сертификатталған органикалық ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі [7. – 17–19], ал агротехнологиялық көрсеткіштер мен кооперативтер қызметінің көрсеткіштері ретінде Ұлттық статистика бюросының деректері пайдаланылды. Талдау 2017–2024 жылдардағы жылдық деректерге ($n = 8$) негізделді. Органикалық тыңайтқыштарды енгізудің абсолюттік көлемі бір гектарға шаққандағы көрсеткішпен толық сәйкес келетіндіктен ($r = 1,00$), талдауға тек салыстырмалы көрсеткіш енгізілді; ал кооперативтер өндірген өнім көлемі 2024 жылғы деректердің салыстырмалы еместігіне байланысты талдаудан алынып тасталды. Коэффициенттердің статистикалық маңыздылығы Стьюденттің t-критерийі арқылы тексерілді: $n = 8$ болғанда $|r| \geq 0,707$ мәні $p < 0,05$ деңгейінде, $|r| \geq 0,834$ мәні $p < 0,01$ деңгейінде маңызды болып саналады.

Уақыттық қатарлардағы ортақ трендтің әсерін бағалау үшін қосымша бірінші айырымдар бойынша корреляция есептелді. Есептеулер Python (SciPy) бағдарламасында орындалды.

Зерттеу нәтижелерін интерпретациялау барысында жүйелік тәсіл пайдаланылып, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің органикалық өндірісті дамытудағы институционалдық, экономикалық және әлеуметтік рөлі жан-жақты бағаланды. Алынған нәтижелер Азия елдерінде, соның ішінде Қазақстанда органикалық ауыл шаруашылығын дамыту стратегиясын жетілдіруге арналған ғылыми тұжырымдар жасауға негіз болды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық дамуында ауыл шаруашылығы стратегиялық маңызды салалардың бірі болып табылады. Сол себепті Қазақстан ауыл шаруашылығы дамыған елдердің, оның ішінде Азиядағы ауыл шаруашылығы кооперативтері дамыған және органикалық ауыл шаруашылығы жерінің үлесі жоғары: Үндістан және Қытай секілді ірі мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенеді. Осылайша Қазақстан ұсақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оларды кооперациялау, шығындарын төмендету, өнім сапасын жақсарту, экспорттық әлеуетті нығайту, дәстүрлі интенсивті ауыл шаруашылығынан органикалық ауыл шаруашылығына көшіру мақсатын көздейді. Сонымен қатар, Қазақстан үшін экологиялық сапасы жоғары өнім өндіруді қамтамасыз ететін органикалық бағытта жоғары қосылған құнды қалыптастыру әлеуметтік дамудың маңызды факторы болып саналады.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы 2015 жылдан бастап ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту мен органикалық өнімдерді өндіру бойынша нақты қадамдар жасады.

2015 жылы 29-шы қазанда «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заң қабылданды. Ал 2015 жылы 27-ші қарашадағы «Органикалық өнімдерді өндіру» туралы Заң қабылдады және бұл заң 2024 жылғы 10 маусымдағы «Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы» Заңмен күшін жойды. Аталған заңдардың ортақ мақсаттары мен міндеттері: ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты және тиімді дамуын қамтамасыз ету; ұсақ және орта ауыл шаруашылығы өндірушілерінің экономикалық әлеуетін арттыру; бәсекеге қабілетті, сапалы және қауіпсіз ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ынталандыру; ресурстарды ұтымды пайдалану және экологиялық тұрақтылықты қолдау; ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету; өндірушілердің нарыққа қолжетімділігін кеңейту және қосылған құнды арттыру. Екі заң да аграрлық секторды институционалдық тұрғыда нығайтуға, кооперация мен экологиялық бағыттағы өндірісті дамыту арқылы ауыл шаруашылығының ұзақ мерзімді орнықты дамуына қол жеткізуді көздейді. Осылайша Қазақстанда 2015 жылдан бері қарай ауыл шаруашылығы кооперативтері және органикалық ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді.

Дүние жүзінде ауылшаруашылық жерлерінің 2,1 пайызын органикалық жерлер құрайды. Аймақтар бойынша бөлінген ауылшаруашылық жерлерінің жалпы көлеміндегі ең жоғары органикалық үлес Океанияда (14,1%) және Еуропада (3,9 %; Еуропалық Одақ: 10,9 %) болды.

Әлем бойынша Азия елдері органикалық ауыл шаруашылығы жерінің көлемі 9%-ын құрайды және ол оның жалпы аумағы 9,1 миллион гектардан асады. Бұл жерлердің 90%-дан астамы келесі төрт мемлекетке тиесілі, олар: Үндістан-4 475 837 гектар; Қытай – 3 420 457 гектар; Қазақстан – 191 283 гектар; Филиппин – 187 425 гектар. Көрсетілген деректерден Қазақстан- Азиядағы ең ірі органикалық ауыл шаруашылығы өндірушілерінің бірі екенін көруге болады.

2024 және 2025 жылдардың басында Ұлттық және аймақтық бастамалардың арқасында Бүкіл Азия бойынша органикалық ауыл шаруашылығында айтарлықтай прогреске қол жеткізілді [7. – 3-12].

Кесте 1 - Азиядағы органикалық ауыл шаруашылығы жерлері бар ірі мемлекеттер, га

Мемлекеттер	2020ж.	2021ж.	2022ж.	2023ж.	Ауытқу, 2023/2020, %
Қытай	2435000	2753700	2898191	3420457	140,5
Үндістан	2657889	2657889	4726715	4475837	168,4
Қазақстан	114886	113247	103447	191283	166,5
Филиппин	191770	216334	228514	187425	97,7
Ескерту: авторлармен [7. – 18] дереккөз негізінде құрастырылған.					

1-кесте деректері 2020–2023 жылдар аралығында Азиядағы органикалық ауыл шаруашылығы жерлері бар елдердің жалпы көлемінде тұрақты өсім сақталған. Зерттеліп отырған елдер ішінде органикалық жерлердің үлкен көлемі Қытай мен Үндістанға тиесілі. 2023 жылғы дерек бойынша бұл жерлердің 54% Үндістан, 41% Қытай құрайды. Аталған кезеңде Қытайда органикалық ауыл шаруашылығы жерлерінің алаңы 40,5%-ға артып, 3,4 млн гектарға жетсе, Үндістанда өсім қарқыны одан да жоғары болып, 68,4%-ды құрады. Қазақстанда органикалық ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі салыстырмалы түрде аз (2,3%) болғанымен, 2023 жылы айтарлықтай өсім байқалып, 2020 жылмен салыстырғанда 66,5%-ға артқан. Бұл елде органикалық ауыл шаруашылығын дамытуға деген қызығушылықтың күшейіп келе жатқанын көрсетеді. Филиппинде органикалық жерлердің көлемі кезең ішінде айтарлықтай ұлғайғанымен, жылдар бойынша тұрақсыз динамика байқалады. Жалпы алғанда, деректер Азия елдерінде органикалық ауыл шаруашылығының даму әлеуеті жоғары екенін және органикалық жерлердің кеңеюі аграрлық саясат пен нарықтық сұраныстың маңызды бағытына айналып отырғанын көрсетеді.

Азия елдеріндегі органикалық ауыл шаруашылығы жерлерінің басым бөлігін иемденіп отырған бұл мемлекеттерде ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дамыту үрдісі де жоғары.

Қытай мамандандырылған АШК-ін дамытуды 2007 жылдан бері қарай қолға алды және оның дамуына мемлекет тарапынан жоғары қолдау көрсетілді [10. – 2-3]. 2007 жылы АШК-ін дамыту туралы арнайы заң қабылдады. Заң фермерлік кәсіптік кооперативтердің ұйымдастырылуы мен мінез-құлқын реттеуге, фермерлік кәсіптік кооперативтердің дамуын көтермелеуге, қолдауға және басшылыққа алуға, фермерлік кәсіптік кооперативтер мен олардың мүшелерінің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен ауылдық жаңғыртуды ілгерілетуге бағытталған [11. – 4-5]. Қытайдың ауылдық жерлерінде еңбек, жер, капитал және басқа да өндіріс факторларының нарығы нашар дамығандықтан, кейбір фермерлерді кооперативті кәсіпкерлер құруға ынталандыру үшін мемлекет тікелей қолдау көрсетті, Бұл шағын фермерлердің кірістері мен өмір сүру жағдайларын жақсартуға белсенді үлес қосу арқылы кооперативті тепе-теңдікті орнатуға көмектесті. Осылайша, Қытайдағы ауылшаруашылық кооперативтерінің ерекшеліктері бар шындыққа бейімделудің бір түрі ретінде ерекшеленді. Қытайдағы ауылшаруашылық кооперативтері 2009 жылдан бері қарай қарқынды дамып келеді [10. – 3-4] және мемлекеттің органикалық өнімдерін дамытуда ерекше маңызға ие. Қытай органикалық егіншілікті ілгерілету үшін 160-тан астам жаңа жергілікті саясатты жүзеге асырды және рекордтық 5 миллиард органикалық өнім жапсырмаларын шығарды, бұл үкіметтің сенімді қолдауын көрсетеді [12. – 655-656].

Үндістан әлемдегі ең ірі кооперативтік қозғалыс бойынша әлемге танымал. Бұл елдегі АШК-і ауыл тұрғындарының шамамен 75%-ын қамтиды. Кооперативтік қозғалыс бастапқыда фермерлерді қарыз берушілерге тәуелділіктен босату мақсатында енгізілді. 1904 жылы кооперативтік несиелік қоғамдар туралы алғашқы заңның қабылданды. Кейін 1942 жылы көп бөлімшелі кооперативтік қоғамдар туралы заң қабылданып, 1950 жылдан бастап кооперативтер Ұлттық даму жоспарларының құрамдас бөлігіне айналды. Әрбір бесжылдық жоспар аясында кооперативтердің рөлі біртіндеп кеңейтілді: бастапқы кезеңде кадр даярлау мен кооперативтік маркетингке назар аударылды, кейінгі жоспарларда сақтау, өңдеу, ауыл

шаруашылығы өнімдерін өндіру, сондай-ақ сүт, қант, мақта және басқа салаларды дамытуға басымдық берілді. Сонымен қатар кооперативтік оқыту инфрақұрылымы қалыптастырылып, кооператив жүйелерін шоғырландыру және әртараптандыру шаралары жүзеге асырылды. Осылайша Үндістандағы кооперативтік қозғалыс халықтық бастамадан гөрі, мемлекеттік саясаттың нәтижесі ретінде қалыптасты [12. – 656-658].

Бүгінгі таңда кооперативтер ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамытуға, ресурстарды бөлуге, өнімді өңдеу мен өткізуге, сондай-ақ құн тізбегін қалыптастыруға елеулі үлес қосып келеді [13. – 607-608]. Олар органикалық жерлерді игеру, су ресурстарын басқару, техникамен қамтамасыз ету және өзге де салаларда белсенді қызмет атқарады [14]. Үндістан жаңартылған органикалық сертификаттау стандарттарын енгізді, жаңартылған бақылау жүйесін іске қосты және өзінің нормативтік-құқықтық базасын жақсарту үшін 2025 жылға қарай бірыңғай органикалық логотипті енгізу жоспарларын жариялады [12. – 659-660].

Әлемдік тәжірибені ескере отырып, Қазақстан ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту, тұрақты табыс көзін қалыптастыру, ауыл халқының депопуляциясын азайту, ұсақ тауар өндірушілердің өндірістік шығындарын азайту, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және өндіріс көлемін ұлғайту арқылы импорттық өнімдерге тәуелділікті төмендету мақсатында АШК-ін дамытуға басымдық береді [15]. 2019 жылдан бастап Қазақстанда шағын ауыл шаруашылық өндірушілерін кооперативтерге біріктіру бойынша жұмыстар нығайды. Соның нәтижесінде 2024 жылдың соңына қарай АШК саны 4465-ке жетті, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 57,2%-ға артық. Дегенмен, АШК-нің мүшелерінің саны жылдан-жылға тұрақты түрде азайып отыр [16]. Бұл жағдай үй шаруашылықтары және шаруа немесе фермерлік қожалықтардың АШК-не мүше ретінде тіркелуге ынталы емес екенін көрсетеді. Сонымен қатар, АШК-нің табысты қызмет етуі үшін жайылым, шабындық және егістік жерлерге қолжетімділік деңгейін арттыру маңызды. Себебі жер, техника және қаржы ресурстары АШК-нің тұрақты жұмыс жасауын қамтамасыз ететін, оның мүшелері алдындағы беделін нығайтатын негізгі тетіктері болып табылады. Осылайша Қазақстанда органикалық ауыл шаруашылығы жерлерінің үлесін арттыру, бәсекеге қабілеттілікті нығайту, азық-түлік қауіпсіздігін сақтаудың мол мүмкіндіктері бар. Қазіргі кездегі Қазақстандағы органикалық ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің динамикасы 2-кестеде көрсетілді.

Кесте 2 – Қазақстанның органикалық ауыл шаруашылығы және ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметі көрсеткіштері, 2017–2024 жж.

№	Көрсеткіштер	Жылдар							
		2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
1	Сертификатталған органикалық ауыл шаруашылығы жерлері, мың га.	256,7	192,1	294,3	114,9	113,2	103,4	191,3	283,6
2	Органикалық тыңайтқыштарды енгізу, мың тонна.	896,0	633,0	619,5	1214,1	995,2	515,5	253,8	191,7
3	Егіс алқабының бір гектарына шаққандағы органикалық	41,1	28,9	28,0	53,7	43,5	22,3	10,7	8,3

	тыңайтқыштарды енгізу, кг/га.								
4	Органикалық тыңайтқыштар қолданылған егістік алқаптар, млн га.	0,12	0,10	0,10	0,10	0,10	0,10	0,10	0,10
5	Егіс алқабының жалпы ауданындағы органикалық тыңайтқыштар қолданылған алқаптардың үлесі, %	0,53	0,46	0,43	0,44	0,44	0,43	0,42	0,43
6	Жұмыс жасап тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны, бірлік	2697	2858	2840	2919	3147	3284	3911	4465
7	Ауыл шаруашылығы кооперативтері мүшелерінің саны, бірлік	58985	59759	56768	56326	56255	44141	39367	35245
8	Ауыл шаруашылығы кооперативі қызметкерлерінің тізімдік саны, адам	8566	8513	7591	7692	7529	7377	7490	8170
9	Ауыл шаруашылығы кооперативтері арқылы өткізілген ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі, мың тонна	57,3	139,9	145,7	208,2	277,5	293,2	329,6	429,3
Ескерту: 1-жол – [7. – 13–14], 2–9-жолдар – [16] дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған.									

2-кестеден еліміздегі 2017–2024 жылдар аралығындағы органикалық ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің динамикасын көруге болады. Деректерді талдау екі үрдісті көрсетеді: органикалық тыңайтқыштарды пайдалану көрсеткіштерінің төмендеуі және ауыл шаруашылығы кооперативтік сектор қызметінің жекелеген бағыттар бойынша жандануы. Сертификатталған органикалық ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемі тұрақсыз динамикамен сипатталады: 2019 жылы 294,3 мың га-ға жетіп, 2020–2022 жылдары 103–115 мың га-ға дейін қысқарды, ал 2024 жылы қайтадан 283,6 мың га-ға дейін өсті [17].

Алдымен органикалық тыңайтқыштарды пайдалану көрсеткіштеріне тоқталсақ, 2017 жылы 896 мың тоннаны құраған органикалық тыңайтқыштарды енгізу көлемі 2024 жылы 191,7 мың тоннаға дейін қысқарған. Бұл кезеңде көрсеткіш шамамен 4,7 есе төмендеген. Осыған сәйкес, егіс алқабының бірлігіне шаққандағы органикалық тыңайтқыштарды тұтыну деңгейі де 41,1 кг/га-дан 8,3 кг/га-ға дейін азайып, органикалық агротехнологияларды қолдану қарқындылығының бәсеңдегенін көрсетеді.

Органикалық тыңайтқыштар қолданылған егістік алқаптарының көлемі 2017–2024 жылдары 0,10–0,12 млн га деңгейінде тұрақты болды. Ал егіс алқабының жалпы ауданындағы бұл алқаптардың үлесі барлық кезең бойы 0,42–0,53% деңгейінде қалды.

Сертификатталған органикалық жерлер де ауыл шаруашылығы жерлерінің шамамен 0,1%-ын ғана құрайды [17. –34]. Бұл органикалық өндірістің жалпы аграрлық сектордағы үлесінің әлі де мардымсыз екенін көрсетеді. Осы орайда органикалық ауыл шаруашылығын дамыту үшін ұсақ шаруашылықтардың кооперативтерге бірігу қажеттілігін байқауға болады.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің институционалдық дамуы көрсеткіштері қарама-қайшы сипатқа ие. Бір жағынан, жұмыс істеп тұрған кооперативтер саны 2017 жылғы 2697 бірліктен 2024 жылы 4465 бірлікке дейін өсіп, 65%-дан астам артқан. Бұл мемлекет тарапынан кооперативтік қозғалысты қолдау шараларының әсерін көрсетеді. Екінші жағынан, кооператив мүшелерінің саны осы кезеңде 58985 адамнан 35245 адамға дейін төмендеп, кооперативтердің ұсақталып, мүшелік белсенділіктің әлсірегенін немесе формалды түрде құрылған құрылымдардың үлесінің артқанын аңғартады. Кооперативтердегі жұмыспен қамту көрсеткіші салыстырмалы түрде тұрақты болып қалды: қызметкерлердің тізімдік саны 2017–2023 жылдары 7,3–8,5 мың адам аралығында өзгеріп, 2024 жылы 8170 адамды құрады. Бұл кооперативтердің әлеуметтік функциясының белгілі бір деңгейде сақталғанын білдіреді. Өндірістік және өткізу қызметінің көрсеткіштері оң динамикамен сипатталады. Ауыл шаруашылығы кооперативтері арқылы өткізілген өнім көлемі 2017 жылғы 57,3 мың тоннадан 2024 жылы 429,3 мың тоннаға дейін өсіп, шамамен 7,5 есе артқан. Бұл кооперативтердің нарықтық инфрақұрылым ретіндегі рөлінің күшейгенін және өткізу арналарын ұйымдастыруда тиімділіктің артқанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, кесте деректері Қазақстанда ауыл шаруашылығы кооперативтері санының өсуіне қарамастан, органикалық ауыл шаруашылығының даму қарқыны төмен екенін көрсетеді. Сол себепті Қазақстан азық-түлік қауіпсіздігін сақтау, органикалық өндірісті кеңейту арқылы экспорттық әлеуетті арттыру, заманауи агроэкологиялық технологияларды енгізу үшін азиядағы Қытай және Үндістан мемлекеттерінің тәжірибесіне сүйеніп және кооперативтер негізінен өнімді өткізу және нарыққа шығару функцияларын нығайтуы қажет. Алайда қазіргі таңда бұл мүмкіндіктер әлі толық пайдаланылмай келеді.

Зерттеу барысында органикалық ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметін сипаттайтын көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты бағалау мақсатында 2-кестеде келтірілген 2017–2024 жылдардағы деректер негізінде Пирсонның жұптық корреляция коэффициенттері есептелді. Мұндай талдау кооперативтер қызметі мен органикалық өндірістің даму үрдістері арасындағы сандық байланысты бағалауға мүмкіндік береді. Талдауға енгізілген көрсеткіштердің шартты белгілеулері 3-кестеде берілген. Органикалық тыңайтқыштарды енгізудің абсолюттік көлемі (2-кестенің 2-жолы) бір гектарға шаққандағы көрсеткішпен толық сәйкес келетіндіктен (r = 1,00), талдауға тек X2 көрсеткіші енгізілді.

Кесте 3 – Корреляциялық талдауға енгізілген көрсеткіштер және олардың шартты белгілеулері

	Көрсеткіштер	Шартты белгілеулер
1	Сертификатталған органикалық ауыл шаруашылығы жерлері, мың га	X1
2	Егіс алқабының бір гектарына шаққандағы органикалық тыңайтқыштарды енгізу, кг/га	X2
3	Органикалық тыңайтқыштар қолданылған егістік алқаптар, млн га	X3
4	Егіс алқабының жалпы ауданындағы органикалық тыңайтқыштар қолданылған алқаптардың үлесі, %	X4
5	Жұмыс жасап тұрған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің саны, бірлік	X5
6	Ауыл шаруашылығы кооперативтері мүшелерінің саны, бірлік	X6

7	Ауыл шаруашылығы кооперативі қызметкерлерінің тізімдік саны, адам	X7
8	Ауыл шаруашылығы кооперативтері арқылы өткізілген ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі, мың тонна	X8
	Ескерту: авторлармен құрастырылған	

1-суретте Қазақстандағы органикалық ауыл шаруашылығы көрсеткіштері мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметі арасындағы Пирсонның жұптық корреляция коэффициенттерінің матрицасы олардың статистикалық маңыздылығымен бірге көрсетілді.

1-суреттен көріп отырғанымыздай, көрсеткіштер арасындағы байланыс біркелкі емес. Органикалық өндірісті тікелей сипаттайтын сертификатталған органикалық жер көлемі (X1) кооперативтер қызметінің бірде-бір көрсеткішімен статистикалық маңызды байланыс көрсетпейді: кооперативтер санымен r = 0,19, мүшелер санымен r = −0,10, кооперативтер арқылы өткізілген өнім көлемімен r = −0,14 (барлық жағдайда p > 0,2). Кооперативтер санының (X5) өсуі олар арқылы өткізілген өнім көлемінің (X8) артуымен қатар жүреді (r = 0,92; p < 0,01), бірақ кооператив мүшелерінің (X6) қысқаруымен сипатталады (r = −0,94; p < 0,01). Бір гектарға шаққандағы органикалық тыңайтқыштарды енгізу (X2) кооператив мүшелерінің санымен оң (r = 0,82; p < 0,05), ал кооперативтер санымен теріс (r = −0,78; p < 0,05) байланыста. X3 пен X4 арасындағы жоғары байланыс (r = 0,94) X4 көрсеткішінің X3 негізінде есептелетінімен түсіндіріледі.



* p < 0,05; ** p < 0,01 (n = 8, 2017–2024 жж.)

Сурет 1 – Қазақстандағы органикалық ауыл шаруашылығы көрсеткіштері мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметі арасындағы жұптық корреляция коэффициенттері (Пирсон), 2017–2024 жж.

Ескерту: 2-кесте деректері [7. – 8-15] негізінде авторлармен есептелген; * – $p < 0,05$, ** – $p < 0,01$; $n = 8$.

X2 мен X6 арасындағы оң байланыс ($r = 0,82$) екі көрсеткіштің де 2017–2024 жылдары бір мезгілде төмендеуінен туындайды: ортақ тренд алынып тасталған жағдайда (бірінші айырымдар бойынша) коэффициент 0,49-ға дейін төмендеп, статистикалық маңыздылығын жоғалтады ($p = 0,27$). Сонымен қатар кооперативтер санының артуы органикалық тыңайтқыштарды енгізудің қысқаруымен қатар жүрді ($r = −0,78$). Демек, қолда бар деректер кооперативтердің сандық өсуі органикалық өндірістің кеңеюіне әкелді деген тұжырымды растамайды. Бұл Қазақстанда кооперативтердің негізінен дәстүрлі өнімді өткізуге бағытталғанын, ал органикалық бағыттағы мамандандырылған кооперативтердің әлі аз екенін көрсетеді. Бірақ, кооператив мүшелерінің санының артуы мен органикалық тыңайтқыштарды енгізу көлемі арасында оң байланыс бар. Бұл дегеніміз органикалық өндірісті кеңейті үшін кооператив мүшелерінің санын арттыру маңызды деген тұжырым жасаға болатынын көрсетеді.

Жалпы алғанда, ұлттық деңгейдегі сегіз жылдық деректер негізінде кооперативтер қызметі мен органикалық ауыл шаруашылығы арасында тұрақты сандық байланыс анықталмады. Бұл кооперативтердің сандық өсуінен гөрі, олардың мүшелік тұрақтылығы мен органикалық өндіріске мамандануы маңызды фактор болуы мүмкін екенін көрсетеді. Бақылаулар санының аздығын ($n = 8$) және корреляцияның себеп-салдарлық байланысты білдірмейтінін ескере отырып, бұл мәселені өңірлік немесе шаруашылық деңгейіндегі деректер негізінде одан әрі зерттеу қажет.

Алынған нәтижелерді басқа зерттеулермен салыстырсақ, халықаралық әдебиетте кооперативтердің фермерлер табысына [10. – 11-12], олардың ұжымдық әрекетіне [11. – 96-97], несие мен нарықтық ақпаратқа қолжетімділігіне [13. – 609-610] және тұрақты ауыл шаруашылығына [3. – 23] оң әсері көрсетілген. Органикалық бағыттағы зерттеулерде кооперативтер ұсақ өндірушілердің сертификаттау мен өнімді өткізу шығындарын азайту құралы ретінде қарастырылады. Біздің нәтижелеріміз бұл тұжырымдарға қайшы келмейді, бірақ Қазақстанда мұндай әсердің ұлттық статистикада әлі байқалмайтынын көрсетеді: кооперативтер саны мен олар арқылы өткізілген өнім көлемі өскенімен, сертификатталған органикалық жер көлемінің өзгерісі олармен байланысты емес. Қытай мен Үндістанда кооперативтердің органикалық секторға ықпалы мемлекеттің мақсатты қолдауымен күшейгенін ескерсек, Қазақстанда да органикалық өнім өндіретін кооперативтерді арнайы қолдау шаралары қажет.

Органикалық ауыл шаруашылығы барған сайын танымал бола бастағандықтан, ірі корпорациялар бұл бағытты коммерцияландырады, бұл ұзақ уақыт ішінде аз өнім шығаратын және органикалық нарықта бәсекеге қабілеттілігі төмен шағын ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін проблемаға айналады. Сондықтан Қазақстан органикалық ауыл шаруашылығын нығайтуы үшін кооперацияны дамытпайынша бұл мақсатқа қол жеткізу мүмкін емес.

Аграрлық нарықта ферма, био, органикалық, экологиялық және т.б. деп аталатын көптеген өнімдер бар. Мұндай өнімдермен өндіріс және нарыққа шығу үшін фермерлерге көптеген кедергілер бар: «химияны» пайдаланудан бас тарту, қымбат сертификаттау процедураларынан өту, сертификаттау органдарының мерзімді тексерулерін қабылдау, «органикалық заттарды» сату және т.б. мұның барлығы жеке фермерлік шаруашылықтар үшін қолайсыз және қиын. Бұл жағдайда органикалық ауыл шаруашылығы кооперативтері - органикалық өндіріс мақсатында жиналған дәстүрлі және органикалық егіншілік, білім беру, заң, жобаларды басқару, маркетинг, байланыстарды жеңілдету сияқты көптеген тәжірибелі

адамдар қауымдастығы. Кооператив барлық қатысушылардың дауысы бар екеніне көз жеткізіп, шешім қабылдаудың келісілген моделін әзірлеуі керек. Сонымен қатар, мұндай кооператив тұрақты ауыл шаруашылығы және жергілікті азық-түлік өндірісі үшін ауылшаруашылық жерлерін сақтау саласында үлкен мүдделерге ие болады.

Органикалық егіншілік жүйесі қоршаған ортаға аз зиян келтірсе де, фермерлер бизнеспен айналысады және пайда көргісі келеді. Олардың қызметіне сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді. Сыртқы факторларға Ауыл шаруашылығын басқару саясатындағы өзгерістер немесе фермерлер әсер ете алмайтын және меншікті капиталдың аздығына байланысты жақсы бейімделе алмайтын технологиялық, демографиялық және климаттық өзгерістер жатады. Бұл ретте фермерлер табыстың тұрақты деңгейін ұстап тұруға, өз шаруашылықтарына инвестиция салуға қаражаты болуға тиіс. Тәуекелдерді бөлісу үшін бірдей шағын фермерлер тобымен мұны істеу оңайырақ.

Ішкі факторларға білімнің жетіспеушілігі жатады, өйткені ұрпақтан-ұрпаққа дәстүрлі егіншілік тәжірибелері, өндірістің шағын ауқымы, жаңа технологияларды енгізу үшін ірі инвестицияларды тартудың мүмкін болмауы, транзакциялық шығындардың жоғары болуы, капиталға қол жеткізудегі қиындықтар, техникалық, технологиялық және экономикалық ақпарат және т. б. Алайда, шағын фермерлердің де өзіндік артықшылықтары бар: шағын құрам, жалақыны бақылауды жеңілдететін нәрсе, кішігірім құрылымдық өзгерістерді тез жүзеге асыру, стратегияңызды, жақсы қарым-қатынасыңызды, өсірілген өнімнің биоәртүрлілігін өзгерту оңайырақ.

Кооперативке мүшелік шағын экономикаға өзін-өзі қамтамасыз ету және пайда табу үшін жеткілікті ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге көмектеседі, бұл ірі ұйымдармен бәсекелесуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда кооперативтер фермерлерге өз қызметін жүзеге асыру кезінде туындайтын белгісіздік пен тәуекелдерді азайтуға көмектеседі. Бұл келесі факторларға байланысты: жаңа технологиялардың қолжетімділігін арттыру; әр түрлі өнімдер мен нарықтарды коммерцияландыру мүмкіндігіне байланысты тәуекелдерді әртараптандыру; органикалық өндірісте тиімді шешімдер қабылдауға әкелетін ақпаратқа кеңірек қол жетімділік;фермерлердің логистикалық міндеттерінің төмендеуі, өйткені кооператив менеджерлері өз мүшелерінен ақпарат жинайды, сату нарығын іздейді, нарықтағы сұранысты зерттейді және т. б. Осылайша, кооператив нарықты зерттеу арқылы шағын шаруа қожалықтарының шектеулерін еңсеруге көмектесе алады, бұл олардың кейбір міндеттерін аутсорсингке алып келеді, бұл фермерге тікелей өндірістік қызметке назар аударуға мүмкіндік береді. Кооперативтер сияқты балама бизнес құрылымдары жергілікті органикалық фермерлердің азық-түлік жеткізушілер нарығына енуіне кедергі келтіретін кедергілерді жояды. Делдалдардың санын азайту арқылы өндірушілер саудагерлермен немесе тікелей сатып алушылармен жақсы мәмілелер жасай алады. Сонымен қатар, кооперативтер нарықтық зерттеулердің арқасында қандай мәдениеттерге үлкен сұраныс бар екенін ұсына алады.

Қазақстандағы органикалық өндірісті нығайтуда сервистік және маркетингтік кооперативтерді дамытудың маңызы зор. Мұндай кооперативтер жеке және фермерлік шаруашылықтардың органикалық өнімдерін жылжытуға және оның нарыққа қол жетімділігін жақсартуға көмектеседі. Бұл бір-бірімен жойқын бәсекелестікті болдырмауға және бөлшек саудагерлермен ұжымдық келіссөздер жүргізу мүмкіндігін арттыруға көмектеседі. Маркетингтік кооператив органикалық өнімді сатуда біртұтас келіссөздер жүргізе отырып, басқа кооперативтермен үйлестіре алады. Ауылшаруашылық маркетингтік кооперативтері делдалдардың азық-түлікті бөлудегі рөлін төмендетеді. Сервистік кооперативтер мен оның мүшелері өз қызметін дербес жүзеге асырады, бірақ кооператив оларды жабдықты, өңдеуді, көлікті, қаптаманы, дистрибуцияны және т.б. қамтитын қызметтер кешенімен қамтамасыз етеді. Қаржылық немесе несиелік кооперативтер банктер ұсынғаннан гөрі жақсы пайыздық мөлшерлемелерді ұсына алады.

Кооперативке бірігу олардың қатысушылары үшін белгілі бір экономикалық және ұйымдастырушылық артықшылықтарға ие. Пайданы 4 блокқа бөлуге болады: экономика, байланыс, мамандандыру және білімді жаңарту және тәуекелдерді басқару (4-кесте).

Кесте 4 – Органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерінің кооперативін құрудың ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін пайдасы

Экономика	Бір техниканы пайдаланудан шығыстарды қысқарту, бұл энергия ресурстарын үнемдеуге әкеледі. Кооператив мүшелеріне тауарларды сатып алу кезінде жеңілдіктер беру (үлкен партияларға жеңілдіктер) сату нарығын кеңейтеді. Саудагерлер мен сатып алушыларды қызықтыратын масштабты ұлғайту арқылы нарықтарға қол жеткізуді жеңілдету. Маркетингті жақсарту немесе маркетингтік қызметтерді ұсыну. Өзара пайда: фермер кірістілікті ескере отырып, өнім бағасын анықтайды, ал кооператив бұл бағаларды кооперативті маркетингті басқару үшін пайдаланады.
Байланыс	Табысқа жету үшін кооперативтің барлық мүшелерінің қарым-қатынасы қажет, оның мақсаты әлсіз жақтарын анықтау болып табылады. Кооператив мүшелері қай кезеңде біледі, мысалы, шығындар мен уақытты азайту, тиімділікті арттыру. Кооперативтер клиенттерден фермерлерге ақпарат беру мүмкіндігіне ие. Ақпарат ағынының арқасында фермерлер қажетті инновациялар туралы біле алады және оларды енгізу мақсатында ұйымдармен ынтымақтаса алады.
Мамандандыру және білімді жаңарту	Кооператив фермерлерге қызмет тиімділігін арттыру мақсатында Органикалық ауыл шаруашылығы саласында білім алуға, мамандануға жәрдемдеседі. Мамандандыру және білім алмасу арқылы фермерлер уақыт пен ресурстарды ысырап етпей, өндірістік қызметке назар аудара алады.
Тәуекелдерді басқару	Ауылшаруашылық секторы тұрақсыз, оған ауа-райы немесе климаттың өзгеруі сияқты көптеген сыртқы факторлар әсер етеді. Жеке және фермерлерлік шаруашылықтар үшін тәуекелдерді сақтандыру қосымша инвестицияларды қажет етеді, олар көбінесе төлей алмайды. Кооперативтер кепілдік беруші бола отырып, кооператив мүшелері мен сақтандыру ұйымдары арасында делдал бола алады. Кооперативке тәуекелдерді азайту стратегиясын анықтау, бизнес-модельдерді әзірлеу жүктеледі
Ескерту: Авторлармен құрастырылған.	

Кооператив құру келесі жолмен жүруі мүмкін: экологиялық таза ауылшаруашылық жерлерін сақтауға және басқаруға мүдделі фермерлер қауымдастығы өз мақсаттарына жету үшін кооперативке бірігеді. Кооператив мүшесі тек фермерлер ғана емес, мысалы, органикалық өнім өндіруге фермерлердің мүдделерін қолдайтын және бөлісетін азаматтар бола алады. Олар пайды кооперативтен сатып ала алады. Осы инвестициялардың арқасында кооператив өзінің қалыптасуы үшін қосымша капитал алады. Акционерлер қаржы, құрылыс, техникалық қызмет көрсету, Байланыс және т.б. сияқты мәселелер бойынша шешім қабылдауға қатыса алады. Акционерлер өздерінің ақшалай пайын сатып алуға құқылы. Кооператив басқармасы оның ағымдағы жұмысын ұйымдастырады.

Қорытынды

Органикалық ауыл шаруашылығы азық-түлік өндірісінде, ауыл экономикасында және биоәртүрлілікті басқаруда маңызды рөл атқарады. Органикалық өнімдер бөлшек азық-түлік нарығының ең жылдам дамып келе жатқан секторларының бірі болып табылады. Органикалық егіншіліктің арқасында ауылшаруашылық ұйымдары және фермерлер

экологиялық, әлеуметтік және экономикалық пайда ала алады. Зерттеу нәтижелерінен анықталғандай Азия елдерінде органикалық ауыл шаруашылығының даму деңгейі біркелкі емес және оның өсуі көбінесе институционалдық қолдау мен кооперативтік құрылымдардың тиімді жұмыс жасауына тәуелді. Қазақстан, Қытай және Үндістан мысалында ауыл шаруашылығы кооперативтері органикалық өндірісті дамытуда өнімді өткізу, ресурстарды біріктіру және нарықтық қолжетімділікті арттыру арқылы маңызды рөл атқаратыны анықталды. Органикалық өнім өндіруші кооперативтер мүшелерінің ресурстарды үнемдеуі үшін ауыл шаруашылығындағы әртүрлі өндірушілер мен кәсіпкерлерді біріктіре алады. Олар фермерлердің мүдделерін қорғай отырып, дұрыс басқару стратегияларын жасайды. Осылайша органикалық кооперативтер үй шаруашылықтары мен фермерлік шаруашылықтардың көптеген мәселелерін шешуде маңызды рөл атқарады, атап айтқанда: ресурстарға қол жеткізу кезінде пайда болатын шектеулерді азайтады, барлық мүшелер бір-біріне көмектесе алады және кейбір шығындарды азайтады және т.б.

Корреляциялық талдау нәтижесі (2017–2024 жж.) Қазақстанда сертификатталған органикалық жер көлемі мен кооперативтер қызметінің көрсеткіштері арасында статистикалық маңызды байланыстың әлі қалыптаспағанын көрсетті, ал кооператив мүшелерінің саны мен бір гектарға шаққандағы органикалық тыңайтқыштарды енгізу арасындағы байланыс ($r = 0,82$) екі көрсеткіштің ортақ төмендеу үрдісімен түсіндіріледі. Бұл Қазақстандағы органикалық ауыл шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы кооперативтері арасындағы өзара байланысты мақсатты түрде нығайту қажет екенін көрсетеді. Зерттеудің шектеуі ретінде бақылаулар санының аздығын ($n = 8$) атап өтуге болады, сондықтан болашақта өңірлік деректер негізінде талдау жүргізу ұсынылады. Себебі қазіргі кезде органикалық өнім өндірушілердің басым бөлігін үй шаруашылықтары, дара кәсіпкерлер мен фермерлік шаруашылықтар құрайды. Әлемдік және отандық тәжірибе мұндай ұсақ шаруашылықтар өнімді нарыққа жылжытуда бірқатар қиындықтарға тап болады, атап айтқанда, қымбат сертификаттау рәсімдерінен өту және тұрақты бақылауға ұшырау мәселелеріне тап болады. Сол себепті мұндай ұсақ шаруашылықтарды мамандандырылған кооперативтерге (өндірістік, маркетингтік, сервистік, қаржылық, консультациялық) біріктіру шараларын нығайту қажет.

Авторлар шетелдік және отандық тәжірибені зерттей отырып, келесідей қорытындыға келді: ауыл шаруашылығы кооперативтері - органикалық ауыл шаруашылығын дамытуға көмектесетін тиімді құрал болып табылады. Біздің зерттеулеріміз тұрақтылықты нығайтуға және шаруашылықтың шағын нысандарын дамытуға ықпал ететін өзін-өзі реттеу элементі ретінде кооператив туралы білімді, хабардарлықты арттыруға ықпал етеді және мыңдаған фермерлер мен ауыл тұрғындарының табысын арттыруға көмектеседі деп үміттенеміз.

Қаржыландыру туралы ақпарат.

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің №AP23486198 «Ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамытудың ұйымдастырушылық-басқарушылық, әлеуметтік-экономикалық тетіктерін зерделеу және олардың Қазақстанның ауыл халқының табысын, өмір сүру сапасын арттыруға әсерін бағалау» гранттық қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Olimovich A. S. (2026) Organization of «Consumer Cooperatives» in Organic Agriculture - A Factor For Increasing Employment and Income of The Population. Central Asian Journal of Innovations on Tourism Management and Finance, Volume:7(1), P.22-31. [Electronic resource] - URL: https://cajitmf.casjournal.org/index.php/CAJITMF (accessed: 23.01.2026)

2. FiBL. The World of Organic Agriculture 2025. (2025) Frick, Switzerland: Research Institute of Organic Agriculture (FiBL). [Electronic resource] - URL: https://www.fibl.org/en/shop-en/1797-organic-world-2025 (accessed: 25.12.2025)

3. Kalogiannidis S.; Karafolas S.; Chatzitheodoridis F. (2024) The Key Role of Cooperatives in Sustainable Agriculture and Agrifood Security: Evidence from Greece. Sustainability 2024, 16, 7202. https://doi.org/10.3390/su16167202 (accessed: 26.12.2025)

4. Кручинина В.М. Кооперативы как инструмент развития органического сельского хозяйства России. Вестник Воронежского государственного университета инженерных технологий, Том 80, № 1, 2018.-С.251-260. DOI: https://doi.org/10.20914/2310-1202-2018-1-251-260

5. Ilyasov V.Z., Shagapova S.U., Rakhmatullina T.E., Smirkin M.A. (2025). Cooperation in the Production of Ecological Agricultural (Organic) Products. In: Popkova, E.G. (eds) Corporate Social Responsibility to the Green Growth of Business and Economy. Advances in Science, Technology & Innovation. Springer, Cham. [Electronic resource] - URL: https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-3-031-83041-9_55 (accessed: 26.12.2025)

6. Karlibaeva R.H., Lipinsky D. A., Volokhina V.A., Gureeva E. A., and Makarov I.N. (2024). Sustainable Development of Entrepreneurship through Operational Risk Management: The Role of Corporate Social Responsibility. P.1-28. https://doi.org/10.3390/ risks12080118 (accessed: 28.12.2025)

7. The World of Organic Agriculture Statistics and Emerging Trends 2025 (2025) PDF version, corrigenda and supplementary material. [Electronic resource] - URL: https://www.organic-world.net/yearbook/yearbook-2025.html (accessed: 05.01.2026)

8. Закон РК «О сельскохозяйственных кооперативах» от 29 октября 2015 года № 372-V ЗРК. – 2015. [Электронный ресурс] — URL: https://adilet.zan.kz/ rus/docs/Z1500000372 (дата обращения: 03.01.2026);

9. Закон РК «О производстве и обороте органической продукции» от 10 июня 2024 года № 89-VIII ЗРК.-2024. [Электронный ресурс] — URL: // https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000089 (accessed: 05.01.2025)

10 He Y., Chen Y. (2024) The Impact of Agricultural Cooperatives on Farmers' Agricultural Revenue: Evidence from Rural China. Sustainability, Volume:16,10979. https://doi.org/10.3390/20su1624109792020 (accessed: 06.01.2026)

11. Zhu X., Wang G. (2024) Impact of Agricultural Cooperatives on Farmers' Collective Action: A Study Based on the Socio-Ecological System Framework. Agriculture, Volume:14(1),96. https://doi.org/10.3390/agriculture14010096 (accessed: 08.01.2026)

12. Hussein Nowfal, S., Nanduri, S., W. Gracy Theresa, B. Keerthi Samhitha, Vinoth, R., Veerapandi, A., & Bommisetti, R. K. (2024). The Role of Agricultural Cooperatives in Enhancing Credit Access, Market Information, and Smart Farming Among Rural Farmers. Research on World Agricultural Economy, 6(1), 654–672. Available at: - URL: https://doi.org/10.36956/rwae.v6i1.1536 (accessed: 06.01.2026)

13. Nadaf S., Indiakar S. and Nadaf B. (2025) The role of agricultural cooperatives in rural socio-economic development: A global review. Volume 8; Issue 11, P. 606-610. DOI: https://www.doi.org/10.33545/26180723.2025.v8.i11h.2711(accessed: 08.01.2026)

14. Agriculture.institute. Cooperative and Farmers' Organizations. [Electronic resource] - URL: https://agriculture.institute/cooperative-and-farmers-organizations/top-successful-agricultural-cooperatives-india/#google_vignette (accessed: 15.01.2026)

15. Концепция развития сельских территорий Республики Казахстан на 2023–2027 годы, 28 марта 2023 года. № 270. [Электронный ресурс] — URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000270 (дата обращения: 05.01.2026

16. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. 2017–2024 жж. [Электронный ресурс] — URL: https://stat.gov.kz (өтініш берілген күн: 07.01.2026).

17. FiBL & IFOAM – Organics International (2026). The World of Organic Agriculture. Statistics and Emerging Trends 2026. Frick: Research Institute of Organic Agriculture FiBL; Bonn: IFOAM – Organics International. [Electronic resource] - URL: https://www.fibl.org/fileadmin/documents/shop/1861-organic-world-2026.pdf (accessed: 15.07.2026)

ВЛИЯНИЕ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ КООПЕРАТИВОВ НА РАЗВИТИЕ ОРГАНИЧЕСКОГО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Основная цель научной статьи - научно обосновать влияние сельскохозяйственных кооперативов на развитие органического производства на основе анализа органического сельского хозяйства в странах Азии, а также и в Казахстане. Для достижения поставленной цели были решены следующие задачи: показана социально-экономическая значимость органического сельского хозяйства; проведён сравнительный анализ площадей органических сельскохозяйственных земель в мире и в разрезе регионов; выполнен динамический анализ площадей органических сельскохозяйственных земель стран Азии и Казахстана. Исследованы процессы развития сельскохозяйственных кооперативов в Индии и Китае, которые занимают значительную долю в структуре органического сельского хозяйства стран Азии. С использованием парных коэффициентов корреляции Пирсона оценена взаимосвязь между основными показателями органического сельского хозяйства и сельскохозяйственных кооперативов Казахстана за 2017–2024 гг., а также проверена статистическая

значимость выявленных корреляций. Научно обоснована эффективность создания кооперативов по производству органической сельскохозяйственной продукции для сельхозтоваропроизводителей. В результате статистически значимой связи между площадью сертифицированных органических земель и показателями деятельности кооперативов не выявлено, а связь между численностью членов кооперативов и внесением органических удобрений на один гектар ($r = 0,82$; $p < 0,05$) объясняется одновременным снижением обоих показателей во времени. Это свидетельствует о том, что влияние кооперативов на органическое производство на национальном уровне пока не сформировалось. В связи с этим выявлена необходимость дальнейшего укрепления взаимосвязи между органическим сельским хозяйством и сельскохозяйственными кооперативами в Казахстане. Предложено усилить меры по объединению индивидуальных и фермерских хозяйств, составляющих более 50% производителей органической продукции, в специализированные кооперативы (производственные, маркетинговые, сервисные, финансовые, консультационные).

Ключевые слова: страны Азии, органическая продукция, сельские жители, сельскохозяйственные кооперативы, сельскохозяйственные земли.

THE IMPACT OF AGRICULTURAL COOPERATIVES ON THE DEVELOPMENT OF ORGANIC AGRICULTURE IN KAZAKHSTAN

Abstract

The main objective of the scientific article is to provide a scientific substantiation of the impact of agricultural cooperatives on the development of organic production, based on an analysis of organic agriculture in Asian countries, including Kazakhstan. To achieve this objective, the following tasks were accomplished: the socio-economic significance of organic agriculture was demonstrated; a comparative analysis of the areas of organic agricultural land worldwide and by region was conducted; and a dynamic analysis of the areas of organic agricultural land in Asian countries and Kazakhstan was carried out. A scientific study was conducted on the development processes of agricultural cooperatives in India and China, which occupy a significant share in the structure of organic agriculture in Asian countries. Using Pearson's pairwise correlation coefficients, the relationship between the main indicators of organic agriculture and agricultural cooperatives in Kazakhstan in 2017–2024 was assessed and its statistical significance was tested. The effectiveness of establishing cooperatives for the production of organic agricultural products for agricultural producers was scientifically substantiated. No statistically significant relationship was found between the area of certified organic land and the indicators of cooperative activity, while the correlation between the number of cooperative members and organic fertilizer application per hectare ($r = 0.82$; $p < 0.05$) reflects a simultaneous downward trend in both indicators. This indicates that the influence of cooperatives on organic production has not yet emerged at the national level. Therefore, the need to further strengthen the relationship between organic agriculture and agricultural cooperatives in Kazakhstan was identified. It is proposed to enhance measures aimed at uniting individual farms and peasant (farmer) households—accounting for more than 50% of organic producers—into specialized cooperatives (production, marketing, service, financial, and advisory).

Keywords: Asian countries, organic products, rural residents, agricultural cooperatives, agricultural land.

REFERENCES

1. Olimovich A. S. (2026) Organization of «Consumer Cooperatives» in Organic Agriculture - A Factor For Increasing Employment and Income of The Population. Central Asian Journal of Innovations on Tourism Management and Finance, Volume:7(1), P.22-31. Available at: — URL: https://cajitmf.casjournal.org/index.php/CAJITMF [in English] (accessed: 23.01.2026).

2. FiBL. The World of Organic Agriculture 2025. (2025) Frick, Switzerland: Research Institute of Organic Agriculture (FiBL), Available at: — URL: https://www.fibl.org/en/shop-en/1797-organic-world-2025 [in English] (accessed: 25.12.2025)

3. Kalogiannidis S.; Karafolas S.; Chatzitheodoridis F. (2024) The Key Role of Cooperatives in Sustainable Agriculture and Agrifood Security: Evidence from Greece. Sustainability 2024, 16, 7202. https://doi.org/10.3390/su16167202 [in English] (accessed: 26.12.2025)

4. Kruchinina V.M. Kooperativy kak instrument razvitija organicheskogo sel'skogo hozjajstva Rossii. Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta inzhenernyh tehnologij, 2018. Tom 80, № 1.-S.251-260. DOI: http://doi.org/10.20914/2310-1202-2018-1-251-260 [in Russian] (accessed: 26.12.2025)

5. Ilyasov V.Z., Shagapova S.U., Rakhmatullina T.E., Smirkin M.A. (2025). Cooperation in the Production of Ecological Agricultural (Organic) Products. In: Popkova, E.G. (eds) Corporate Social Responsibility to the Green Growth of Business and Economy. Advances in Science, Technology & Innovation. Springer, Cham. URL: https://doi.org/10.1007/978-3-031-83041-9_55 [in English]

6. Karlibaeva R.H., Lipinsky D. A., Volokhina V.A., Gureeva E. A., and Makarov I.N. (2024). Sustainable Development of Entrepreneurship through Operational Risk Management: The Role of Corporate Social Responsibility. P.1-28. https://doi.org/10.3390/ risks12080118 [in English] (accessed: 28.12.2025)

7. The World of Organic Agriculture Statistics and Emerging Trends 2025 (2025) PDF version, corrigenda and supplementary material. Available at: — URL:http://www.organic-world.net/yearbook/yearbook-2025.html [in English] (accessed: 05.01.2026)

8. Zakon RK «O sel'skohozjajstvennyh kooperativah» ot 29 oktjabrja 2015 goda № 372-V ZRK. – 2015. Available at: — URL: https://adilet.zan.kz/ rus/docs/Z1500000372 [in Russian] (data obrashhenija: 03.01.2026).

9. Zakon RK «O proizvodstve i oborote organicheskoj produkcii» ot 10 ijunja 2024 goda № 89-VIII ZRK.-2024. URL:// https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2400000089 [in Russian] (accessed: 05.01.2026)

10 He Y., Chen Y. (2024) The Impact of Agricultural Cooperatives on Farmers' Agricultural Revenue: Evidence from Rural China. Sustainability, Volume:16,10979. https://doi.org/10.3390/ su162410979 [in English] (accessed: 06.01.2026)

11. Zhu X., Wang G. (2024) Impact of Agricultural Cooperatives on Farmers' Collective Action: A Study Based on the Socio-Ecological System Framework. Agriculture, Volume:14(1),96. https://doi.org/10.3390/agriculture14010096 [in English] (accessed: 08.01.2026)

12. Hussein Nowfal, S., Nanduri, S., W. Gracy Theresa, B. Keerthi Samhitha, Vinoth, R., Veerapandi, A., & Bommisetti, R. K. (2024). The Role of Agricultural Cooperatives in Enhancing Credit Access, Market Information, and Smart Farming Among Rural Farmers. Research on World Agricultural Economy, 6(1), 654–672. URL:https://doi.org/10.36956/rwae.v6i1.1536 [in English] (accessed: 06.01.2026)

13. Nadaf S., Indiakar S. and Nadaf B. (2025) The role of agricultural cooperatives in rural socio-economic development: A global review. Volume 8; Issue 11, P. 606-610. DOI: https://www.doi.org/10.33545/26180723.2025.v8.i11h.2711[in English] (accessed: 08.01.2026)

14. Agriculture.institute. Cooperative and Farmers' Organizations. Available at: — URL: https://agriculture.institute/cooperative-and-farmers-organizations/top-successful-agricultural-cooperatives-india/#google_vignette [in English] (accessed: 15.01.2026)

15. Koncepcija razvitija sel'skih territorij Respubliki Kazahstan na 2023–2027 gody, 28 marta 2023 goda. № 270 Available at: — URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000270 [in Russian] (accessed: 05.01.2026).

16. Qazaqstan Respublikasy Strategialyq josparlau jäne reformalar agenttıgı Ūlttyq statistika bürosynyñ resmi saity. 2017–2024 jj. Available at: — URL: https://stat.gov.kz [in Kazakh] (accessed: 07.01.2026). (In Kazakh).

17. FiBL & IFOAM – Organics International (2026). The World of Organic Agriculture. Statistics and Emerging Trends 2026. Frick: Research Institute of Organic Agriculture FiBL; Bonn: IFOAM – Organics International. Available at: — URL: https://www.fibl.org/fileadmin/documents/shop/1861-organic-world-2026.pdf [in English] (accessed: 15.07.2026)

Information about authors:

Zhenskhan Darima - Candidate of Economic Sciences, Associate professor, Head of the Educational Programs Group «Economics, Management, and Marketing», S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan.

E-mail: dzhenskhan@gmail.com

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2863-2611.

Alpysbai Madina Bakhytkyzy - corresponding author, Ph.D student, S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Republic of Kazakhstan.

E-mail: D76511@kazatu.edu.kz

ORCID ID: https://orcid.org/0009-0000-2485-536X .

Dubel Anna Agnieszka - PhD, professor, AGH Krakow University, Krakow, Republic of Poland.

E-mail: adubel@agh.edu.pl

ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-5474-2147

Azan Tanshuak Duisenbekkyzy - student, 7th year, Astana Medical University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: tanshuaka@gmail.com

ORCID ID: https://orcid.org/0009-0008-2159-1643

Информация об авторах:

Женсхан Дарима - кандидат экономических наук; ассоциированный профессор, руководитель группы образовательных программ «Экономика, менеджмент и маркетинг», Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: dzhenskhan@gmail.com,

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2863-2611.

Алпысбай Мадина Бахытқызы – основной автор, докторант Ph.D, Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: D76511@kazatu.edu.kz

ORCID ID: https://orcid.org/0009-0000-2485-536X
Дубель Анна Агнешка - PhD, профессор, AGH университет Краков, г. Краков, Республика Польша.
E-mail:adubel@agh.edu.pl
ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-5474-2147
Азан Таңшуақ Дүйсенбекқызы - студент 7 курса, Медицинский университет Астана, г. Астана, Республика Казахстан.
E-mail: tanshuaka@gmail.com;
ORCID ID: https://orcid.org/0009-0008-2159-1643 .

Авторлар туралы ақпарат:
Женсхан Дарима - экономика ғылымдарының кандидаты, «Экономика, менеджмент және маркетинг» білім беру бағдарламалары тобының жетекшісі, қауымдастырылған профессор, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті. Астана қ., Қазақстан Республикасы.
E-mail: dzhenskhan@gmail.com,
ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2863-2611.
Алпысбай Мадина Бахыткызы – **негізгі автор,** 2 курс Ph.D докторанты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.
E-mail: D76511@kazatu.edu.kz;
ORCID ID: https://orcid.org/0009-0000-2485-536X
Дубель Анна Агнешка - PhD, профессор, AGH Краков университеті, Краков қ., Польша Республикасы.
E-mail:adubel@agh.edu.pl
ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-5474-2147
Азан Таңшуақ Дүйсенбекқызы - 7 курс студенті, Астана медицина университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.
E-mail: tanshuaka@gmail.com,
ORCID ID: https://orcid.org/0009-0008-2159-1643

ҒТАМР 06.56.45 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.26**
ӘОЖ 35.08:005.96:352(574)

Е.Б.Аймағамбетов[1], Ж.Ш.Сәрсен[1*]
[1]Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ., 100000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: sarsenovzandos@gmail.com

АЙМАҚТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР: ЭМПИРИКАЛЫҚ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдарындағы мемлекеттік қызметшілердің қызметте қалу ниетімен байланысты факторлар қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – институционалдық, әлеуметтік-экономикалық, басқарушылық-психологиялық және өңірлік факторлардың қызметте қалу ниетімен байланысын эмпирикалық деректер негізінде бағалау. Зерттеу сауалнама нәтижелеріне сүйеніп жүргізілді. Деректер сипаттамалық статистика, факторлық блоктардың ішкі келісімділігін бағалау, Spearman рангілік корреляциясы және көпфакторлы бинарлық логистикалық регрессия арқылы талданды. Зерттеу нәтижелері қызметте қалу ниеті институционалдық және басқарушылық-психологиялық факторлармен неғұрлым тығыз байланысты екенін көрсетті. Көпфакторлы регрессиялық талдау институционалдық факторлардың қызметте қалу ниетімен дербес статистикалық мәнді байланысын анықтады. Мансаптық өсу талаптарының түсініктілігі, бағалау жүйесінің әділдігі, басшылық тарапынан қолдау және ұйым ішіндегі моральдық-психологиялық ахуал респонденттер бағалауында маңызды орын алады. Әлеуметтік-экономикалық және өңірлік факторлар да қызметте қалу ниетімен байланысты болғанымен, олар материалдық қамтамасыз ету, жұмыс жүктемесі, өмір сүру құны және өңірлік жағдайлармен ұштасатын тәуекел аймақтары ретінде көрінеді. Алынған нәтижелер себеп-салдарлық қорытынды ретінде емес, респонденттердің бағалары мен қызметте қалу ниеті арасындағы статистикалық байланыс ретінде түсіндіріледі. Зерттеу қорытындылары өңірлік деңгейде кадр саясатын жетілдіру және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби тұрақтылығын қолдау бағыттарын нақтылауға мүмкіндік береді.

Негізгі сөздер: мемлекеттік қызмет тұрақтылығы, қызметте қалу ниеті, аймақтық деңгей, институционалдық факторлар, әлеуметтік-экономикалық факторлар, басқарушылық-психологиялық факторлар, өңірлік факторлар.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі адами капиталдың сапасына және мемлекеттік қызметшілер корпусының тұрақтылығына тікелей байланысты. Ғылыми әдебиеттерде кадр тұрақтылығы мемлекеттік органдардың институционалдық орнықтылығын, басқарушылық шешімдердің сабақтастығын және мемлекеттік саясаттың тиімді іске асуын қамтамасыз ететін маңызды фактор ретінде қарастырылады [1], [2].

Қазақстанда мемлекеттік қызметшілердің кәсіби тұрақтылығын қамтамасыз ету кадр саясатының стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады. Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында кадр тұрақтылығын арттыру, меритократия қағидаттарын нығайту және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әлеуетін дамыту міндеттері белгіленген. Мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында да тиімді мемлекеттік аппарат қалыптастыру мен басқару сапасын арттыруға ерекше мән беріледі [3], [4].

Шетелдік зерттеулерде мемлекеттік қызметшілердің тұрақтылығы еңбекке қанағаттану, ұйымдық міндеттемелер, басқару стилі және әлеуметтік кепілдіктермен байланысты қарастырылады [5], [6], [7]. Алайда мұндай зерттеулер аймақтық басқару жағдайындағы ерекшеліктерді толық аша бермейді. Қазақстанда стратегиялық құжаттар кадр тұрақтылығын арттырудың жалпы бағыттарын айқындағанымен, аймақтық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің қызметте қалу ниетімен байланысты нақты факторлар эмпирикалық тұрғыдан жеткілікті зерттелмеген.

Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – аймақтық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің қызметте қалу ниетімен байланысты факторларды сипаттау және респонденттердің осы факторларға берген бағалары мен қызметте қалу ниеті арасындағы байланысты бағалау. Зерттеу

нәтижелері Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдарында кадр саясатын жетілдіру кезінде назар аударуды қажет ететін бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдарындағы мемлекеттік қызметшілердің қызметте қалу ниетімен байланысты факторларды бағалауға бағытталған сандық сауалнамаға негізделді.

Сауалнама 2026 жылғы 13 қаңтарда Google Forms платформасы арқылы облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі жергілікті атқарушы органдарға таратылды. Қатысу ерікті және анонимді болды. Мақсатты, ықтималдықсыз іріктеу арқылы 150 жауап жиналып, қатысуға келісім бермеген бір респондент шығарылды (N_valid = 149). Респонденттердің 55,0%-ы ер, 44,3%-ы әйел, 0,7%-ы жынысын көрсетпеген. Басым бөлігі 26–55 жас аралығында болды. Бакалавр дәрежесін 71,8%-ы, магистр дәрежесін 7,4%-ы, өзге білім деңгейін 20,8%-ы көрсеткен. Мемлекеттік қызмет өтілі 13 жылдан асқандар – 37,6%, 8–12 жыл – 25,5%, қалғандары – 36,9%. Лауазымдық құрамы бойынша орындаушылар – 48,3%, басшылар – 30,2%, орта буын қызметшілері – 20,8%, жауап бермегендер – 0,7%.

Сауалнама қызметте қалу ниетін және институционалдық, әлеуметтік-экономикалық, басқарушылық-психологиялық, өңірлік жағдайларды қамтыды. Жауаптар бес балдық Лайкерт шкаласымен бағаланды. Сипаттамалық талдауда олар келісу, бейтарап және келіспеу санаттарына біріктірілді. Негізгі нәтижелік көрсеткіштер ретінде алдағы 12 айда және ұзақ мерзімде қызметте қалу ниеті алынды. Басқа секторға ауысу және соңғы алты айдағы жұмыстан кету ойы қосымша сипаттамалық көрсеткіштер ретінде қарастырылды.

Деректер сипаттамалық статистика және Spearman рангілік корреляциясы арқылы талданды. Факторлық блоктардың жиынтық көрсеткіштері тиісті тұжырымдардың орташа мәнімен есептеліп, ішкі келісімділігі Cronbach’s alpha арқылы бағаланды. Жеке сектордағы балама жұмыс ұсыныстарының тартымдылығы мен жоғары қызметтік күйзеліс туралы тұжырымдар кері кодталды. Бағыты анық емес тұрғын үй индикаторы әлеуметтік-экономикалық жиынтық көрсеткіштен шығарылды. Өңірлік блок бірыңғай тар шкала емес, жинақталған контекстік өлшем ретінде қарастырылды.

Факторлық блоктардың қызметте қалу ниетімен дербес байланысын бағалау үшін екі бинарлық логистикалық регрессиялық модель құрылды. Екі нәтижелік көрсеткіш бойынша «келісемін» және «толық келісемін» жауаптары 1, қалғандары 0 деп кодталды. Модельдерге төрт блоктың орташа көрсеткіштері енгізілді. Блоктардың өзара байланысы корреляция арқылы, мультиколлинеарлық деңгейі VIF арқылы бағаланды. Регрессия нәтижелері OR, 95% сенімділік аралығы және p-мәндерімен берілді (мәнділік шегі $p < 0,05$).

Кестелердегі пайыздар 149 жарамды жауап бойынша бір ондық белгіге дейін дөңгелектелді. Зерттеу бір өңірде жүргізілгендіктен, іріктеме ықтималдықсыз қалыптасқандықтан және ауылдық округ қызметшілерінің үлесі жоғары болғандықтан, нәтижелерді барлық мемлекеттік қызметшілерге жалпылауға болмайды. Бір кезеңде жиналған өзіндік бағалар негізіндегі байланыстар себеп-салдарлық ықпалды дәлелдемейді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Бұл бөлімде мемлекеттік қызметшілердің қызметте қалу ниетіне қатысты сауалнама нәтижелері, факторлық блоктар бойынша бағалар, сондай-ақ корреляциялық және көпфакторлы регрессиялық талдау нәтижелері ұсынылады.

Қызметте қалу ниетіне қатысты жауаптар қысқа мерзімді тұрақтылықтың салыстырмалы түрде сақталғанын, бірақ белгілі бір тәуекелдердің де бар екенін көрсетеді. Алдағы 12 айда қызметін жалғастыруды жоспарлайтынын респонденттердің 65,8%-ы білдірсе, 18,8%-ы бұл пікірмен келіспеген. Сонымен қатар 43,6%-ы мүмкіндік болса, басқа секторға немесе ұйымға ауысу мүмкіндігін қарастыратынын көрсеткен. Ұзақ мерзімді жоспарлар бойынша респонденттердің 42,3%-ы қазіргі жұмыс орнында ұзақ уақыт қызмет етуге ниетті екенін атап өткен, ал соңғы алты айда жұмыстан кету туралы нақты ой немесе ізденіс болғанын 30,9% респондент білдірген.

Институционалдық факторлар бойынша респонденттердің бағалары негізінен оң сипатта. Мансаптық өсу талаптары, қызмет нәтижелерін бағалау жүйесі, іріктеу тетіктері

және кәсіби даму мүмкіндіктері бойынша оң жауаптардың үлесі салыстырмалы түрде жоғары. Сонымен бірге меритократия қағидаты мен жекелеген рәсімдер бойынша теріс және бейтарап жауаптардың сақталуы бұл бағыттарды одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді (1-кесте).

Кесте 1 - Институционалдық жағдайларға қатысты респонденттердің бағалары (N_valid = 149)

Институционалдық индикаторлар	**Келісемін/толық келісемін, %**	**Бейтарап, %**	**Келіспеймін/мүлдем келіспеймін, %**
Мансаптық өсу талаптары мен тәртібінің түсініктілігі	68,5	11,4	20,1
Қызмет нәтижелерін бағалау жүйесінің әділдігі	70,5	8,1	21,5
Лауазымға тағайындауда меритократия қағидатының сақталуы	65,1	14,8	20,1
Кадр резерві және іріктеу тетіктерінің тиімділігі	68,5	14,1	17,4
Қызметтік міндеттер мен жауапкершіліктің нақты регламенттелуі	67,8	10,7	21,5
Оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндіктерінің жеткіліктілігі	69,8	7,4	22,8
Ішкі рәсімдердің жұмыс тиімділігіне кедергі келтірмеуі	71,8	9,4	18,8
Ескерту: пайыздар бес балдық Лайкерт шкаласындағы жауаптарды үш санатқа біріктіру арқылы есептелді және N_valid = 149 негізінде бір ондық белгіге дейін дөңгелектелді. Дөңгелектеу салдарынан үш санаттың жиынтығы 99,9–100,1% болуы мүмкін.			

Әлеуметтік-экономикалық факторлар бойынша еңбекақының жұмыс күрделілігіне сәйкестігі, жұмыс жүктемесі мен еңбекақы арасындағы тепе-теңдік және өмір сүру құнына қатысты теріс бағалар басым. Әлеуметтік кепілдіктер мен материалдық ынталандыру тетіктері де назар аударуды қажет етеді. Респонденттердің осы бағыттар бойынша жауаптары 2-кестеде берілген.

Кесте 2 - Әлеуметтік-экономикалық жағдайларға қатысты респонденттердің бағалары (N_valid = 149)

Әлеуметтік-экономикалық индикаторлар	**Келісемін / толық келісемін, %**	**Бейтарап, %**	**Келіспеймін / мүлдем келіспеймін, %**
Еңбекақы деңгейінің атқаратын қызметтің күрделілігіне сәйкестігі	14,8	13,4	71,8
Әлеуметтік кепілдіктердің (демалыс,	34,9	18,1	47,0

Әлеуметтік-экономикалық индикаторлар	**Келісемін / толық келісемін, %**	**Бейтарап, %**	**Келіспеймін / мүлдем келіспеймін, %**
сақтандыру, төлемдер) жеткіліктілігі			
Жұмыс жүктемесі мен еңбекақы арасындағы тепе-теңдіктің сақталуы	21,5	16,1	62,4
Өңірдегі өмір сүру құны мен табыс деңгейінің сәйкестігі (Қарағанды обл.)	15,4	16,8	67,8
Тұрғын үй мәселесінің (жалға алу, ипотека) қызметте қалу шешіміне әсері	39,6	14,1	46,3
Жеке сектордағы балама жұмыс ұсыныстарының тартымдылығы	42,3	24,8	32,9
Материалдық ынталандыру тетіктерінің (сыйақы, үстеме) жеткіліктілігі	30,9	12,8	56,4
Ескерту: пайыздар бес балдық Лайкерт шкаласындағы жауаптарды үш санатқа біріктіру арқылы есептелді және N_valid = 149 негізінде бір ондық белгіге дейін дөңгелектелді. Дөңгелектеу салдарынан үш санаттың жиынтығы 99,9–100,1% болуы мүмкін.			

Басқарушылық-психологиялық орта бойынша респонденттер басшылық қолдауын, ұжымдағы ахуалды және әділдік қағидатының сақталуын негізінен оң бағалаған. Дегенмен жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерімге қатысты теріс бағалардың болуы және респонденттердің бір бөлігінің жоғары қызметтік күйзелісті көрсетуі бұл бағыттарға қосымша назар аударуды қажет етеді (3-кесте).

Кесте 3 - Басқарушылық-психологиялық ортаға қатысты респонденттердің бағалары (N_valid = 149)

Басқарушылық-психологиялық индикаторлар	**Келісемін / толық келісемін, %**	**Бейтарап, %**	**Келіспеймін / мүлдем келіспеймін, %**
Тікелей басшының қызметтік мәселелер бойынша қолдау көрсетуі	76,5	10,1	13,4
Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың қолайлылығы	79,9	10,1	10,1
Ұйымда әділдік қағидатының сақталуы	80,5	8,1	11,4
Жұмыс жүктемесінің шамадан тыс еместігі	61,7	16,1	22,1
Жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерімнің сақталуы	57,7	16,1	26,2

Қызметтік күйзеліс деңгейінің жоғары болуы*	32,2	19,5	48,3
Ұсыныстар мен пікірлердің ескерілуі	72,5	13,4	14,1
Ұжымдағы қақтығыстарды шешу тетіктерінің тиімділігі	71,8	13,4	14,8
Өзін кәсіби тұрғыда бағаланатын маман ретінде сезіну	76,5	12,8	10,7

* Кері тұжырымдалған индикатор.

Ескерту: пайыздар бес балдық Лайкерт шкаласындағы жауаптарды үш санатқа біріктіру арқылы есептелді және N_valid = 149 негізінде бір ондық белгіге дейін дөңгелектелді. Дөңгелектеу салдарынан үш санаттың жиынтығы 99,9–100,1% болуы мүмкін.

Өңірлік жағдайларға қатысты жауаптар респонденттердің кадр тапшылығының жұмыс жүктемесіне ықпалын, инфрақұрылым мен ресурстардың маңызын және орталық пен өңір арасындағы басқарушылық ерекшеліктердің жұмыс мазмұнына әсерін атап көрсететінін байқатады. Сонымен бірге кәсіби даму мүмкіндіктері мен өңірдегі әлеуметтік ортаның маңыздылығы бағаланған. Бұл нәтижелер өңірлік жағдайлар туралы респонденттердің субъективті бағаларын сипаттайды, ал олардың қызметте қалу ниетімен статистикалық байланысы келесі талдауда қарастырылады (4-кесте).

Кесте 4 - Өңірлік жағдайларға қатысты респонденттердің бағалары (N_valid = 149)

Өңірлік фактор индикаторлары	**Келісемін/толық келісемін, %**	**Бейтарап, %**	**Келіспеймін/мүлдем келіспеймін, %**
Өңірдегі кадр тапшылығы немесе кадр ауысуы жұмыс жүктемесіне әсер етеді	58,4	15,4	26,2
Өңірлік ерекшеліктердің (қашықтық, инфрақұрылым, ресурстар) қызмет тұрақтылығына ықпалы	59,7	16,1	24,2
Орталық пен өңір арасындағы өкілеттіктер мен шешім қабылдау ерекшеліктерінің жұмыс мазмұнына әсері	52,3	20,8	26,8
Қарағанды облысында кәсіби даму мүмкіндіктерінің жеткіліктілігі (жобалар, оқыту, ротация)	63,8	14,1	22,1
Өңірдегі тұрмыс сапасы мен әлеуметтік ортаның қызметте қалу шешіміне әсері	54,4	17,4	28,2

Ескерту: пайыздар бес балдық Лайкерт шкаласындағы жауаптарды үш санатқа біріктіру арқылы есептелді және N_valid = 149 негізінде бір ондық белгіге дейін дөңгелектелді. Дөңгелектеу салдарынан үш санаттың жиынтығы 99,9–100,1% болуы мүмкін.

Факторлық блоктардың ішкі келісімділігі мен қызметте қалу ниетіне қатысты Spearman корреляциясының нәтижелері 5-кестеде берілген.

Кесте 5 - Факторлық блоктардың ішкі келісімділігі және қызметте қалу ниетімен байланысы (N_valid = 149)

Факторлық блоктар	**Индикаторлар саны**	**Cronbach's alpha**	**Алдағы 12 айда қызметте қалу ниетімен байланыс (ρ)**	**Ұзақ мерзім қызмет ету ниетімен байланыс (ρ)**
Институционалдық факторлар	7	0,958	0,592	0,632
Әлеуметтік-экономикалық факторлар	6	0,762	0,347	0,384
Басқарушылық-психологиялық факторлар	9	0,894	0,528	0,543
Өңірлік факторлар	5	0,857	0,345	0,351
Ескерту: Cronbach's alpha факторлық блоктардың ішкі келісімділігін бағалау үшін, ρ – Spearman рангтік корреляция коэффициенті факторлық блоктар мен қызметте қалу ниеті арасындағы байланысты анықтау үшін қолданылды. Барлық көрсетілген корреляциялар p < 0,001 деңгейінде статистикалық мәнді. Жиынтық көрсеткіштерді есептеу кезінде жеке сектордағы балама ұсыныстар мен жоғары қызметтік күйзеліс тұжырымдары кері кодталды; бағыты анық емес тұрғын үй мәселесі туралы тұжырым әлеуметтік-экономикалық корреляциялық көрсеткіштен шығарылды.				

Корреляциялық талдау нәтижелеріне сәйкес қызметте қалу ниетімен ең жоғары байланыс институционалдық және басқарушылық-психологиялық блоктарда байқалады. Әлеуметтік-экономикалық және өңірлік блоктар бойынша байланыс салыстырмалы түрде төмен болғанымен, статистикалық мәнді деңгейде сақталған. Бұл коэффициенттер респонденттердің бағалары мен қызметте қалу ниетінің қатар өзгеруін сипаттайды, бірақ себеп-салдарлық ықпалды дәлелдемейді. Коэффициенттердің бір-бірінен жоғары не төмен болуы олардың айырмашылығы арнайы статистикалық тестпен тексерілді дегенді білдірмейді.

Факторлық блоктардың қызметте қалу ниетімен дербес байланысын анықтау үшін екі бинарлық логистикалық регрессиялық модель бағаланды. Сонымен қатар факторлық блоктардың өзара байланысы және мультиколлинеарлық деңгейі тексерілді. Институционалдық және басқарушылық-психологиялық блоктардың арасында Spearman корреляциясы бойынша ρ = 0,753 байланыс байқалды. VIF көрсеткіштері 1,45–4,18 аралығында болды. Бұл модельде аса жоғары мультиколлинеарлық анықталмағанын көрсетеді, алайда аталған екі блоктың өзара байланысын нәтижелерді түсіндіру кезінде ескеру қажет. Регрессиялық талдау нәтижелері 6-кестеде берілген.

Кесте 6 - Факторлық блоктардың қызметте қалу ниетімен дербес байланысы және мультиколлинеарлық көрсеткіштері (N = 149)

Факторлық блоктар	**VIF**	**12 ай: OR (95% CA); p**	**Ұзақ мерзім: OR (95% CA); p**
Институционалдық	3,75	2,34 (1,20–4,57); 0,013	2,98 (1,42–6,28); 0,004
Әлеуметтік-экономикалық	1,45	1,79 (0,98–3,29); 0,059	1,48 (0,87–2,51); 0,145
Басқарушылық-психологиялық	4,18	1,04 (0,35–3,08); 0,937	0,82 (0,27–2,46); 0,727
Өңірлік	1,99	1,50 (0,72–3,12); 0,281	1,38 (0,70–2,75); 0,353
Ескерту: OR — ықтималдықтар қатынасы; CA — сенімділік аралығы. Әр OR факторлық блок көрсеткішінің бір балға жоғарылауына сәйкес есептелген. p-мәндері HC3 робаст стандарттық қателері негізінде алынған.			

Көпфакторлы талдауда институционалдық блоктың қызметте қалу ниетімен дербес статистикалық байланысы екі модельде де сақталды: алдағы 12 ай үшін OR = 2,34 (95% CA: 1,20–4,57; p = 0,013), ұзақ мерзім үшін OR = 2,98 (95% CA: 1,42–6,28; p = 0,004). Өзге блоктардың

коэффициенттері $p < 0,05$ деңгейінде статистикалық мәнді болған жоқ. Бұл олардың қызметте қалу ниетімен жеке корреляциялық байланысы жоқ дегенді білдірмейді. Нәтижелер факторлық блоктардың өзара байланысы ескерілген модельдерге қатысты түсіндіріледі және себеп-салдарлық ықпалды дәлелдемейді.

Жергілікті атқарушы органдарда кадр тұрақтылығын қолдауға бағытталған ұйымдастырушылық шаралар 7-кестеде берілген.

Кесте 7 - Өңірлерде кадр тұрақтылығын қолдау бойынша практикалық ұсыныстар

Жетілдіру бағыты	Ұсынылатын шара және іске асыру тетігі	Бағалау индикаторы
Мансаптық өсу талаптарының түсініктілігі және қызмет нәтижелерін бағалау әділдігі	Әр қызметшіге жеке мансаптық даму картасын әзірлеу, оның орындалуын қызмет нәтижелерін бағалаумен байланыстыра бақылау және бос лауазымдарға конкурстық іріктеу мен заңнамада көзделген ауысу мүмкіндіктері туралы хабардар ету	Жеке мансаптық карталардағы іс-шаралардың орындалу үлесі; қызмет нәтижелерін бағалау әділдігіне қанағаттану деңгейі
Еңбекақы мен жұмыс күрделілігінің сәйкессіздігі	Мемлекеттік орган басшылығының бақылауымен еңбек күрделілігі мен қызмет нәтижесіне негізделген сыйлықақы бөлу өлшемдерін белгілеу, төлемдердің негізділігін кезеңдік бағалау	Еңбекақыға қанағаттану деңгейі; сыйлықақы бөлу өлшемдерінің сақталуы
Жұмыс жүктемесі мен күйзеліс	Құрылымдық бөлімшелерде тапсырмалардың бөлінуін және артық жұмыс уақытын тоқсан сайын бақылау, жүктемені теңестіру шараларын қарастыру	Артық жұмыс сағаттары және қызметтік күйзеліс деңгейінің өзгеруі
Басқарушылық қолдау	Тікелей басшылардың қызметкерлермен жүйелі жеке кездесулерін ұйымдастыру және қызметтік мәселелер бойынша кері байланыс беру тәжірибесін жетілдіру	Тікелей басшының қолдауына қанағаттану деңгейі
Ескерту: ұсыныстар зерттеу нәтижелеріне негізделген, олардың тиімділігі осы зерттеу аясында тікелей бағаланған жоқ.		

Ұсынылған шаралар институционалдық факторлардың дербес статистикалық байланысын және әлеуметтік-экономикалық, басқарушылық-психологиялық жағдайларға қатысты респонденттердің бағаларын ескере отырып әзірленді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері аймақтық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілердің қызметте қалу ниеті біркелкі емес екенін көрсетті. Респонденттердің 65,8%-ы алдағы 12 айда мемлекеттік қызметті жалғастыруға ниетті болса, ұзақ мерзім қазіргі жұмыс орнында қызмет етуге 42,3%-ы келісім білдірген. Сонымен бірге басқа секторға немесе ұйымға ауысу мүмкіндігін қарастыратын және соңғы алты айда жұмыстан кету туралы ойы болған респонденттердің де елеулі үлесі байқалды. Бұл қысқа мерзімді тұрақтылық сақталғанымен, ұзақ мерзімді кадр тұрақтылығы бойынша тәуекелдердің бар екенін көрсетеді.

Жеке жауаптар негізінде жүргізілген корреляциялық талдау қызметте қалу ниеті мен институционалдық, басқарушылық-психологиялық, әлеуметтік-экономикалық және өңірлік бағалар арасында статистикалық мәнді байланыс бар екенін көрсетті. Байланыс институционалдық және басқарушылық-психологиялық блоктарда салыстырмалы түрде жоғары болды. Бұл мансаптық өсу талаптарының түсініктілігі, бағалау жүйесінің әділдігі, басшылық қолдауы және ұйымдық ахуал сияқты көрсеткіштерді кадр саясаты аясында жүйелі бақылаудың маңызын айқындайды. Сонымен бірге корреляциялық талдау себеп-салдарлық ықпалды дәлелдемейтіндіктен, алынған нәтижелер респонденттердің бағалары мен қызметте қалу ниеті арасындағы статистикалық байланыс ретінде түсіндірілді.

Қосымша көпфакторлы талдау институционалдық бағалардың қызметте қалу ниетімен статистикалық мәнді дербес байланысын көрсетті. Ал басқарушылық-психологиялық бағалардың жеке корреляциялық байланысы болғанымен, төрт блок бірге қарастырылған модельде оның дербес коэффициенті статистикалық мәнді болмады. Сондықтан факторлар бойынша корреляциялық байланыстарды олардың дербес ықпалының дәлелі ретінде түсіндіруге болмайды.

Зерттеудің практикалық маңызы анықталған мәселелер бойынша кадр тұрақтылығын қолдауға бағытталған шаралар мен оларды бағалау индикаторларын ұсынуында көрінеді. Аталған шаралардың нәтижелілігі жергілікті атқарушы органдарда кезеңдік мониторинг арқылы бағалануы мүмкін. Зерттеудің бір өңірде жүргізілуі, ықтималдықсыз іріктеме және деректердің респонденттердің өзіндік бағаларына негізделуі нәтижелерді жалпылауды шектейді. Алдағы зерттеулерде бірнеше өңірді қамтып, сауалнама нәтижелерін нақты кадр ауысуы көрсеткіштерімен салыстыру орынды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Perry J.L. (2010) Public service motivation. In: Durant R.F. (ed.). The Oxford Handbook of American Bureaucracy. Oxford: Oxford University Press.

2 OECD (2019). Recommendation of the Council on Public Service Leadership and Capability (OECD/LEGAL/0445). Paris: OECD Publishing. [Electronic resource] - URL: https://legalinstruments.oecd.org/public/doc/ 641/641.en.pdf (accessed:17.01.2026).

3 Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығымен бекітілген (өзгерістермен және толықтырулармен). [Электрондық ресурс] - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522 (қаралған күні: 20.08.2026).

4 Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 602 Жарлығымен бекітілген. [Электрондық ресурс] - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2400000602 (қаралған күні: 20.08.2026).

5 Moynihan D.P., Pandey S.K. (2007) The role of organizations in fostering public service motivation. Public Administration Review. Vol. 67. №1. P. 40–53. [Electronic resource] - URL: https://onlinelibrary.wiley.com/doi/10.1111/j.1540-6210.2006.00695.x (accessed: 15.01.2026).

6 Rainey H.G. (2014) Understanding and Managing Public Organizations. 5th ed. San Francisco: Jossey-Bass. [Electronic resource] - URL: https://www.wiley.com/en-us/Understanding+and+Managing+Public+Organizations-p-9781118399158 (accessed: 15.01.2026).

7 OECD (2020). Public Service Leadership and Capability: Senior Civil Service. Paris: OECD Publishing,. [Electronic resource] - URL: https://www.oecd.org/governance/public-service-leadership-and-capability-senior-civil-service.htm (accessed: 15.01.2026).

ФАКТОРЫ УСТОЙЧИВОСТИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ РЕГИОНАЛЬНОГО УРОВНЯ: РЕЗУЛЬТАТЫ ЭМПИРИЧЕСКОГО АНАЛИЗА

Аннотация

В статье рассматриваются факторы, связанные с намерением государственных служащих местных исполнительных органов Карагандинской области продолжать службу. Цель исследования – на основе эмпирических данных оценить связь институциональных, социально-экономических, управленческо-психологических и региональных факторов с намерением оставаться на государственной службе. Исследование проведено на основе анкетного опроса. Полученные данные проанализированы с использованием описательной статистики, оценки внутренней согласованности факторных блоков с помощью Cronbach’s alpha, ранговой корреляции Spearman и многофакторной бинарной логистической регрессии. Результаты исследования показали, что намерение продолжать службу в большей степени связано с институциональными и управленческо-психологическими факторами. Многофакторный анализ выявил статистически значимую самостоятельную связь институциональных факторов с намерением продолжать государственную службу. В оценках респондентов важное значение имеют понятность карьерных требований, справедливость системы оценки, поддержка со стороны руководства и морально-психологический климат в коллективе. Социально-экономические и региональные факторы также связаны с намерением оставаться на службе, однако чаще проявляются через вопросы материального обеспечения, служебной нагрузки, стоимости жизни и региональных условий. Полученные результаты следует рассматривать не как причинно-следственные выводы, а как статистическую связь между оценками респондентов и их намерением продолжать службу. Выводы исследования позволяют уточнить направления совершенствования кадровой политики на региональном уровне.

Ключевые слова: устойчивость государственной службы, намерение продолжать службу, региональный уровень, институциональные факторы, социально-экономические факторы, управленческо-психологические факторы, региональные факторы.

FACTORS INFLUENCING THE STABILITY OF REGIONAL-LEVEL CIVIL SERVANTS: RESULTS OF AN EMPIRICAL ANALYSIS

Abstract

The article examines factors associated with the intention of civil servants working in local executive bodies of the Karaganda region to remain in public service. The study aims to assess, based on empirical data, the relationship between institutional, socio-economic, managerial-psychological, and regional factors and the intention to continue working in public service. The study used a questionnaire survey. The data were analyzed using descriptive statistics, Cronbach's alpha to assess the internal consistency of factor blocks, Spearman's rank correlation, and multivariable binary logistic regression. The findings show that the intention to remain in public service is more closely associated with institutional and managerial-psychological factors. The multivariable analysis identified a statistically significant independent association between institutional factors and the intention to remain in public service. Respondents' assessments highlight the importance of clear career requirements, a fair evaluation system, supervisor support, and the team's moral and psychological climate. Socio-economic and regional factors also relate to the intention to remain in service, but they mainly reflect issues of material support, workload, cost of living, and regional conditions. The results should not be interpreted as evidence of causal effects, but rather as statistical relationships between respondents' assessments and their intention to continue service. The findings help clarify directions for improving regional personnel policy.

Keywords: civil service stability, intention to remain in public service, regional level, institutional factors, socio-economic factors, managerial-psychological factors, regional factors.

REFERENCES

1 Perry J.L. (2010) Public service motivation. In: Durant R.F. (Ed.). The Oxford Handbook of American Bureaucracy. Oxford: Oxford University Press. [in English].

2 OECD (2019). Recommendation of the Council on Public Service Leadership and Capability (OECD/LEGAL/0445). Paris: OECD Publishing. Available at: - URL: https://legalinstruments.oecd.org/public/doc/641/641.en.pdf [in English]. (accessed: 17 January 2026).

National Statistics. Dynamics of the main indicators of socio-economic development of Atyrau Region]. Available at: URL: https://stat.gov.kz/region/atyrau/dynamic-tables/4494/ (accessed: 04.09.2026). [in Russian]

15 Byuro natsionalnoi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. Uroven tsifrovoi gramotnosti naseleniya [*Bureau of National Statistics. Level of digital literacy of the population*]. Available at: URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-it/dynamic-tables/ (accessed: 04.09.2026). [in Russian]

16 Byuro natsionalnoi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. Kolichestvo organizatsii, imeyushhikh avtomatizirovannye vnutrennie biznes-protsessy. KSP 291410 [*Bureau of National Statistics. Number of organizations with automated internal business processes*]. Available at: URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-it/dynamic-tables/ (accessed: 04.09.2026). [in Russian]

17 Byuro natsionalnoi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. Obshhaya summa zatrat na informatsionno-kommunikatsionnye tekhnologii. KSP 291501 [*Bureau of National Statistics. Total expenditure on information and communication technologies*]. Available at: URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-it/dynamic-tables/ (accessed: 04.09.2026). [in Russian]

18 Byuro natsionalnoi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. Spisochnaya chislennost rabotnikov na nachalo otchetnogo perioda s uchetom malykh predpriyatii. KSP 253105 [*Bureau of National Statistics. Payroll number of employees at the beginning of the reporting period, including small enterprises*]. Available at: URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-wags/dynamic-tables/ (accessed: 04.09.2026). [in Russian]

19 Byuro natsionalnoi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. Srednegodovaya chislennost naseleniya Atyrauskoi oblasti [*Bureau of National Statistics. Average annual population of Atyrau Region*]. Available at: URL: https://stat.gov.kz/region/atyrau/dynamic-tables/4494/ (accessed: 04.09.2026). [in Russian]

20 Byuro natsionalnoi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. Osnovnye indikatory rynka truda v Atyrauskoi oblasti [*Bureau of National Statistics. Main labour market indicators in Atyrau Region*]. Available at: URL: https://stat.gov.kz/region/atyrau/dynamic-tables/4494/ (accessed: 04.09.2026). [in Russian]

21 Byuro natsionalnoi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan. Finansovo-khozyaistvennaya deyatelnost krupnykh i srednikh predpriyatii Atyrauskoi oblasti [*Bureau of National Statistics. Financial and economic activity of large and medium-sized enterprises of Atyrau Region*]. Available at: URL: https://stat.gov.kz/ru/region/atyrau/dynamic-tables/1501/ (accessed: 04.09.2026). [in Russian]

Information about authors:

Jetpissova Aliya Baitileuovna– **corresponding author,** Candidate of Economic Sciences, MBA, Associate Professor of the Graduate School of Business, Almaty Management University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: a.jetpissova@almau.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8882-7824

Nursultanova Kulyan Nurbaevna – Candidate of Economic Sciences, Associate Professor of the Department of Management, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: k.nursultanova@asu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0009-0006-0976-3161

Utaliyeva Raikhan Sagitzhanovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Management, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: r.utaliyeva@asu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2672-2012

Korgan Bibinur Burkitkyzy - PhD, Kazakh University of Technology and Business named after K. Kulazhanov, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: korgan_bibi@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7545-5075

Информация об авторах:

Джетписова Алия Байтлеуовна – **основной автор,** кандидат экономических наук, MBA, ассоциированный профессор Высшей школы бизнеса УО «Алматы Менеджмент Университет», г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: a.jetpissova@almau.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8882-7824

Нурсултанова Кулян Нурбаевна– кандидат экономических наук, ассоциированный профессор кафедры «Менеджмент», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: k.nursultanova@asu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0009-0006-0976-3161

Уталиева Райхан Сагитжановна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры «Менеджмент», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: r.utaliyeva@asu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2672-2012

Корган Бибинур Буркитовна - PhD, Казахский университет технологии и бизнеса имени К.Кулажанова, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: korgan_bibi@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7545-5075

Авторлар туралы ақпарат:

Джетписова Алия Байтлеуовна – **негізгі автор,** экономика ғылымдарының кандидаты, MBA, «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ Жоғары бизнес мектебінің қауымдастырылған профессоры, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: a.jetpissova@almau.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8882-7824

Нурсултанова Кулян Нурбаевна – экономика ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Менеджмент» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: k.nursultanova@asu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0009-0006-0976-3161

Уталиева Райхан Сагитжановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Менеджмент» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: r.utaliyeva@asu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-2672-2012

Қорған Бибінұр Бүркітқызы – PhD, Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: korgan_bibi@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7545-5075

ҒТАМР 06.71.02 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.30**
ӘОЖ 338.24:330.34(574)

А.Ж.Бактиярова[1*], Ғ.Т. Үсембаева[2], Б.А.Калияскарова[1], К.Ж.Бельдибаева[1]

[1*]Нархоз Университеті,
Алматы қаласы, 050035, Қазақстан Республикасы
[2*]К.Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті
Алматы қаласы, 050010, Қазақстан Республикасы
*e-mail: alfiya.baktiyarova@narxoz.kz

ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЛАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДАМУЫН ТАЛДАУ

Аңдатпа

Макроэкономикалық тұрақсыздық пен сыртқы күйзелістер жағдайында Қазақстан экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін ұлттық экономиканың салалық пропорцияларын терең талдау талап етіледі. Зерттеудің мақсаты 2021–2024 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы ЖІӨ-нің салалық құрылымының трансформациялану серпіні мен шоғырлану деңгейін математикалық әдістер негізінде сандық тұрғыдан бағалау және құрылымдық өзгерістердің сапалық векторын анықтау. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде құрылымдық-динамикалық талдау әдісі қолданылды, оның шеңберінде Гатевтің құрылымдық ығысулар индексі мен Херфиндаль-Хиршман шоғырлану индексі (HHI) есептелді. Ақпараттық-эмпирикалық базаны ҚР Ұлттық статистика бюросының ресми мәліметтері құрады. Авторлық есептеулер нәтижесінде Гатев индексінің өсуі (2024 жылы 0,0854-ге дейін) елдің макроқұрылымы төмен, инертті өзгерістер фазасында екенін және сыртқы күйзелістерге баяу бейімделетінін математикалық тұрғыдан дәлелдеді. HHI индексінің серпіні (0,2296) ұлттық экономиканы әртараптандыру бағытының сапасыз сипатқа ие екенін айғақтады: негізгі құрылымдық ығысу өңдеуші өнеркәсіп (13,60%-дан 12,00%-ға дейін) және тау-кен салалары (14,10%-дан 11,90%-ға дейін) үлесінің азаюы аясында сауда саласы үлесінің (19,10%-ға дейін) артуы есебінен орын алған. Жүргізілген талдау ЖІӨ өсімінің 60%-дан астамы фискалдық ынталандыруға негізделген экстенсивті сипатта екенін көрсетті.

Зерттеудің практикалық маңызы мақалада тұжырымдалған ұсыныстардың мемлекеттік органдар тарапынан индустриялық-инновациялық саясатты түзету, мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін арттыру және капиталдың нақты секторға ағылуын салықтық ынталандыру тетіктерін әзірлеу үшін қолданылу мүмкіндігімен айқындалады.

Негізгі сөздер: ЖІӨ, салалық құрылым, өнеркәсіп, құрылымдық ығысулар, Гатев индексі, Херфиндаль-Хиршман индексі, әртараптандыру, Қазақстан экономикасы.

Кіріспе

Қазақстанның қазіргі экономикасы біртекті емес салалық құрылыммен сипатталады, онда шикізат салаларымен қатар ішкі нарыққа бағдарланған экономикалық қызмет түрлерінің рөлі біртіндеп артып келеді. Шикізат саласы экспорттық кірістер мен елдің экономикалық динамикасын қалыптастыруда маңызды орын алуды жалғастыруда, бұл экономиканың сыртқы баға конъюнктурасының өзгеруіне және әлемдік нарықтардың жай-күйіне тәуелділігін сақтайды. Осыған байланысты салалық құрылымды әртараптандыру Қазақстанның тұрақты ұзақ мерзімді экономикалық өсуін қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі ретінде қарастырылады. Ғылыми жұмыстың өзектілігі болып жатқан құрылымдық өзгерістердің сипатын бағалау қажеттілігімен анықталады. Шикізаттық емес салалардың өсуі экономиканы сапалы әртараптандыруды білдірмейді. Экономикалық қызметтің қандай түрлеріне байланысты жалпы ішкі өнімнің өсуі қалыптасады, олардың экономикалық өсуге қосқан үлесі қаншалықты тұрақты және жекелеген салалардың кеңеюі өнімділіктің жоғарылауымен, өндірістік әлеуеттің дамуымен және экспорттық бәсекеге қабілеттіліктің нығаюымен қатар жүре ме, жоқ па, маңызды.

Қазақстан экономикасының құрылымдық трансформациясы мәселесі шикізатқа тәуелділік, экономикалық әртараптандыру, салалық теңгерімсіздік және орнықты экономикалық өсу мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапты. Ж.А.Оспанбаев, А.М.Мырзахметова, Д.Челетти Қазақстан

экономикасының құрылымдық өзгерістерін макроэкономикалық көрсеткіштер призмасы арқылы, атап айтқанда әртараптандыру мәселелеріне, ЖІӨ құрылымының өзгеруіне, өңдеу өнеркәсібінің дамуына және сыртқы сауда көрсеткіштеріне назар аудара отырып қарастырады [1]. Авторлар ұлттық экономиканы құрылымдық қайта құру, өндірістік және сервистік салалардың рөлін арттыру қажеттілігін атап көрсетеді. Г.М.Аубакирова, Ф.М.Исатаева қосылған құны жоғары өнім экспортына бағдарлана отырып, Қазақстан экономикасының әртараптандырылған моделін қалыптастыру мүмкіндіктерін зерттейді. Авторлар өнеркәсіптегі құрылымдық өзгерістердің баяулауын атап өтіп, шикізаттық емес салалардың бәсекеге қабілеттігін арттыру қажеттілігін атап көрсетеді [2]. A.Amirbek және K.Makhanov 1995-2015 жылдардағы Қазақстан экспортын әртараптандыру процестерін зерттейді және мұнай экспортының рөлін ұлғайту кезінде экспорттық құрылымның жоғары концентрациясының сақталуын көрсетеді [3]. Осы зерттеудің алынған нәтижелері экономика мен экспорттың шикізаттық емес құрамдас бөлігін одан әрі кеңейтудің өзектілігін растайды.

Шетелдік зерттеулерде Қазақстанның экономикалық дамуы үшін құрылымдық факторлардың маңыздылығы да атап көрсетілген. K.Abdulla салалық құрылымның, табиғи ресурстардың, адами капиталдың және физикалық инфрақұрылымның өңірлердің экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықтарға әсерін қарастыра отырып, аймақтық конвергенция контекстінде Қазақстан экономикасының құрылымдық өзгеруін зерттейді [4].

Зерттеу нәтижелері экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде оның салалық құрылымы мен әртараптандыру деңгейінің маңыздылығын растайды. Alibekova және әріптестері Қазақстан өңірлерінің салалық мамандануы мен әртараптандырылуын зерттеп, тұрақты, қалыптасып келе жатқан және әлсіреп бара жатқан салаларды анықтау арқылы өңірлік өнеркәсіптік және инновациялық саясатты жетілдірудің маңыздылығын атап көрсетеді [5].

Ginting E., Horridge M. және Wijerathna D. Қазақстан экономикасының негізгі секторларындағы құрылымдық реформаларды экономикалық әртараптандыруды жеделдетудің негізі ретінде қарастырады. Авторлар ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру, өңдеу өнеркәсібін, көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту және қазақстанның жаһандық құн тізбегіне қатысуын кеңейту қажеттігін атап көрсетеді [6]. Сонымен қатар, қолданыстағы зерттеулердің едәуір бөлігі әртараптандыру, экспорттық құрылым, институционалдық реформалар және ұзақ мерзімді Даму бағыттары мәслелеріне бағытталған. Бұл Қазақстан экономикасының салалық құрылымының нақты динамикасын және экономикалық қызметтің жекелеген түрлерінің экономикалық өсуді қалыптастыруға қосқан үлесін қосымша бағалау қажеттігін айқындайды.

Бірқатар зерттеулер өндіруші секторға тәуелділікті азайту және өңдеу өндірістерін дамыту қажеттілігіне ерекше назар аударады, ал басқа жұмыстар инвестициялардың, ішкі сұраныстың және мемлекеттік экономикалық саясаттың экономика құрылымының өзгеруіне әсерін қарастырады. Сонымен қатар, жекелеген шикізаттық емес салалардың динамикасы экономиканың нақты құрылымдық трансформациясын қаншалықты көрсететінін кешенді бағалау қажеттілігі сақталуда. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, байланыс, көлік және қойма сияқты секторлардағы өзгерістерді қарастыру, сондай-ақ олардың экономикалық өсуді қалыптастырудағы рөлін анықтау ерекше қызығушылық тудырады.

Ғылыми әдебиеттерде «экономиканың салалық дамуы» деген түсініктер бар [7]. Қаншалықты экономика салалары құрылымдық жағынан өзара байланысты болғандықтан, «экономиканың салалық құрылымын дамыту» ұғымы қисынды және синонимды түсінік болып табылады [8]. Қалай болғанда да, бұл ұғымдардың мазмұнын анықтау мүмкін емес. Дегенмен, олар саланың, салалық құрылымның, экономикалық өсу мен дамудың жалпыға белгілі экономикалық тұжырымдамаларымен қисынды түрде байланысты. Салалық

құрылымның дамуы мен экономиканың салалық дамуының айырмашылығы неде, ол қалай жүреді және оны қалай реттеуге болады. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде мазмұны жағынан ұқсас экономика салаларының әртүрлі анықтамалары бар. Мысалы, Б.А.Райзбергтің заманауи экономикалық сөздігінде «сала – бұл өндірілетін өнімнің, технологияның және қанағаттандырылатын қажеттіліктердің қауымдастығына ие кәсіпорындар мен өндірістердің жиынтығы» деп түсіндіріледі. Салалардың экономикалық жүйелері салалық экономикалық жүйені құрайды. Қалай болғанда да, олардың «экономиканы салаларға бөлуді» білдіретін өзіндік құрылымы бар немесе кәсіпорындар мен шаруашылық қызметті сапалы біртекті кәсіпорындар бойынша бөлу деп түсіндіреді [9].

Зерттеудің тұжырымдамалық аппаратын нақтылау үшін ақпараттық-анықтамалық интернет-ресурстарды да пайдаландық. Сонымен, Will Kenton, экономика және инвестициялар мәселелері бойынша Investopedia материалдарының авторы, салаларды ұқсас экономикалық қызмет түрлерімен біріктірілген компаниялар тобы ретінде қарастырады. Мұндай жіктеу шикізатты өндіруге, оны өңдеуге және қызмет көрсетуге байланысты қызметті ажыратуға мүмкіндік береді [10]. Өз кезегінде, салалық даму саясатына арналған number Analytics материалында салалық шаралар экономикалық өсуді ынталандыру және жекелеген секторлардың нақты мәселелерін шешу құралы ретінде қарастырылады [11].

Осылайша, салалық құрылымды зерттеу кезінде жекелеген салалардың динамикасын ғана емес, сонымен қатар олардың ЖІӨ-дегі үлес салмағының өзгеруін, секторлар арасындағы байланысты және мемлекеттік саясаттың әртараптандыру процестеріне әсерін ескеру қажет. Бұл Қазақстан экономикасының құрылымдық өзгерістерін талдау және оның одан әрі даму бағыттарын бағалау үшін әдіснамалық негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді. Салардың дамуы маңызды, өйткені ол әртүрлі салалардың құн тізбегі бойынша экономикалық байланыстар арқылы тікелей және жанама түрде экономиканың өсуі мен дамуын ынталандырады. Екінші салалар ең жақсы өндіріс әдістері мен барынша ұзақ, күрделі құн тізбегінің дамуына әкелетін қосымша құнды арттырады [12].

Экономиканың құрылымдық трансформациясы, жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) салалық құрылымының өзгеруі және өндірісті әртараптандыру мәселелері экономикалық дамудың заманауи зерттеулерінде маңызды орын алады. Халықаралық ғылыми әдебиеттерде құрылымдық өзгерістер жекелеген салалар арасындағы үлестерді қайта бөлу ретінде ғана емес, сонымен қатар өнімділікті, экономиканың мамандануын және елдің халықаралық еңбек бөлінісіне қатысу сипатын өзгерту процесі ретінде қарастырылады. Атап айтқанда, McMillan, Rodrik және Verduzco-Gallo құрылымдық өзгерістер мен еңбек өнімділігінің өсуі арасындағы байланысты зерттейді. Авторлар еңбек және басқа өндірістік ресурстарды әртүрлі өнімділік деңгейлері бар салалар арасында қайта бөлу экономикалық өсу қарқынына айтарлықтай әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді. Нәтижелер құрылымдық трансформация әрдайым тиімділіктің жоғарылауымен қатар жүрмейтінін көрсетеді: оның нәтижелері ресурстарды салааралық қайта бөлу бағытына байланысты [13].

Қазақстанға қатысты Abdulla салалық құрылымның, табиғи ресурстардың, адами капиталдың және физикалық инфрақұрылымның өңірлердің экономикалық дамуындағы айырмашылықтарға әсерін талдайды. Зерттеу нәтижелері экономиканың салалық құрамының кірістер мен экономикалық жақындасу процестеріндегі аймақтық айырмашылықтарды қалыптастырудағы маңызды рөлін көрсетеді. Бұл зерттеу экономиканың құрылымдық сипаттамаларын Қазақстанның экономикалық дамуының біртектілігін анықтайтын факторлардың бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [14].

Қазақстан экономикасын әртараптандыру мәселелері сыртқы экономикалық байланыстар мен жаһандық өндірістік тізбектер призмасы арқылы да қарастырылады. DeRemer, Subramanian және Yergabulova жаһандық құн тізбегіне қатысатын салаларды дамытудағы мемлекет пен Мемлекеттік кәсіпорындардың рөлін зерттейді. Авторлар мемлекеттік саясат жекелеген өндірістерді жаңғыртуға және экономикалық

мамандандыруды кеңейтуге ықпал етуі мүмкін екенін көрсетеді, бірақ оның нәтижелері мемлекеттің қатысу ерекшеліктеріне және салааралық байланыстардың сипатына байланысты. Жұмыста жекелеген салалардың дамуын ғана емес, сонымен қатар олардың халықаралық өндірістік және сауда байланыстарына қосылуын ескеру қажеттілігі көрсетілген [15].

Bibi мұнай кірістері мен тікелей шетелдік инвестициялардың Қазақстанның төлем балансының динамикасына әсерін қарастырады. Зерттеу шетелдік инвестициялардың өндіруші қызметке шоғырлануына және онымен байланысты әртараптандыру шектеулеріне назар аударады. Бұл тәсіл экономикалық өсудің тұрақтылығын бағалау үшін маңызды, өйткені капитал ағынының ұлғаюы салалардың біркелкі дамуына және әртараптандырылған өндірістік құрылымның қалыптасуына кепілдік бермейді [16].

Аталған зерттеулердің құрылымдық өзгерістерді, өңірлік біртектілікті және ресурстық тәуелділікті зерттеуге қосқан елеулі үлесіне қарамастан, бірнеше жыл қатарынан салыстырмалы статистикалық деректер негізінде Қазақстан экономикасының салалық құрылымының серпінін кешенді талдау қажеттілігі сақталып отыр. ЖІӨ-дегі негізгі салалардың үлестерінің өзгеруін және олардың өсу қарқынын бірлесіп бағалау, бұл құрылымдық өзгерістердің бағыттарын анықтауға және байқалған өзгерістердің экономикалық әртараптандыру мақсаттарына қаншалықты сәйкес келетінін анықтауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты осы зерттеу экономиканың негізгі секторларының серпінін және олардың ЖІӨ қалыптастыруға қосқан үлесінің өзгеруін ескере отырып, 2021-2025 жылдары Қазақстанның салалық құрылымының дамуын талдауға бағытталған.

Тақырыптың өзектілігі 2021-2024 жылдардағы геосаяси күйзелістер, инфляциялық қысым және пандемиядан кейінгі трансформация жағдайында Қазақстан экономикасының орнықтылығын бағалау қажеттілігіне байланысты. Осы маңызды кезеңде шикізатқа әлемдік бағаның құбылмалылығы елдің көмірсутегіне тәуелділігін жеделдетіп төмендетуді талап етеді. ЖІӨ құрылымындағы нақты өзгерістерді бақылау және нақты математикалық өлшеу жүргізіліп жатқан реформалардың тиімділігін бағалау және мемлекеттің экономикалық саясатын түзету үшін қажет. Қарастырылып отырған мәселенің маңыздылығы ең жоғары мемлекеттік деңгейде атап өтіледі. ҚР Президенті Қ. Қ. Тоқаев экономиканы әртараптандыру және шикізат пен мұнайға тәуелділіктен біртіндеп кету қажеттілігіне ерекше назар аударып, осы міндеттің стратегиялық өзектілігін атап өтті [17].

Осы мақсатқа жету үшін елде терең құрылымдық реформалар жүргізу, адами капиталды дамыту, тікелей шетелдік инвестицияларды ынталандыру және кәсіпкерлікті қолдау бойынша кешенді шаралар іске асырылуда. Алайда, жоғары мемлекеттік маңыздылығына және макроэкономикалық даму саласындағы іргелі еңбектердің болуына қарамастан, отандық және шетелдік авторлардың қолданыстағы зерттеулерінде белгілі бір ғылыми олқылықтар сақталады. Біріншіден, жұмыстардың көпшілігі мамандандырылған құрылымдық индекстерді қолданбай ЖІӨ-нің ресми статистикасын фиксациялаумен шектелетін дескриптивті (сипаттама) сипатқа ие. Екіншіден, авторлар 2021-2024 жылдар кезеңінде пандемиядан кейінгі күйзелістер мен геосаяси тұрақсыздықтың әсерінен экономиканың қысқа мерзімді трансформациясының ерекшелігін елемей, ұзақ мерзімді тарихи трендтерді жиі талдайды.

Соңғы төрт жылдағы Қазақстанның ЖІӨ құрылымындағы өзгерістердің сапалық векторының жеткіліксіз зерттелуі және әлсіз математикалық верификациясы осы зерттеуді жүргізу қажеттігін дәйекті түрде дәлелдеді. Елде нақты сапалық өзгерістер болып жатқанын немесе экономика инертті болып қала беретінін және мемлекеттік әртараптандыру бағдарламаларына қайшы келетін жекелеген салалардың айналасында шоғырланғанын көрсете алатын дәл эконометрикалық құралдар қажет.

Осыған байланысты, зерттеудің мақсаты Ұлттық экономиканы дамытудың нақты сапалық векторын анықтау үшін Гатев пен Херфиндаль-Хиршмань индекстерін есептеу негізінде 2021-2024 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасының ЖІӨ-нің салалық

құрылымының трансформация динамикасын және шоғырлану деңгейін сандық бағалау болып табылады.

Салалық даму экономиканы әртараптандыруға, инвестициялар тартуға және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға ықпал ете отырып, Қазақстанның экономикалық өсуінде шешуші рөл атқарады. Ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс және тау-кен өнеркәсібі сияқты әртүрлі секторлардың дамуы тұрақты экономикалық өсуге және шикізат секторына тәуелділіктің төмендеуіне ықпал етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігінің Ұлттық Статистика Бюросының 2021-2024 жылдардағы ресми статистикалық деректері құрады. Зерттеудің негізгі көрсеткіштері болып экономикалық қызмет түрлері бойынша ЖІӨ көлемі мен олардың жалпы ішкі өнім құрылымындағы үлес салмағы табылады. Ресми статистика Ұлттық шоттар жүйесінің динамикалық кестелерінде, соның ішінде ЖІӨ-ді өндіріс әдісімен және ЖІӨ құрылымымен ұсынылған.

Зерттеу бірнеше дәйекті кезеңдерде жүргізілді. Бірінші кезеңде 2021-2024 жылдардағы экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша деректер базасы қалыптастырылып, осы алынған статистикалық деректер негізінде экономикалық қызметтің әрбір түрі бойынша ЖІӨ көлемі және олардың ЖІӨ-нің жалпы көлеміндегі үлесі айқындалды. Екінші кезеңде ЖІӨ құрылымындағы экономикалық қызметтің әрбір түрінің үлес салмағы тиісті экономикалық қызмет түрі (экономиканың салалары) бойынша ЖІӨ көлемінің пайызбен көрсетілген ЖІӨ-нің жалпы көлемімен арақатынасы арқылы анықталды. Үшінші кезеңде зерттелетін кезеңдегі экономикалық қызметтің жекелеген түрлерінің құрылымдық рөлінің өзгеруі бағаланды. Бұл үшін олардың 2021 және 2024 жылдардағы үлес салмағы салыстырылды. Алынған шама ЖІӨ құрылымындағы экономикалық қызметтің тиісті түрінің үлес салмағының пайыздық өзгеруін көрсетеді. Төртінші кезеңде 2021-2024 жылдардағы экономикалық қызметтің әр түрінің көлемінің динамикасы есептелді. Ол үшін 2021 және 2024 жылдардағы мәндерін салыстыру арқылы зерттелетін кезеңдегі экономикалық қызметтің тиісті түрінің көлемінің пайыздық өзгерісі анықталды. Бесінші кезеңде алынған нәтижелерді салыстыру жүргізілді.

Бесінші кезеңде алынған нәтижелерді салыстыру жүргізілді. ЖІӨ құрылымындағы экономикалық қызметтің әр түрінің үлес салмағының өзгеруі оның зерттелетін кезеңдегі көлемінің өзгеруімен салыстырылды. Бұл экономикалық қызметтің тиісті түрінің көлемінің ұлғаюы оның ЖІӨ құрылымындағы үлесінің өсуімен қатар жүрді ме, әлде көлемнің ұлғаюына қарамастан оның құрылымдық үлесі төмендеді ме, соны анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің әдіснамалық базасын тереңдету және анықталған тенденцияларды математикалық растау үшін алгоритм алтыншы және жетінші кезеңдермен толықтырылды. Алтыншы кезеңде Гатевтың құрылымдық ығысу (жылжу) индексін қолдана отырып, макроқұрылымның өзгеру қарқындылығы мен жылдамдығын бағалау жүзеге асырылды. Бұл әдіс экономикада нақты сапалық өзгерістер болып жатқанын немесе оның құрылымы инертті болып қалатынын математикалық түрде дәлелдеуге мүмкіндік береді. Есептеу келесі формула бойынша жүргізілді:

$$\text{Гатев индексі} = \sqrt{\left(\sum \left(d_{i1}-d_{i0}\right)^2 / \left(\sum d_{i1}^2 + \sum d_{i0}^2\right)\right)} \quad (1)$$

Мұндағы d_{i1} және d_{i0} сәйкесінше ағымдағы және базистік (2021ж) кезеңдердегі талданатын салалардың жалпы көлеміндегі і-ші саланың үлесі, кезеңдердегі талданатын секторлардың жалпы көлеміндегі і-ші саланың үлесі; ∑-қосынды белгісі. Индекстің мәні 0-ден (абсолютті тұрақтылық) 1-ге дейін (құрылымның толық өзгеруі).

Жетінші кезеңде Ұлттық экономиканың моноқұрылымдылық немесе әртараптандыру деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін ЖІӨ-нің салалық құрылымы үшін Герфиндаль-Хиршман шоғырлану индексі (HHI) төмендегі формула бойынша есептелді:

$$HHI=\sum(d)^2 \quad (2)$$

HHI көрсеткішінің өсуі экономиканың жекелеген салалар төңірегіндегі шоғырлануының күшеюін көрсетеді, ал оның төмендеуі әртараптандыру процестерін көрсетеді.

Осылайша, зерттеу алгоритмі статистикалық базаны дәйекті қалыптастыруды, экономикалық қызмет түрлері бойынша ЖІӨ көлемін анықтауды, олардың ЖІӨ құрылымындағы үлес салмағын есептеуді, құрылымдық үлестердің өзгеруін бағалауды, сондай-ақ салалық құрылымдардың ығысу (жылжу) қарқындылығы мен шоғырлану деңгейін математикалық модельдеуді қамтыды. Бұл тәсіл 2021-2024 жылдары Қазақстан экономикасы құрылымындағы негізгі өзгерістерді анықтауға және верификациялауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Соңғы жылдары Қазақстан әкімшілік кедергілерді азайтуға, іскерлік ахуалды жақсартуға және негізгі салаларға капитал тартуға бағытталған экономика саласында ауқымды реформалар жүргізді. Стратегиялық секторлардың дамуын ынталандыру үшін арнайы экономикалық аймақтар, индустриялық парктер және инвестициялық преференциялар құрылды.

Бүгінгі таңда экономикалық өсудің негізгі бағыттарына агроөнеркәсіптік кешен, өңдеу өнеркәсібі, тау-кен металлургия секторы, машина жасау, химия өнеркәсібі, цифрлық технологиялар және жаңартылатын энергетика кіреді. Бұл салалар тұрақты өсуді көрсетеді және шетелдік және жергілікті инвесторлар үшін жоғары әлеуетке ие.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше 2021-2025 жылдың наурыз аралығында ЖІӨ өсу қарқыны келесідей орын алған (1-сурет).



Сурет 1. 2021-2024жж аралығындағы ҚР ЖІӨ өсу қарқыны, %

Ескерту: [18] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2021-2024 жылдар кезеңіндегі Қазақстан Республикасының ЖІӨ өсу қарқынының серпінін талдау макроэкономикалық дамудың толқын тәрізді траекториясын көрсетеді. 2021 жылы нақты ЖІӨ-нің өсу қарқыны 4,30% құрады, бұл «төмен база» әсерінен және пандемиялық дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру процестерінен туындады. Алайда, 2022 жылы ауқымды геосаяси күйзелістердің, дәстүрлі көлік-логистикалық тізбектердің үзілуінің және инфляциялық қысымның күшеюінің әсерінен талданатын кезеңде өсу қарқыны ең төменгі мәнге 3,20% - ға дейін баяулады.

2023 жылы Ұлттық экономика сыртқы сын-қатерлерге бейімделуді көрсетті, өсудің ең жоғары мәні 5,10% деңгейінде болды, ол 2024 жылы бұл көрсеткіш түзетіліп, тұрақты 4,80% деңгейінде қалыптасты.

Маңызды ғылыми нақтылау: ЖІӨ-нің жалпы көлемінің оң динамикасы (жылына орта есеппен 4% - дан жоғары) бір қарағанда макроэкономикалық тұрақтылықтың бар екендігін көрсеткендей болды. Алайда, құрылымдық талдау әдістемесінің қатаң талаптарына сәйкес, ЖІӨ-нің жиынтық өсуі ішкі теңгерімсіздіктерді жасыруы мүмкін. Бұл өсу қарқынының нақты қандай факторлардың, яғни өндірістің сапалы дамуының ба, немесе қызмет көрсету саласының экстенсивті кеңеюінің есебінен бе – қамтамасыз етіліп отырғанын түсіну үшін жалпы көлемді қарастырудан ЖІӨ құрылымын егжей-тегжейлі талдауға көшу қажет.

Дәл осы макроэкономикалық динамика (1-сурет) Гатев пен Херфиндаль-Хиршманның арнайы индекстерін қолдана отырып, біздің әрі қарайғы тереңдетілген зерттеулерімізді жүргізуге түрткі болды, олардың нәтижелері төменде көрсетілген.

Соңғы жылдардағы ЖІӨ-нің құрамында мұнайлық емес салалардан басқада өнеркәсіп, өңдеуші өнеркәсіп, тау-кен саласы, көлік және құрылыс, байланыс, ауыл шаруашылығы және сауда сияқты салаларда маңызды роль атқарады (2-сурет).



Сурет 2. 2021-2024жж аралығындағы ЖІӨ-нің негізгі салалар бойынша бөлінісі, млрд теңге

Ескерту [18. - 20] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Кесте 1 - Қазақстан Республикасы ЖІӨ-нің салалық құрылымының серпіні мен құрылымдық индекстері (2021-2024 жж.)

Сала/Көрсеткіш	2021жыл	2022жыл	2023жыл	2024жыл
Өңдеуші өнеркәсіп	13,60%	13,40%	12,30%	12,00%
Тау-кен өнеркәсібі	14,10%	14,50%	12,60%	11,90%
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	5,10%	5,20%	4,30%	3,90%
Құрылыс	5,80%	5,30%	5,60%	5,80%
Көлік және қоймалау	6,80%	6,20%	5,20%	5,60%
Сауда	16,80%	16,40%	18,20%	19,10%
Ақпарат және байланыс	2,30%	2,10%	2,00%	2,20%
Басқа салалар (қызметтер және т.б.)	35,50%	36,90%	39,80%	39,50%
ЖІӨ қосындысы	100,0%	100,0%	100,0%	100,0%
Гатевтің құрылымдық ығысу (жылжу) индексі	-	0,0268	0,0799	0,0854
Херфиндаль-Хиршман индексі	0,2037	0,2118	0,2306	0,2296
Ескерту: [18. - 22] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған				

Макроқұрылымдық өзгерістерді тереңірек бағалау үшін іріленген салалардың ішкі талдауынан барлық Ұлттық экономика деңгейіндегі ЖІӨ-нің толық салалық құрылымына көшу қажет. Төменде 2021–2024 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы ЖІӨ-нің нақты салалық құрылымының серпіні көрсетілген (3-сурет).



Сурет 3. Негізгі салалардың құрылымдық динамикасы,%-бен

Ескерту: [18. - 23] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

1-кестенің нақтыланған есептік деректері және 3-суреттің динамикасы 2021-2024 жылдар кезеңіндегі Қазақстан Республикасының экономикасындағы құрылымдық өзгерістердің сипаты мен бағыты туралы бірыңғай, дәйекті және математикалық негізделген қорытынды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Гатевтің есептелген құрылымдық ығысулар индексі талданған кезеңде біртіндеп өсу тенденциясын көрсетті, бұл көрсеткіш 2022 жылғы 0,0268-ден 2024 жылы 0,0854-ке дейін өсті (2021 базалық жылға қатысты). Құрылымдық өзгерістердің академиялық классификациясына сәйкес 0,0-ден 0,1-ге дейінгі диапазондағы индекс мәндері құрылымдық ығысулардың төмен қарқындылығын көрсетеді. Осылайша, Қазақстанның салалық макроқұрылымы әлі де өзгерістердің инертті фазасында екендігі математикалық дәлелденді. Бұл Ұлттық экономиканың архитектоникасы ауқымды сыртқы геосаяси және макроэкономикалық күйзелістерге қарамастан, ішкі құрылымдық өзгерістерге баяу бейімделетінін көрсетеді.

Сонымен қатар, Херфиндаль-Хиршман шоғырлану индексінің (HHI) динамикасы 2021 жылы 0,2037-ден 2024 жылы 0,2296-ға дейін өсті. Индекстің бұл тренді экономиканың нақты секторларындағы шоғырлану деңгейінің күшеюін және нәтижесінде нақты әртараптандыру процестерінің баяулауын ғылыми негіздейді.

Салалық талдау осы құрылымдық инерция мен шоғырланудың себептерін былайша түсіндіреді: құрылымдық өзгерістердің негізгі драйвері (қозғаушы күші) жоғары технологиялық өндіріс немесе өңдеу секторы емес, бөлу және қызмет көрсету салалары болып табылады. ЖІӨ құрылымындағы сауда үлесі айтарлықтай өсті, 2021 жылғы 16,80% - дан 2024 жылы 19,10% - ға дейін өсті (+2,3%). Керісінше, экономиканың индустриалды өзегі болып саналатын өңдеу өнеркәсібі (13,60% - дан 12,00% - ға дейін төмендеу) және тау-кен секторы (14,10% - дан 11,90% - ға дейін төмендеу) іс жүзінде бір мезгілде төмендеу тенденциясын көрсетеді. Ресурстар мен капиталдың нақты өндірістік сектордан сауда-сервистік салаларға ауысуы отандық бизнестің ұзақ мерзімді және жоғары тәуекелді капиталды көп қажет ететін өндірістерден қаражат айналымы жылдам сауда саласын артық көретінін айқындайды.

Нәтижелерді талқылау. Алынған эмпирикалық нәтижелер елімізде іске асырылып жатқан индустрияландыру және экономиканы әртараптандыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін сыни бағалауға мүмкіндік береді. Өңдеуші өнеркәсіптің үлес салмағын 13,60% - дан 12,00% - ға дейін қысқаруы қолданыстағы институционалдық тетіктер мен мемлекеттік қолдау шаралары әлі де отандық өндірістің тұрақты озыңқы өсуін қамтамасыз ете алмайтынын айқын дәлелдейді. . Капитал мен ресурстардың нақты саладан сауда-қызмет көрсету салаларына қарай ығысуы отандық бизнестің жоғары инвестициялық тәуекелдері бар және ұзақ өтелу мерзімі бар капиталды көп қажет ететін өндіріске қарағанда қаражат айналымы жылдам (сауда) саласын артық көретінін дәлелдейді. Осы макроэкономикалық теңгерімсіздікті сақтау ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді тұрақтылығы үшін стратегиялық тәуекелдер туғызады және оның импортты алмастыру әлеуетін төмендетеді.

Қорытынды

2021-2024 жылдар кезеңіндегі Қазақстан Республикасының Жалпы ішкі өнімінің салалық құрылымдарының дамуының құрылымдық-динамикалық сипаттамаларын зерттеу және салалық ерекшеліктерді терең талдаудың нәтижесі келесі түйінді тұжырымдарды жасауға мүмкіндік берді:

1) Гатевтің құрылымдық ығысу индексін есептеу негізінде (ол 2022 жылы 0,0268-ден 2024 жылы 0,0854-ке дейін өст) елдің макроқұрылымы төмен, инертті өзгерістер кезеңінде екендігі математикалық түрде дәлелденді. Бұл зерттелген кезеңдегі ауқымды сыртқы күйзелістерге экономиканың ішкі архитектоникасының (құрылымының) жоғары деңгейдегі қатаңдығын мен әлсіз бейімделуін көрсетеді. Экономикалық өсудің осындай үлгісі көбінесе циклдық сипатқа ие, бұл өз кезегінде экономиканың қызып кету қаупін тудырады. Бюджет шығыстарының ұлғаюы инфляциялық қысымды күшейтеді және жеке салалардағы өнімділікті арттыруға ынталандыруды азайтады.

2) Херфиндаль-Хиршман индексінің (HHI) 0,2037-ден 0,2296-ға дейін өсу серпіні экономиканың нақты шоғырлану үрдісін көрсетті. Бұл құрылымдық трансформацияның сипатын айқындайды: еліміздің индустриялық өзегі — өңдеу өнеркәсібі (13,60%-дан 12,00%-ға дейін) және тау-кен өндірісі саласы (14,10%-дан 11,90%-ға дейін) үлестерінің синхронды түрде қысқаруы орын алуда. Сонымен қатар, олардың босаған нарықтық тауашасын үлесі 19,10%-ға дейін өскен сауда-қызмет көрсету саласы басып озады. Осылайша, Қазақстанның құрылымдық трансформациясы индустриялық-өндірістік сипатта емес, айқын сауда-бөлу сипатына ие.

3) Салалық деңгейде құрылыс саласы (үлесі 5,80%) бюджет шығыстарын ұлғайту және ұлттық жобаларды іске асыру есебінен өсудің негізгі драйвері болып қала береді, алайда оның мемлекеттік инвестицияларға шамадан тыс тәуелділігі «қызып кету» әсерін тудырады. Көлік және қоймалау саласы (үлесі 5,60%) сауда белсенділігінің кеңею есебінен жоғары серпінді көрсетті, бұл ретте теміржол көлігі жүк тасымалдарының жалпы көлемінің 61% -н қамтамасыз етсе, ал автомобиль тасымалдарының көлемі 44,6% - ға өсті. Ауыл шаруашылығы (3,90%) және байланыс (2,20%) саласында мемлекеттік қолдаудың жоғары деңгейіне қарамастан, өнімділіктің негізгі көрсеткіштері әлі де тұрақсыз және құрылымдық жағынан шектеулі болып отыр. Жүргізілген талдау елдің ЖІӨ өсімінің 60% - дан астамы осы салалардың фискалдық ынталандыруға сүйене отырып, жоғарыда аталған салалардың экстенсивті дамуы есебінен қамтамасыз етілетінін көрсетеді.

Анықталған макроэкономикалық теңгерімсіздіктерді еңсеру және экономикалық өсудің сандық бағалауынан оның сапасы мен ұзақ мерзімді өндірістік әлеуетін арттыруға көшу үшін келесі шаралар ұсынылады:

– Салаларды мемлекеттік қолдау жүйесін құрылымдық әсер негізінде жетілдіру. Мемлекеттік ресурстарды бөлу кезінде саланың ЖІӨ қалыптастыруға тікелей қосқан үлесіне ғана емес, оның инвестициялық белсенділікке, еңбек өнімділігіне, аралас өндірісті дамытуға (мультипликативтік әсерін) және экспорттық әлеуетті қалыптастыруға әсерінде

ескеру қажет. Сондай ақ, бизнестің барлық субъектілері үшін сыйақы мөлшерлемелерін жаппай (фронтальды) субсидиялау тәжірибесінен бас тартып, қатаң қарсы міндеттемелер және селективті (таңдамалы) қолдауға көшу қажет. Мемлекеттік субсидиялар мен салықтық жеңілдіктер тек қана өнімділікті арттыру мен экспорттың өсуі жөніндегі нақты міндеттемелері бар, жоғары (3-ші және 4-ші) деңгейдегі қайта өңделген өнім шығаруға бағытталған өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына берілуі тиіс.

–Капиталдың салааралық ағынын ынталандыру: Алыпсатарлық және сауда капиталын нақты өндірістік салаларға қайта бағыттау мақсатында сауда қызметінен түсетін пайданы жаңа өңдеу қуаттарын (Greenfield-жобалар) құруға бағыттайтын отандық инвесторлар үшін салықтық преференцияларды (мысалы, алғашқы 3-5 жылдағы корпоративтік табыс салығын нөлге келтіру) енгізу ұсынылады.

–Сауда, көлік-логистика кешені және өндірістік сала арасындағы байланысты нығайту. Сауда мен көлік саласының жеделдетілген серпінін ЖІӨ өсуінің дербес көзі ретінде ғана емес, отандық өңдеу өнеркәсібінің өндірістік және экспорттық тізбектерінің тиімділігін арттыру тетігі ретінде қарастыру қажет. Салықтық ынталандыру тетіктері арқылы сауда капиталының өндірістік салаларға ағынын қамтамасыз ету орынды.

–Мемлекеттік шығыстардың құрылымдық қайтарымын арттыру: Құрылыс және инфрақұрылымдық салаларға мемлекеттік инвестициялар сұранысты қысқа мерзімді қолдауға емес, ұзақ мерзімді өндірістік активтерді қалыптастыруға, құрылыс материалдарының отандық базасын дамытуға және технологиялық жаңғыртуға көбірек бағытталуы тиіс. Бұл тәсіл құрылыс белсенділігін салааралық байланыстарды нығайту факторына айналдыруға мүмкіндік береді.

–Салалық саясаттың нәтижелілігін бағалау критерийлерін жетілдіру. Экономикалық өсімнің бюджеттік ынталандыруға және шикізат конъюнктурасына тәуелділігі жағдайында ЖІӨ өсуінің бір ғана көрсеткіші жеткіліксіз. Бағалаудың қосымша критерийлері ретінде салалық еңбек өнімділігінің өсу индексін, өндірістің ғылыми қамтылу деңгейін, сондай-ақ экспортталатын өнімнің экономикалық күрделілік индексін (Economic Complexity Index) енгізу қажет. Бұл индикаторлар іске асырылатын құрылымдық өзгерістердің тұрақтылығы мен сапасын объективті бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

–Өнеркәсіптік инфрақұрылымды дамыту және кластерлеу: индустриялық салалар үлесінің төмендеуін ескере отырып, арнайы экономикалық аймақтардың және индустриялық аймақтардың рөлін күшейтіп, оларды дайын инфрақұрылыммен «дайын күйінде (под ключ)» қамтамасыз ету қажет. Бұл бизнестің бастапқы күрделі шығындарын азайтуға, инвестициялық тәуекелдерді азайтуға және сауда саласымен салыстырғанда капиталды көп қажет ететін өңдеу салаларының инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Ospanbayev Zh.A., Myrzakhmetova A.M., Celetti D. Structural changes in the economy through the prisim of macroeconomic indicators: On the example of the Republic of Kazakhstan. [Electronic resource] – URL: https://bbr.buketov.edu.kz/economy-vestnik/article/view/461 (accessed: 23.06.2025)

2 Аубакирова Г.М., Исатаева Ф.М. Новые подходы к построению диверсифицированный экономики: опыт Казахстана. [Электронный ресурс] –URL: https://ecfor.ru/wp-content/uploads/2021/11/postroenie-diversifitsirovannoj -ekonomiki-v-kazahstane.pdf (дата обрщаения: 23.06.2025)

3 Amirbek A., Makhanov K. Export Diversification in Kazakhstan: Structural Change of Exports from 1995 to 2015. [Electronic resource] –URL: https://bulpolit.enu.kz/index.php/main/article/view/321 (accessed: 23.06.2025)

4 Abdulla K. Regional convergence and structural transformation in a resource –dependent country. [Electronic resource]–URL: https://econpapers.repec.org/scripts/redir.pf?u=http%3A%2F%2Fwww.sciencedirect.com%2Fscience%2Farticle%2Fpii%2FS0954349X21001363;h=repec:eee:streco:v:59:y:2021:i:c:p:548-557 (accessed: 24.06.2025)

5 Alibekova G., Alzhanova F., Osmanov Z., & Omarov A. (2023). Regional specialization and diversification of industries in Kazakhstan. *Journal of Eastern European and Central Asian Research, Vol.10(5).* P.898–906. [Electronic resource] –URL:https://doi.org/10.15549/jeecar.v10i5.1096(accessed: 14.10.2026)

6 Ginting E., Horridge M., Kapsalyamova Z, Wijerathna D. Key Structural Reforms in Selected Sectors: Assessing their Impact on Economic Diversification. [Electronic resource] –URL: https://www.adb.org/publications/kazakhstan-economic-diversification (accessed: 25.06.2025)

7 Носачевская Е.А. О системных мерах по ускоренному отраслевому развитию отечественной экономики. «Бизнес. Образование. Право». -№3 (64). -2023. –С.87-92

8 Васечко Д.Ю. Развитие отраслевой структуры экономики в условиях глоболизации. [Электронный ресурс] - URL: http://sun.tsu.ru/mminfo/2012/000420004/ 000420004.pdf (дата обрщаения: 25.06.2025)

9 Райзберг Б.А. Современный экономический словарь. [Электронный ресурс] -URL: https://www.labirint.ru/books/680457/ (дата обращения: 25.06.2025)

10 What is an Economic Sector and How Do the 4 Main Types Work. [Electronic resource] – URL: https://www.investopedia.com/terms/s/sector.asp (accessed: 25.06.2025)

11 Sectoral Development Policies. Available at: -URL: https://www.numberanalytics.com/blog/ultimate-guide-sectoral-development-policies (accessed: 25.06.2025)

12 N.Trachter. Sectoral Development Multipliers. Available at: -URL: https://www.richmondfed.org/-/media/RichmondFedOrg/publications/research/working_papers/2024/wp24-02.pdf (accessed: 25.06.2025)

13 McMillan M., Rodrik D., & Verduzco-Gallo, I. (2014). Globalization, Structural Change, and Productivity Growth, with an Update on Africa. World Development. Vol. 63. P.11-32 Available at: -URL: https://www.sciencedirect.com/getaccess/pii/S0305750X13002246/purchase (accessed: 14.10.2026)

14 Abdulla K. (2021). Regional convergence and structural transformation in a resource –dependent country. Structural Change and Economic Dynamics. Vol. 59. P.548- Available at: -URL: https://www.sciencedirect.com/journal/structural-change-and-economic-dynamics/vol/59/suppl/C (accessed: 14.10.2026)

15 DeRemer D.R., Subramanian V., & Yergabulova A. (2025). A global value chain approach to economic diversification and resilience in resource-rich states: The case of Kazakhstan. Journal of International Business Police. Vol. 8. P.270-297

16 Bibi S. (2024). Oil revenues FDI and balance of payment: The case of Kazakhstan between the supercycle commodity boom and financial subordination. Recources Police. Vol. 90. P.1-11

17 Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан Халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс] -URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses (қаралу уақыты 25.06.2025)

18 Қазақстан Республикасы Стратегиялық Жоспарлау және реформалау Агенттігі Ұлттық Статистика Бюросы. [Электрондық ресурс] -URL: https://stat.gov.kz/industries/economy/national-accounts/publications/304392/ (қаралу уақыты 28.06.2025)

АНАЛИЗ РАЗВИТИЯ ОТРАСЛЕВЫХ СТРУКТУР КАЗАХСТАНА

Аннотация

Обеспечение устойчивого развития экономики Казахстана в условиях макроэкономической нестабильности и внешних шоков требует глубокого анализа отраслевых пропорций национального хозяйства. Целью настоящей статьи является количественная оценка динамики трансформации и уровня концентрации отраслевой структуры ВВП Республики Казахстан за период 2021–2024 гг. на основе математических методов, а также определение качественного вектора структурных изменений. В качестве методологической основы использован метод структурно-динамического анализа, в рамках которого рассчитаны индекс структурных сдвигов Гатева и индекс отраслевой концентрации Херфиндаля-Хиршмана (HHI). Информационно-эмпирическую базу работы составили официальные данные Бюро национальной статистики РК.

В результате авторских расчетов последовательный рост индекса Гатева (до 0,0854 в 2024 году) математически доказал, что макроструктура страны находится в фазе низких, инертных изменений и медленно адаптируется к внешним вызовам. Динамика индекса HHI (0,2296) выявила качественные дисбалансы диверсификации: основной структурный сдвиг произошел в пользу сектора торговли (рост до 19,10%) на фоне одновременного сжатия долей индустриального ядра — обрабатывающей (с 13,60% до 12,00%) и горнодобывающей промышленности (с 14,10% до 11,90%). Анализ показал, что более 60% роста ВВП опирается на экстенсивные факторы фискального стимулирования.

Практическая значимость исследования заключается в возможности использования сформулированных рекомендаций государственными органами при корректировке программ индустриально-инновационного развития, повышении селективности мер государственной поддержки и разработке механизмов налогового стимулирования перетока капитала в реальный сектор экономики

Ключевые слова: валовой внутренний продукт (ВВП), отраслевая структура, структурные сдвиги, индекс Гатева, индекс Херфиндаля-Хиршмана (HHI), диверсификация экономики, экономика Казахстана.

ANALYSIS OF THE DEVELOPMENT OF INDUSTRY STRUCTURES IN KAZAKHSTAN

Abstract

Ensuring Kazakhstan's sustainable economic development amid macroeconomic instability and external shocks requires a thorough analysis of the national economy's sectoral proportions. This article quantitatively evaluates the transformation dynamics and concentration level of the Republic of Kazakhstan's GDP sectoral structure for 2021–2024 using mathematical methods, and determines the qualitative vector of structural change. The study used structural and dynamic analysis as the methodological framework, within which the Gatev structural shift index and the Herfindahl-Hirschman Index (HHI) of sectoral concentration were calculated. Official data from the Bureau of National Statistics of the RK formed the empirical basis of the work.

The author's calculations show consistent growth in the Gatev index (up to 0,0854 in 2024), mathematically proving that the country's macrostructure is in a phase of low, inert change and adapts slowly to external challenges. The dynamics of the HHI index (0,2296) revealed qualitative imbalances in diversification: the main structural shift occurred in favor of the trade sector (growth up to 19.10%) against the background of a simultaneous contraction in the shares of the industrial core — manufacturing (from 13.60% to 12.00%) and mining industries (from 14.10% to 11.90%). The analysis showed that more than 60% of GDP growth depends on extensive fiscal stimulus.

The study's practical significance lies in the possibility of using the formulated recommendations by state authorities to adjust industrial and innovation development programs, increase the selectivity of state support measures, and develop tax incentive mechanisms to attract capital into the real sector of the RK economy.

Keywords: gross domestic product (GDP), sectoral structure, structural shifts, Gatev index, Herfindahl-Hirschman Index (HHI), economic diversification, economy of Kazakhstan.

REFERENCES

1 Ospanbayev Zh.A., Myrzakhmetova A.M., Celetti D. Structural changes in the economy through the prisim of macroeconomic indicators: On the example of the Republic of Kazakhstan. Available at: -URL: https://bbr.buketov.edu.kz/economy-vestnik/article/view/461 [in English]. (accessed: 25.06.2025)

2 Aubakirova G.M., Isataeva F.M. Novye podhody k postroeniyu diversificirovannyj ekonomiki: opyt Kazahstana *[New approaches to building a diversified economy: the experience of Kazakhstan]*. Available at: –URL: https://ecfor.ru/wp-content/uploads/2021/11/postroenie-diversifitsirovannoj-ekonomiki-v-kazahstane.pdf [in Russian]. (accessed: 23.06.2025)

3 Amirbek A., Makhanov K. (2015) Export Diversification in Kazakhstan: Structural Change of Exports from 1995 to. Available at: –URL: https://bulpolit.enu.kz/index.php/main/article/view/321 [in English]. (accessed: 23.06.2025)

4 Abdulla K. Regional convergence and structural transformation in a resource –dependent country. Available at: –URL: https://econpapers.repec.org/scripts/redir.pf?u=http%3A%2F%2Fwww.sciencedirect.com%2Fscience%2Farticle%2Fpii%2FS0954349X21001363;h=repec:eee:streco:v:59:y:2021:i:c:p:548-557 [in English]. (accessed: 24.06.2025)

5 Alibekova G., Alzhanova F., Osmanov Z., & Omarov A. (2023). Regional specialization and diversification of industries in Kazakhstan. *Journal of Eastern European and Central Asian Research, Vol.10(5).* P.898–906. Available at: -URL:https://doi.org/10.15549/jeecar.v10i5.1096 [in English]. (accessed: 24.06.2025)

6 Ginting E., Horridge M., Kapsalyamova Z, Wijerathna D. Key Structural Reforms in Selected Sectors: Assessing their Impact on Economic Diversification. Available at: –URL: https://www.adb.org/publications/kazakhstan-economic-diversification [in English]. (accessed: 25.06.2025)

7 Nosachevskaya E.A. (2023) O Sistemnyh merah po uskorennomu otraslevomu razvitiyu otechestvennoj ekonomiki *[On systemic measures to accelerate the sectoral development of the domestic economy]*. «Biznes. Obrazovanie. Pravo». №3 (64). P.87-92. [in Russian].

8 Vasechko D.YU. Razvitie otraslevoj struktury ekonomiki v usloviyah globolizacii *[Development of the sectoral structure of the economy in the context of globalization]*. Available at: -URL: http://sun.tsu.ru/mminfo/2012/000420004/000420004.pdf [in Russian]. (accessed: 25.06.2025)

9 Rajzberg B.A. Sovremennyj ekonomicheskij slovar' *[Modern economic dictionary]*. Available at: -URL: https://www.labirint.ru/books/680457/ [in Russian]. (accessed: 25.06.2025)

10 What is an Economic Sector and How Do the 4 Main Types Work. Available at: -URL: https://www.investopedia.com/terms/s/sector.asp [in English]. (accessed: 25.06.2025)

11 Sectoral Development Policies. Available at: -URL: https://www.numberanalytics.com/blog/ultimate-guide-sectoral-development-policies [in English]. (accessed: 25.06.2025)

An employee may be brought to disciplinary responsibility for committing any disciplinary offense, and whether the offense caused negative consequences for the employer is not decisive. Disciplinary responsibility is characterized by the offender's subordinate relationship with the body empowered to impose disciplinary penalties [13]. The main purpose of disciplinary responsibility is to instill in the offender a sense of responsibility for his actions by exposing him to negative material and moral consequences and motivating him to comply with labor discipline.

For certain categories of employees, the concept of disciplinary offense is expanded due to the special nature of their job duties; in these cases, offenses that do not correspond to the dignity of employees may also be considered.

However, the inability of an employee to perform labor duties for reasons beyond his control is not considered a violation of labor discipline. Such reasons include insufficient qualifications, a health condition that impedes the performance of labor duties, refusal to execute unlawful orders of the employer, failure to agree to an early invitation for labor leave, or refusal to perform work due to a significant change in working conditions. In these cases, the employee's actions are not considered at fault.

The Labor Code of the Republic of Kazakhstan establishes compliance with labor discipline as an employee's basic obligation. This requirement, known as a statutory duty, sets out the general principle of proper behavior at work. It characterizes the employee's attitude to other duties arising within the framework of employment legal relations, including performing his or her official functions at the proper level in the work team, complying with the established work schedule and norms, and meeting requirements regarding the duration and regime of working time.

In addition to the general duties of all members of the labor force, employers must clearly distinguish special tasks aimed at ensuring labor discipline. These tasks are based on ensuring the mutual unity of rights and duties enshrined in normative legal acts and regulations in the

implementation of the organization and management of labor processes. In this regard, a disciplinary offense in labor relations is an employee's guilty and illegal violation of labor duties. For such an offense, labor legislation provides for disciplinary liability and imposes a disciplinary penalty.

In accordance with the basic principles of labor legislation aimed at protecting an employee's dignity, when imposing a disciplinary penalty, consider not only the severity and circumstances of the offense, but also the employee's previous behavior and attitude toward labor relations. The employee's previous behavior and attitude toward work should be assessed based on his/her labor performance during the period of employment with the employer. It should also be noted that, in applying disciplinary liability, it is important not to neglect the peculiarities of labor legislation, the constitutional principles governing its legal regulation, and norms of international law.

The legislator establishes a number of procedural terms for the employee in the order of imposing disciplinary sanctions, including the term for requesting a written explanation of the employee regarding the alleged disciplinary offense. Before imposing a disciplinary sanction, the employer must request a written explanation of the employee's actions, and the employee must provide this explanation within three working days. If the employee does not provide the explanation by the deadline, the employer must draw up an act confirming this fact. In practice, however, the question arises whether the employer's failure to comply with this three-day deadline may render the disciplinary sanction unlawful [13. - 36].

The comparative legal analysis shows that the effectiveness of disciplinary responsibility and dismissal in labor relations depends not only on regulatory consolidation, but also on their application in judicial practice. A significant share of labor disputes in Kazakhstan is resolved in employees' favor because employers fail to comply with procedural rules. The experience of Russia, Belarus, and Kyrgyzstan also confirms this trend: the judiciary places the protection of workers' rights at the forefront to ensure balance between the parties. The strict regulation of disciplinary liability and dismissal procedures in Germany and France allows employment relations to be conducted in accordance with the principles of social justice.

In this regard, clarifying disciplinary procedures in the labor legislation of the Republic of Kazakhstan, introducing legal guarantees established in international practice, and ensuring consistent judicial practice will improve the effectiveness of labor rights protection. These steps will equally ensure the rights and obligations of the parties to the employment relationship and will contribute to strengthening social partnership and the stability of labor legislation.

Conclusion

In summary, disciplinary liability in labor law does not arise outside the employment contract. Terminating the labor contract ends the legal relationship between the parties, preventing the negative consequences associated with disciplinary and material penalties.

This analysis suggests the following specific directions for improving labor legislation in Kazakhstan: - Clarifying the procedures for imposing disciplinary penalties and limiting the imposition of penalties on a formal basis; - The introduction of additional legal guarantees aimed at protecting employees upon dismissal (for example, the introduction of a multiple notification system, as in Germany); - Ensuring the consistency of judicial practice and the widespread use of alternative mechanisms for resolving labor disputes (mediation, conciliation commissions). - These measures will not only reduce the number of labor disputes, but also ensure the stability of labor relations and strengthen social partnership.

Paragraph 1, Article 52 of the Labor Code of the Republic of Kazakhstan 8), 9), 10), 11), 12), 14), 15), 16), 17) subparagraphs 18) and the grounds for termination of employment relations as a result of disciplinary misconduct of the employee define the legal prerequisites for termination of the employment contract and assign them to the general and special grounds allows to classify them. While general grounds apply in all spheres of activity, special grounds are determined

directly depending on the peculiarities of the labor functions and activities of the employee. For example, for employees in the transportation sector, failure to comply with traffic safety rules; for teachers, improper performance of educational functions; and for employees with access to state secrets, violation of requirements for protecting confidential information are disciplinary offenses. In addition, these grounds impose special requirements on employees in managerial positions, particularly heads of the employer's executive bodies, their deputies, and heads of branches and representative offices. Thus, the grounds for terminating labor relations for disciplinary offenses provide legal mechanisms that clarify the employee's legal responsibility and take into account the sectoral peculiarities of labor legislation.

Grace: Article of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan AP25793729 Reformation and Renovation: Strategies for the Development of the Labor Code of the Republic of Kazakhstan

REFERNCES

1 Трудовой кодекс Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года № 414-V ЗРК. [Электронный ресурс] — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414 (дата обращения: 06.04.2025)

2 Ахметов А., Ахметова Г. А. Трудовое право. Учебник. – Алматы: – 2005. - 413 с.

3 Трудовой кодекс Российской Федерации от 30.12.2001 № 197-ФЗ (ред. от 08.08.2024) [Электронный ресурс] — URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34683/ (дата обращения: 06.04.2025)

4 Трудовой кодекс Кыргызской Республики от 23 января 2025 г. № 23 [Электронный ресурс] — URL: https://cis-legislation.com/document.fwx?rgn=164746. (дата обращения: 06.04.2025)

5 Трудовой кодекс Республики Беларусь от 26 июля 1999 г. № 296-З [Электронный ресурс] — URL: https://cis-legislation.com/document.fwx?rgn=2562. (дата обращения: 06.04.2025)

6 Kündigungsschutzgesetz (KSchG) [Закон о защите от увольнения]. Berlin : Bundesministerium der Justiz, 14.06.2021. 112 p. [Электронный ресурс] — URL: https://www.gesetze-im-internet.de/kschg/BJNR004990951.html. (дата обращения: 06.04.2025)

7 Code du travail [Французский трудовой кодекс]. Articles L1232–L1235. Paris : Légifrance, 2023. 1320 p. [Электронный ресурс] — URL: https://www.legifrance.gouv.fr/codes/texte_lc/LEGITEXT000006072050/2020-09-12. (дата обращения: 06.04.2025)

8 Апахаев Н.Ж., Тлеуов Т.М. Трудовое право Республики Казахстан. Учебник. - Алматы: – 2018. – 224 с.

9 Конституция Республики Казахстан принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года (с изменениями и дополнениями). [Электронный ресурс] — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000. (дата обращения: 06.04.2025)

10 Djankov S., Ramalho R. (2009) Employment laws in developing countries. Journal of Comparative Economics. – Vol.37. – №. 1. – P. 3-13.

11 Обобщение судебной практики о некоторых вопросах применения судами трудового законодательства при разрешении трудовых споров город Астана, 17 июня 2024 года [Электронный ресурс] — URL: https://online.zakon.kz/Document/?Doc_id=36679276&pos=1;-102#pos=1;-102. (дата обращения: 06.04.2025)

12 Acharya V.V., Baghai R.P., Subramanian K.V. (2013) Labor laws and innovation // The Journal of Law and Economics. – Vol. 56, – No. 4. – P. 997-1037.

13 Хамзина Ж.А., Бурибаев Е.А., Турлыханкызы К., Молдахметова Ж., Кошпенбетов Б., Несибели К. Разгрузка судебной системы в Казахстане? Альтернативные способы разрешения индивидуальных трудовых споров. Обзор сравнительного правоведение. – №27. – 2021. – С. 275-296

ЕҢБЕК ШАРТЫН БҰЗУ ЖӘНЕ ТӘРТІПТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ: ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАСЫН ДАМЫТУ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасындағы еңбек шартын бұзу және тәртіптік жауапкершілікке қатысты құқықтық нормаларды теориялық және тәжірибелік тұрғыдан кешенді түрде зерделеу арқылы олардың мазмұны мен құқықтық табиғатын ашу, қолданылу практикасын талдау, сондай-ақ құқықтық реттеудегі кемшіліктер мен қайшылықтарды анықтау болып табылады. Зерттеу барысында еңбек шартын бұзу мен тәртіптік жаза қолдану рәсімдеріндегі формалдылық, құқықтық олқылықтар мен құқық бұзушылықтар айқындалып, Еңбек кодексінің аталған нормаларына терең құқықтық

талдау жасалады. Алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын халықаралық стандарттармен үйлестіру қажеттілігін, құқық қолдану тәжірибесін жүйелеу мен жетілдірудің өзектілігін көрсетеді. Бұл мәселе қазіргі кезеңдегі еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру тұрғысынан маңызды ғылыми әрі практикалық мәнге ие, өйткені ол еңбек заңнамасының қолданыстағы нормаларын жетілдіруге, еңбек қатынастары субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тетіктерін нығайтуға, сондай-ақ еңбек саласында туындайтын құқықтық мәселелерді шешудің тиімді жолдарын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аталған мәселені жан-жақты зерттеу еңбек қатынастарын реттеудің құқықтық тетіктерін жетілдіруге және олардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Негізгі сөздер: еңбек заңнамасы, жұмыскер, жұмыс беруші, тәртіптік жауапкершілік, еңбек, еңбек құқығы, еңбек шарты.

ВОПРОСЫ РАСТОРЖЕНИЯ ТРУДОВОГО ДОГОВОРА И ДИСЦИПЛИНАРНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ: АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА

Аннотация

Целью данного исследования является раскрытие содержания и правовой природы правовых норм, касающихся расторжения трудового договора и дисциплинарной ответственности в трудовом законодательстве Республики Казахстан, анализ практики их применения на основе комплексного теоретического и практического исследования, а также выявление недостатков и противоречий в правовом регулировании. В ходе исследования выявляются формальности, правовые пробелы и правонарушения в процедурах расторжения трудового договора и наложения дисциплинарных взысканий, проводится глубокий правовой анализ указанных норм Трудового кодекса. Полученные научные результаты свидетельствуют о необходимости гармонизации трудового законодательства Республики Казахстан с международными стандартами, актуальности систематизации и совершенствования правоприменительной практики. Данный вопрос имеет важное научное и практическое значение с точки зрения повышения эффективности правового регулирования трудовых отношений на современном этапе, поскольку его всестороннее исследование позволяет выявить существующие пробелы и противоречия в действующем трудовом законодательстве, определить основные направления совершенствования правовых механизмов регулирования трудовой деятельности, а также разработать научно обоснованные подходы к обеспечению баланса интересов работников и работодателей, укреплению гарантий соблюдения трудовых прав и повышению эффективности правоприменительной практики.

Ключевые слова: трудовое законодательство, работник, работодатель, дисциплинарная ответственность, труд, трудовое право, трудовой договор.

REFERNCES

1 Trudovoj kodeks Respubliki Kazahstan ot 23 noyabrya 2015 goda № 414-V QRZ. [*Labour code of the Republic of Kazakhstan Code of the Republic of Kazakhstan dated 23 November, 2015 № 414-V*]. Available at: — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414 [in Kazakh]. (accessed:06.04.2025)

2 Ahmetov A., Ahmetova G. A. (2005) Trudovoe pravo. Uchebnik [*Labor law of the Republic of Kazakhstan. Textbook*]. Almaty: 413 p. [in Kazakh]

3 Trudovoj kodeks Rossijskoj Federacii ot 30.12.2001 №197-FZ (red. ot 08.08.2024) [*The Labor Code of the Russian Federation*]. Available at: — URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34683/ [in Russian]. (accessed:06.04.2025)

4 Trudovoj kodeks Kyrgyzskoj Respubliki ot 23 yanvarya 2025 g. №23 [*The Labor Code of the Kyrgyz Republic*]. Available at: — URL:https://cis-legislation.com/document.fwx?rgn=164746 [in Russian]. (accessed:06.04.2025)

5 Trudovoj kodeks Respubliki Belarus' ot 26 iyulya 1999 g. № 296-Z [*The Labor Code of the Republic of Belarus*]. Available at: —URL:https://cis-legislation.com/document.fwx?rgn=2562 [in Russian]. (accessed:06.04.2025)

6 Kündigungsschutzgesetz (KSchG) [*Zakon o zashchite ot uvol'neniya*]. Berlin : Bundesministerium der Justiz, 14.06.2021 . 112 p. [*The Law on Protection from Dismissal*]. Available at: — URL: https://www.gesetze-im-internet.de/kschg/BJNR004990951.html [in English]. (accessed:06.04.2025)

7 Code du travail [*Francuzskij trudovoj kodeks*]. Articles L1232–L1235. Paris : Légifrance, 2023.1320 p. [*French Labour Code*]. Available at: — URL: https://www.legifrance.gouv.fr/codes/texte_lc/LEGITEXT000006072050/2020-09-12 [in English]. (accessed:06.04.2025)

8 Apahaev N.ZH., Tleuov T.M. (2018) Trudovoe pravo Respubliki Kazahstan. Uchebnik [*Labor law of the Republic of Kazakhstan. Textbook*]. Almaty. 224 p. [in Kazakh].

9 Konstituciya Respubliki Kazahstan prinyata na respublikanskom referendume 30 avgusta 1995 goda (s izmeneniyami i dopolneniyami). [*Constitution of the Republic of Kazakhstan Constitution of the Republic of Kazakhstan*] Available at: — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000 [in Russian]. (accessed:06.04.2025)

10 Djankov S., Ramalho R. (2009) Employment laws in developing countries. Journal of Comparative Economics. Vol.37. №. 1. P. 3-13. [in English].

11 Obobshchenie sudebnoj praktiki o nekotoryh voprosah primeneniya sudami trudovogo zakonodatel'stva pri razreshenii trudovyh sporov gorod Astana. 17 iyunya 2024 goda [*Generalization of judicial practice on some issues of application of labor legislation by courts in the resolution of labor disputes Astana city*]. Available at: — URL: https://online.zakon.kz/Document/?Doc_id=36679276&pos=1;-102#pos=1;-102 [in Russian]. (accessed:06.04.2025)

12 Acharya V.V., Baghai R.P., Subramanian K.V. (2013) Labor laws and innovation // The Journal of Law and Economics.Vol. 56. No. 4. P. 997-1037. [in English]. (accessed:06.04.2025)

13 Hamzina ZH.A., Buribaev E.A., Turlyhankyzy K., Moldahmetova ZH., Koshpenbetov B., Nesibeli K. (2021) Razgruzka sudebnoj sistemy v Kazahstane? [*Unloading the judicial system in Kazakhstan?*]. Al'ternativnye sposoby razresheniya individual'nyh trudovyh sporov. Obzor sravnitel'nogo pravovedenie. No27. P. 275-296 [in Russian].

Information about authors:

Kuralay Turlykhankyzy - **corresponding author**, doctor of Philosophy (PhD), Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: kuralay_turlykhan@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1075-6891

Khamzina Zhanna Amangeldinovna - doctor of law, professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: mmmmp13@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0913-2002

Информация об авторах:

Куралай Турлыханкызы - **основной автор**, доктор философии (PhD), Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: kuralay_turlykhan@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1075-6891

Хамзина Жанна Амангельдиновна - доктор юридических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: mmmmp13@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0913-2002

Авторлар туралы ақпарат:

Тұрлыханқызы Құралай – **негізгі автор**, философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kuralay_turlykhan@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1075-6891

Хамзина Жанна Амангельдиновна – заң ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: mmmmp13@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0913-2002

ҒТАМР 10.35.91 **DOI 10.47649/vau.26.v82.i3.36**
ӘОЖ 347.77(574)

Ғ.М.Қалмырза*[1], Г.Т.Алаева[1], Э.Юхневич[2]

[1]«Тұран» Университеті, Алматы қаласы, 050000, Қазақстан Республикасы
[2]Гданьск университеті, Гданьск қаласы, 80001, Польша
e-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТАУАР ТАҢБАЛАРЫ МЕН ДОМЕНДІК АТАУЛАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ.

Аңдатпа.

Мақаланың өзектілігі қазіргі уақытта интернеттің дамуына байланысты тауар таңбасына құқықтарының бұзылуы өте жиі кездесетіндігі, ол домендік атау деген түсініктің пайда болуымен байланысты. Қазіргі заманғы ғылыми әдебиеттерді зерттеп, тауар таңбаларын құқықтық қорғау бойынша шетелдердің тәжерибесіне көңіл бөлінген. Сондай-ақ, тауар таңбасы мен домендік атаудың мәнін түсіндіріп, айырмашылығын көрсетуге талдау жасалған. Зерттеудің мақсаты тауар таңбасына айрықша құқықтың азаматтық қорғаудың құқықтық табиғаты мен ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ зияткерлік меншік туралы қолданыстағы заңнамаға ерекше құқықтарды азаматтық қорғауды жетілдіру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Зерттеудің әдіснамалық негізі процестерді жан-жақты талдауды білдіретін ғылыми зерттеу әдістерінің жиынтығы болып табылады, оның ішінде: салыстырмалы құқықтық, формальды логикалық, жүйелік талдау әдісі және басқа әдістер.

Ғылыми-техникалық революцияның салдары ретінде телекоммуникациялар мен ақпараттық жүйелердің жаһандық дамуы кезеңінде ұлттық заң ғылымын реттеуді қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру мәселесін, зияткерлік меншікті сенімді қорғау, атап айтқанда тауар таңбалары туралы заңнамасын жетілдіру мәселесін шешу қажеттілігіне тап болды.Тауар таңбаларын қорғау таңбалардың иелерінің, тауарларды тұтынушылардың мүдделерін ғана қорғап қоймайды, сонымен бірге ең алдымен мемлекеттің мүддесін білдіреді, өйткені ол оның экономикасының дамуын белсендіреді, өзінің ғылыми және өндірістік әлеуетін құруға және өндіруге бағыттайды.

Тақырыпты зерттеу барысында анықталған нәтижелер тауарлық таңбаларды құқықтық қорғау саласындағы мамандарды қызықтыруы мүмкін және мақала дәрістер, семинарлар, практикалық құралдар дайындау кезінде оқу процесінде пайдалы болады.

Қорытындылай келе, аталған тақырып ерекше назар аударуға лайық, өйткені тауар таңбасына құқықты бұзушылық жиі кездеседі,оған дәлел интернетте сауда маркаларын пайдалануға байланысты шағымдардың саны артып, олардың көпшілігі өтініш берушінің пайдасына шешілуі, жалпы сот отырыстарында тауар таңбасына байланысты даулардың көп қаралуы.

Негізгі сөздер: Интернет, домендік атау, тауар таңбасы, қызмет көрсету белгісі, киберқсвоттинг, цифрландыру.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін, басты мақсатымыз экономикамызды тұрақтандыру, заңнамалық базаны қалыптастыру болды. Еліміз көптеген елдермен халықаралық экономикалық қарым-қатынастарға түсті, халықаралық ұйымдарға мүше болды. Қазіргі уақытта заң ғылымының ең серпінді бағыттарының бірі цифрлық кеңістіктегі құқықтық қатынастарды реттеу. Бұл салада ақпараттық технологияларды бизнесте және күнделікті өмірде қолданумен байланысты мәселелердің кең ауқымы қамтылған. Технология жылдам қарқынмен дамып келе жатқанымен, заңнама, өкінішке орай, әрқашан қарқынын сақтай бермейді. Экономикалық, құқықтық тұрғыдан дамуымыз белгілі бір деңгейге жеткеннен кейін, зияткерлік меншік құқығының объектілері ретінде интеллектуалдық қызмет нәтижелері, ұқсас өнім өндіруші, ұқсас қызмет көрсетуші кәсіпкерлерді дараландыру құралдарын қорғау мәселелесі қазіргі таңда өте өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бұл домендік атаулар мен тауар белгілерін құқықтық реттеуге бағытталған осы мақалада да көрініс табады.

ҚР-ның азаматтық заңнамасына интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелеріне: ғылым, әдебиет және өнер туындылары; эфирлік және кәбілдік хабар тарату

ұйымдарының орындаушылығы, қойылымдары, фонограммалары мен хабарлары; өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер; селекциялық жетістіктер; интегралдық микросызба топологиялары; ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау); осы Кодексте немесе өзге де заң актілерінде көзделген реттерде интеллектуалдық шығармашылық қызметтің басқа да нәтижелері жатады. Ал азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдарына:

1) фирмалық атаулар;

2) тауарлық белгілер (қызмет көрсету белгілері);

2-1) географиялық нұсқамалар;

3) тауарлар шығарылған жерлердің атаулары;

4) осы Кодексте және заң актілерінде көзделген реттерде азаматтық айналымға қатысушылардың, тауарлар мен қызмет көрсетулердің басқа да дараландыру құралдары жатады.

Соның ішінде дараландыру құралдарының бірі ретінде тауар белгісі кәсіпкердің іскерлік беделін, өнімінің немесе қызметінің сапасын және шығу тегін білдіретін маңызды құрал болып табылады. Тауар таңбасы, қызмет көрсету таңбасы– осы Заңға сәйкес тіркелген немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажырату үшін қызмет ететін белгі. Тауар таңбасы сан, әріп, бейне, көлем, символ түрінде, сонымен бірге кел келген түсте тіркеуге болады. Азаматтық айналымға қатысушыларды дараландыру құралы ретінде домендік атау тауар белгісінің онлайн көрінісі. Интернет дәуірінде домендік атаудың тауар белгісіне ұқсастығы қалыпты құбылысқа айналған. Бұл құбылыстың негізгі себептері – коммерциялық қызығушылық, маркетингтік тиімділікті қамтамасыз ету, брендтің танымалдығын арттыру, сондай-ақ құқықтық бақылаудың жеткіліксіздігі. Көп жағдайда тауар белгісіне ұқсас домендерді тіркеу кәсіпкерлердің немесе үшінші тұлғалардың бренд беделін пайдаланып, коммерциялық пайда табуға бағытталған әрекеттері нәтижесінде жүзеге асады, яғни киберсквоттинг немесе тайпсквоттинг сияқты құқық бұзушылықтарға жол ашады.

2015 жылғы 24 қарашада қабылданған Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңына сәйкес домендік атау дегеніміз интернет-адрестеу ережелеріне сәйкес қалыптастырылған, белгілі бір желі мекенжайына сәйкес келетін және интернет объектісіне атаулы қол жеткізуге арналған символдық (әріптік-цифрлық) белгілеу [1]. Айта кету керек домендік атаулар интеллектуалдық қызметтің қорғалатын нәтижелері және заңды тұлғаларды даралау құралдары ретінде қарастырылмайды. Заңда домендік атау мен тауар таңбасының ара қатынасын реттейтін және домендік атаудың құқықтық қорғалуын бекітетін норма жоқ. Тауар таңбасы мен домендік атаудың қандай айырмашылығы бар? Айырмашылығы тауар таңбаларының әрекет ету шекарасы бар және белгілі бір тауарлар мен қызмет көрсету саласында тіркеледі. Тауар таңбасы ерекшеленетін белгісі бар ауызша, көрнекі түрде тіркеледі. Тауар таңбасынан айырмашылығы, домендік атау ретінде кез келген ауызша белгілерді қолдануға болады, бірақ тек алфавиттік - цифрлық тізбегі символдардың белгілі бір ұзындығымен шектеледі. Қазақстан Республикасының Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары, географиялық белгілер және тауар шығарылған жердің атаулары туралы заңның 1-бабына сәйкес тауар таңбасы, қызмет көрсету белгісі –ұқсас тауардан немесе қызметтен ажыратуға қызмет ететін белгі.

Бүгінгі таңда заң ғылымындағы ең серпінді бағыттардың бірі – цифрлық кеңістіктегі құқықтық қатынастарды реттейтін IT-құқықтың дамуын бөліп көрсетуге болады. Бұл салада ақпараттық технологияларды бизнесте және күнделікті өмірде қолдануға қатысты мәселелердің кең ауқымы қамтылған. Сонымен қатар, технологиялар жеделдетілген қарқынмен дамып келеді, және заңнама, өкінішке орай, әрқашан оларға ілесе бермейді.

Домендік атау, тауар белгісінен айырмашылығы, зияткерлік меншік объектілеріне немесе нарықтағы даралау құралына сілтеме жасамайды және оны тіркеу тек техникалық мақсаттарды көздейді. Домендік атау оның бірегейлігі мен эксклюзивтілігін қорғау тұрғысынан құқықтық қорғаумен қамтамасыз етілмейді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының домендік атауларды тіркеу саласындағы заңнамасы домендік атауларды тіркеушінің үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарының бұзылуын тексеру жөніндегі талаптары мен міндеттерін көздемейді.

Домендік атауларға қатысты даулар кез келген ел үшін қарапайым құбылыс болып табылады, және Қазақстан да осы жағдайдан тыс қалған жоқ. Елде осы типтегі істер әлі де қаралуда, олар интеллектуалды меншік пен тауар белгілерін қорғау мәселелерін көтереді [2]. Соттар бұл даулар бойынша әртүрлі шешімдер қабылдайды, өйткені істің нәтижесі көптеген жағдайлар мен факторларға байланысты болады. Мысалы, copyright.kz ісі бойынша сот талап арызды қанағаттандырудан бас тартып, доменнің талапкер компания құрылымынан әлдеқайда бұрын тіркелгенін атап өтті. Бұл хронологияның маңыздылығын көрсетеді: домендер мен тауар белгілерін қорғау құқықтарын тиімді қамтамасыз ету үшін оларды уақытылы тіркеу қажет.

Домендік атаулар бойынша сот тәжірибесі көрсеткендей, негізгі шешуші фактор – тауар белгісіне қатысты айрықша құқықтарды дәлелдеу болып табылады. Мысал ретінде bonus-kaspi.kz ісін атауға болады, онда «Kaspi» тауар белгілері жалпыға бірдей белгілі болып танылып, банкке доменді жою құқығын берді. Бұл жағдай брендті тіркеу мен интеллектуалды меншік құқықтарын қорғаудың бизнесте маңыздылығын айқын көрсетеді.

Сонымен қатар, bergauf.kz ісі көрсеткендей, доменді маркетингтік мақсатта пайдалану кезінде де, егер ол тіркелген тауар белгісінің құқықтарын бұзса, сот бұл әрекетті құқық бұзу деп тануы мүмкін. Мұнда шешуші мәнге «Bergauf» бренді қорғалғаны және доменді пайдалану тұтынушыларды адастыру қаупін тудыратыны әсер етті.

Жалпы айтқанда, бизнестің бастапқы кезеңінде тауар белгілерін тіркеу аса маңызды, домендік атауларды, әсіресе брендпен байланысты болған жағдайда, қорғау қажет. Егер домен бренд пайда болғанға дейін тіркелген болса, сот талап арызды қанағаттандырмауы мүмкін. Аталған істер цифрлық ортада құқықтық қорғаудың маңыздылығын және онлайн кеңістікте брендті белсенді басқарудың қажеттілігін айқындайды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Аталған мақаланың материалдары ретінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамалары, тауар таңбаларын құқықтық қорғау жөнінде отандық заңгерлер мен шетелдік заңгер ғалымдардың еңбектері қарастырылады. Зерттеу ғылыми-құқықтық, аналитикалық, логикалық және құрылымдық-функционалдық, салыстырмалы құқықтық талдау әдістерін пайдалана отырып жүргізілді.

А.С. Кемрадж және Д.В. Головеров домен атауының негізгі мәні бірегей символдық белгіленуінде дейді. Есте сақтау үшін өте қарапайымдылығымен және өзінің қайталанбайтын бірегейлігімен жүзеге асырылатын қызметтің мәнімен байланысты кез келген сөзді қолдануға мүмкіндік беретін коммерциялық дараландыру құралы ретінде маңызды. Домендік атау тауар таңбасының функцияларымен ұқсас қызметті атқарады. Біздің ойымызша домендік атаудың даралайтын, маркетингтік және ақпараттық функциясын бөліп қарастыруымыз керек. Нақты тауарды немесе қызметті дараландыратын тауар таңбасынан домендік атаудың ерекшелігі өз иесінің қызметін емес, тек ақпараттық ресурсті ғана бөліп даралайды, маркетингтік функция – домендік атау ақпараттық ресурсқа назар аудару үшін қолданылады. Ақпараттық функция – ақпарат ресурсының иесі туралы пайдаланушыны хабардар ету. Жоғарыда аталғандан басқа В.О. Калятин «Домендік атаулар интернетте тек мекенжай ретінде әрекет етпейді, сонымен бірге тауарлары мен қызметтерін даралау құралы болып табылады. Домендік атау – тауарлар мен қызметтер, географиялық орнына сәйкес иесі туралы қосымша мәліметтер бере алады дейді [3]. Тауар таңбасы және домен атауы олар өте ұқсас, сондықтан домендік дауларды болдырмау үшін, сондай-ақ

ақпараттық ресурстарды дараландыру мақсатында және домендік атаудың тауар таңбаларынан айырмашылығы бірегей болуы керек [4].

Сот практикасында домендік атаулардың бірегейлігіне байланысты даулар ғана емес, киберсквоттинг, қайта басып алу (домендік атауды алып қою мақсатында тауар таңбасын тіркеу) және жосықсыз бәсеке туралы даулар жиі кездеседі. Киберсквоттинг – басқа тұлғаға тиесілі сауда белгісі, сауда атауы немесе коммерциялық белгісі бар домендік атауларды одан әрі қайта сату немесе әділетсіз пайдалану мақсатында тіркеу. Мұндай әрекеттерді жасайтын адамдарды киберсквоттер деп атайды. Бұқаралық ақпарат құралдары көбінесе киберсквоттингті домейнингпен шатастырады. Домейнинг әрі қарай қайта сату мақсатында ешкімнің құқықтарын бұзбайтын домендік атауларды тіркеу. Әдетте «киберсквоттинг» немесе «доменді ұрлау» терминімен біріктірілген келесі әрекеттерді бөліп қарастыруға болады [5].

Typesquatting - бұл кейбір пайдаланушылардың қатесін ескере отырып, танымал сайттардың мекенжайларына жазылуы ұқсас домендік атауларды тіркеу. Мысалы, «www.site.example» сайтына өткісі келген пайдаланушыға арналған «wwwsite.example». Егер ол өте танымал домендерге жақын болса, скватер түрі өз веб-сайтында «жіберілген» келушілердің белгілі бір пайызын жинай алады және жарнаманы көрсету арқылы ақша таба алады.

Брендтік киберсквоттинг – тауарлық таңбаларды, фирмалық атауларды, танымал меншікті атауларды, яғни заңмен қорғалатын даралау құралдарын қамтитын домендік атауларды тіркеу, сондай-ақ «болашаққа» тіркеу, мысалы, «Рекетир1» фильмін түсірушілер «Internet Movie Database» сайты және киберсквотер фильмнің жалғасы шығады деген үмітпен «Рекетир2example», «Рекетир3example» т.б. дереу тіркеуге тырысады. Бұл жағдайда киберсквотер доменді жоғалту және жауапкершілікке тартылу қаупі бар, дегенмен заңды сауда белгісінің иелері сотқа шағымданбауды жөн көреді (өйткені, сот процесі көп уақытқа созылады) және басып алынған домендерді сатып алады, және киберсквотер одан ақша тауып, мақсатына жетеді.

Қорғаныс киберсквоттинг - сайттың заңды иесі өзінің домендік атауымен мағынасы, дыбысы жағынан жақын домендік атауларды тіркейді. Бұл киберсквоттингтің құрбаны болмас үшін жасалады. Мысалы танымал «www.firma.example» сайттың иесі өзінің негізгі сайтының оқырмандарын жіберу үшін «firma-msk.example», «firma-spb.example» домендерін тіркей алады. Сондай-ақ қарсыластары пайданбас үшін «anti-firma.example» домендік атауды тіркей алады.

Домендік атаудың иесінің әрекеті жосықсыз бәсеке ретінде танылуы мүмкін. Басқа тұлғаның тауар белгісімен шатастыруға дейін бірдей немесе ұқсас болатын домендік атауды тіркеу фактісінің өзі жосықсыз бәсеке болып табылады. Домендік атауды қандай-да бір тауарға немесе қызметке қатысты пайдалану маңызы емес, ұқсас домендік атауды тіркеу құқыққа қайшы әрекет ретінде қарастырылады [6].

Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік аттарды тіркеу, пайдалану және бөлу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы бұйрығына сәйкес домендік атаулар жүйесі (бұдан әрі – DNS) – домендік атаулар туралы ақпаратты алуға арналған дерекқор. Домендік атаулар мен IP мекенжайларының сәйкестігі туралы ақпаратты қамтиды және 1032, 1034, 1035, 1122, 1133, 1591 (бұдан әрі – RFC) түсініктемелерге сұрау салуға сәйкес жұмыс істейді. Интернет желісінің қазақстандық сегментінде домендік атауларды бөлу тәртібі жоғарыда аталған заң негізінде жүзеге асырылады.

Интернет желісінің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік атауларды бөлу, тіркелген домендік атаулар мен резервіленген екінші дәрежелі домендік атаулар туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуге болады. Резервіленген екінші және одан кейінгі дәрежелі домендік атауларға келесі домен атаулары кіреді:

1) EDU.KZ – білім беру қызметін жүзеге асыратын еліміздің резиденттерінің ұйымдары үшін үшінші дәрежелі домендік атауларды тіркеу үшін;

2) GOV.KZ – еліміздің мемлекеттік органдары үшін үшінші дәрежелі домендік атауларды тіркеу үшін;

3) MIL.KZ – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің органдары үшін үшінші дәрежелі домендік атауларды тіркеу үшін арналған.

Қорыта келе, домендік атау мен тауар таңбасының айырмашылығы тауар таңбасы өндірілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді дараландырады. Домендік атау тек тауарлар мен қызметтерді ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, өндіруші, оның бәсекеге қабілеттілігі және оның клиенттері туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық ресурсты дараландырады [7]. Азаматтық құқықта тауар таңбаларын тіркегеннен кейін тауардың немесе қызметтің дараландыру құралы ретінде қызмет етеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде заңды түрде домендік атау зияткерлік меншік объектісі болып табылмайды және заңмен қорғалмайды. Домендік атауды көшіру немесе бұрмалау жауапкершілігі заңда қарастырылмаған, оны алаяқтар табысты компаниялардың клондық сайттарын құру үшін пайдаланады. Доменді қорғаудың заңмен қарастырылған жалғыз мүмкіндігі-оны Казпатентте ауызша тауар белгісі ретінде тіркеу. Бұл ретте домендік атау тауар белгісін пайдалану нұсқаларының бірі - Интернет желісінде адрестеу тәсілі болып табылады. Осы саладағы құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында пайдаланушыға өтінім берер алдында тіркелетін домендік атаумен ұқсас тауар белгілерінің, фирмалық атаулардың, басқа зияткерлік меншіктің, коммерциялық емес ұйымдар мен мемлекеттік органдардың атауларының жоқтығына көз жеткізу керек.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Жоғарыда келтіргендердің негізінде төмендегідей ұсыныстар жасауға болады: Біріншіден, интеллектуалдық қызметтің қорғалатын нәтижелерінің тізімін толықтырудың маңызы өте зор. Дегенмен, құқықтың соңғы кездегі цифрлануы Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде интеллектуалдық меншік объектілерінің реестрін жүргізу, жүйелеу, басқару платформаларын құру, сақтау басты жоспарда. Интернет желісінде авторлық құқық объектілерінің біріңғай базасы жоқ, сондықтан авторлық құқық объектілерінің көбеюіне байланысты қажеттілік туындады, бірақ басты қажеттілік авторлық құқықты қорғау үшін олардың реестрін жүргізу, жүйелеу және толықтыру керек. ҚР-ның Азаматтық Кодексінің ерекше бөлімінің 961-бабына интеллектуалдық меншік құқығының объектілерінің тізіміне домендік атау деген объектіні енгізіп толықтыру.

Екіншіден, тауар таңбасын шатастыратындай ұқсастықтарды бағалау жөнінде біркелкі түсінік қалыптастыру. Тауар таңбаларының ұқсастығы мәселесін қарастырған кезде фонетика (дыбыстық ұқсастық), графикалық (көрнекі ұқсастық), семантикасы (мағынасы бойынша ұқсастық) жағынан тауар таңбаларына салыстырмалы талдау жүргізіледі. Сотпен тергеуге арнайы сарапшылар мен филологтар тартылады. Тауар таңбасы түпнұсқа болуы керек және тұтынушыға әртүрлі өндірушілер шығарған біртекті өнімдерді ажыратуға мүмкіндік беретін әртүрлі мүмкіндіктерге ие болуы керек. Яғни, тауар таңбасын тіркеу кезінде дыбыстық, мағыналық, графикалық ұқсастықтар болмауы тиіс [8]. Тауар таңбасының ұқсастығын тексеру үшін патенттік сенім білдірілген өкілге хабарласуға болады. Бұл мамандар өздерінің біліктілігін дәлелдеу үшін қатаң емтихандардан өтеді және әртүрлі сауда белгілерімен жұмыс істеу тәжірибесі бар. Сондықтан олар таңбаны бірегей ету жолын біледі және кәсіпкерге құнды ұсыныстар бере алады немесе сұранысыңыз бойынша тауар таңбасын өзгерте алады.

Домендік атаулар мен тауар белгілерін құқықтық реттеуді жетілдіру мақсатында домендік атаулардың құқықтық мәртебесін нақтылау қажет. Қолданыстағы заңнамада домендік атаулар зияткерлік меншік объектісі ретінде танылмайды. Алайда олардың айтарлықтай коммерциялық маңызын ескере отырып, домендік атаулардың азаматтық айналымдағы құқықтық режимін нақтылайтын арнайы нормаларды енгізу қажет. Сондай-

ақ тауар белгілерінің басымдығын заңнамалық деңгейде бекіту қажет. Егер домендік атау тіркелген тауар белгісін тұтынушыны шатастыратындай ұқсас болса және біртектес тауарлар мен қызметтерге қатысты пайдаланылса, тауар белгісінің басымдығы заң жүзінде айқын белгіленуі тиіс деген пікірдеміз. Сонымен бірге, мемлекеттік органдар тарапынан тауар белгілерін тіркеудің және домендік атауларды қорғаудың маңыздылығын түсіндіретін ақпараттық және әдістемелік бағдарламаларды әзірлеу ұсынылады.

Қорытынды

Қазіргі таңда интернет адамдардың күнделікті өмірінің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Өз кезегінде отандық заңнама қазір интернет желісіндегі қатынастарды реттеуге бағытталған. Домендік атаулар өткен ғасырдың соңында пайда болды, салыстырмалы түрде жаңа объект болып табылады. Азаматтық құқық объектілері жүйесіндегі домендік атаудың орны туралы көптеген пікірталастар болды. Домен атауларының екі негізгі функциясы бар - интернетке қосылған құрылғыдағы мазмұнды адрестеу және анықтау. Олардан басқа заңды тұлғаларды, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді және кәсіпорындарды дараландырудың факультативтік функциясы бар. Бұл домендік атаулардың дараландыру құралдарының санатына жататындығы туралы пікірталастардың туындауына себеп болды. Жүргізілген талдау негізінде мынандай қорытынды жасауға болады домендік атаулар саласындағы шетелдік тәжірибемен салыстырғанда құқықтық реттеудің жеткіліксіздігі. Қойылған мәселе шұғыл заңнамалық шешуді қажет етеді. Әдеттегі мағынада домен веб-сайттың атауы болып табылады. Әрбір доменге сәйкес өзінің бірегей атауы бар веб-ресурсқа қол жеткізуге болады. Бұрын негізінен веб-сайт мекенжайын анықтау үшін пайдаланылған домендік атау енді тауар белгісі сияқты компанияның ажырамас атрибутқа айналды. Әлемде 296 миллион домен тіркелген. Бүгінгі таңда домендік атаулар мен сауда белгілері арасындағы қайшылық мәселесі өте өзекті. Интернетте «киберскваттар» деп аталатын жосықсыз пайдаланушылар бар.Олардың мақсаты домендік атауды тіркеуден пайда алу.

Тауар таңбасы интеллектуалдық меншіктің ең көне объектілерінің бірі, ежелгі заманның өзінде өз меншігін басқа біреудің мүлкінен ажырату мақсатында адамдар заттарды арнайы таңбалармен белгілей бастаған. Тауар таңбасының мақсаты әртүрлі кәсіпкерлердің тауарлары немесе қызметтері арасындағы айырмашылықты қамтамасыз ету [9].

Тауар таңбасына қатысты қатынастар домендік атауларға қарағанда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі, Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы заңдармен, Париж конвенциясы, 1957 жылғы 15 маусымдағы Ницца келісімімен реттеледі. Бірақ тауар таңбаларын құқықтық реттеуде еліміздің заңнамаларында бірқатар кемшіліктер бар. Сондықтан аталған тақырып бойынша интеллектуалдық меншік құқығы саласындағы заң актілері болашақта жетілдіруді қажет етеді деп ойлаймыз. Аталған ұсыныстарды іске асыру домендік атаулар мен тауар белгілерін пайдалануға байланысты құқықтық айқындықты арттырып, киберсквоттингке қарсы тиімді құқықтық қорғаныс жүйесін қалыптастыруға, сондай-ақ цифрлық экономика жағдайында бизнестің заңды мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Закон Республики Казахстан от 24 ноября 2015 года № 418-V «Об информатизации» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 18.01.2026 г.) [Электронный ресурс] https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000418 (дата обращения: 05.04.2026)

2 Kalmyrza G., Alayeva G., Jumabayeva K., AralbaevaA., Koshkinbayeva A. (2025) Problems of legal protection of trademarks on the Internet: A Case Study of Kazakhstan //The Law, State and Telecommunications

Қазақстан Республикасындағы тауар таңбалары мен домендік атауларды құқықтық реттеу
Review. Vol 17. № 2 P. 236—262 [Electronic resource] — URL: https://periodicos.unb.br/index.php/RDET/article/view/56805 (accessed: 03.04.2026)

3 Кемрадж А.С., Головеров Д.В. Правовые аспекты использования интернет-технологий. М: —2002. — С.105-108

4 Калятин В.О. Изменения системы объектов интеллектуальных прав в связи с принятием четвертой части Гражданского кодекса. Закон. — № 4. —2007. — С. 65.

5 Энес А. З. Конфликт доменных имен и товарных знаков. - Журнал.- International scientific review - Право. 2020. С. 54—56

6 Тарасевич К. А. Киберсквоттинг как фактор воздействия на деловую репутацию юридического лица. Ленинградский юридический журнал. — № 1 (63). — 2021. —С. 108–119

7 Шутов М.А. Проблемы правовой защиты доменных имен. Молодой ученый. — №9. — 2019. —С. 57-60.

8 Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілде N 456 Заңы. 26.01.2026ж. енгізілген өзгерістерімен. [Электрондық ресурс] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000456 (қаралу уақыты: 25.08.2026)

9 Abbe Brown, Smita Kheria, Jane Cornwell, Marta Iljadica Contemporary Intellectual Property: Law and Policy. Oxford University Press.14 August 2023. 952 p.

ПРАВОВАЯ РЕГЛАМЕНТАЦИЯ ТОВАРНЫХ ЗНАКОВ И ДОМЕННЫХ ИМЕН В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.

Аннотация

Актуальность статьи заключается в том, что в настоящее время в связи с развитием интернета очень распространено нарушение прав на товарный знак, что связано с появлением понятия доменное имя. Изучив современную научную литературу, особое внимание уделено вопросам правовой защиты товарных знаков. Также был проведен анализ, чтобы объяснить значение товарного знака и доменного имени и показать разницу. Целью исследования является выявление правовой природы и особенностей гражданской защиты исключительного права на товарный знак, а также выработка конкретных предложений по внесению изменений и дополнений в действующее законодательство об интеллектуальной собственности в части совершенствования гражданской защиты исключительных прав. Методологической основой исследования является совокупность методов научного исследования, представляющая собой комплексный анализ процессов, включающий: сравнительно-правовой, формально-логический, метод системного анализа и другие методы.

Как следствие научно-технической революции, в период глобального развития телекоммуникаций и информационных систем возникла необходимость решения проблемы совершенствования нормативно-правовой базы, обеспечивающей регулирование национальной юридической науки, проблемы надежной защиты интеллектуальной собственности, в частности, совершенствования законодательства о товарных знаках.Защита товарных знаков не только защищает интересы владельцев знаков, потребителей товаров, но и представляет в первую очередь интересы государства, так как активизирует развитие его экономики, направляет свой научный и производственный потенциал на создание и производство.

Результаты, выявленные в ходе изучения темы, могут заинтересовать специалистов в области правовой защиты товарных знаков, а статья будет полезна в учебном процессе при подготовке лекций, семинаров, практических пособий.

В заключение, данная тема заслуживает особого внимания, так как часто встречаются нарушения прав на товарный знак,доказательством чего является увеличение количества жалоб, связанных с использованием товарных знаков в интернете, большинство из которых решаются в пользу заявителя.

Ключевые слова: Интернет, доменное имя, товарный знак, знак обслуживания, киберсквоттинг, цифровизация.

LEGAL REGULATION OF TRADEMARKS AND DOMAIN NAMES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article is relevant because, with the development of the Internet, trademark infringement has become very common, which is associated with the emergence of the concept of a domain name. Having reviewed the modern scientific literature, this study pays special attention to the legal protection of trademarks. The study also analyzes the

meaning of trademarks and domain names and highlights their differences. The study aims to identify the legal nature and features of civil protection for the exclusive right to a trademark, and to develop specific proposals to amend and supplement current intellectual property legislation to improve the civil protection of exclusive rights. The research is based on a set of scientific methods, including comparative legal analysis, formal logical analysis, system analysis, and other methods.

As a result of the scientific and technological revolution and the global development of telecommunications and information systems, it became necessary to improve the regulatory framework governing national legal science and to ensure reliable protection of intellectual property, particularly trademark legislation. Trademark protection not only protects the interests of trademark owners and consumers, but also primarily represents the interests of the state, as it drives economic development and directs its scientific and production potential toward creation and production.

The results revealed in this study may interest specialists in the field of legal protection of trademarks, and the article will be useful in the educational process when preparing lectures, seminars, and practical manuals.

In conclusion, this topic deserves special attention because trademark violations are common, as evidenced by the increase in complaints related to trademark use on the Internet, most of which are resolved in favor of the applicant.

Keywords: Internet, domain name, trademark, service mark, cybersquatting, digitalization.

REFERENCES

1 Zakon Respubliki Kazahstan ot 24 noyabrya 2015 goda № 418-V «Ob informatizacii» (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 10.09.2023 g.) [*The Law of the Republic of Kazakhstan dated November 24, 2015 No. 418-V "On Informatization" (with amendments and additions as of 01/18/2026)*] Available at: — URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000418 [in Russian]. (accessed: 05.04.2026)

2 Kalmyrza G., Alayeva G., Jumabayeva K., AralbaevaA., Koshkinbayeva A. (2025) Problems of legal protection of trademarks on the Internet: A Case Study of Kazakhstan //The Law, State and Telecommunications Review. Vol 17. № 2 P. 236—262. Available at: — URL: https://periodicos.unb.br/index.php/RDET/article/view/56805 [in English]. (accessed: 03.04.2026)

3 Kemradzh A.S., Goloverov D.V. (2002) Pravovye aspekty ispol'zovaniya internet-tekhnologij. [*Legal aspects of the use of Internet technologies*] M. C.105-108[in Russian].

4 Kalyatin V.O. (2007) Izmeneniya sistemy ob"ektov intellektual'nyh prav v svyazi s prinyatiem chetvertoj chasti Grazhdanskogo kodeksa. Zakon. [*Changes in the system of intellectual property rights in connection with the adoption of the fourth part of the Civil Code // Law*] № 4. P. 65. [in Russian].

5 Enes A. Z. (2020) Konflikt domennyh imen i tovarnyh znakov. Zhurnal. International scientific review. Pravo. [*The conflict of domain names and trademarks. - The magazine.- International scientific review - Law*] P. 54-56. [in Russian].

6 Tarasevich K. A. (2021) Kiberskvotting kak faktor vozdejstviya na delovuyu reputaciyu yuridicheskogo lica. Leningradskij yuridicheskij zhurnal. [*Cybersquatting as a factor affecting the business reputation of a legal entity. Leningrad Law Journal*] № 1 (63). P. 108–119. [in Russian].

7 Shutov M.A. (2019) Problemy pravovoj zashchity domennyh imen. Molodoj uchenyj. [*Problems of legal protection of domain names// Young Scientist*] №9. P. 57-60. [in Russian].

8 Tauar belgıleri, qyzmet körsetu belgıleri, geografialyq nūsqamalar jäne tauarlar şyğarylğan jerlerdıñ ataulary turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 1999 jylğy 26 şılde N 456 Zañy. 26.01.2026j. engızılgen özgerısterımen *[The law of the Republic of Kazakhstan dated July 26. 1999 №456 on trademarks, service marks, Geographical Indications and names of places of origin of goods. With changes made on 20.06.2022*]. Available at: — URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000456 [in Kazakh]. (accessed: 25.08.2026)

9 Abbe Brown, Smita Kheria, Jane Cornwell, (2023) Marta Iljadica Contemporary Intellectual Property: Law and Policy. Oxford University Press.14 August. 952 p. [in English].

Information about authors:

Kalmyrza Gaziza – **corresponding author**, doctoral student at the University of Turan, majoring in Jurisprudence, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0009-0001-5154-6180

Alaeva Gulnaz - candidate of legal sciences, professor at Turan University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: g.alayeva@turan-edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1672-2238

Edward Juchniewicz - doctor of law, professor at the University of Gdansk, Poland, Gdansk

E-mail: edvardas.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7390-4885

Информация об авторах:

Калмырза Газиза – **основной автор**, докторант Университета «Туран» по специальности «Правоведение», г. Алматы, Республика Казахстан
E-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz
ORCID: https://orcid.org/0009-0001-5154-6180
Алаева Гульназ - профессор Университета «Туран», кандидат юридических наук, г. Алматы, Республика Казахстан,
E-mail: g.alayeva@turan-edu.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1672-2238
Юхневич Эдвард - доктор юридических наук, профессор Гданьского университета, г.Гданьск, Польша,
E-mail: edvardas.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7390-4885

Авторлар туралы ақпарат:
Қалмырза Ғазиза – **негізгі автор**, құқықтану мамандығы бойынша Тұран университетінің докторанты, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: g.kalmyrza@turan-edu.kz
ORCID: https://orcid.org/0009-0001-5154-6180
Алаева Гульназ - Тұран университетінің профессоры, заң ғылымының кандидаты, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: g.alayeva@turan-edu.kz
ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1672-2238
Юхневич Эдвард – Гданьск университетінің заң ғылымының докторы, профессор, Гданьск қ., Польша
E-mail: edvardas.juchnevicius@prawo.ug.edu.pl
ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7390-4885

МРНТИ 10.77.51 **DOI 10.47649/vau.26. v82.i3.37**
ОӘЖ 347.736:343.37(574)

Тажибаева Ж. М*[1], Аблаева Э. Б.[2], Қасымбек Ә.О[3], Тапакова В. Б[4]

[1]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., 010000, Қазақстан
[2]С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,
Алматы қ.,050000, Қазақстан
[3]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті.
Түркістан қ., 161200,Қазақстан
[4]Қазақстан Инновациялық және Телекоммуникациялық жүйелер университеті,
Орал қ., 090000, Қазақстан
e-mail: info@ayu.edu.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАСАҚАНА БАНКРОТТЫҚТЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ КІНӘЛІЛЕРДІ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ ТЕТІКТЕРІНІҢ ЖЕТКІЛІКСІЗДІГІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасында қасақана банкроттық белгілерін анықтау, мәмілелерді даулау және кінәлі тұлғаларды мүліктік жауапкершілікке тарту тетіктерінің өзара байланысы зерттеледі. Зерттеудің мақсаты - қолданыстағы құқықтық құралдардың қолданылу шарттарын нақтылау және Германия, АҚШ пен Ресей тәжірибесін ескере отырып, оларды жетілдіру бағыттарын негіздеу. Формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық және жүйелік әдістер пайдаланылды. Эмпирикалық негізді мемлекеттік кірістер органының 2024–2025 жылдар туралы ресми хабарламасы құрайды. Онда 120 әкімшілік іс жүргізу және 44-тен астам қылмыстық іс көрсетілгенімен, бұл мәліметтер жасырын құқық бұзушылықтардың үлесін есептеуге жеткіліксіз.

Талдау заңды тұлғаның дербес мүліктік жауапкершілігін қасақана банкроттық кезіндегі арнайы субсидиарлық жауапкершіліктен ажыратуға негізделеді. Банкроттықты басқарушының кандидатурасын кредиторлардың таңдауы мен оны уәкілетті органның тағайындауы бөлек рәсімдік әрекеттер ретінде қарастырылды. Мемлекетаралық салыстыру қылмыстық істер, азаматтық талаптар және қадағалау материалдарының санын тікелей салыстыру арқылы емес, олардың функциялары мен құқықтық кепілдіктері бойынша жүргізілді.

Ғылыми нәтиже жауапкершіліктің әртүрлі нысандарын және цифрлық талдаудың үш деңгейін - тәуекел индикаторын, тексеруге негіз болатын ақпаратты және процестік дәлелдемені - ажыратудан тұрады. Дербес азаматтық-құқықтық талапты дамыту, нақты бақылаудың өлшемдерін белгілеу, мәмілелерді даулау кезеңдерін саралау және тәуекелге негізделген ақпарат алмасуды енгізу ұсынылды. Ұсыныстар қолданыстағы құқықтан бөлек көрсетіліп, дәлелдеу ауыртпалығы, адал контрагенттерді қорғау, кінәсіздік презумпциясы және кері күш мәселелерімен байланыстырылды. Зерттеу Қазақстандағы анықталу деңгейінің төмендігін немесе кредит құнына әсерді сандық тұрғыдан дәлелдемейді; бұл мәселелер қосымша деректерді қажет етеді.

Негізгі сөздер: қасақана банкроттық, субсидиарлық жауапкершілік, бақылаушы тұлға, мәмілелерді даулау, кредиторларды қорғау, цифрлық талдау, процестік дәлелдемелер.

Кіріспе

Қасақана банкроттыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігі қылмыстық санкцияның болуымен ғана анықталмайды. Активтердің қозғалысын уақтылы тексеру, зиян келтірген мәмілені даулау, жауапты тұлғаны анықтау және өндіріп алу туралы шешімді орындау өзара байланысқан кезеңдер болып табылады. Осы тізбектің қай сатысында кедергі туатынын анықтау үшін құқықтық нормаларды да, іс қозғалысы туралы салыстырмалы деректерді де зерттеу қажет.

Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2026 жылғы 22 қаңтардағы хабарламасында 2024–2025 жылдары банкроттық рәсіміндегі борышкерлердің қызметін талдау нәтижесінде 120 әкімшілік іс жүргізу және 44-тен астам қылмыстық іс қозғалғаны көрсетілген [1]. Бұл тіркелген құқық қолдану белсенділігін сипаттайды. Дегенмен хабарламада корпоративтік банкроттық рәсімдерінің толық саны, анықталған белгілер, жолданған материалдар және түпкілікті сот шешімдері бір есептік жиынтық бойынша берілмеген. Сондықтан көрсетілген сандардан қасақана банкроттықтың жасырын ауқымы немесе анықтау ықтималдығы туралы қорытынды жасауға болмайды.

Зерттеудің мәселесі - қолданыстағы жауапкершілік құралдарының әрқайсысы қандай негізде іске қосылатынын және олардың арасындағы рәсімдік байланыс кредиторды қорғауға қалай әсер етуі мүмкін екенін анықтау. Мәміленің экономикалық тиімсіздігі, үлестестік немесе кейінгі банкроттық өздігінен қылмыстық қасақаналықты дәлелдемейді. Әрбір жағдайда құқыққа қайшылық, тиісті тұлғаның әрекеті, зиян және себептік байланыс қолданылатын жауапкершілік түрінің талаптарына сәйкес бағалануға тиіс.

Нормативтік талдаудың негізгі объектілері - ҚР Азаматтық кодексінің 44-бабы, «Оңалту және банкроттық туралы» заңның 6 және 7-баптары, ҚР Қылмыстық кодексінің 238 және 239-баптары, сондай-ақ әкімшілік және процестік нормалар [2]. Бұл құралдар бір мақсатқа қызмет еткенімен, олардың құқықтық табиғаты бірдей емес: жазалау, залалды өтеу және мүлікті банкроттың мүліктік массасына қайтару дербес негіздерге сүйенеді.

Салыстырмалы зерттеу Германиядағы мәмілелерді даулау ережелерін, АҚШ-тағы банкроттық жүйесінің тұтастығын қадағалау қызметін және Ресейдегі бақылаушы тұлғалардың азаматтық жауапкершілігін қамтиды. Бұл елдер Қазақстанмен біртекті статистикалық қатар қалыптастыру үшін емес, ұқсас құқықтық міндеттерді шешудің әртүрлі тәсілдерін көрсету үшін таңдалды. Талдау нәтижелері ұлттық жүйенің барлық өлшемдер бойынша артта қалғанын дәлелдейтін рейтинг ретінде ұсынылмайды.

Зерттеудің мақсаты - қасақана банкроттыққа қарсы іс-қимылдағы азаматтық, қылмыстық және рәсімдік құралдардың арақатынасын нақтылап, құқықтық кепілдіктерді сақтай отырып жетілдіру ұсыныстарын әзірлеу. Осы мақсатқа сәйкес статистикалық тұжырымдардың шектері белгіленеді, жауапкершіліктің жалпы және арнайы негіздері ажыратылады, басқарушының мәртебесі нақтыланады және цифрлық мониторинг нәтижелерін пайдаланудың шарттары талданады.

Зерттеудің материалдары мен әдістері

Зерттеуде формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық және жүйелік әдістер қолданылды. Бірінші әдіс нормалардың мазмұны мен олардың қолданылу алғышарттарын ажыратуға пайдаланылды. Салыстырмалы талдау бес өлшеммен жүргізілді: жауапкершіліктің құқықтық негізі, қамтылатын тұлғалар, мәмілелерді даулау, институционалдық бақылау және дәлелдеу кепілдіктері. Жүйелік әдіс материалдық құқықтағы ұсыныстардың азаматтық және қылмыстық процеспен сәйкестігін бағалауға бағытталды.

Нормативтік база Қазақстанның кодекстерін, оңалту және банкроттық туралы заңын және Жоғарғы Соттың 2023 жылғы 2 қарашадағы № 2 нормативтік қаулысын қамтиды [2.–7]. Шетелдік нормалар Германияның Strafgesetzbuch және Insolvenzordnung актілерімен, АҚШ кодексінің тиісті ережелерімен және Ресейдің № 127-ФЗ заңымен тексерілді [3]. Эмпирикалық база [1. – 12] ресми хабарламасымен шектеледі. Құқықтық мәтіндер 2026 жылғы 22 қазанда қолжетімді редакциялар бойынша қаралды; олардан алынған ағымдағы сипаттамалар 2024–2025 жылдардағы барлық істің тарихи құқықтық режимімен теңестірілмейді.

Қылмыстық іс, субсидиарлық жауапкершілік туралы өтініш және U.S. Trustee Program материалдары әртүрлі есеп бірліктері ретінде қарастырылды. Олардың арақатынасына негізделген еселік салыстыру жүргізілген жоқ. Ресми бастапқы құжаттармен расталмаған шетелдік сандар мен жасанды интеллект тиімділігі туралы пайыздар талдауға енгізілген жоқ. Жеке істердің репрезентативті корпусы және эконометриялық модель қалыптастырылған жоқ. Демек, қорытындылар нормативтік құрылым мен ақпараттық олқылықтарды сипаттайды, құқық бұзушылықтың жасырын деңгейін немесе реформаның себептік әсерін өлшемейді.

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазақстандағы қасақана банкроттықтың құқықтық негізі мен ауқымы

ҚР ҚК 238-бабында мүлікті иеліктен шығару немесе жасыру арқылы кредиторлар алдындағы міндеттемелерден жалтару мақсатында жасалған, ірі залал келтірген әрекеттер үшін жауаптылық көзделген. Норма жеке мүддемен қатар өзге тұлғалардың мүддесін де қамтиды. 239-бап төлем қабілетсіздігіне жеткізген мүлікке және есептік құжаттарға қатысты әрекеттерді реттейді [4]. Бұл құрамдардың элементтері өзара алмастырылмайды. Әкімшілік саралау да тек «ірі залал жоқ» деген белгімен автоматты түрде шешілмейді: ӘҚБтК 182-бабының диспозициясы және қылмыстық құрамның болмауы тексерілуі қажет [5].

Азаматтық кодекстің 44-бабы заңды тұлғаның дербес мүліктік жауапкершілігін бекітеді; қатысушы оның міндеттемелері бойынша жалпы ереже ретінде жауап бермейді. Мүлік жеткіліксіздігі қатысушыға автоматты талап қоюға негіз емес. 44-баптың 3-тармағы мен арнайы заңның 6-бабы қасақана банкроттыққа кінәлі деп әкімшілік немесе қылмыстық тәртіппен танылған тұлғаларға қатысты арнайы субсидиарлық жауапкершілікті көздейді. Бұл арнайы негізді өзге ықтимал азаматтық талаптардың бәріне таратуға болмайды.

Мүлікті төмен бағамен беру, құжатсыз қарыз қалыптастыру немесе үлестес компанияға актив өткізу банкроттық алдындағы тексеруге негіз болатын жағдайлар болуы мүмкін. Алайда мұндай мәмілелердің әрқайсысын алдын ала қасақана банкроттық деп атау дұрыс емес. Мәміленің мақсаты, қарсы орындалуы, нарықтық талаптары және компанияға келтірген салдары зерттелуі қажет. Мысалы, активті нарықтық бағамен сату өтімділікті сақтауға бағытталуы мүмкін; ал қарсы орындалмайтын актив шығару кредиторларға зиян келтірудің белгісі болуы ықтимал. Бұл айырманы нақты құжаттар мен қаржылық талдау арқылы белгілеу керек.

Кәсіпті қайта ұйымдастыру да өздігінен теріс пайдалану болып саналмайды. Құқықтық мәселе экономикалық тұрғыдан негізделген қайта құрылымдау мен борышты орындаудан жалтару мақсатындағы актив шығарудың арасын ажыратуда. Үлестестік осы тексеруге көмектесетін мән-жай болғанымен, мәміленің жарамсыздығын немесе адамның кінәсін автоматты түрде білдірмейді. Осындай тәсіл кредиторларды қорғаумен бірге қалыпты шаруашылық айналымның болжамдылығын сақтайды. Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті дереккөзіндегі 120 әкімшілік іс жүргізу мен 44-тен астам қылмыстық істі қосып, құқық бұзушылық жасаған компаниялардың санын есептеу мүмкін емес. Жиынтықтардың өзара қабаттасуы, бір борышкерге қатысты бірнеше материалдың болуы және есептік мәртебелердің өзгеруі туралы мәлімет жоқ. Сол сияқты бір мысалдың жариялануы елде тек бір үкім болғанын білдірмейді. Дәлелді бағалау үшін бірдей кезең, борышкерлер тобы және құқықтық саралау бойынша байланыстырылған деректер қажет.

Осы зерттеуде анықталу деңгейінің төмендігі дәлелденген нәтиже ретінде емес, тексеруді қажет ететін гипотеза ретінде қалдырылады. Оны тек қылмыстық істер саны арқылы өлшеу мүмкін емес. Банкроттық рәсімдерінің саны жалпы ауқымды сипаттайды, ал анықталған белгілерден материал жолдауға, іс тіркеуге, сотқа жіберуге және түпкілікті шешімге өту көрсеткіштері әртүрлі институционалдық сатыларды сипаттайды. Төмендегі есеп үлгісі бұл сатыларды ажыратуға арналған; жетіспейтін мәндер болжаммен толтырылмайды.

Кесте 1 – Құқық қолдану сатылары бойынша деректердің жеткіліктілігі

Есеп бірлігі	[1] бойынша мәлімет	Бағалау шегі
2024–2025 жылдардағы корпоративтік банкроттық рәсімдерінің саны	Хабарламада сандық мәні берілмеген	Базалық жиынтықсыз жиіліктікті есептеу мүмкін емес
Қасақана банкроттық белгілері анықталған борышкерлер	Бөлек сан көрсетілмеген	Тәуекел белгісі құқық бұзушылықпен тең емес
Құқық қорғау органдарына жолданған материалдар	Бөлек сан көрсетілмеген	Материалдың іс тіркеуге өтуі бағаланбайды
Әкімшілік іс жүргізулер	120	Тұлғалар және істер құрамы бөлінбеген
Қылмыстық істер	44-тен астам	Түпкілікті үкімдер саны емес
Тоқтатылған және сотқа жолданған істер	Бөлек сандар көрсетілмеген	Сатылар арасындағы шығынды есептеу мүмкін емес
Айыптау үкімдері және нақты өндірілген қаражат	Толық есептік қатар жоқ	Жазалау мен өтем нәтижелілігі бөлек зерттелуі керек

Ескертпе: 1-кесте [1] дереккөзі бойынша құрастырылды. Көрсетілмеген мән нөлге тең деп қабылданбайды. Әкімшілік және қылмыстық жиынтықтар қосылмайды.

Шетелдік тәжірибе

Германияда қылмыстық жауапкершілік пен мәмілелерді даулау бөлек құқықтық құралдар болып табылады. StGB § 283 банкроттық жағдайындағы активтерге, есепке және құжаттарға

қатысты әрекеттерді реттейді; норманың жекелеген бөліктерінде кінәнің әртүрлі нысандары ажыратылған [6]. Сондықтан неміс моделін кінәні дәлелдеуді қажет етпейтін жауапкершілік ретінде сипаттауға болмайды. Қазақстан үшін бұл тәжірибенің маңызы бухгалтерлік тәртіпті қорғау құралдарын саралап талдауда көрінеді; жаңа қылмыстық құрам ұсыну алдында ұлттық нормалармен қайталану тәуекелі тексерілуі тиіс.

Мәмілелерді банкроттық рәсімінде даулаудың негізгі неміс актісі - Insolvenzordnung. Оның § 129 нормасы басқарушының кредиторларға зиян келтіретін құқықтық әрекеттерді арнайы шарттармен даулауын көздейді [7]. Осы реттеуді рәсімнен тыс кредиторлық даулауға арналған Anfechtungsgesetz ережелерімен бірдей қолданылатын тетік деп көрсетуге болмайды. Салыстыруда талапты кім қоятыны, қай рәсімде қарайтыны және қандай салдар сұрайтыны ескеріледі.

InsO § 133 бойынша кредиторларға қасақана зиян келтіру және контрагенттің бұл ниетті білуі дәлелденетін жағдайларда он жылдық кезең қарастырылады. Бірақ қамтамасыз етуге немесе қанағаттандыруға қатысты әрекеттер үшін төрт жылдық, ал жақын тұлғамен жасалған кейбір ақылы шарттар үшін екі жылдық арнайы ережелер бар [8]. Демек, Германияда барлық күмәнді мәмілеге бірдей он жыл қолданылады деген тұжырым дұрыс емес. Құқықтық сабақ - мерзімді механикалық ұзарту емес, негіздер мен қорғау кепілдіктерін саралау.

АҚШ-та U.S. Trustee Program Әділет министрлігі құрамында банкроттық жүйесінің тұтастығын және тиімділігін қамтамасыз етуге, алаяқтық пен теріс пайдаланудың алдын алуға қатысады [9]. Бұл органды барлық банкроттық іс бойынша дербес қылмыстық тергеу жүргізетін құрылым деп сипаттау дәл емес. Қадағалау материалы, құқық қорғау органдарына жолдау, қылмыстық тергеу және сот үкімі - дербес сатылар. Бағдарламаның институционалдық рөлін оның әрбір әрекетін қылмыстық нәтижемен теңестірмей зерттеу қажет.

АҚШ кодексінің 18 U.S.C. § 152 нормасы активтерді жасыру және жалған мәлімет беру сияқты әрекеттерге қатысты; азаматтық-құқықтық актив қайтару тетігі 11 U.S.C. § 548 нормасында жеке реттеледі [10], [11]. § 548(а) жалпы ережесінде рәсім басталғанға дейінгі екі жылдық кезең көзделген. Мұны қасақаналық бар жағдайда мерзім мүлде шектелмейді деп түсіндіруге болмайды. Цифрлық құралдардың анықтау тиімділігіне әсері жөнінде тексерілетін ресми зерттеулерсіз сандық қорытынды жасалмайды.

Ресейдің № 127-ФЗ заңының III.2 тарауы бақылаушы тұлғалардың азаматтық жауапкершілігін реттейді. 61.10-бап нақты ықпал ету мүмкіндігіне мән береді, ал 61.11-бап кредиторлар талаптарының толық өтелмеуімен байланысты негіздерді белгілейді [12]. Мұндай талапты қарау қылмыстық үкімнің міндетті болуымен теңестірілмейді. Бірақ азаматтық соттың жауапкершілік негіздерін анықтауы адамның қылмыстық кінәсін белгілеу болып саналмайды. Бұл айырма Қазақстанға бейімдеу ұсынысын әзірлеуде шешуші мәнге ие.

Ресейлік бақылау кезеңін жай ғана «банкроттыққа дейінгі үш жыл» деп беру толық емес. 61.10-бап банкроттық белгілерінің пайда болуына дейінгі кезеңді, сондай-ақ олар пайда болғаннан кейін арызды сот қабылдағанға дейінгі уақытты қамтиды [13]. Қазақстан үшін функционалдық сабақ - формальды лауазыммен шектелмейтін нақты бақылауды анықтау. Алайда үлестестік, туыстық немесе пайда алу фактісі өздігінен жауапкершілікке жеткіліксіз; бақылау, құқыққа қайшы ықпал және тиісті салдар арасындағы байланыс дәлелденуге тиіс.

Кесте 2 - Құқықтық тетіктерді функционалдық салыстыру

Өлшем	Қазақстан	Германия	АҚШ	Ресей
Жауапкершілік негізі	Қасақана банкроттыққа арналған арнайы азаматтық және жария-құқықтық негіздер	Қылмыстық құрамдар мен мәмілені даулау бөлінген	Қылмыстық тыйымдар, азаматтық актив қайтару және қадағалау	Бақылаушы тұлғалардың дербес азаматтық жауапкершілігі
Тұлғаны анықтау	Арнайы нормалардағы субъектілер; нақты рөлін дәлелдеу қажет	Қолданылатын құрам мен міндетке қарай	Әрбір талаптың субъектілік шарттарына қарай	Нақты бақылау мүмкіндігіне мән беріледі
Мәмілені даулау	7-баптағы арнайы негіздер мен кезеңдер	InsO §§ 129, 133; негізге қарай әртүрлі кезең	11 U.S.C. § 548(a): жалпы екі жылдық кезең	Арнайы банкроттық нормаларымен реттеледі
Институционалдық тетік	Экономикалық сот; кредиторлар таңдаған, уәкілетті орган тағайындаған басқарушы	Дәрменсіздік рәсімі және оның басқарушысы	Сот, trustee және USTP функциялары ажыратылады	Банкроттық ісіндегі азаматтық талап
Салыстыру шектеуі	Қылмыстық істер саны анықталу деңгейін өлшемейді	Ұзақ кезең барлық мәмілеге ортақ емес	Қадағалау материалы тергеу немесе үкім емес	Талап беру оны қанағаттандырумен тең емес

Ескертпе: 2-кесте [2], [13] негізінде авторлық жүйеленді. Бұл нәтижелілік рейтингі емес; құқықтық құралдардың функциялары салыстырылды.

Қазақстандық жүйенің нақты кемшіліктері

Мәмілелерді даулау мәселесінде арнайы заңның 7-бабындағы үш жылдық кезеңді талап қою мерзімімен теңестіруге болмайды: біріншісі тексерілетін мәмілелердің уақыттық аясын, екіншісі сотқа жүгінудің мерзімдік тәртібін сипаттайды [3.-21]. Үш жылдан бұрынғы кез келген әрекет барлық құқықтық негіз бойынша міндетті түрде даулаудан тыс қалады деген жалпы тұжырым жасалмайды. Ұзақ мерзімді актив шығару схемалары туралы гипотезаны тексеру үшін мәміле күні, қолданылған негіз және талап нәтижесі бойынша істерді жүйелеу қажет.

Арнайы жауапкершілік нормасының субъектілерін кеңейту мәселесі нақты бақылаудың мазмұнына байланысты қарастырылуы тиіс. Номиналды басшы мен нақты нұсқау берушіні ажырату үшін мәмілені кім мақұлдағаны, ақшалай ағынды кім басқарғаны және шешімнің кімнің мүддесіне қабылданғаны зерттеледі. Бірақ компаниялар арасындағы байланыс графы тек бастапқы бағыт береді: ол басқарушылық ықпалдың көлемін немесе зиян келтіруге қатысуды өздігінен дәлелдемейді. Сондықтан субъектілер шеңберін кеңейту дәлелдеу талаптарының айқындығымен қатар жүруге тиіс.

Арнайы заңның 6-бабы бойынша жауапкершілік әкімшілік немесе қылмыстық тәртіппен кінәлі деп тануға байланысты. Бұл дербес азаматтық құралды дамыту мәселесін талқылауға негіз береді. Дегенмен қазіргі заңда кредитордың құқығы мүлде жоқ деуге болмайды: рәсім аяқталғаннан кейін кінәлі деп танылған тұлғаға қатысты кредитордың талап қою мүмкіндігі де көзделген. Ұсынылатын реформа осы арнайы ережені жалпы залал өтеу талаптарымен және АК 44-бабының құрылымымен үйлестіруі қажет.

Басқарушының мәртебесін сипаттағанда кредиторлар жиналысының кандидатураны таңдауы мен уәкілетті органның оны тағайындауы ажыратылады; бұл тәртіп арнайы заңның 93-бабында бекітілген. Сыйақы мәселелері 13-баппен реттеледі. Басқарушының мәмілені даулауға экономикалық мүддесі жоқ деген тұжырым осы нормалардан тікелей шықпайды. Мұндай гипотезаны тексеру үшін сыйақы, іс шығындары, дау ұзақтығы және мүліктік массаға нақты

қайтарылған қаражат туралы деректер қажет. Құқықтық міндет пен оны орындауға жеткілікті ресурс мәселесі бөлек бағалануы тиіс.

Қазақстанда корпоративтік банкроттық істері мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың құзыретіне жатады [14]. Жоғарғы Соттың № 2 нормативтік қаулысы рәсімдердің процестік ерекшеліктерін түсіндіреді [7. – 65]. Талқылануға тиіс мәселе - соттардың мүлде болмауы емес, қолданыстағы экономикалық соттар ішіндегі банкроттық бойынша мамандануды, қаржылық талдау даярлығын және практиканы жинақтауды дамыту. Оның қажеттілігі жүктеме мен істер күрделілігін зерттеу арқылы бағалануы мүмкін.

Реформалау бойынша ұсыныстар

Бірінші ұсыныс - қылмыстық кінәні анықтаудан бөлек азаматтық-құқықтық жауапкершілік моделін талқылау. Ол үшін арнайы заңның 6-бабын ғана өзгерту жеткіліксіз: АК 44-бабының 3-тармағымен және процестік нормалармен сәйкестік қажет [2. – 86], [3. – 95], [6. – 78]. Болашақ талаптың элементтері нақты бақылау, құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік, кінә, зиян және себептік байланыс арқылы белгіленуге тиіс. Өндіріп алу көлемі дәлелденген зиян мен өтелмеген талаптар арақатынасына негізделіп, бір зиянды екі рет өтеуге жол бермеуі керек. Азаматтық шешім адамның қылмыс жасағанын алдын ала анықтамайды; кінәсіздік презумпциясы сақталады.

Екінші ұсыныс - нақты бақылаушы тұлғаның өлшемдерін анықтау. Заң жобасында міндетті нұсқау беру, негізгі мәмілелерді іс жүзінде мақұлдау және қаржы ағындарына шешуші ықпал ету белгілерін қарастыруға болады. Сонымен бірге қалыпты қатысушылықты, кәсіби кеңес беруді және адал кәсіпкерлік тәуекелді бақылаумен автоматты теңестіруге болмайды. Талап қоюшы бастапқыда нақты бақылауды және зиянмен байланысты мән-жайларды дәлелдеуге тиіс. Жауапкерге құжаттармен қарсылық білдіруге және өзінің нақты рөлін түсіндіруге мүмкіндік берілуі қажет. Ресей нормалары осы құрылымды талқылауға көмектеседі, бірақ тікелей көшірілмейді [13. – 55].

Үшінші ұсыныс - мәмілелерді даулау кезеңдерін құқық бұзушылық негізіне қарай саралау. Жалпы мерзімді бірден бес не он жылға ұзарту орнына, қасақана зиян келтіру және контрагенттің хабардарлығы дәлелденетін арнайы жағдайларға ұзағырақ кезеңнің қажеттілігін бағалау ұсынылады. Тек үлестестікке сүйенген автоматты жарамсыздық немесе барлық дәлелдеу ауыртпалығын борышкерге ауыстыру орынды емес. Азаматтық процестегі теріске шығарылатын презумпцияны талқылау үшін оның нақты іске қосылу фактілері, қарсы дәлелдер және адал контрагенттер кепілдіктері белгіленуі тиіс [6. – 93], [9. – 102]. Жаңа норманың уақыт бойынша қолданылуы мен бұрын аяқталған қатынастарға әсері бөлек реттелуге тиіс.

Төртінші ұсыныс - тәуекелге негізделген ведомствоаралық ақпарат алмасу. Әрбір банкроттықты автоматты түрде қылмыстық күдікпен байланыстырудың орнына, құжаттың жоғалуы, экономикалық негізсіз актив шығару немесе өзара қайшы есептілік сияқты нақты белгілерді маманның тексеруі ұсынылады. Растайтын материалдар құзыретті органға заңдағы тәртіппен жолдануы керек. Хабарлама қылмыстық істің автоматты басталуы немесе кінәнің дәлелі емес. Ақпарат құрамы, қол жеткізу шектері, сақтау мерзімі және қате деректі түзету тәртібі белгіленуі қажет. Бұл Германияға қатысты тексерілмеген әмбебап хабарлау моделін көшіруді талап етпейді.

Бесінші ұсыныс - қолданыстағы экономикалық соттарда банкроттық істері бойынша құзыреттілікті дамыту. Судьялар мен басқарушылардың қаржылық есепті, мәміле тізбектерін және актив бағалауды талдау дағдыларына арналған даярлық бағдарламаларын кеңейтуге болады. Ішкі мамандану немесе істерді жинақтап талдау қажеттілігі сот жүктемесі, даулардың күрделілігі және шешімдердің тұрақтылығы жөніндегі деректерге сүйенуі тиіс. Жаңа сот органын құру қажеттігі осы зерттеуде дәлелденген жоқ. Ұйымдастырушылық шаралар сот тәуелсіздігі мен істерді бөлудің заңды тәртібін сақтауға тиіс.

Алтыншы ұсыныс - цифрлық талдау нәтижелерін пайдаланудың үш деңгейін нормативтік және әдістемелік тұрғыдан ажырату. Бірінші деңгейдегі тәуекел индикаторы тек ықтимал сәйкессіздікке назар аударады. Екінші деңгейде бастапқы дерекпен тексерілген ақпарат заңда көзделген іс-қимылға негіз болуы мүмкін. Үшінші деңгейдегі дәлелдеме тиісті процестік тәртіппен алынған және бекітілген фактілік дерек ретінде бағаланады. Алгоритмнің қорытындысы өздігінен кінәні дәлелдемейді және алдын ала белгіленген күшке ие болмауға тиіс. ҚР ҚПК 111–112-баптары мен азаматтық процестегі дәлелдеу талаптарына сәйкес деректің шығу тегі, тұтастығы, алу

заңдылығы және тексерілу мүмкіндігі сақталуы қажет [14. – 66]. Тараптарға қолданылған мәліметке қарсылық білдіру және маман не сарапшы арқылы тексерту мүмкіндігі берілуі тиіс.

Жетінші ұсыныс - басқарушылардың есептілігі мен дауды қаржыландыру тетіктерін эмпирикалық негізде бағалау. Есепте анықталған тәуекелдер, мәмілені даулау туралы қабылданған шешім, болжамды шығын және қайтарылған мүлік көрсетілгені жөн. Бірақ бұл міндетті талаптардың әрбірі жаңа шығын туғызатынын ескеру қажет. Қылмыстық жауапкершілікті тек дәлелдеуді жеңілдету үшін кеңейту ұсынылмайды: есептілікке қатысты қолданыстағы құрамдармен қайталану, кінә нысаны және санкцияның шамаластығы тексерілуі керек [4. – 78],[8. – 15]. Ұсыныстарды енгізу пилоттық нәтижелермен, құқықтық әсерді бағалаумен және кәсіпкерлік қызметке негізсіз араласудың алдын алумен байланыстырылуға тиіс.

Қорытынды

Зерттеу Қазақстандағы қасақана банкроттыққа қарсы құралдарды бағалауда үш негізгі айырманы сақтаудың қажеттілігін көрсетті: заңды тұлғаның жалпы мүліктік жауапкершілігі мен арнайы субсидиарлық жауапкершілік; мәмілені даулау мен қылмыстық кінәні анықтау; аналитикалық тәуекел мен процестік дәлелдеме. Осы институттардың мақсаттары өзара байланысты болғанымен, олардың қолданылу негіздері бірдей емес.

2024–2025 жылдар туралы ресми хабарлама 120 әкімшілік іс жүргізу мен 44-тен астам қылмыстық істі көрсетеді. Бірақ рәсімдердің толық саны және материалдардың кейінгі қозғалысы болмағандықтан бұл сандардан анықталу деңгейінің төмендігін немесе жасырын құқық бұзушылықтардың үлесін есептеу мүмкін емес. Қазақстандағы қылмыстық істерді Ресейдің азаматтық талаптарымен және АҚШ-тағы қадағалау материалдарымен тікелей салыстыру нәтижелілік туралы дәлел ретінде қолданылмайды.

Салыстырмалы талдау нақты бақылаушы тұлғаның азаматтық жауапкершілігін, мәмілелерді даулау негіздерін саралауды және институционалдық бақылауды дамыту бағыттарын айқындады. Бұл ұлттық модельдің барлық көрсеткіштер бойынша артта қалғанын білдірмейді. Қазақстанда басқарушыны таңдауға кредиторлар қатысады, оны тағайындау арнайы тәртіппен жүргізіледі және корпоративтік банкроттық экономикалық соттардың құзыретіне жатады. Жетілдіру шаралары осы қолданыстағы құрылымды ескеруге тиіс.

Ғылыми жаңалық жауапкершіліктің материалдық негіздерін оның іске қосылу рәсімімен және дәлелдеу кепілдіктерімен бірге қарастырудан тұрады. Практикалық ұсыныстар дербес азаматтық талаптың шарттарын талқылауды, нақты бақылаудың өлшемдерін, сараланған даулау кезеңдерін, тексерілетін цифрлық ақпаратты және бірізді статистикалық есепті қамтиды. Олар қолданыстағы құқық ретінде емес, нормативтік әрі эмпирикалық бағалауды қажет ететін реформалау нұсқалары ретінде берілді.

Қасақана банкроттықтың алдын алу кредиторлардың тәуекелін азайтуы мүмкін, бірақ оның Қазақстандағы кредит бағасына әсері бұл зерттеуде өлшенген жоқ. Шетелдік экономикалық зерттеулер құқықтық реформалардың қаржыландыру құнына әсері күрделі және таңдалған модельге тәуелді екенін көрсетеді [15]. Сондықтан себептік байланысты дайын қорытынды ретінде ұсынбай, борышкер, кредитор және нарық мүдделерінің теңгерімін ескеретін қосымша талдау жүргізу қажет. Келесі зерттеу кезеңі тіркелген материалдардан сот шешімінің орындалуына дейінгі байланысты деректерді және жеке істердің репрезентативті корпусын қамтуға тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті. Қасақана банкроттық. 22.01.2026. [Электрондық ресурс] — URL: https://zhts.kgd.gov.kz/ru/news/prednamerennoe-bankrotstvo-21-162652 (қаралған күні: 22.10.2026).

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі Жалпы бөлім. 27.12.1994 жылғы № 268-XIII. 44-бап. [Электрондық ресурс] —URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000_ (қаралған күні: 22.10.2026).

3. Оңалту және банкроттық туралы. Қазақстан Республикасының 07.03.2014 жылғы № 176-V Заңы. 6, 7, 13, 89, 93-баптар[Электрондық ресурс] — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000176 (қаралған күні: 22.10.2026).

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 03.07.2014 жылғы № 226-V. 238–239-баптар. [Электрондық ресурс] — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226 (қаралған күні: 22.10.2026).

5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі. 05.07.2014 жылғы № 235-V. 182-бап. [Электрондық ресурс] — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235 (қаралған күні: 22.10.2026).

6. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі. 31.10.2015 жылғы № 377-V. 27-бап және дәлелдеу туралы ережелер. [Электрондық ресурс] — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377 (қаралған күні: 22.10.2026).

7. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты. Заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерді оңалту және олардың банкроттығы туралы заңнаманы соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы. 02.11.2023 жылғы № 2 нормативтік қаулы. [Электрондық ресурс] — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/P230000002S (қаралған күні: 22.10.2026).

8. Bundesrepublik Deutschland. Strafgesetzbuch. § 283 Bankrott; § 283b Verletzung der Buchführungspflicht. Official English translation. [Electronic resource] — URL: https://www.gesetze-im-internet.de/englisch_stgb/englisch_stgb.html (accessed: 22.10.2026).

9. Bundesrepublik Deutschland. Insolvenzordnung. § 129. 133. [Electronic resource] — URL: https://www.gesetze-im-internet.de/inso/__133.html (accessed:22.10.2026).

10. United States Code. Title 18. § 152 Concealment of assets; false oaths and claims; bribery. [Electronic resource]— URL: https://www.law.cornell.edu/uscode/text/18/152 (accessed: 22.10.2026).

11. United States Code. Title 11. § 548 Fraudulent transfers and obligations. [Electronic resource] — URL: https://www.law.cornell.edu/uscode/text/11/548 (accessed: 22.10.2026).

12. U.S. Department of Justice. About the United States Trustee Program. [Electronic resource] — URL: https://www.justice.gov/ust/about-program (accessed: 22.10.2026).

13. Ресей Федерациясының 26.10.2002 жылғы № 127-ФЗ «О несостоятельности (банкротстве)» Федералдық заңы. III.2 тарау. 61.10–61.11-баптар. [Электронный ресурс] — URL: https://www.consultant.ru/document/ cons_ doc_LAW_39331/ (дата обращения : 22.10.2026).

14. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. 04.07.2014 жылғы № 231-V. Р.111–112-баптар. [Электрондық ресурс] — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231 (қаралған күні: 22.10.2026).

15. Closset F., Großmann C., Kaserer C., Urban D. Corporate restructuring and creditor power: Evidence from European insolvency law reforms. Journal of Banking & Finance. 2023. Vol. 149. Article 106756. DOI: 10.1016/j.jbankfin.2022.106756. [Electronic resource]— URL: https://pure.eur.nl/en/publications/corporate-restructuring-and-creditor-power-evidence-from-european/ (accessed: 22.10.2026).

НЕДОСТАТОЧНОСТЬ МЕХАНИЗМОВ ВЫЯВЛЕНИЯ ПРЕДНАМЕРЕННОГО БАНКРОТСТВА И ПРИВЛЕЧЕНИЯ ВИНОВНЫХ К ОТВЕТСТВЕННОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье исследуется взаимосвязь механизмов выявления признаков преднамеренного банкротства, оспаривания сделок и привлечения ответственных лиц к имущественной ответственности в Республике Казахстан. Цель исследования - уточнить условия применения действующих инструментов и обосновать направления их совершенствования с учетом опыта Германии, США и России. Использованы формально-юридический, сравнительно-правовой и системный методы. Эмпирическую основу составляет официальное сообщение о результатах работы за 2024–2025 годы. Указанные в нем 120 административных производств и более 44 уголовных дел не позволяют определить долю латентных правонарушений.

Общая имущественная ответственность юридического лица отграничена от специальной субсидиарной ответственности при преднамеренном банкротстве. Разграничены выбор кандидатуры управляющего кредиторами и его назначение уполномоченным органом. Международное сопоставление проведено по функциям правовых инструментов и гарантиям, а не посредством прямого сравнения уголовных дел, гражданских требований и надзорных материалов.

Научный результат состоит в разграничении видов ответственности и трех уровней цифрового анализа: индикатора риска, информации для проверки и процессуального доказательства. Предложены направления развития самостоятельного гражданского требования, определения фактического контроля, дифференциации периодов оспаривания и обмена информацией. Предложения отделены от действующего права и увязаны с распределением бремени доказывания, защитой добросовестных контрагентов и презумпцией невиновности. Исследование не доказывает количественно низкой выявляемости правонарушений или их влияния на стоимость кредита; эти вопросы требуют дополнительных данных.

Ключевые слова: преднамеренное банкротство, субсидиарная ответственность, контролирующее лицо, оспаривание сделок, защита кредиторов, цифровой анализ, процессуальные доказательства.

THE INSUFFICIENCY OF MECHANISMS FOR DETECTING FRAUDULENT BANKRUPTCY AND HOLDING PERPETRATORS LIABLE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

This article examines the relationship between detecting signs of intentional bankruptcy, avoiding transactions and imposing financial liability in Kazakhstan. It clarifies the conditions governing existing remedies and develops reform proposals with reference to Germany, the United States and Russia. The study uses doctrinal, comparative and systemic methods. Its empirical basis is an official report covering 2024–2025. The reported 120 administrative proceedings and more than 44 criminal cases do not establish the proportion of undetected misconduct.

The analysis distinguishes a legal entity's general liability from special subsidiary liability for intentional bankruptcy. It also differentiates creditors' selection of an insolvency practitioner from appointment by the competent authority. The cross-country comparison focuses on legal functions and safeguards rather than directly comparing criminal cases, civil claims, and supervisory referrals.

The contribution lies in separating liability regimes and three levels of digital analysis: risk indicators, information warranting further examination and procedural evidence. Proposed reforms concern autonomous civil claims, actual control, differentiated transaction avoidance periods and information exchange. They differ from existing law and are assessed against evidentiary burdens, protection of good-faith counterparties, and the presumption of innocence. The study does not quantify detection rates or effects on borrowing costs; further evidence is needed to address these questions.

Keywords: intentional bankruptcy, subsidiary liability, controlling person, transaction avoidance, creditor protection, digital analysis, procedural evidence.

REFERENCES

1 Departament gosudarstvennykh dokhodov po oblasti Zhetisu. Prednamerennoe bankrotstvo [*Intentional bankruptcy*]. 22 January 2026. Available at: — URL: https://zhts.kgd.gov.kz/ru/news/prednamerennoe-bankrotstvo-21-162652 [In Russian]. (accessed: 22 October 2026).

2 Grazhdanskii kodeks Respubliki Kazakhstan Obshchaia chast [*Civil Code of Kazakhstan General Part*]. No. 268-XIII. 27 December 1994. Article 44. Available at: — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000 _ [In Russian]. (accessed: 22 October 2026).

3 O reabilitatsii i bankrotstve [*On rehabilitation and bankruptcy*]. Law of Kazakhstan No. 176-V. 7 March 2014. Articles 6, 7, 13, 89, 93. Available at: — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000176 [In Russian]. (accessed: 22 October 2026).

4 Ugolovnyi kodeks Respubliki Kazakhstan [*Criminal Code of Kazakhstan*]. No. 226-V. 3 July 2014. Articles 238–239. Available at: — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000226 [In Russian]. (accessed: 22 October 2026).

5 Kodeks Respubliki Kazakhstan ob administrativnykh pravonarusheniiakh [*Code of Administrative Offences of Kazakhstan*]. No. 235-V. 5 July 2014. Article 182. Available at: — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235 [In Russian]. (accessed: 22 October 2026).

6 Grazhdanskii protsessualnyi kodeks Respubliki Kazakhstan [*Civil Procedure Code of Kazakhstan*]. No. 377-V, 31 October 2015. Article 27 and provisions on evidence. Available at: — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377 [In Russian]. (accessed: 22 October 2026).

7 Verkhovnyi Sud Respubliki Kazakhstan. O nekotorykh voprosakh primeneniia sudami zakonodatelstva o reabilitatsii i bankrotstve iuridicheskikh lits i individualnykh predprinimatelei [*On the application of rehabilitation and bankruptcy legislation by courts*]. Regulatory Resolution No. 2. 2 November 2023. Available at: — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/P230000002S [In Russian]. (accessed: 22 October 2026).

8 Bundesrepublik Deutschland. Strafgesetzbuch. § 283 Bankrott; § 283b Verletzung der Buchführungspflicht. Official English translation. Available at: — URL: https://www.gesetze-im-internet.de/englisch_stgb/englisch_stgb.html [in English]. (accessed: 22 October 2026).

9 Bundesrepublik Deutschland. Insolvenzordnung. § 129. 133. Available at: — URL: https://www.gesetze-im-internet.de/inso/__133.html [in German]. (accessed: 22 October 2026).

10 United States Code. Title 18. § 152 Concealment of assets; false oaths and claims; bribery. Available at: — URL: https://www.law.cornell.edu/uscode/text/18/152 [in English]. (accessed: 22 October 2026).

11 United States Code. Title 11. § 548 Fraudulent transfers and obligations. Available at: — URL: https://www.law.cornell.edu/uscode/text/11/548 [in English]. (accessed: 22 October 2026).

12 U.S. Department of Justice. About the United States Trustee Program. Available at: — URL: https://www.justice.gov/ust/about-program [in English]. (accessed: 22 October 2026).

13 Federalnyi zakon Rossiiskoi Federatsii O nesostoiatelnosti bankrotstve [*Russian Federal Law on insolvency bankruptcy*]. No. 127-FZ. 26 October 2002. Chapter III.2. Articles 61.10–61.11. Available at: — URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_39331/ [In Russian]. (accessed: 22 October 2026).

14 Ugolovno-protsessualnyi kodeks Respubliki Kazakhstan [*Criminal Procedure Code of Kazakhstan*]. No. 231-V. 4 July 2014. Articles 111–112. Available at: — URL: https://old.adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000231 [In Russian]. (accessed: 22 October 2026).

15 Closset F., Großmann C., Kaserer C., Urban D. Corporate restructuring and creditor power: Evidence from European insolvency law reforms // Journal of Banking & Finance. 2023. Vol. 149. Article 106756. DOI: 10.1016/j.jbankfin.2022.106756. Available at: — URL: https://pure.eur.nl/en/publications/corporate-restructuring-and-creditor-power-evidence-from-european/ [in English]. (accessed: 22.10.2026).

Information about authors:

Tazhibaeva Zhibek - **corresponding author**, Doctoral student at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: nasirova0457@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0005-8621-0141

Ablaeva Elvira - candidate's degree in Jurisprudence, Associate Professor of the Department of Medical Law, School of Public Health named after H. Dosmukhamedov, Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov, Almaty, Republic of Kazakhstan.

E-mail: ablaeva_1981@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0002-3124-1248

Kassymbek Aliya – Phd, Dean of the Faculty of Law, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

E-mail: info@ayu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7169-874X

Tapakova Vilor - University of innovative and telecommunications systems of Kazakhstan, Uralsk, Republic of Kazakhstan

E-mail: tapakova_vilora83@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1183-9330

Информация об авторах:

Тажибаева Жибек Мухаммедхановна – основной автор, докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: nasirova0457@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0005-8621-0141

Аблаева Эльвира Бекболатовна – кандидат юридических наук, ассоциированный профессор кафедры медицинского права школы «Общественное здравоохранение имени Х. Досмухамедова» Казахского национального медицинского университета имени С.Д. Асфендиярова, г. Алматы, Республика Казахстан.

E-mail: ablaeva_1981@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0002-3124-1248

Касымбек Алия Орынбасаровна – PhD, декан Юридического факультета, Международный Казахско-Турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, г.Туркестан, Республика Казахстан

E-mail: info@ayu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7169-874X

Тапакова Вилор Башкировна - Казахстанский Университет инновационных и телекоммуникационных систем, г. Уральск, Республика Казахстан

E-mail: tapakova_vilora83@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1183-9330

Авторлар туралы ақпарат:

Тажибаева Жибек Мухаммедханқызы - **негізгі автор,** Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: nasirova0457@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0005-8621-0141

Аблаева Эльвира Бекболатқызы – заң ғылымдарының кандидаты, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің «Х. Досмұхамедов атындағы қоғамдық денсаулық сақтау» мектебінің медициналық құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ablaeva_1981@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0009-0002-3124-1248

Қасымбек Әлия Орынбасарқызы – PhD, Заң факультетінің деканы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: info@ayu.edu.kz

ORCID: https://orcid.org/0000-0001-7169-874X

Тапакова Вилор Башкировна -Қазақстан Инновациялық және Телекоммуникациялық жүйелер университеті, Орал қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: tapakova_vilora83@mail.ru

ORCID: https://orcid.org/0000-0003-1183-9330

ISSN 2077-0197 (Print)
ISSN 2790-332X (Online)